



КИСИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

Қоғам және Дәуір

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

4/2010

СЫРТҚЫ САЯСАТ
ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ

ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ

ҒЫЛЫМИ САЛ
НАҒЫЗДЫҚ САЛ



«Қоғам және Дәуір» ғылыми-сараптамалық журналы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің
диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін
жариялайтын ғылыми басылымдар тізіміне төмендегі
мамандықтар бойынша енгізілген:

07.00.00 – ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ
08.00.00 – ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ
09.00.00 – ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
23.00.00 – САЯСИ ҒЫЛЫМДАРЫ



Бас редактор
Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ директоры
Жауапты редактор
Нұрлан СЕЙДІН

Шығаруға жауапты:
А. Арзықұлов

Дизайн және беттеу
Г. Хаткулиева, А. Сабакасов

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-б
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
қазарасын білдірмеуі мүмкін.

«Ақарман-медиа» ЖШС баспаханасында
басылып шығарылды.
Астана қаласы, Байтұрсынов к., 114/2.

Таралымы 500 дана.



**ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ
ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН**

Нұрлан Сейдін
Жаңа онжылдық – жаңа кезең 4

**СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК**

Жазира Атымтаева
Орталық Азия аймағы елдерінің дәстүрлі емес
қауіптермен күресуді арттыруда ЕО интеграция
тәжірибесін қолданудың негізгі бағыттары 8

Сәкен Есіркепов
Қытайдың Орталық Азия саясаты 17

ІШКІ САЯСАТ

Гүлмира Сұлтанбаева
Бұқаралық коммуникацияның саяси субъект ретіндегі
мені: қазақстандық тәжірибе 24

Бақытнұр Отарбаева
Мемлекет, бизнес және мемлекеттік емес
ұйымдар арасындағы серіктестік
қарым-қатынасының қалыптасу үлгісі 30

Айдос Садуақасов
Түркітілдес мемлекеттердің латын графикасына
кешудегі саяси-лингвистикалық ұстанымдары 35

Нұрмұхамед Байғараев
Бүгінгі ақпараттық қатерлер 41

ЭКОНОМИКА

Нұржан Әлжанова
Микроқаржыландыру нарығындағы сұраныс пен
ұсынысты бағалау моделі 46

Қарлығаш Байшоланова
Электрондық бизнесті мемлекеттік реттеу 59

Талғат Демесінов
Металлургиялық кәсіпорын қызметтерінің
бір бөлігін аутсорсинг негізінде сыртқа сеніп
тапсыруға қажетті маркетингтік зерттеулерді
пайдаланудың әдіснамасы 65

Мұрат Аманжол	
Дағдарыс жағдайында кәсіпорынның	
төлем қабілеттілігін анықтаудың әдістемелік	
негіздері	71

ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ

Қанат Еңсенов	
Ұлы отан соғысы кезеңінде Қазақстанға күштеп көшірілген	
ұлттар тағдыры (1941–1945 жж.)	74
Дана Мұқатова	
XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы	
Түркістан өлкесіндегі қазақтардың өлеуметтік-	
экономикалық жағдайы	82

Балташ Қаріпов	
XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың	
басындағы ресей консерваторларында орын	
алған ескі мен жаңаның арақатынасы мен өзара	
байланысының мәселесі	87

Қылышбай Сүндетұлы	
Оңай Шонаевтың ерлігі	96

Әміреқұл Әбуов	
Рухани мәдениеттің дамуы	105

Айнаш Бекенжанова	
Иран қазақтары қолөнерінің ерекшеліктері	109

Әлібек Карбозов	
Тәуелсіздіктің өтпелі кезеңіндегі мәдени-рухани	
саладағы қиындықтар, оның себептері	113

Өмірзақ Сұлтанов	
Экономикадағы ұлт саясаты және экономикалық	
тәуелсіздік мәселелері Ө. Бөкейхан еңбектерінде	119

Айсұлу Хайрулдаева	
Ұлттық мүдде қалыптасуындағы ұлттық	
бірегейленудің алатын орны	123

Дәуітхан Рахымқұлов	
Бөкей ордасы старшындарының халық азаттық	
қозғалысқа тартылуы (1836–1838 жж.)	127

МЕРЕЙТОЙ

Әбсаттаров Раушанбек Борамбайұлы 70 жаста	140
Түйіндеме	143

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ КЕҢЕС

Болат СҰЛТАНОВ	– редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (КСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы
Нұрлан СЕЙДІН	– жауапты редактор, ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың аппараттандыру және редакциялық-баспа қызметі бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты
Нұржамал АЛДАБЕК	– эл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің деканы, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Рахман АЛШАНОВ	– «Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғарғы оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор
Маулен ӘШІМБАЕВ	– ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты
Камал БУРХАНОВ	– ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор
Қуанышбек ҚАРАЖАН	– эл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Ләйла МҰЗАПАРОВА	– ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
Әбдімәлік НЫСАНБАЕВ	– ҚР БҒМ философия және саясаттану институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор
Марат ТӘЖИН	– ҚР Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор
Айгүл ТҮЛЕМБАЕВА	– эл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың маркетинг кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Булат СУЛТАНОВ	– председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук
Нурлан СЕЙДИН	– ответственный редактор, заведующий отделом информационного обеспечения и редакционно-издательской деятельности КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук
Нуржамал АЛДАБЕК	– декан факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор
Рахман АЛШАНОВ	– президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор
Маулен АШИМБАЕВ	– заместитель Руководителя Администрации Президента РК, кандидат политических наук
Камал БУРХАНОВ	– депутат Мажлиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор
Қуанышбек КАРАЖАН	– заведующий кафедрой новой и новейшей истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор
Лейла МУЗАПАРОВА	– первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
Абдумалик НЫСАНБАЕВ	– директор Института философии и политологии МОН РК, академик НАН РК, доктор философских наук, профессор
Марат ТАЖИН	– помощник Президента РК – Секретарь Совета Безопасности РК, доктор социологических наук, профессор
Айгүл ТҮЛЕМБАЕВА	– заведующая кафедрой маркетинга КазНУ им. аль-Фараби, доктор экономических наук, профессор

Жаңа онжылдық — жаңа кезең

Нұрлан СЕЙДІН,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың бөлім меңгерушісі,
тарих ғылымдарының кандидаты

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Жаңа онжылдық — жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» деп аталатын биылғы Жолдауының сыры да, сипаты да бөлек. Бұл құжат Жолдау ғана емес, еліміздің жаңа онжылдыққа арналған стратегиялық бағдарламасы іспетті. Өйткені, мұнда республикамыздың экономикалық, әлеуметтік және рухани дамуының алдағы он жылға арналған міндеттері айқын да нақты көрініс тауып отыр. «Менің басты мақсатым — еліміздің алдағы онжылдықтағы экономикалық өрлеуін қамтамасыз етіп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашу, — деді Елбасы осы Жолдауында [1]. «Қазақстан-2030» стратегиясын орындай отырып, біз алғашқы онжылдыққа бағдарлама жасап, оны тәмамдадық. Ендігі мақсат — осы стратегияның келесі онжылдығына қарай қадам жасау». Жолдауда айтылған экономиканы дағдарыстан шығару, инфрақұрылым мен жедел индустрияландырудың есебінен экономиканың орнықты өсуіне қол жеткізу, қазақстандықтарды сапалы әлеуметтік-тұрмыстық коммуналдық қызметпен қамтамасыз ету, ұлтаралық келісімді нығайту секілді жоспарлардың барлығы да өте маңызды шаралар.

Жолдау жолдарына жүгінсек, мұнда адамдарымыздың өмір сапасын жақсарту және оларды әлеуметтік қорғау мәселелеріне айрықша көңіл бөлініп отырғанын аңғаруға болады. Айталық, ел халқы санының 2020 жылы 10 пайызға өсуі үшін мемлекет барлық мүмкіндікті қарастыратын болады. Жұмыссыздық деңгейі 5 пайыздан, ал табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 8 пайыздан аспауға тиіс. 2015 жылға қарай базалық зейнетақы төлемдері ең төменгі күнкөріс деңгейі көлемінің 60 пайызы деңгейіне дейін өсіріліп, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшері 2010 жылмен салыстырғанда 1,2 есе арттырылмақ. Республикалық бюджетте үстіміздегі жылы зейнетақыларды 1 қантардан бастап, ал шәкіртақылар мен бюджеттік мекеме қызметкерлерінің еңбекақыларын 1 шілдеден бастап 25 пайызға өсіру қарастырылса, студенттердің шәкіртақылары мен бюджеттегілердің еңбекақыларын мерзімінен үш ай бұрын — 2010 жылдың сәуірінен бастап өсіруге байлам жасалды.

Жолдауда Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай соғыс ардагерлері мен олардың отбасыларына, майдангерлердің жесірлеріне, соғыс ардагерлеріне теңестірілген азаматтарға жасалатын қамқорлықтар туралы да ашық та айқын айтылған. Мемлекетіміздің тұрғын үй-коммуналдық сектор саласындағы саясаты да азаматтарды қуанышқа бөлеуде. Ендеше, осының бәрі мемлекетіміздің Қазақстан азаматтарына деген қамқорлығының жарқын көрінісі.

Жолдауда сол сияқты білім беру, денсаулық сақтау салалары бойынша да нақтылы міндеттер белгіленіп отыр. 2020 жылға қарай барлық балалар мектеп жа-

сына дейінгі оқытумен қамтылуға тиіс. Бұл үшін «Балапан» арнайы бағдарламасы әзірленуде. 2020 жылға қарай орта білім беруде 12 жылдық оқыту моделінің табысты жұмыс істеуі үшін Үкімет барлық қажетті шараларды қабылдайтын болады. Кәсіптік және техникалық білім беру кәсіби стандарттарға негізделіп, қатаң түрде экономикалық қажеттіліктерімен өзара байланыстырылады. Жолдауда сондай-ақ, жоғары білім сапасының халықаралық талаптарға жауап беруге тиіс екені, бұл үшін жоғары оқу орындары әлемнің жетекші университеттерінің рейтингісіне енуге ұмтылуы міндетті екені атап көрсетілген. Болашақта қазақстандық адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін белсенді инновациялар тарту жоспарының маңызы да ерекше. Адам ресурстарының білімсіз болуы келешектің тиімсіз болатынын айқын көрсетіп отыр. Жолдауда: «Экономиканы әртараптандыру арқылы табысқа жетудің кілтінің бірі — Астанадан құрылатын үлкен оқу орны инновациялық университетте жатыр. Сол университетте біліммен бірге ғылымға да көңіл бөліп, жұмыс істейік» [1] деген ойлар айтылды.

Елбасы Жолдауынан туындайтын міндеттер бәрімізден болашаққа сергек қарауды, алдағы онжылдыққа арналған міндеттерімізді ой елегінен өткізіп, сарапалап, тиісті межелер белгілеуді талап етеді.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткізген «Қазақстан дағдарыстан кейінгі әлемде: болашаққа интеллектуалды ұмтылыс» атты дөрісінде Қазақстанның нақты бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін аса маңызды құралы ретінде экономикалық және қоғамдық модернизацияның сұраныстарына сәйкес келетін «Зиялы ұлт-2020» атты жобаны іске асыру отандық білім дамуының басым бағыты болып табылады деп атап көрсетілген еді. Еліміздің өміріндегі білім берудің және интеллектуалды ресурстардың рөлі Елбасы сөзінде нақты көрсетілген: «Әр азаматтың денсаулық, интеллект және білім деңгейі қаншалықты сапалы болса, соншалықты мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі әлемдік қауымдастығында жоғары болады».

Мемлекет басшысының жүйелі де терең ойластырылған саясаты арқасында Қазақстан экономикада зор табыстарға қол жеткізіп, әлемдік дағдарыс кезеңінде өзінің тұрлаулылығын көрсетті. Өткен онжылдықта макроэкономикалық сипаттағы міндеттер шешілді: нарықтық экономиканың заңнамалық базасы жаңартылып, аймақтық шетелдік инвестициялар тартылды, Ұлттық қор және даму институттары қалыптасып, осы заманғы қаржы және бюджет жүйесі құрылды. Бәсекеге қабілетті және сұранысы мол шикізат салаларын дамытуға екпін түсірілетін стратегияны дұрыс таңдау біздің мемлекетімізді экономикалық даму қарқыны жағынан еуразиялық кеңістікте көшбасшылыққа шығарды.

Жолдауда дағдарыстан кейінгі экономиканы дайындау тетіктері жан-жақты қарастырылған. Елді индустрияландыру ісін жеделдету арқылы біз жаңа биікке көтерілеміз. Қазіргі таңда Қазақстан сенімді нық қадаммен, елеулі даму әлеуетімен жаңа онжылдыққа, жаңа болашаққа бет алды.

Бұл — қазақстандық көшбасшылыққа қадам басу. Тәуелсіздік алған 18 жылдың ішінде еліміз экономика мен мемлекеттік құрылыста әлем таңғалатындай нәтижелерге қол жеткізді.

Табысты барыстың қуатты серпілісімен салыстыра отырып, бүкіл әлем «қазақстандық ғажайып» туралы тамсана айта бастады. Еліміздің Тұңғыш Президенті — Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевсыз осынау «қазақстандық ғажайыпқа» қол жеткізу мүмкін еместігін мойындау қажет.

Жаһандық және өңірлік геосаяси сын-тегеуріндермен бірге жүретін қаржы-экономикалық дағдарыс әлемде қайта құру үдерісін іске қосты. Бұл қатерлер мен сын-тегеуріндер еліміздің экономикасын реформалауға, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен тұрақтылығын нығайтуға бағытталған жедел әрі шешуші шараларды талап етеді. Бүгінгі таңда бүкіл әлем дамудың жаңа басымдықтары мен мақсаттарын іздеу үстінде. Өзгеріп отырған әлеммен бірге Қазақстан да өзгеретін болады. Ең бастысы, біз бұған дайынбыз. Әлемнің бүкіл елі төзімділікке сыналып жатқан уақытта, ал әлемдік қоғамдастық жаңа жаһандық проблемаларды шешу алдында тұрған кезде көшбасшылары ішкі саяси тұрақтылықты сақтай, тиімді экономикалық шешім таба алған, әлемдік державалардың жаһандық бәсекелестігінде өз халқының мүддесін қорғай білген елдер ғана дағдарыстан қуатты болып шығады.

Ұлт пен Көшбасшының мұндай бірлігі – тарих беттерінде әлі талай беделді орын алатыны сөзсіз. Президент Н. Назарбаевтың Парламент палаталарының бірлескен отырысында жария еткен «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы мемлекетіміздің бүгінгі таңдағы қоғамдық-саяси өмірінің негізгі оқиғасы болып отыр.

Жан-жақты зерделенген бұл құжат баршамызға терең ой салып, ерекше толғандырмауы мүмкін емес. Ең бастысы, қойылған мақсат – айқын. Жолдауда біздің қоғамдағы барлық көкейкесті мәселелерге дәйекті түрде толыққанды жауап берілді.

Жолдауда белгіленген маңызды межелерге қол жеткізу – Қазақстанға қазіргіден де биік асуларды бағындырып, қуатты мемлекетке айналуына зор мүмкіндік береді. Біздің бүгінгі таңдағы жетістіктеріміз де қомақты. Елімізді төрткүл дүние танып, мойындады. Ендігі жерде қажырлы еңбегіміз – Отанымызды әлемдік ауқымдағы өрісі кең, халықаралық аренада лайықты беделге ие, өркендеген елге айналдыруға жұмылдыруға бағытталуы тиіс.

Соңғы жылдарда біздің мемлекетіміз аумалы-төкпелі экономикалық және саяси күрделі жағдайларда төтеннен туындаған сан-қилы сынақтардан сүрінбей өтті.

«Ұлы істер мен батыл бастамалар қиын-қыстау кезендерден бастау алады», деген аталы сөз бар. Бұған қосарым: Мұндай істі бастау – дара тұлғаның ғана қолынан келеді. Және біздің Президентіміз – дәл сондай көшбасшы.

Қиын-қыстау кезеңде, Президенттің тікелей бақылауымен әлемдік дағдарыс салдарын еңсеруге бағытталған Парламент пен Үкіметтің қоян-қолтық және шұғыл жұмыстары уақытында қабылданған заңдармен, нақты шешімдермен, маңызды қаулы, қарарлармен сипатталады. Біздің ендігі ортақ мақсатымыз елді жаңғыртып, Қазақстанның әлеуетін өсіру мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы дамудың 2020 жылға дейінгі межелерін еңсеріп, халықты ауқымды табыстармен қамтамасыз ету болып табылады.

2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан халықаралық дәрежедегі жоғары миссияны атқаруға – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуге кірісті.

Бұл біздің мемлекетіміздің халықаралық беделі мен Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әлемдік ауқымдағы көрнекті саясаткер ретіндегі мәртебесін нақтылаған тарихи маңызды оқиға. Қазақ мемлекеттілігінің құрылысындағы ірі табыстар ғана емес, сонымен қатар әлемдік аренадағы ядролық қарусыздану, экономикалық ықпалдастық, сенім және қауіпсіздік шаралары, толеранттық және

конфессияаралық үнқатысу секілді ерекше маңызды үрдістер де Президенттің атымен тікелей байланысты.

Елбасы атап өткендей, осы заманғы адамзат тарихындағы күрделі кезеңде ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету – бұл өте жауапты мәселе. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етудегі Президент айқындаған тұжырымдама зор халықаралық серпіліс туғызып, әлемдік қоғамдастықтың тарапынан оң қабылданды.

Тұжырымдап айтқанда, Мемлекет басшысының Жолдауы біздің еліміздің тарихында ерекше орын алады. Дағдарыстың аяқ кезеңінде, әлемді бұлыңғырлық жайлаған сәтте жария етілген Стратегияда мемлекеттің 2020 жылға дейінгі дамуының негізгі бағыты мен басты көрсеткіштері мазмұндалған. Осының өзі әр адамның көкейіне түпкі нәтижеге деген зор сенім ұялатады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана»: материалы научно-практической конференции (г. Алматы, 10 февраля 2010 г.) / Отв. ред. Б.К. Султанов. – Алматы, КИСИ при Президенте РК, 2010. – с. 164.

Орталық Азия аймағы елдерінің дәстүрлі емес қауіптермен күресуді арттыруда ЕО интеграция тәжірибесін қолданудың негізгі бағыттары

Жазира АТЫМТАЕВА,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар және ҚР-ның сыртқы саясат кафедрасының аға оқытушысы

Сонғғы жылдарда Орталық Азиядағы мемлекетаралық ынтымақтастықта онтайлы өзгерістер орын алды. Халықаралық лаңкестік, діни-саяси экстремизм, есірткі саудасы секілді және т.б. әлемдегі геосаяси және геоэкономикалық мүдделерден туындайтын қауіптердің күшеюі аймақтағы мемлекеттердің неғұрлым үйлестірілген және келісілген сыртқы саясатының орнығуына себепші болды. Бұл үрдіс ШЫҰ, АӨКӘК, ҰҚКҰ институционализациялануына белсене қатысудан көрініс тапты. Экономикалық реформаларды өткізудегі Қазақстанның көшбасшылығы оны аймақтық экономикалық орталыққа айналдырып, аймақтағы мемлекеттердің біздің елмен экономикалық интеграциясына әкелді.

Аймақтық лаңкестікке қарсы құрылымдардың шектеріндегі белсенді жұмыс жүргізілуде. Біздің арнайы қызметтер пен құқық қорғау органдары ТМД Лаңкестікпен күрес орталығымен өзара әрекеттеседі. 2003 жылдың 9–11 маусымында Украинаның аумағында ТМД Лаңкестікпен күрес орталығының үйлестіруімен Ресейдің ФКҚ мен Украинаның ҚК «теңіз көлігі объектілерінде кепілге алынған адамдарды босату және лаңкестерді бейтараптандыру бойынша арнайы (лаңкестікке қарсы) шараларды дайындау және өткізу» тақырыбы бойынша ТМД қатысушы мемлекеттердің лаңкестікке қарсы бөлімшелерінің басқарушы құрамына арналған «Азов–антитеррор–2003» бірлескен тактикалық-арнайы үйретулерін өткізді.

Келесі халықаралық құрылым – «Шанхай ынтымақтастық ұйымы» неғұрлым тәжірибеге жақын тұрғыда жұмыс істей бастады. 2003 жылдың тамызында Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының аумағында ШЫҰ қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері мен арнайы бөлімшелерінің «Өзара ынтымақтастық – 2003» атты бірлескен жаттығулары өткізілді. Ташкент қаласындағы (Өзбекстан) «Шанхай лаңкестікке қарсы құрылымы» аймақтық лаңкестікпен күрес құрылымының механизмін іске қосылды.

2004 жылдың 18 маусымында Астана қаласында өткен ЕврАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің мәжілісінде бес мемлекеттің президенті ЕврАзЭҚ заңнамасының

негіздерінің мәртебесін бекітті – бұл әрине елеулі жетістік емес, бірақ ол үлкен маңызға ие. Шын мәнісінде бұл барлық бес мемлекет үшін тікелей ынтымақтау заңдарын құрудың регламенті. Басқаша айтар болсақ, ұлтүстілік парламентті құру жолындағы алғашқы кадам. Бұл құжат интеграцияның түрлі салаларында, мысалы салық немесе кеден заңнамасында, заңдарды әзірлеу мүмкіндігін ашады. Басқарудың ұлтүстілік нысандары тек егер оларды барлық мемлекет саяси және психологиялық тұрғыдан қабылдағын жағдайда ғана құрылуы мүмкін. ЕврАзЭҚ саммиттері – бұл тек мұз таудың көрінер шыңы ғана, ал күнделікті күрделі жұмыс – үздіксіз келіссөздер, сарапшылардың кездесулері, олардың нәтижесінде өзара ымыраға келу арқылы барлық тараптардың мүдделеріне сай келетін шешімдерге қол жеткізіледі [1].

2004 жылдың қыркүйек айында ТМД Мемлекеттері басшыларының Кеңесінің мәжілісінде Н.Ә. Назарбаев Сыртқы істер министрлерінің, Қауіпсіздік кеңестерінің хатшыларының, қорғаныс министрлерінің, шекара қызметтері басшыларының, құқық қорғау органдар басшыларынан тұратын ТМД Қауіпсіздік кеңесін құрып, атқарушы органдардың қызметтерін Лаңкестікпен күрес орталығына және ТМД Атқарушы комитетіне жүктеуді ұсынды.

Орталық Азияның әрбір мемлекетіндегі қауіпсіздік түрліше түсініледі, ұлттық қаражаттармен және ресурстармен қамтамасыз етіледі, және бұл саладағы ынтымақтастық едәуір шамада ықтиярсыз болып келеді, яғни бұған тек мәселені ұлттық деңгейде өз күштерімен шешу мүмкін болмаған кезде ғана жүгінеді. Бірақ Орталық Азия барлық елдерінің күш біріктіруін талап ететін осындай мәселелердің саны қарқынды түрде артауда.

Қауіпсіздік саласындағы интеграцияға еуропалық ынғаймен келуге тән жүйелілік пен прагматизм Орталық Азия елдерінің полиция органдарының өкілдерінің арасындағы ынтымақтастықты ұйымдастырудан көрініс тапты.

Қазіргі таңда лаңкестікпен күресудегі ынтымақтастықтың қомақты халықаралық құқықтық базасы қалыптасқан. ҚР ІІМ қылмыспен күрес саласындағы 50-ден астам қолданыстағы халықаралық шарттар мен келісімдерден туындайтын халықаралық қатынастардың қатысушысы болып келеді. Жасалған халықаралық актілердің арасынан 1999 жылдың 4 маусымындағы Лаңкестікпен күрес бойынша ТМД қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығы туралы Шартты ерекше атап өту қажет.

Қазақстан лаңкестікпен күрес бойынша 11 халықаралық Конвенцияға қосылды, олардың 7-і Біріккен Ұлттар Ұйымының шектерінде қабылданған. Сонымен қатар, Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымының (Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан) қатысушысы болып табылады, оның мүшелері 2001 жылдың 15 маусымында Лаңкестікпен, сепаратизммен және экстремизммен күрес туралы Шанхай Конвенциясына қол қойды. 2004 жылдың қаңтарынан бастап ШЫҰ тұрақты қызмет ететін органдары жұмыс істеуде – Пекиндегі Хатшылық, Ташкенттегі Атқарушы Комитет пен Аймақтық лаңкестікке қарсы құрылым (РАТС).

Сонымен қатар, Қазақстан Орталық-Азиялық ынтымақтастық Ұйымының (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан) шектерінде, сондай-ақ Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың (Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей) шектерінде белсенді әрекет етуде.

ТМД мемлекеттері басшыларының шешімі бойынша 2000 жылдың 1 желтоқсанында Лаңкестікке қарсы орталық құрылды, оның негізгі міндет-

тер – халықаралық лаңкестік пен басқа да экстремизм көріністерімен күресу саласындағы ынтымақтастықтың бағыттары туралы ТМД елдерінің мемлекет басшылары Кеңесіне ұсыныстар жасау.

1992 жылдан бері ТМД қатысушы мемлекеттердің Ішкі істер министрлерінің кеңесі әрекет етуде, оның шектерінде 2000 жылдың 8 қыркүйегінде Лаңкестікпен күресудегі ынтымақтастық туралы Келісімге қол қойылған Ішкі істер министрлерінің Кеңесінің жұмысшы органы – Ұйымдасқан қылмыспен және басқа да қауіпті қылмыс түрлерімен күресті үйлестіру жөніндегі Бюро.

Халықаралық қылмыс полициясы ұйымының – Интерполдың лаңкестікке қарсы бастамалары да оң нәтижелер беруде.

Террор көріністерімен күресудің жаңа нысандарымен және әдістерімен алмасу, лаңкестер жайлы жедел ақпаратты жинау, жүйеге келтіру және тарату жағынан, сондай-ақ оларды іздеу және табыстаудағы Интерполдың қызметі бүгінде үлкен маңызға ие болуда.

Бұл жұмысты жылдамдату үшін Бас хатшылықтың құрамына Қазақстанның өкілетті өкілі енгізілген, барлық облыстық ҚІПБ-ІПБ – да «байланыс офицерлері» енгізілген, олар Интерпол бағыты бойынша өзара әрекеттесуді ұйымдастырумен айналысады.

Есірткі саудасымен күресу саласында Қазақстан ТМД бойынша «Рубеж» ортақ бекеттер жүйесін құру және олардың орналасуы бойынша келісу бойынша ұсыныс жасады. Бұл Орталық Азия аймағы мен Ресей үшін аса маңызды. Есірткі бизнесімен күресудегі күш біріктіру нәтижелі болды және Достастық елдерінің аумағына есірткі әкелудің негізгі арналарын бақылау мүмкіндігін береді. ЕО күш құрылымдарының іс-тәжірибесі Орталық Азия аумағында қарқынды енгізілуде.

Орталық Азия елдеріндегі жағдайдың дамуына айтарлықтай ықпал ететін ішкі қауіпсіздік қауіптерінің арасынан жемқорлықпен байланысты мәселелерді ерекше атауға болады.

Қазақстандағы жемқорлық мәселесіне неғұрлым толық баға беруде жемқорлық ауқымдарының артуының нәтижесінде орын алатын жағымсыз әлеуметтік салдарды қарастыру үлкен маңызға ие болады:

- жемқорлық халық арасында жарияланатын нормативтік құқықтық актілердің легитимділігіне де, үкімет әрекеттерінің заңдылығына да теріс қатынасын қалыптастырады. Шенеуніктердің жемқорлығы халықтың барлық үкімет өткізетін реформаларға теріс қатынасының негізіне айналады;

- жемқорлық елдегі әкімшілік басқаруға ықпал етеді және күнерездік нысанына ие болып, халық үшін әлеуметтік құндылықтардың қол жеткізу мүмкіндігін азайтады;

- салықтар мен пара төлеуге екі есе шығындар көтеру қажеттілігі туындап, инвестицияларға қаражат салу мүмкіндігі шектелетіндіктен, жемқорлық жеке сектордың жұмысында қиындықтар туырады.

Қазақстандағы жемқорлықтың негізгі теріс нәтижесі ретінде ұйымдасқан қылмыстың гүлденуі болады. Ұйымдасқан қылмыстың артуы мемлекеттік аппараттың жемқорлығының нәтижесі болды. Қазақстан азаматтарына арнаған өзінің жолдауында ел Президенті жемқорлардың ортасы қылмыстық әлеммен байланыстарын дамытуда, бірте-бірте жаңа салаларды қамтып, ықпал ету топтары құрып, саяси билікті жаулап алу қаупін төндіреді деп атап өтті. Лауа-

зымды тұлғалардың жемқорлық қызметіндегі жаңа тенденция анықталды деп тұжырымдауға болады, атап айтсақ бұл – ұйымдасқан қылмыспен ұзақ мерзімдік ынтымақтастық тенденциясы.

Бұл секілді ынтымақтастық лауазымды тұлғалар бір жағынан, осы тұлғалардың есебінен қаржыландырылатын қылмыстық топтардың (жемқор шенеуніктердің түрлі тапсырмаларын орындайтын: жүктерді қорғау, тасымалдау, «бәсекелес» фирмалардан немесе басқа қылмыстық топтардан қорғау және басқа тәуекелді шараларды орындайтын), екінші жағынан – мемлекеттік аппараттағы басқа лауазымды тұлғалардың арасындағы тұрақты байланыстармен қатар келеді. Жемқор шенеунік бір реттік параларды ғана алмайды, ол қылмыстық құрылыммен ұзақ уақыттық және тұрақты ымыраласуда болады, мұның нәтижесінде оның көмегісіз мүмкін бопайтын пайданың өз бөлігін алады.

Ұйымдасқан қылмыстың кеңінен қанат жаюы көп жағынан көлеңкелі нарықтың болуымен байланысты. Көлеңкелі нарық мемлекет тарапынан бақыланбайтын тауарлық-материалдық құндылықтар мен қызметтердің өндірісі, бөлінуі мен тұтынуы болып табылады және экономикалық қызметтің тиісті нормативтік құжаттармен және шаруашылық ету ережелерімен реттелмегендігін түрлерін қамтиды. Мамандардың берген бағалары бойынша, оған түсетін тауарлардың шамамен алтыдан бес бөлігі қылмыстық сипаттағы көздерге келеді, оның ішінде де үштен бірі – ұрлыққа, соншамасы – күнерездікке, алымдар мен «сұрғылт экономикаға» (айырбас қызмет көрсетулер үшін материалдық игіліктер, оның ішінде заңсыздары), қалғаны – контрабандаға келеді. Көлеңкелі экономиканың мөлшерлері елдің ІҰӨ-нің 5-тен 30 пайызына дейін құрайды.

Жасырын операциялар көлеңкелі ақша айналымының есебінен, оның ішінде жемқорлықпен байланысты қаражаттардың есебінен экономикалық әрекеттің барлық сатыларын қамтиды. Көлеңкелі капиталдың негізгі көздері – жеңілдікті несиелер, жасырын экспорттық субсидиялар, импортты дотациялау, жекешелендіру. Осыған байланысты 90-жылдардың ортасындағы жапондық қарыз дағдарысының себептерінің бірі – бір триллион АҚШ долларын қайтармау болғандығын атап өту қажет, оның 80-90 пайызы ұйымдасқан қылмыстың қолына түсті [2].

Шағын және орта бизнестің кәсіпорындарын дамыту үшін қомақты заңнамалық база қалыптасқан, бірақ кәсіпкерліктің әрекет етуінің нақты механизмі әлі қалыптаспаған. Нормативтік актілердің көлемі әртүрлі, іс жүзінде ол жүйеге келтірілмеген және сандық қатынаста тым үлкен. Осындай парадоксалды жағдайдың себептері көп:

- заңнаманың тұрақсыздығы: кәсіпорын қызметтерінің ережелерінің үнемі өзгеруі жүреді;

- тиісті жеңілдіктері мен қолдауға ие шағын және орташа кәсіпорындардың анықтамаларының (сапалық және сандық) заңнамада мүлдем болмауы;

- айтарлықтай заңнамадағы ақаулар: меншіктің барлық нысандарының теңдігі мен жеке меншікті қорғаудың құқықтық кепілдерінің тапшылығы, сату-сатып алу үрдісінің жетілмеуі, жер туралы тиісті заңнаманың болмауы;

- құқықтық актілердің түрлі категорияларымен қандай құқықтық қатынастарды реттеу қажеттілігінің нақты регламентациясының жоқтығы: әкімдердің бұйрықтарын айтағанда, үкіметтің көптеген қаулылары жарлықтар мен заңдарға қайшы келеді;

- қолда бар заңдардың орындалмауы;
- шағын және орта бизнесті шенеуніктердің қудалауынан және құзыретсіздігінен қорғаудың шынайы механизмдерінің болмауы [3].

Ұлттық байлықты, мемлекеттік бюджетті бөлу және қайта бөлуге қатысу кез келген басқа шаруашылық қызметке қарағанда едәуір көп экономикалық пайданы қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезеңде біз тек жүйелі жемқорлық мемлекетті биліктің әрекетінің тиімділігін төмендететіндігі себебімен ғана емес, бірінші кезекте, жемқорлық қоғамдағы әлеуметтік кернеудің қауіпті ауқымда артуына себепші болатындығы себебінен жемқорлықпен күресу қажеттілігін түсінеміз. Гүлденген жемқорлық қоғамның саяси тұрақсыздануының аса қуатты факторына айналады; белгілі кезеңде және белгі жағдайлар орын алған уақытта жемқорлық күрделі қоғамдық катаклизмдердің катализаторына айналуы мүмкін. Осылайша жемқорлықтың ең негізгі жағымсыз нәтижелерінің бірі – мемлекеттің қауіпсіздігіне қауіп төну.

Демек, біз жемқорлық – тек қылмыстардың жүйесі ғана емес, республиканың ішкі қауіпсіздігіне қауіп төндіретін күрделі қоғамдық-саяси құбылыс болып табылатындығын мойындауға мәжбүрміз. Қызметтік лауазымды теріс пайдалану немесе паракорлықпен байланысты қылмыстық жазаланатын әрекеттердің белгілі бір жиынтығы ретінде ғана емес, мемлекеттік басқару жүйесін қиратуға әкеле алатын елдің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қауіп ретінде анықталатын жағдайда жемқорлыққа қарсы стратегияны қалыптастыру міндеті айтарлықтай күрделене түседі. Бірақ жемқорлықпен шынайы күрестің болмауы оның кең таралуына әкеледі. Мұндай жағдайларда жемқорлық тек экономиканы ғана емес, сондай-ақ саясатты жаулауға тырысады. Демек, жемқорлықтың екі аспектісін нақты бөліп қарастыру қажет: саяси және экономикалық [4].

ЕО елдері жемқорлықпен тиімді күресуде үлкен тәжірибе жинақтады. Біздің пікірімізше, интеграцияның бұл бағыты – Орталық Азиядағы неғұрлым нашар дамыған және үлкен алғы шарттарға ие бағыттардың бірі.

Орталық Азия елдерінде жасырын миграция бірте-бірте қылмыстық сипатқа ие болуда. Орталық Азия елдерінде миграцияға тиімді бақылау жасау әлі жүйеге келтірілмегендігін, лаңкестерді, бандалық құрылымдардың оқушылары, және аймақта еркін орын ауыстыратын басқа да қауіпті қылмыскерлерді іздеу бойынша мақсатты біріккен жұмыс жүргізілмейтіндігін мойындау қажет.

Бұл тұрғыдан атап өтетін жайт – қазақстандық мамандар тұлғаны биометриялық идентификациялаудың технологиясын әзірледі.

Қазақстанда 500-ден астам бағдарламалық кешен ендірілген, олар азаматтарға төлқұжаттарды, жеке куәліктерді, жүргізуші куәліктерін берген кезде оперативтік қызығушылық тудыратын адамдарды анықтау мүмкіндігін береді. Оның көмегімен азаматтарға құжат беру үрдісінде жыл сайын екі миллионнан астам адам тексеріледі, төрт мыңнан астам қылмыс ашылады.

Бұл жүйе полицияның патрульдік-бекеттік және басқа нарядтарына графикалық автоматтандырылған база арқылы дем арада ұсталған азаматтың анкеталық мәліметтерін тексеру, оған іздеу салудың болу-болмауын анықтау мүмкіндігін береді.

Тұлғаның биометриялық идентификация технологиясы Ресей Федерациясында да қолданылады, онда ол лаңкестер мен басқа да аса қауіпті қылмыскерлерді

іздеуге бағытталған. Бұл жүйе үлкен мүмкіндіктерге ие және түрлі салаларда қолданыла алады, ол басқа ақпараттық жүйелермен жеңіл интеграцияланады.

ТМД-нің әрбір мемлекетінде осы секілді жобаларды жүзеге асыру және осы негізде лаңкестер мен басқа қауіпті қылмыскерлерді іздеуде күш біріктіру үшін басты тақырыбы лаңкестікпен күресудің біріккен шараларын қалыптастыру болған, 2004 жылдың 25 желтоқсанында Мәскеуде болған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Ішкі істер министрлері Кеңесінің кезектен тыс мәжілісінде Қазақстан достастық шектерінде лаңкестер, экстремистер, бандқұрылымдардың қатысушылары мен іздеу салынған қылмыскерлер туралы ортақ мәліметтер банкісін пайдалануға негізделген «ТМД-Визит» Лаңкестікке қарсы жүйенің түбегейлі жаңа Бағдарламасын құру бастамасын ұсынды.

Орталық Азия елдері үшін ЕО елдерінің жасырын миграциямен күрес бойынша күш біріктіру тәжірибесі үлкен маңызға ие. ЕО ортақ заң кеңістігі – бұл тек қылмыскерлерді ұстау және одақтың бүкіл аумағында жазадан құтылудың мүмкін еместігі туралы ғана емес, сондай-ақ іс қағаз жүргізу, оның ішінде азаматтық іс қағаздарды жүргізу ісі туралы да. Полициялардың ынтымақтастығы – бұл ең алдымен өзара хабарлау. 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап кез келген ЕО елінің қауіпсіздік қызметтерінің, құқық қорғау органдарының барлық ақпараты басқа да ЕО елдерінің жақын қызметтеріне де қол жетерлік болуы тиіс. Ол үшін мәліметтердің құпиялылығы, мәлімет көздерін қорғау және оларды мақсатты пайдаланудың кепілдемелерін қалыптастыру қажет. Ортақ немесе үйлесімді шаралар, құжаттардың нысандары енгізілетін болады. Олар бұрыннан үйреншікті «еуропалық констат» - жол-көлік оқиғасы туралы хаттама секілді болады, оларды оқиганың әрбір қатысушысын көшірме қағаздың үстіне толтырады да әрқайсысын өз сактандырушысына жібереді.

2005 жылдың 1 сәуірінен бастап иммиграция мен баспана мәселелері бойынша шешімдер білікті көпшілікпен қабылданатын болады. Бұл ереже әзірше заңды иммиграцияға, сондай-ақ студенттердің, ғалымдардың жол жүруіне тарамайды. Ол жерде әлі бұрынғыдай консенсус қажет. Мұндай ерекше ережені ЕО Конституциясының күшіне енуіне дейін Германия талап етті. Немістер гастар-байтерлерді таратудың баяғыдан бергі тәжірибесіне және заңды иммиграцияны реттеу жүйесіне ие. Ұзаққа созылып кеткен жұмыссыздық жағдайларында ФРГ үкіметі ортақ ережелер оның өз еңбек нарығын қажет емес экономикалық мигранттар үшін ашылуынан қауіптенеді.

«Халықаралық миграция бар және болады, - деп атап өтілген Гаага бағдарламасында. – Сол себепті оған жан-жақты қамту ыңғайы қажет, ол миграцияның барлық сатыларын қарастырып, оның тамырлары мен себептерін ескеріп, иммигранттарды қабылдау, интеграциялау немесе елден шығару саясатын анықтайтын еді».

ЕО-ға баспаналарды қабылдаудың минималды ортақ нормалары бар, бірақ түрлі елдерде олар түрліше түсіндіріледі. ЕО 2010 жылға қарай келісілген ережелердің негізінде босқын үшін ортақ мәртебеге ие баспана берудің ортақ жүйесін құруды мақсат етіп қойды.

ЕО-тың жасырын иммиграциямен күрес стратегиясында келесідей бағыттарды бөліп көрсетуге болады:

1. Шетелдік дипломатиялық және консулдық мекемелер, ЕО елдерінің шекаралық және иммиграциялық билік органдары, әлемнің түрлі елдерінің, ең

алдымен, қауіп орын алатын елдердің әуежайлары мен теңіз порттарындағы авиациялық және теңіз көлік компаниялары өткізетін шекаралардың шаралары. Көптеген елдерде орналасқан иммиграциялық байланыс офицерлеріне өте маңызды рөл бөлінеді.

2. Еуропалық Одақ елдерінің шекаралық инфрақұрылымы шекаралық бақылаудың автоматтандырылған биометриялық жүйелеріне ауысуды талап етеді. Автоматтандырылған биометриялық бақылау жүйесінің мәнісі - жолаушы тіркеу бюросына бір рет өз төлқұжатын ұсынады, оның жеке мәліметтері мен биометриялық сипаттамалары шекара қызметінің жергілікті локалды базасына енгізіледі.

3. «Action Programme for Administrative Co-operation in the Fields of External Borders, Visas, Asylum and Immigration» (ARGO) сыртқы шекаралар, визалар, баспана мен иммиграция саласындағы әкімшілік ынтымақтастық жөніндегі бағдарлама секілді сыртқы шекараларды басқарудағы ынтымақтастық, оның міндеттері:

- ресурстардың бірігуіне және үйлестірілген және біркелкі тәжірибеге қол жеткізуге ерекше көңіл бөле отырып, ЕО заңнамасын жүзеге асырудағы Еуропалық Одақ елдерінің ұлттық мекемелерінің ынтымақтастығына септігін тигізу;
- еркіндік пен қауіпсіздік және құқықтық тәртіп кеңістігінің шапшаң дамуына зиян келтірмеу үшін, ұлттық мекемелер шешім қабылдау кезінде ЕО заңнамасын біркелкі қолдануға, ЕО ережелерін жүзеге асыруға септігін тигізу;
- ЕО ережелерін жүзеге асыру жөніндегі ұлттық мекемелердің әрекеттерінің жалпы тиімділігін арттыру;
- Ұлттық мекемелерге қатысты ЕО деңгейінде шығарылатын тиісті бағалар Еуропалық Одақтың ережелерінің орындалуына септігін тигізуін қамтамасыз ету;

• Тиісті ұлттық және халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдармен қарым-қатынастарды нығайту жөніндегі ұлттық мекемелердің әрекеттерінің тасмалдауын көтермелеу.

2005 жылдың 1 мамырынан бастап Еуропалық Одақтың сыртқы шекараларындағы жедел ынтымақтастықты басқару жөніндегі Еуропалық агенттік өз қызметіне кірісті. Агенттік Еуропалық Одақ елдерінің шекара қызметтерінің бірқатар жобаларына қатысады және түрлі сынама жобалар мен бірлескен шараларды жедел үйлестіру және бағалау үшін жауап беретін болады. Бірақ саяси бақылау Еуропалық Одақ Кеңесінің қолында қалады.

4. Ақпараттық қызмет – Шенген ақпараттық жүйесінің екінші ұрпағын – SIS II-ні әзірлеу.

Жүйені техникалық тұрғыдан қайта қаруландырумен қатар, мәліметтер базасына жаңа идентификациялаушы материалды (фотографияны), жаңа мәліметтерді (ұшақтар, контейнерлер, өнеркәсіптік жабдық, несие картешкелері, жолаушы құжаттары және т.с.с. туралы), сондай-ақ жаңа тұлғалар категориялары (лаңкестікке күдіктілер, босқындар) енгізу қарастырылады. Полициялық ынтымақтастық тұрғысынан алғанда SIS II-ге биометриялық идентификаторларды ендіру адамдарды идентификациялау мүмкіндігін едәуір жақсартады.

ЕО күн тәртібінде – визалар бойынша ақпараттық жүйені құру және дамыту (VIS). 2004 жылдың 19 ақпанында ЕО елдерінің ішкі істер және әділет министрлері оның қызметінің негізгі принциптері бойынша келісімге қол жеткізді. Жүйе

визаларды қолдан жасаумен күресу, консулдық ынтымақтастықты жетілдіру, «виза сатулардың» алдын алу, «Дублин IV» конвенциясының қолданылуы, үшінші елдер азаматтарын репатриациялау шарасын жеңілдету үшін қолданылады. Жүйе не сұрау салынатын, не берілетін, не беруге рұқсат берілмеген шенгендік және ұлттық визалар бойынша мәліметтерді қамтиды. Бірте-бірте виза иелерінің сандық фотографиялары, одан кейін биометриялық мәліметтер де пайда болады.

5. «Groius», «Oisín», «Stop», «Hippocrate» және «Falcon» бағдарламаларының орнын басқан «AGIS» (2002–2007) бағдарламасының шектерінде полициялар мен соттардың ынтымақтастығы.

6. 2004 жылдың 10 наурызында қабылданған «Миграция және баспана саласында үшінші елдерге қаржылай және техникалық көмек көрсету бағдарламасы туралы» регламенттің негізіндегі реадмиссия мен жасырын мигранттардың депортациясы. Бес жылдық бағдарлама (2004–2008 жж.) бұл мақсаттарға 250 миллион евроны қарастырады. Басымдылыққа ЕО мен реадмиссия келісімдері бойынша келіссөздер жүргізетін, немесе бұл келісімдерді тәжірибе жүзінде іске асыратын үшінші елдер ие болады. Бағдарлама келесі мақсаттармен Еуропалық Одақтың үшінші елдермен ынтымақтастығы мен әріптестігіне көмек көрсетуге бағытталған:

- заңды миграция саласында, атап айтқанда иммигранттарды кіргізу ережелері, құқықтары, мәртебесі мен интеграциясына, ксенофобия мен расизммен күреске қатысты заңнамасының дамуы;

- мигранттардың шыққан елдеріндегі демографиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайды талдаудың негізінде заңды миграцияның дамуы, ЕО елдерінің иммиграциялық мүмкіндіктері, заңды миграцияның артықшылықтарын және жасырын иммиграцияның салдарын қоғамның ұғынуын арттыру;

- босқындардың мәртебесі туралы 1951 жылғы Женева конвенциясының, 1967 жылдың Хаттамасының ережелеріне, басқа халықаралық құралдарға сәйкестік тұрғысынан «нон-рефультмен» принципіін сақтау және баспана іздеуші адамдарды, босқындарды қабылдауға қатысты үшінші елдердің мүмкіндіктерін арттыру мүдделерін көздей отырып, олардың заңнамаларын дамыту және ұлттық тәжірибесін толықтыру;

- тиісті үшінші елдерде жасырын миграциямен күрестегі, оның ішінде мигранттардың трафигі және контрабандасымен күресте тиімді және превентивті саясатты және тиісті заңнаманы дамыту;

- құқықты құрметтеудің негізіндегі реадмиссия және Еуропалық Одаққа мүше елдердің аумағына жасырын келген немесе тұрған адамдардың, немесе баспана немесе Еуропалық Одақтағы халықаралық қорғаныстан бас тартылған адамдарды үшінші елдерде реинтеграциялау [5].

Үшінші елдермен ынтымақтастықтағы маңызды мәселе – реадмиссия келісімдерін жасау. ЕО елдерінің немесе Еуропалық Одақтың өзі үшінші елдермен жасайтын осындай келісімдердің негізгі ережелерін ЕО Кеңесі 1999 жылдың өзінде анықтаған [6].

Орталық Азия үшін Еуропалық Одақтың сот пенитенциарлық жүйелерді реформалау тәжірибесі де маңызды келеді: азаматтар мен экономикалық қызметтің қатысушыларының құқықтық қорғалуын арттыру мақсаттарында соттарды, сот басқарушыларын және сот (аралық және жалпы құқық құзырындағы соттар) қызметкерлерін оқыту, сондай-ақ жалпы соттардың тиімділігі мен тәуелсіздігі.

ТМД елдеріндегі омбудсман институтының пайда болуы мен дамуының айрықша өзектілігін де атап өткен жөн. Мұндағы осы институтты құруға қажеттілік ең алдымен қарастырылып отырған елдердің басым көпшілігінде әрекеттегі құқық қамтамасыз ету жүйесі адам мен азаматтың құқықтарын қорғауға ерекше көңіл бөлмейтіндігіне, ал адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың қолданыстағы механизмдері жеткіліксіз және барабар емес болуына байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Каратицкий В. Экстремизм: нужны ли особые меры? // Казахстанская правда, 16.11.04.
2. ООН олицетворяет сегодня концентрацию совместных усилий с целью обуздания терроризма – выступление Президента Казахстана в изложении КАЗИНФОРМ /Жан Бұлдықбаев/<http://iimpr.kz>
3. Дутбаев Н. Региональная безопасность // «Мысль», 2003-07-18
4. Правовые основы борьбы с терроризмом в Республике Казахстан // Пресс-служба КНБ, 2002-03-15, www.knb.kz
5. Потемкина О.Ю. Становление обновленной Европы (Европейское пространство свободы, безопасности и правопорядка – новый проект ЕС). // Международная политика. – М., 2000. – №7. – С. 25-27.
6. Троицкий М. Европейский союз в мировой политике // Международные процессы. – 2004. – №2. – С. 92-93.

Қытайдың Орталық Азия саясаты

Сәкен ЕСІРКЕПОВ,
Л. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің ғылыми қызметкері

Қытай – Орталық Азия қатынастарының тарихы тереңнен басталды. Орталық Азия аймағында өмір сүрген Түркі тайпалары мен Қытайдың ертедегі патшалықтары арасында саяси-экономикалық қатынастардың болғаны тарихи деректерден белгілі. Бұл екі жақтың көрші орналасуларына негізделген. XX ғасырдың ортасынан бастап Қытай әлемдік деңгейде өзін мойындата бастады. Қытай бұдан бір жарым ғасыр бұрын Азияда орын алған «Үлкен Ойында» (The Great Game) Ресей мен Англияның бөлісіне ұшыраған болатын. Иран мен Ауғанстан жерлерін өзара иеленген екі алып империя Қытай жерін де бөліске салған болатын. Ресейге Ұлы Қытай Қорғанының солтүстік аймағы мен Манчжур жері тиесілі болды. Ресей бұл жакқа темір жол құрылысын жүргізуді қолға алды. Англия болса Қытайдағы «Апиын соғыстарына» себеп болып Янг Че даласына иелік етті. 1907 жылы Антанта одағына қол қойған Ресей мен Англия Азияны қайтадан өзара бөліске салады. Бұған сәйкес Иранды үшке бөлген империалистер Тибетті Қытайдың құрамында қалдыруға келіседі [1]. 1911 жылғы Синьхай революциясынан соң елде өзара ішкі кикілжіңдерді өткерген Қытай өзінің қазіргі даму жолына осы ғасырдың екінші жартысынан бастап түсті.

1978 жылы Қытай билігін қолға алған Дэн Сяопин ел экономикасының қарыштауына жағдай жасады. Ол бірінші экономикалық реформалар жүргізуді қолға алып, саяси реформалардың бұдан соң оңай реттелетінін түсінген болатын [2]. Жақсы ойластырылған экономикалық реформалар нәтижесінде елдің әлеуеті дами түсті. Осы сәттен бастап Қытай экспансиясының қаупі тек көрші мемлекеттерді ғана емес бүкіл әлемді толандыра бастады. 1991 жылы КСРО-ның ыдырауы Азияда Қытайдың үстемдігі туралы болжамдарды расқа шығара бастады. Алып державаның жойылуы Қытай гегемониясының Орталық Азия бағыты үшін жаңа мүмкіндіктер ашты.

Қытайдың Орталық Азияға қатысты саясаты экономикалық және саяси бағыттарда дамытылуда. Саяси ерекшелік ҚХР-ның территориялық тұтастығын сақтау, елдің әлемдік күшке айналуы жолында Орталық Азия аймағында үстемдігін орнату секілді мақсаттарға негізделсе, экономикалық бағыт бірінші кезекте елдің энергия көздеріне деген қажеттілігін қамтамасыз ету, аймақта қытай тауарларының үстемдігін орнату, Шынжан аймағының әлеуметтік ахуалын жақсарту секілді жоспарларды негізге алған. Қытай-Орталық Азия қатынастарының 20 жылдық тарихынан Қытайдың Орталық Азиямен қарым-қатынасқа алғашқы жылдар қауіпсіздік мәселесіне жіті мән беріп уақыт өте келе экономикалық мақсаттарға маңыз бергендігін байқауға болады.

Қытай – Орталық Азия дипломатиялық қатынастары 1992 жылы құрылды. Бұл Қытайдың Орталық Азия республикалары тәуелсіздігін ресми тануымен басталған болатын. Қытайдың Қазақстанмен қатынасқа жіті мән беретінін байқауға болады. Өйткені 1991 жылдан қазірге дейінгі Қазақстан – Қытай қатынастарының экономикалық көрсеткіштері Орталық Азияның өзге төрт мемлекетімен болған қатынастардан да жоғары. Мұны көбіне мұнай саласындағы екі жақты ынтымақтастықтар құрайды. Ресми деректерге сәйкес Қытайдың 2003 жылға дейін жүргізген табиғи газ құбырларының жалпы ұзындығы 13.000 миль (21.000 шақырым) болса бұл көрсеткіштің 2010 жылдың соңында 20.000 мильге (36.000 шақырым) жететіндігі жоспарланып қойған болатын [3]. Бұл Қытайдың жылдан-жылға энергияға қажеттілігінің артуымен байланысты екендігі даусыз.

1997 жылы Қытай ұлттық мұнай компаниясы Ақтөбедегі Маңғыстаумұнайгаз компаниясы акция пакетінің 60 пайызын сатып алғандығы белгілі. 20 жылға жасалған осы келісімшарт бойынша Қытай аталған жылдар ішінде компанияның дамуына 43 млрд. АҚШ долларын жұмсауға қол қойған болатын [4]. Қазіргі күнге дейін Қазақстан мен Қытай арасында энергетикалық салада бірқатар келісімшарттар жасалды. «Мәселен, 2006 жылы жылына 10 млн. тонна мұнайды тасымалдауға шамасы жететін алғашқы «Атасу–Алашаңқай» мұнай құбыры іске қосылса, 2009 жылдың қазан айында 20 млн. тонна мұнайды тасымалдауға мүмкіншілігі бар екінші «Кеңкияқ–Құмкөл» мұнай құбырының іске қосылғандығы баршамызға мәлім» [5]. Қазақстан жағы жыл сайын Қытайға 30 млн. текшеметр мұнай экспорттауға уағдаласты. 1996 жылдың сәуір айында да Қытай мен Түркменстан арасында табиғи-газға байланысты келісімшартқа қол қойылып нәтижеде Түркменстан Қытайға 2008 жылдан бастап жылына 30 млрд. текшеметр, 2010 жылдан бастап әр жыл сайын 50 млрд. текшеметр газ экспорттауға келіскен болатын [6]. Қазіргі таңда бұл уағдаластық жүзеге асуда. 2010 жылы 9–11 маусымда Қытай ұлттық мұнай компаниясы мен «Узбекнефтегаз» арасында келісім жасалып өзбектер де Қытайға 10 млрд. текшеметр газ экспорттауға қол қойды [7].

Ресми деректерге сәйкес Қытайдың энергияға деген қажеттілігі жыл сайын артып келеді. Каспийдегі қазақ мұнайы мен Түркменстандағы табиғи газ қоры Қытай үшін өте маңызды. Осыған сәкес жалпы ұзындығы 8 мың шақырымға жуықтайтын және Каспий теңізі мен Шығыс Қытайды жалғайтын мұнай-газ құбыр жобасы жүзеге асырылуда. «Ғасыр жобасы» аталған бұл құбыр арқылы Орталық Азиядағы энергия көздері Шығыс Қытайға жеткізіліп одан әрі Жапония мен Кореяға берілуі жоспарлануда. Жапондар мен көрістерден де бұл жоба үшін қыруар қаржы алған Қытай жағы энергияны ең көп қажет ететін Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс аймақтарына ең тиімді жолмен энергия көздерін тартуды жолға қойды. Сонымен қатар Шығыс Еуропа – Шығыс Қытай жобасы бойынша аталмыш екі аралықты қосатын әлемдік стандарттарға сай тас жол салынууда. Бұны Қытайдың жемісті саясатының нәтижесі деп қабылдауға болады. Батыс елдері мен Ресей «Набукко» құбыры бойынша, Америка мен Үндістан құбырды Иран жері арқылы салу мәселесін талқылап өзара ымыраға келе алмай жатқан тұста Қытай осылайша еш кедергісіз-ақ өз саясатын оңай жүзеге асыра білді.

Қазақстан – Қытай саяси қатынастары да өткен 20 жылда айтарлықтай дамып келеді. Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып таныған Қытай 1992 жылы Қазақстанмен дипломатиялық қатынастар орнатты. Қазақстанның көп векторлы саясатына қолдау көрсеткен Қытай еліміздің инициативасымен

ұйымдастырылған әлемдік деңгейдегі іс-шаралардың белсенді қатысушысы да болды. Ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан Қазақстанның қауіпсіздігіне кепілдік берген Қытай 2002 жылы екі ел арасындағы шекараны делимитациялау процесінде де түсіністік танытты. Екі жақты комиссияның еңбектенуімен трансшекаралық өзендер мәселесі де өз шешімін тапты.

2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғаларына дейін Орталық Азияда саяси-экономикалық гегемониясын орнатып келе жатқан Қытай аталмыш оқиғадан соң аймақта АҚШ-тың күшеюіне тосқауыл қоя алмады. Аймақтағы геосаяси ойында АҚШ-қа қарсы мүдделері тоғысқан Қытай мен Ресей үшін Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) құзыретін қолданып іс-шаралар атқаруға тура келді.

1996 жылы «Шанхай бестігі» ретінде құрылған ШЫҰ-ның аясында аталмыш екі ел бірлесе жұмыс істеуде. «Шанхай ұйымы» құрылғаннан бастап 5 жыл ішінде Орталық Азия аймағында антитеррор операцияларын көптеп өткізген болатын [8]. Шанхай ұйымының құзыретін қолдану арқылы Қытай Орталық Азия аймағында Шыңжаңдағы ұйғырларға қолдау көрсететін жекелеген адамдар мен топтарды құрықтауға мүмкіндіктер алды. Бұл Шыңжаң ұйғырларының тәуелсіздік үшін күресін басып «біртұтас, бөлінбес Қытай» қағидасының сақталуы жолындағы маңызды шаралардан болатын. Сонымен қатар Шыңжаң аймағы Қытайдың экономикалық әлеуеті артта қалған облысы болып табылады. Осыған сәйкес қазіргі таңда Қытайда «Батысты игеру» стратегиялық жобасы жолға қойылған. Бұл 1999 жылы Қытай үкіметінің ресми бекітуімен басталды [9]. Аталмыш стратегиялық жоба бойынша аймақтың экономикалық дамуының кезеңдері белгіленіп жоспарланған. Бұл мәселеде де Орталық Азия елдерінің берері көп. Қытай-Орталық Азия қатынастарының Шыңжаң аймағы арқылы жүргендіктен екі жақты қатынастардың дамуы аймақтың алға ілгерлеуіне себеп болуда. Мысалы, Қазақстан мен Шыңжаң аймағы арасындағы тауар айналымы 2007 жылы 9,2 млрд. доллар болса, бұл көрсеткіш 2008 жылы 12,24 млрд.-қа жеткен. Екі жақты тауар айналымының көрсеткіші 2011 жылы 18 млрд. АҚШ долларын құрайтындығы жоспарлануда [10]. Бірақ қауіпсіздік мәселесі әрқашан алдыңғы орында. Себебі Қытаймен шекаралас Орталық Азияның үш мемлекетінде 300 мыңа жуық ұйғыр тұрады. Бұл ресми Пекиннің үнемі назарында. Сол үшін Қытай Орталық Азия елдерімен тығыз қатынаста болуға мүдделі.

Шанхай Ұйымына мүше елдер және АҚШ, Еуропа елдері, Үндістан, Түркия секілді елдер Қытайдың территориялық тұтастығын мойындап бұны өзгертуге әкелер кез-келген әрекеттің сепаратистік бағытта екендігін мәлімдеген болатын. Қытай дипломаттары осылайша ұйғырлардың тәуелсіздігін мақсат еткен екі ұйымды халықаралық дәрежеде террорлық ұйым ретінде қабылдата білді. Бұған Қытай АҚШ-тың Әл Каеданы, Ресейдің шешен содырларын, Түркияның күрд әрекеттерін террорлық сипатта екендігін мойындауының қарымтасы ретінде қол жеткізген болатын.

Қытай ШЫҰ арқылы Ауғанстаннан келетін есірткі және қару-жарақ саудасын тоқтатудың шараларын жасауда. Осылайша Орталық Азияда әскери жағтыулар және антитеррор операцияларын ұйымдастырған Қытай Ресеймен күш біріктіру арқылы АҚШ-тың Орталық Азияда күшеюін болдырмау үшін шаралар атқаруда. ШЫҰ-на Үндістан, Пәкістан, Иран, Түркия секілді елдердің қызығушылық танытып мүше болуға ұмтылуы ұйымның саяси салмағын арттырып отыр. Бұл

ұйымның АҚШ және батыстық елдердің Азиядағы ықпалын азайтатындығы туралы гипотезалар да жоқ емес. Бұл мәселеде Қытаймен мүддесі тоғысқан Ресей Орталық Азияда өз үстемдігін орнату үшін ТМД, ЕурАзЕК, ҰҚШҰ секілді ұйымдар арқылы Орталық Азиямен байланысын «Қытайсыз» жолға қоюда. Мысалы 2010 ортасынан бастап Қазақстан және Белоруссиямен біртұтас Кеден одағын құрған Ресей Қытай тауарлары үшін Қазақстан нарығында қиындық туғызуға тырысып бағуда. Қытай ЕурЭК-қа мүше болуға мүдделілік танытып Ресейдің бұл саясатына қарсы шыққан болатын. Осылайша КСРО-ның ыдырауымен Орталық Азияда басталған геосаяси текетіреті әлемдік саясаттанушылар «Жаңа Үлкен Ойын» [11] (The New Great Game) деп атаған болатын.

1 млрд. 300 млн. халқы бар Қытайдың көрші мемлекеттерге миграциялық көші Қазақстанды да алаңдатуда. «Деректер бойынша 200 миллион халқы бар мұсылман Индонезиясында қытайлықтар (халықтың 3,5%-ы) елдегі листинг компанияларының шамамен 73% капиталына, 300 аса ірі кәсіпорындардың 68%-на, 10 аса ірі қаржы-кәсіптік топтардың 9-на иелік етеді» [12]. Бұған ұқсас мысалдарды аймақтың басқа елдерінен де келтіруге болады. Қытайлықтардың экономикасы дамыған Азия-Тынық мұхит аймағына уақыт өткен сайын күшейе түсуі Қазақстан және Орталық Азия елдерін экономикалық-саяси қауіпсіздік тұрғысынан алаңдатпай қоймайды. «Шекара қызметінің белгілі ресми деректеріне сәйкес тек 1993–1995 жылдары 130–150 мың Қытай азаматы Қазақстанға келген. Бірақтар зерттеулерде ресейлік авторлар мұның 300 мың екендігін айтады» [13]. Өткен жылы ресми мәліметтер бойынша 5593 қытайлық Қазақстанға келген. Алматы облысында қытайлықтардың жиі ұшырасуы да ойландырады. Әлемдік деңгейде өзекті болып табылатын «Чайна-таундардың» (Chinatown) мәселесі Қазақстан үшін де маңызды. Қытайдың Қазақстаннан аграрлық мақсатта 1 млн. га жер сұрағаны да көпшілікті дүр сілкінтті. Елбасымыздың көп векторлы саясатын осындай қауіптерді алдын алудың шарасы деп қабылдағанымыз жөн. АҚШ Президенті Дж. Буштің Н. Назарбаевқа «Сіздер өздеріңіздің кең далалық игере бастайтын қытайлардан қорықпайсыздар ма?» деген сауалына Елбасымыз «Міне сол үшін де мен сіздерде қонақта отырған жоқпын ба?» [14] деп өзіл аралас жауап берген болатын.

Қытай және өзге де алып мемлекеттердің Орталық Азия аумағына экономикалық және саяси ықпалын азайту біз үшін өте маңызды. Ол үшін Орталық Азия республикаларының өзара интеграциялануы қажет. Еуропалық Одақ, АСЕАН, Скандинавия елдерінің интеграциялану тарихы Орталық Азия мемлекеттері үшін үлгі болуы тиіс. Бұл одақтардың барлығы сыртқы күштердің экономикалық және саяси ықпалынан құтылу үшін құрылып оң нәтиже берген болатын.

Аталмыш процесті жүзеге асыру жолында Орталық Азия мемлекеттеріне оң әсер ететін факторлар сыртқы елдердің экспансиясынан құтылуға деген қажеттілік, халықтардың тарихи туыстығы, мемлекет шекараларының жақындығы болып табылады. Теріс әсер ететін факторларға келсек сыртқы күштердің кедергісі және аймақ елдерінің өзара ымыраға келе алмауы. Ресми экономикалық көрсеткіштер бойынша өз тауарын өзі тұтынатын сыртқа тәуелсіз мемлекет үшін кем дегенде халық саны 70 млн. шамасында болу тиіс. Орталық Азияның бес мемлекетінде осыған жуықтайтын халық саны бар. Орталық Азияның кіндігіндегі Өзбекстанның интеграциялық ұсыныстарға қырын қарауы мәселені қиындатады. Қазақстан мен Өзбекстан арасында

бәсекелестік және екі ел басшыларының арасындағы келісе алмаушылық екі арадағы дипломатиялық қатынасқа салқынын тигізуде. Бірақ Ислам Каримовтен кейінгі кезеңде интеграция процесінің жүзеге асырылуына үміт бар. Орталық Азиядағы экономикалық-саяси әлеуеті жоғары Қазақстан мен Өзбекстанның ықпалдасуы аймақтағы жағдайды реттеудің негізі бола алады. Өйткені аталмыш екі мемлекет интеграцияны бастаса Қырғызстан, Тәжікстан және Түркменстан секілді өзге елдердің қолдау көрсетері сөзсіз.


«XXI ғасырда Орталық Азия өзін әлемдік сахнада тек тарих қалауымен көрші болуға тура келген мемлекеттер жиынтығы ретінде ғана емес, ортақ геэкономикалық және геосаяси мүдделері бар біртұтас ағза ретінде әрекет етуі қажет» [15]. Орталық Азияда интеграция процесінің бастауды сатылап жүргізуге болады. Мәселен ең бірінші аймақ елдерінің экономикалық ынтымақтастығын арттыратын шаралар атқару. Инфрақұрылымды дамыту, мақта, азық-түлік саудасы, өнімдерді тасымалдауда өзара жеңілдіктер жасау. Сондықтан, мамандар белгілі бір салаларда, әрине болашағы бар салаларда, бәсекелесе алатын салаларда мемлекетаралық кластерді дамыту саясатының іске асуы сөзсіз пайдалы болар еді дейді [16]. Бұл XX ғасырдың басында зиялылардың ұсынып кеткен бастамалары болатын. Бұлар күні бүгінге дейін шейін маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Басы ашық бір жайт Қытай, Ресей, АҚШ секілді алып мемлекеттер Орталық Азия елдерінің интеграцияланғанын қаламайды. Өйткені бұл аталмыш мемлекеттердің саяси мүдделеріне қайшы келеді. Орталық Азия аймағының тарихи біртектілігін алға тартып интеграция процесін ұсынған идеяларды аталмыш мемлекеттер «пантүрікшіл», «панисламшыл» бағытта сипаттаған болатын.

Орталық Азияда жағдайдың тұрақты болуы Қытай үшін өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды. Посткеңестік аймақта «түрлі-түсті төңкерістердің» орын алуы Ресей секілді Қытай үшін де тиімсіз болды. Орталық Азияда соның ішінде Қырғызстандағы американдық әскери база Қытайдың шекарасына жақын болғандықтан қытайлықтардың мазасыздануы орынды. АҚШ та аймақтағы өз ықпалын арттыру үшін аянып қалмайды. АҚШ Түркияның Орталық Азиямен тығыз байланысына мүдделі. Өйткені бұл ел «түрікшілік» идеялары арқылы аймақтағы Қытай мен Ресейдің ықпалын азайтады. Бірақ АҚШ-тың негізгі идеясы «Үлкен Орталық Азия Жобасын» жүзеге асыру болып табылады.

Қазақстан және өзге Орталық Азия елдерімен қатынасын күшейткен Қытай болашақта да бұған мән бере бермек. Бірақ бұл қатынастардың көбіне Қытайдың мүддесіне болғаны жасырын емес. 1992 жылдан қазіргі күнге дейін Қазақстан-Қытай қатынастарында Қазақстанның 98 пайыз шикізат экспорттаушы, Қытайдың 98 пайыз дайын өнім экспорттаушы ел болғаны белгілі. Бұл жақын келешекте де жалғаса бермек. Сол үшін Қазақстан және Орталық Азия елдері үшін өндіріс орындарын ашу және индустрияны дамыту маңызды. Өйткені бұл нарықтың Қытай тауарларына түпкілікті тәуелді болу қаупінен туындайды. Біртұтас Кеден Одағы да Қытай тауарлары бағасының көтерілуіне әсер еткенімен Қазақстан нарығында әлсіреуіне әсер ете алмауда. Сонымен қатар 1991 жылдан бүгінгі күнге дейінгі Орталық Азия-Қытай және Орталық Азия-Ресей арасындағы қатынастарда аймақтағы үстемдіктің Қытай жағына қарай ауып бара жатқандығын анық байқауға болады.

2009 жылы Орталық Азия елдерінің шет елдермен сауда айналымы бойынша келтірілген мәліметтерден Қытайдың Орталық Азияға экономикалық енуінің Ресейдің көрсеткіштеріне таяғанын байқай аламыз. Известия газеті 26.05.2010 [17].



Қытайдың Қазақстан және өзге Орталық Азия мемлекеттерімен 30-40 жылға жасаған кейбір келісім-шарттарына қарап Қытай геосаясатының Орталық Азияда көп жұмыстарды жоспарлап отырғанын көруге болады. Кейбір саясаткерлер Қытайдың болашақта екіге немесе үшке бөліну ықтималдығын алға тартуда. Өйткені олар кедей және этникалық ерекшеліктері бар Шыңжаң халқына сыртқы күштердің әсер етуі, сондай-ақ 1 млрд. 300 млн. халықтың тек 150 млн.-ның бай болып қалғандарының ауыр жағдайда екендігіне назар аударуда. Халықтың бай бөлігі Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс аймақтарда қалғандары Солтүстік және Орталық аймақтарда өмір сүруде. Бұл дәйектерден-ақ байқағанымыздай Қытайдың өрлеуі көбіне мемлекеттің дамуымен байланысты. Мемлекеттің даму көрсеткіші әлемде екінші орында болғанымен елдегі жан басына шаққандағы табыс айтарлықтай төмен.

Қытайдың бөліну ықтималдығы жақын арада жүзеге асатын жәйт емес. Сонымен қатар Қытайдың саяси-экономикалық әлеуетінің жыл сайын артып келе жатқаны белгілі. Қытайдың экономикалық өрлеуінің алдындағы маңызды мәселенің бірі жыл санап артып келе жатқан индустриясы өнімдерін өткізетін нарықты кеңейту болып табылады. Тіпті соңғы әлемдік экономикалық дағдарыс та Қытай экономикасының дамуына кері әсер ете алмады. Бұл Қытай экономикасының капиталистік ерекшеліктері бар коммунистік дамуға негізделгендігіне байланысты. Әлемдік сарапшылардың көбісі Қытайдың 2050 жылдарға қарай АҚШ-ты көптеген салалар бойынша басып озып әлемдегі бірінші мемлекетке айналатынын болжауда. Бұл Қытайдың болашаққа жоспарланған стратегиялық даму бағдарламаларының мерзімінен бұрын орындалып еш кедергісіз жүзеге асып жатқандығымен байланысты. Осыған сәйкес Қытайдың Орталық Азияға әсері болашақта да еш кемімек емес. Бірақ Қытай Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіздігіне тікелей қауіп төндіре алмайды. Өйткені территориялық тұтастыққа

байланысты барлық құжаттар рәсімделген. Бұл құжаттардан сақталуына өзге ірі мемлекеттер де мүдделі. Қытай ықпалының қауіп экономикалық және демографиялық сипатта жалғаса бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Armaoğlu Fahir «20. Yüzyıl Siyasi Tarih», – Ankara, Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları, 1983. – 35–36 бб.
2. Куттыкадам Сейдахмет «Служение нации», – Алматы., ИНЭС-ЦА., – 2009. – 135 с.
3. Kathleen J. Hancock //Escaping Russia, Looking to China: Turkmenistan Pins Hopes on China's Third for Natural Gas., China and Eurasia Forum Quarterly, Volume4, N3, – 2006. – 78-79 pp.
4. Джусупов Бахыт «Политика Китая в Центральной Азии» //http://www.easttime.ru
5. Қаражанова Жанар «Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарындағы Қытайдың «Батыс аймақтарды игеру» стратегиясының алатын орны» // Қоғам және Дәуір, №2(26) 2010. – 45 б.
6. Henry Plater-Zybek «Turkmenistan – Slowly in the Right Direction» // Advanced Research and Assessment Group (Central Asian Series 07/30), September, 2007. – 6 p.
7. Тургунбоев Ш. «Перспективы присутствия Китая в Центральной Азии» // Центр Азия, http://www.centrasia.ru
8. Ruslan Maksutov «The Shanghai Cooperation Organization: A Central Asian Perspective» // Sipri. – 2006. – 11 p.
9. «Политика КНР на современном этапе: реалии и перспективы» / Под ред. Ашимбаева М.С. – Алматы, КИСИ при Президенте РК, – 2005. – 119 с.
10. Изимов Руслан «Торгово-экономические аспекты сотрудничества Казахстана и СУАР КНР» // Analytic, 2010/2. – С. 61.
11. XIX ғасырдың ортасында Азияда Англия мен Ресей империясы арасында болған геосаяси талас 1907 жылы Антанта одағының құрылуымен біткен болатын. Сол жылы екі империя Иранды үшке бөліп Солтүстігін Ресей, Оңтүстігін Англия, Орталығын тарапсыз аймақ қылған болатын. Бұл бөліс кезінде Ауғанстан да екі ел арасындағы тарапсыз аймақ ретінде шешіліп ағылшын ескерлерінің қарауына қалдырылған еді. Ал Қытай жері тәуелсіз болып қалады. Бұл саяси тектірес тарихта «The Great Game» немесе «Үлкен Ойын» деген аталады. Ал КСРО-ның ыдырауымен Орта Азияда басталған геосаяси өзгерістерді саясаттанушылар «The New Great Game» немесе «Жаңа Үлкен Ойын» атайды. Бұл үлкен мемлекеттердің жаңа аймақта үстем болуға тырысқан саяси әрекетіне берілген сипаттама. Бұл жерде Ресей, АҚШ және Қытайдың белсенділігі күшейіп Британияның шеттегі байқалады.
12. Сыроеждин К.Л. «Проблемы современного Китая и безопасности в Центральной Азии», – Алматы, КИСИ, – 2006. – С. 159.
13. Сонда., 174 б.
14. Тоқаев Қасым-Жомарт «Назарбаев дипломатиясы» // Оңтүстік Қазақстан, 8 шілде 2010, №100 (18908).
15. Дуанова Д.Т. «Геосаяси өзгерістер жағдайындағы Орталық Азиядағы интеграциялық өзгерістер» // Безопасность и сотрудничество в Центральной Азии в XXI веке: цели, приоритеты и вызовы. Сборник материалов международного семинара 26 февраля 2010 г. – Астана: 2010. – С. 48.
16. Жангазы Руслана «Қазақстан тандауы: Орталық Азиядағы интеграция ма, әлде еуразиялық диверсикация ма?» // Қоғам және Дәуір, 4/2005, 12 б.
17. Антонов И., Воропаев В. «Что ищет и находит Китай в Средней Азии» // Известия 26.05.2010 //http://www.izvestia.ru.

Бұқаралық коммуникацияның саяси субъекті ретіндегі мәні: қазақстандық тәжірибе

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

Биліктің бұқаралық идеология, қоғамдық сана, құндылықтар, мемлекеттік нышандар, доктриналар, ресми нормалар, заң актілерінің, сондай-ақ оппозициялық ойлар мен түрлі акторлардың пікірлерінің қалыптасуы мен қызмет етуі ерекше саяси процестерді құрайды. Оның мәні де хабарламаларды беру мен алмасу есебінен саяси субъектілер өзінің қызметі жайлы түрлі контрагенттерге белгі бере отырып, түрлі саяси рөлдерді атқаруға мүмкіндік беретін қажетті қарым-қатынас пен байланыстар орнатады. Түрлі мәліметтер, деректер мен хабарламалар алмасуда және оларды қолдануда адамдар арасындағы мақсатты қарым-қатынас түрлі деңгейдегі саяси жүйелерді біріктіре отырып, билік институттарының мемлекет пен қоғамды басқару қызметін атқаруға мүмкіндік береді. Саясатта бүкіл хабарламалар мен үндеулер барлық адамдар үшін бағалы санала бермейді. Атап айтқанда, түрлі ақпараттар ағынынан тандап алынған мәліметтер олардың мемлекеттік билік саласында қажетті шешім шығаруына не белгілі қызметті атқаруына, сондай-ақ соған сәйкес әрекетке ықпал ететін мәліметті саяси ақпарат дейді. Ақпарат осы мағынасында кез келген саяси субъектінің әрекетінің алғышарты ретінде маңызды саналса, саясат саласында қандай да бір мақсатқа жетуде тиімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін маңызды ресурс ретінде танылады. Қажетті ақпараттың болуы не болмауы нәтижесінде субъектінің билікке ие болуы не одан айрылуы, сонымен қатар саясат саласында өз мүддесі мен ықпалын арттыруы, жүзеге асыруы мүмкін. Осылайша қажетті ақпараты алу саясатта әрекет етуші және билікке мүдделі кез келген субъектінің басты мақсатына айналады.

Кез келген мемлекетте хабарламаларды тарату қандай да болмасын техникалық құралдарды пайдалану қажеттігін күн тәртібіне қояды. Сондықтан ақпараттық үдерістер қажетті құрылымдық бөлшектерден тұрады. Оған ақпарат таратылатын (жеткізілетін) техникалық арналар, тек ақпарат таратып не алып қоймастан, сондай-ақ оны жинақтауға, бақылауға, сақтауға және қорғауға мүмкіндік беретін құрылымдар жатады.

Жекелеген тұлғаның ақпаратты әр түрлі қабылдауы, оның мазмұнын белгілі ережелерге, үйреншікті дағдыға, өзіндік қабілетіне қатысты түрліше түсінуі ақпарат алмасу үдерісінде субъектінің хабарламаны саналы түрде қабылдауына әкеледі және бұл ерекше мәнді саналады. Ақпаратты субъектіленген түрде қабылдау, талқылау және игеру аспектісі коммуникация немесе саяси ақпаратты

жіберуші (коммуникатор) және алушы (реципиент) арасындағы мағыналы байланыс орнату процесі деуге болады. Саяси ақпараттың таралуы мен қабылдануын бұлай нақтылауымызға себеп, кез келген ақпарат саяси субъектілер арасында тиісті коммуникация туындата алмайтындығында. Ақпараттық байланыстардың коммуникативтік аспектілері хабарламалардың алмасуы – бұл реципиенттердің саяси қарым-қатынасқа қатысушы ретіндегі ерекшелігін тәркілей алмайтындығын білдіретін техникалық процесс екендігі байқатады. Іс жүзінде көптеген шешімдер, тіпті мемлекеттік биліктегі шешімдерді алынған ақпаратқа сәйкес шығарудан гөрі саяси жетекшінің ықпалына ыңғайлас шығарылып жатады. Сондықтан алынған ақпарат саяси әрекеттердің факторы емес, тек сол әрекеттердің алғышарты ретінде саналады.

Сонымен, бұқаралық билік саласындағы түрлі мәліметтерді адамдардың қолдануы мен алмасуы тұрғысынан алғанда барлық билік институттары мен механизмдері ақпараттық ағындарды өңдеуші құрал және ақпараттық нарықтағы өзіндік құрылым ретінде танылады деуге болады. Олардың қызметінің тиімділігі ақпараттарды реттеу қабілеті мен басқа субъектілермен мақсатты байланыс орнатуға қатысты болмақ. Ал өз кезінде саяси субъектілер түрлі ақпаратты та-сымалдаушы ретінде танылып, өзінің қалпын өзгерте алады.

Сонымен, саясатты ақпараттық-коммуникативтік тұрғыдан қарастырғанда, саяси субъектілердің түрлі рөлдер мен қызметтерді жүзеге асыруына мүмкіндік беретін ақпараттарды жинауға, алуға және өңдеуге арналған құрылым әрі институт ретінде әлеуметтік тұтастық деп тануға болады. Саясатты ақпараттық алмасудың техникалық компоненттері тұрғысынан алғанда, ақпараттарды мақсатты түрде беруге, алмасуға және қорғауға бағытталған социо-технологиялық құрылым ретінде қарастыруға болады.

Ақпараттық байланыс ұйымдары үшін техникалық арналардың болуы мемлекеттің биліктің маңызды институты ретіндегі ресми ақпарат таратуда бір-неше арналарды игеру қажеттігін білдіреді. Атап айтқанда, азаматтармен үздіксіз коммуникация орнатуға мүмкіндік туғызатын ауызша (басшылар мен лидерлердің брифингтері, сұхбаттары және т.б.) немесе жазбаша (үкімет бюллетендері мен ақпараттық жаршылары, мерзімді басылымдардағы жарияланымдары), сондай-ақ визуалдық және электрондық ақпараттар (мемлекеттік және жергілікті телеарналар, радиохабарлар мен байланыс жүйелері мен желілеріндегі сюжеттер мен материалдар). Мемлекеттің тұрғындармен тікелей тиімді байланыс орнатып, маңызды хабарлама таратуда аса маңызы саналатын арналарды (орталық, жергілікті, аймақтық баспасөз, радио және телеарналар т.б.) таңдау мүмкіндігі болуы тиіс. Мұндайда ақпарат арналары кәдімгі режимде де, қалыптан тыс та жұмыс істеуі әрі арнайы байланыс құралдары барынша бейімделуі тиіс. Мемлекеттің техникалық мүмкіндіктері тұрғындарға қолжетімді хабарлама қабылдау құралдарына сәйкестенуі тиіс. Егер бұл талаптар орындалмаған жағдайда, техникалық-ақпараттық стандарттар тұрғындардың белгілі бөлігінің мемлекетпен диалог орнатуына көмегін тигізе алмайды. Мемлекет сондай-ақ, бәсекелестері мен қарсыластарынан аса құпия хабарламаларды қорғау мақсатында ақпараттық желілерін қорғау әдістері мен құралдарын әрдайым жетілдіріп отыруы тиіс.

Ал ақпараттық-коммуникативтік процестің келесі ықпал ету деңгейін қарастырған зерттеуші мынадай тұжырымға келеді. Саяси ақпараттық процестегі инфлуенталдық деңгей мемлекеттің ақпараттық коммуникациялық қызметінде

ақпараттың адам санасына әсерін айқындайды. Нақ осы аталған ақпараттық-коммуникативтік байланыстар мен қарым-қатынас деңгейінің компоненттері мемлекет пен партиялардың азаматтарға ұсынатын мақсаты, құндылықтары мен идеяларының рухани әсер етуіне қатысты жағдайлармен сипатталады. Осы құрылымдық деңгейде ақпараттық кеңістіктегі идеялар мен ұсыныстардың деректік көздері, алғышарттары мен факторларының тиімділігі анықталады. Саяси субъектілер осы бағыттағы қызметінің тиімділігін арттыруда ақпараттың берілудегі шарттылығын, қандай да бір хабарламаны қабылдаушы аудиторияның ерекшелігін ескеруі тиіс. Ұсынылатын ұрандар мен үндеулер әлеуметтік ортаның жағдайына сәйкес келуі және басым саналатын стереотиптер мен дағдыларды білдіретін дәстүрлер мен салттардың топтық не бұқаралық санасына әсер етуіне бағытталуы тиіс.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдайтын Жолдаулары, Үндеулері мен ресми хабарламаларын, сондай-ақ ҚР Парламенті мен Үкіметінің баспасөз-қызметтерінің бұқараға арнап дайындайтын БАҚ-қа ұсынатын ресми мәлімдемелерін атауға болады.

Сонымен, саясатта ең алдымен, бұқаралық ақпараттық-коммуникативтік процестер манызды саналады. Ақпараттық қарым-қатынастарды ұйымдастыруда алдымен қоғамдық пікірмен байланыс орнататын арнайы дайындалған саяси агенттер әрекет етеді. Бұл қызметтің қатарында мемлекеттің арнайы ресми институттары (олардың көсемдері мен жетекшілері, сондай-ақ қоғаммен байланыс жөніндегі ақпараттық бөлімдер) жатады.

Мұндай құрылымдарға Қазақстандағы 1993 жылы 13 маусымда ҚР Президентінің ресми жарлығымен құрылған Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты мен Жаңа саясат халықаралық институтын, ҚР Парламенті, ҚР Үкіметі және министрліктер мен әкімдіктердегі бұқарамен байланыс бөлімдерін атауға болады.

ҚСЗИ негізгі мақсаты ҚР Президентінің қызметін ғылыми талдаулармен қамтамасыз ету. Институт қазіргі күнде еліміздің ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық проблемаларын зерттейтін бірден бір ғылыми орталық болып отыр. Институт мамандары мемлекеттік саяси ақпараттарды дер кезінде бұқара жеткізу мен оларға сараптамалық түсініктемелер беру, сондай-ақ экономика, қауіпсіздік, қоғам, тарих, мәдениет салаларындағы сараптамалық көзқарастар мен пікірлер әзірлеу және бұқаралық ақпарат құралдарына тарату. Институтта саясаттанушы, тарихшы, экономист, социолог сияқты кәсіби мамандардан құралған ғалымдар тобы жұмыс істей отырып, мемлекеттің саяси бағыттары мен ұстанымдарын талдау мен бұқараға жеткізудегі ақпараттық-коммуникативтік алаңға айналып отыр. Ал 2003 жылы қазан айында негізі қаланған, Жаңа саясат халықаралық институты бүгінде еруазиялық кеңістіктегі қоғамдық модернизация процестерін сараптауда, мүдделі топтар арасындағы ақпараттық алмасуға ықпал етуде, қоғамдық басқарудың стратегиялық және тактикалық мәселелерді шешу әдісі бойынша практикалық кепілдемелер ұсынуға, сондай-ақ, ең бастысы, билік пен қоғам арасындағы сенімді байланыстардың орнауына ықпал етіп отыр.

Қоғамның саяси өміріндегі ақпараттық қарым-қатынастарды ұйымдастыратын құрылымдардың қатарында мемлекеттік (ұлттық), тәуелсіз және оппозициялық бұқаралық ақпарат құралдары жатады.

Қазақстандық БАҚ нарығында бүгінде ҚР Ақпарат және мәдениет министрлігінің мәліметі көрсеткендей, 2006 жылдың 7 сәуіріндегі жағдай бойын-

ша 7092 бұқаралық ақпарат құралдары, соның 212 электрондық БАҚ тіркелген. Ал шет мемлекеттердің 2392 БАҚ еліміздің ақпарат кеңістігіне таратылады. «InfoЦентр» Интернет желісінде адресік кеңістікті бөлу жөніндегі ақпараттық қордың ресми мәліметі бойынша KZ доменінде 2008 жылдың желтоқсан айының соңында 32 000 домен аты тіркелді.

Қазіргі уақытта елімізде «Қазақстан», «Хабар», «Ел арна», «Евразия – Бірінші арнасы», «КТК», «НТК», «31 арна», «Астана», «Алматы» сияқты телеарналар мен тұңғыш, «CaspioNet» ұлттық спутниктік арнасы Еуропа, Орталық Азия, Орта Шығыс елдерінің аумағында және Африканың солтүстік бөлігінде таралып отырған аудиториясы ауқымды электрондық БАҚ қатарында.

«Қазақстан» ұлттық арнасы мен «Хабар» арнасы мемлекеттік саяси ақпараттарды тарату мен қоғам өміріндегі саяси оқиғаларға комментарий беруде басты ақпарат құралдары саналады. Республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге мемлекеттік тапсырысты орындауда «Қазақстан» республикалық телеарнасының эфирінде жексенбіден басқа күндері бір сағат көлемде аймақтық филиалдар жүзеге асырады.

Билік саясатын бұқараға жеткізу мен таратуда радиостанциялардың қатарында «Қазақстан» Республикалық телерадио компаниясының қарамағындағы «Қазақ радиосының», «Хабар» агенттігі құрамындағы «Хит-ФМ – Хабар» радиосы алатын орны ерекше. Масс-медиа нарығында «31» медихолдингіне қарасты «31 радио», астаналық «Эра» радиосы, сондай-ақ «Авторадио», «Европа плюс Қазақстан», «Русское Радио Азия», «Радио НС» сияқты ресейлік радиостанциялардың қазақстандық бөлімшелері бар.

Отандық масс-медиа нарығында соңғы жылдары БАҚ қорларын шоғырландыру мен үйлестіру процесі қарқынды дамып отыр. Еліміздегі мемлекеттік «Қазтелерадио» АҚ, «Егемен Қазақстан» АҚ, «Қазақстанская правда» АҚ, «Қазақстан» РТРК сияқты құрылымдар енді ҚР Үкіметінің 2008 жылы 3 шілде №668 қаулысымен «Арна Медиа» Ұлттық ақпараттық холдинг» АҚ еншілес ұйымдары қатарына енді. «Арна Медиа» АҚ құрылуының басты мақсаты да Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігінің бәсекеге қабілеттігін арттыру мақсатында мемлекеттік медиа-ресурстарды тиімді басқару. «Қазақстан телекоммуникация» АҚ, «Қазтелерадио» АҚ, «Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ, «Хабар» агенттігі» АҚ, «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті» АҚ, «Қазақстанская правда» Республикалық газеті» АҚ, «Қазақ ақпарат агенттігі» Ұлттық компаниясы» АҚ, «Жас өркен» ЖШС, «Қазақ газеттері» ЖШС «Арнамедиа» холдингінің еншілес және тәуелді ақпараттық қорларына енеді.

Медиа-нарықтағы келесі ірі өзгеріс – «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының бастамасымен 2008 жылы 24 қарашада құрылған «НұрМедиа» медиахолдингі. «НұрМедиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне «Страна и мир», «Дала мен қала» қазақстандық қоғамдық-саяси апталық басылымдары, күнделікті жарық көретін «Айқын», «Литер» республикалық қоғамдық-саяси газеттері, «НұрАстана» апталық қалалық басылым, «Известия-Казахстан» жалпыұлттық халықаралық күнделікті басылым, «Қазақстан теміржолшысы» корпоративтік газеті, «Астана» арнасы, республикалық «NS» радиосы, FM диапазонындағы «Деловая волна» радиосы сияқты электрондық және мерзімді басылымдар кіреді. Аталған БАҚ-ресурстары қазақстандық бұқаралық ақпарат нарығында оқырманы мен көрермені, тұрақты аудиториясы қалыптасқан аса та-

нымал. Қазақстан қоғамындағы саяси, экономикалық және мәдени жанаалықтарды шынайы да объективті жариялау, ел дамуына бағытталған әлеуметтік жобаларға қатысу – «НұрМедиа» холдингінің приоритетті міндетіне жатады.

Ақпараттық кеңістіктің маңызды қатысушыларының бір саласы – ақпараттық агенттіктер. «Қазақ ақпарат агенттігі (Қазақпарат) Ұлттық компаниясы» АҚ жеңіл агенттік саналады. ҚР Президентінің Әкімшілігі, Үкімет, Мәжіліс, биліктің өңірлік органдары, ұлттық қаржы және өнеркәсіптік құрылымдар секілді мемлекеттік құрылымдардың қызметі туралы толық және нақты ақпараттар лентасын күнделікті сағат сайын жариялап отыру «Қазақпарат» Ұлттық компаниясының басты мақсаты. On-line тәртібіндегі қазақстандық және әлемдік жанаалықтардың қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі жедел, объективтік және эксклюзивтік таспасы ақпараттық кеңістіктегі ең сенімді де басты дереккөзі екендігі даусыз. Сонымен қатар, еліміздегі «Астана дауысы», «Интерфакс-Қазақстан», «Қазақстан Сегодня», «Казакское телеграфное агентство КазТАГ», «Новости-Қазақстан» сияқты агенттіктері де ақпарат нарығына бәсекелес орта қалыптастыруда.

Бұқарамен байланыс орнатуда белсенді саналатын топтар қатарында корпоративтік саяси ұйымдар мен топтардың (партия органдары, қоғамдық ұйымдар, кәсіби саяси клубтар т.б.) болуы ақпараттық-коммуникативтік құрылымдардың келесі санатын айқындап береді.

Қазақстандық электронды үкімет мәліметтеріне сүйенсек, саяси партиялар қатарында «Нұр Отан» Халықтық демократиялық партиясы, «Азат» Қазақстан демократиялық партиясы, «Руханият» партиясы, Қазақстан халықтық коммунистік партиясы, Жалпыхалықтық социал-демократиялық партия, «Ауыл» Қазақстандық социал-демократиялық партиясы, «Әділет» демократиялық партиясы, Қазақстан патриоттар партиясы, «Ақ жол» демократиялық партиясы, Қазақстан коммунистік партиясы аталады. Еліміздегі саяси қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар қатарында «Желтоқсан», «Азат», «Шаңырақ», «Қазақстан 2012», Қазақстанның социалистік қарсыластық азаматтық қозғалыстары, Қазақстанның жас кәсібилер қоғамы, т.б. бар. Жалпы алғанда, ҚР Әділет министрлігінің мәліметінше, Қазақстанда 87 қозғалыс ресми тіркелген. Сонымен қатар, Этносаяси және гуманитарлық зерттеулер қоғамдық қоры сияқты тәуелсіз сараптаулар жүргізіп, ғылыми жиындар өткізетін ғылыми-ақпараттық орталықтар мен ғылыми-зерттеу институттарын, «Полигон», «Темірқазық», «Рух пен тіл» жастар клубы т.б. саяси пікірсайыс клубтарын атауға болады. ҚР Міне, осы аталған партиялар, қозғалыстар, қоғамдық ұйымдар мен клубтар еліміздегі билік пен саяси институттар, билік пен бұқараның арасындағы саяси пікірсайыс алаңын тудырып отырған ықпалды аралық топтар саналады.

Аталған агенттіктердің өзара әрекеті, аудиториясымен қарым-қатынасы ақпараттық кеңістіктің қалыптасуына ықпал етпек. Аталмыш кеңістікте осы агенттіктердің әрқайсысы билік саласындағы мүдделерін көздей отырып, өзіндік саяси стратегиясын жүзеге асырады. Осынау саяси агенттер пайдаланатын ақпараттандыру әдістері мен тәсілдердің әртүрлілігі және де контрагенттермен коммуникация орнату ақпараттық кеңістіктегі екі типті басты әрекетті айқындауға мүмкіндік береді: үгіт пен насихаттан тұратын науқандық; PR, яғни қоғаммен байланыс, сондай-ақ саяси жарнама әдістерін ұсынатын маркетингтік әрекеттер.

Ақпараттық әрекет етудің осы әдістері ақпараттық кеңістіктегі субъектілердің тіпті де қарама-қайшы тәсілдерін байқатады. Мәселен, үгіт пен насихат адамдарды

бақылау мен олардың саяси әрекеттерін қатаң әлеуметтік бағыттаудың ақпараттық әдісі ретінде танылады. Бельгиялық ғалым Г. Товероннің пайымдауынша, насихат адамдарға тандау мүмкіндігін бермейді, олардың ойлау, сенім, мінез-құлықтарын өзгертуіне ықпал етеді. Й. Геббельстің ойынша, насихаттық ықпал ету адамдарды сендіру емес, өздеріне жақтастар тарту мен оларды бағындыруды қамтасыз етудің «әлеуметтік құралы» саналады. Мұндай ақпараттық ықпал етудің схемасы: «коммуникатор айтты – реципиент орындады» дегенге саяды. Осындай қоғамдық ақпараттандыру әдістерінің тек біржақты пайдалануының классикалық үлгісі адамның тұлғалық қасиетін жою мен оның санасын мемлекеттен тысқарылатын тоталитарлық режимге әкеледі.

Бірде бір мемлекет, сондай-ақ билікке қатысты өз мақсаттарын әлеуметтік қолдауын арттыруға мүдделі бірде бір саяси субъект, шын мәнінде, қоғамдық пікірге ықпал етудің үгіт-насихаттық әдістерін пайдаланбауы мүмкін емес. Дегенмен ақпараттық нарықта ықпал етудің әдістерінің нақ осы формаларын қолдану қалай ақпараттық сапалық өзгерістерге әкелсе, солай коммуникативтік процестерді өзгертеді. Мәселен, азаматтардың санасы мен мінез-құлқын жүйелі түрде бақылау ақпараттық дезинформацияның орнын баса алатындай бұқаралық сананы тұрақты түрде билеп-төстеу мен жалған тәсілдерді пайдалануға, тұрғындарды алдауға әкеледі. Осындай сапалық өзгерістер биліктің бұқарамен байланысында да орын алады. Үгіт пен насихат адам санасына ықпал етудің еркін бәсекелестік шекарасынан аттап өтіп, оның идеялық жаулап алу әдістерін алмастыра отырып, алдын ала бағдарланған бағалау мен қарым-қатынас, нақты бір мақсат пен құндылықтарды санасыз түрде қабылдау үшін санасын басып тастайтын психологиялық қысымға ұшыратады.

Адам санасын жаулап алудың осынау тәсілдеріне қарағанда маркетингтік стратегия ақпаратқа деген сұраныс пен ұсынысқа қатысты қалыптасып, субъектіге қатысты ақпарат қажет уақытында қажетті орында оған қолжетімді болуына бағытталады. Осы ақпараттандырудың маркетингтік стратегиялары адам санасын бақылауға емес, оның сеніміне бағытталады, олар қандай да болмасын идея не мінез-құлық түрлерін директивтік бұйырғаннан гөрі өздерне еліктіруді жөн санайды.

Ақпараттық нарықтағы осындай желі адамның ақпаратқа сұранысын алдын ала анықтау мен оның ақпараттандыру арналарына сеніміне тікелей байланысты. Бұл соңында олардың саяси мінез-құлқын саналы түрде таңдауына бағытталуы тиіс. Аталған әдістер демократиялық дәстүрлері дамыған, жақсы дамыған елдерде пайдаланылуы заңды да. Мәселен, билікке енді келе бастаған оппозициялық күштердің тұрғындардың әлеуметтік мінез-құлқын моральдық ынталандыруы мен анағұрлым ашық саясат жүргізуі дәлел болады.

Мемлекет, бизнес және мемлекеттік емес ұйымдар арасындағы серіктестік қарым-қатынасының қалыптасу үлгісі

Бақытнұр ОТАРБАЕВА,
ҚБТУ-дың доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Жемісті нарықтық экономика мен демократиялық қоғамды қалыптастырудың ең маңызды негізі ретінде мемлекет, бизнес және мемлекеттік емес ұйымдар түріндегі азаматтық қоғам арасындағы әлеуметтік серіктестік болып табылады. Қазақстанның саяси және экономикалық жүйесіндегі өзгерістер мемлекет, бизнес және азаматтық қоғамның өзара механизмдерінің рөлін қайта қарастыруды талап етті. Қоғамдық маңызы зор жобаларды жүзеге асыруда серіктестік әрекеттестік кең өріс алып жатыр. Қазіргі таңда әлеуметтік серіктестіктің жана қырлары пайда бола бастады. Мемлекеттік құрылымдар, бизнес-сектор және «үшінші сектор», яғни мемлекеттік емес ұйымдар арасындағы өзара қатынаста әлеуметтік серіктестіктің маңызы орасан.

Қазақстанда әлеуметтік-еңбек қарым-қатынасын қадағалайтын нормативтік-құқықтық база құрылып, қызмет етуде. Соның арқасында әлеуметтік серіктестік жөніндегі тұжырымдамалық ережелерді дамытуға мүмкіншілік бар.

Ғылыми әдебиеттерде әлеуметтік серіктестіктің дамытуға басым аспектісі ретінде әлеуметтік аспект, ал әлеуметтік серіктестіктің маңызды қызметі ретінде экономикалық қарым-қатынастармен байланысты әлеуметтік-еңбек келісімі болып табылады. Екінші жағынан әлеуметтік серіктестік жүйесі өзінің қызметі және жұмыс істеу әдістері, алға қойған мақсаттарға жету түрлері бойынша саяси саламен, саяси қарым-қатынастармен, мемлекетпен байланысты. Сондықтан ол демократиялық қоғамның қоғамдық-саяси институты болып табылады.

Қазақстандық қоғамның даму сатысында экономика мен саясаттың өзара қатынасының айқын сипатын атап өтуге болады. Әлеуметтік-еңбек саласындағы үдерістер қоғамдағы саяси тұрақтылыққа әсер етіп, саяси шешімдерді қабылдауды талап етеді. Осыған орай, туындайтын саяси мәселелер әлеуметтік-экономикалық және еңбек қарым-қатынастарына әсер етеді. Әсіресе, әлеуметтік серіктестіктің қалыптасуының алғашқы сатысында.

Мемлекет пен бизнес

Қоғамдағы әлеуметтік топтардың мүдделерін жүзеге асыру үшін дамыған мемлекеттер әлеуметтік қорғау және азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға

бағытталған саяси шаралар өткізуде. Демек, әлеуметтік серіктестіктің қалыптасуы мемлекеттік әлеуметтік саясатынсыз мүмкін емес. Және де әлеуметтік саясатты әлеуметтік серіктестік механизмдерінсіз жүзеге асыру да мүмкін емес.

Әлеуметтік серіктестік жүйесіндегі мемлекеттің атқаратын қызметтері:

- біріншіден, мемлекет қоғамның саяси және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету керек;
- екіншіден, әлеуметтік саясаттың нәтижелілігін жүзеге асыру;
- үшіншіден, кесіпкерлікпен айналысуға жағдай жасау, тауар мен қызмет өнімдерінің тиімділігін дамыту үшін оларды ынталандыру қажет;
- төртіншіден, әлеуметтік серіктестіктің құқытық негіздерін және ұйымдастыру механизмдерін жетілдіруін дайындау. Әлеуметтік-еңбек талаптары (ең төменгі еңбек ақы, әлеуметтік жеңілдіктер және кепілдіктер) бойынша тараптардың келіссөздерін ынталандыру үшін өзара әрекеттестіктің ережелері мен механизмдерін белгілеу [1, б.161].

Билік – әлеуметтік және экономикалық дамудағы стратегиялық бағыттарды анықтайтын және экономиканың нәтижелігін арттыратын, мемлекеттік маңызы бар ұлттық көлемдегі жобаларды енгізетін тәріпке келтіретін және үйлестіруші мүше.

Ресейлік зерттеуші А. Бунин [2] экономикадағы мемлекеттің 8 қызметін көрсетеді:

Бірінші қызметі – дирижерлік. Мұнда автор бәрін оркестрмен салыстырады. Музыканттар аспапта ойнайды, ал дирижер олардың ойынын шапшаңдатып бір мезгілде үйлестіреді.

Екінші қызметі – мемлекет күрделі қаржының қозғаушы күші болып табылады.

Үшінші қызметі – мемлекет экономикалық үдерістің катализаторы болып табылады.

Мемлекеттің төртінші қызметі – әлеуметтік қызмет. Әлеуметтік жобаларды, ел экономикасындағы қаржыны әлеуметке деңгейі төмен топтарға бөліп үлестіруді мемлекеттен басқа ешбір орган жүзеге асыра алмайды. Әлеуметтік жауапкершілігі жоғары болса да, бизнестің мұндай шараны қамти алмайтыны анық.

Бесінші қызметі – антимонополиялық қызмет. Ол ықпалсыз бәсекелестік, басымдылық пен монополияны жағдайын асыра қолдануға қарсы және адал бәсекелестікке қажетті жағдайларды құруға бағытталған күш.

Алтыншы қызметі – жоспарлау және болжау. Мемлекеттен басқа ешбір орган бұл қызметті атқара алмайды. Жеке бизнес, тіпті ірі қаржылық топтың басымдылықтары басқа. Тек мемлекет тиісті қызметтерді қамтамасыз етіп, ғылыми зерттеулерге тапсырыс беріп, алғашқы 5-10 жылға стратегиялық шешімдер қабылдай алады.

Жетінші қызметі – мемлекеттің кірісті, табысты салаларда бәсекелестікке қабілетті болуына мүмкіншілік беретін ғылыми-техникалық ілгерілеуді ынталандыру.

Сегізінші қызметі – несиелік-қаржылық жүйенің тұрақтылығын қалыптастыру. Жеке бизнес қаншалықты дамығанымен, барлық қаржылық салымдарды қамтамасыз ете алмайды. Ұлттық валютаны қолдау да оның міндетіне кірмейді. Бұл шарамен тек мемлекет айналыса алады. Осыған орай, әлемдік тәжірибе бойынша, экономикалық және әлеуметтік реформалар тек экономикалық әлеует пен мемлекеттік биліктің нәтижелі жолына сүйене алады.

Қазіргі қаржыгерлердің пікірінше, бизнестің әлеуметтік серіктестік субъектісі ретінде инновациялық, осы заманға сай, дамытушы және әлеуметтік қызметтері бар [3, б. 26 – 28].

Осы мәселе төңірегінде әлеуметтік қызмет аса маңызды болып табылады. Ол мынандай шаралармен жүзеге асады:

- салықты толық, уақытылы төлеу және қызметкерлердің лайықты еңбек ақыларын алу жағдайларын қамтамасыз ету;
- білім беру жүйесін, кадрлар даярлау, денсаулық сақтау басқа да әлеуметтік қызметтерді қолдау;
- мемлекет пен азаматтық қоғам ұйымдарының әлеуметтік жобаларын қаржыландыру ынтасына қолдау көрсету.

Мемлекеттің экономикалық, саяси, әкімшілік және ақпараттық қорлары бар. Ал бизнестің – қаржылық, сарапшылық және инновациялық қоры бар. Осы қорлармен алмасу мемлекет пен бизнестің әлеуметтік серіктестік негізі болып табылады. Әлеуметтік серіктестік бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі арқылы жүзеге асады.

2009 жылы 17 шілдеде ҚР қабылдаған «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі – жеке кәсіпкерлердің қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларына өз еркімен қосқан үлесі болып табылады [4]. Бұл заң кәсіпкерге өз әрекетінде бизнестегі әлеуметтік жауапкершілікті әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларда жүзеге асыру арқылы қолдануға құқық береді.

Еліміздің экономикасына айтарлықтай әсер еткен әлемдік дағдарыс еңбекпен қамтамасыз ету нарығының жағдайын нашарлатты, халықтың табысына кері әсерін тигізді, қоғамдық дамудағы бизнестің ролін арттырды және мемлекеттің әлеуметтік мәселелерді ортақ шешу жөнінде үміт арттырды.

2008 жылы Қазақстан Республикасы мен республикалық кәсіпорындар ұйымдары және әлеуметтік серіктестік жөніндегі ресубликалық еңбекпен қамтамасыз ету ұйымдары арасында халықтың әл-ауқатын жақсарту мен қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған 2008-2010 жылдарға жоспарланған Үшжақты келісімге қол қойылды.

Билік пен бизнестің өзара жауапкершіліктерін арттыру аясында облыстарда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі туралы аумақтың ірі кәсіпорындармен меморандумдарға қол қойылды. Сол меморандумдардың басты мақсаты – қалалардың, поселкелердің инфрақұрылымын дамыту, әлеуметтік-мәдени шараларды өткізуге көмектесу, жетімдер үйлеріне, қарттар үйлеріне қайырымдылық шаралар өткізу, экологиялық жағдайды жақсарту және өндірісті жетілдіру.

Келісімге қол қойған екі жақтың өзара әрекеті арқасында облыстың әлеуметтік-экономика саласының қарқынды дамуы сақталған. Үшжақты келісімнің басты тарауы – бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі болып табылады. Жетекші компаниялардың тәжірибелігін алға тартады. Солар әлеуметтік жауапкершіліктің қағидаларының ішкі қызметтерін жүзеге асырып отырады. 2008 жылдан бастап бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі мен әлеуметтік-еңбек қарым-қатынасы арасындағы меморандумдар кен өріс алууда. Олар жұмыскерлердің мүдделері мен құқықтарын қорғап, әлеуметтік мәселелерді шешеді. Олардың еңбек ақыны адал табуға жағдай жасап, жұмыскерлер мен олардың отбасыларының әл-ауқаттарын жақсартуға бағытталған өзара міндеттемелері бар. Меморандумдар әлеуметтік қауырттылықты төмендетуге, жұмыскерлердің жаспай жұмыстан босатылуын алдын-алуға, жұмыс орындарын сақтап және жаңа орындарды ашуға бағытталған. Соның міндетіне Қазақстан азаматтарының табыстарын көбейту, кедейшілікті азайту әлеуметтік-экономикалық саясат келісімінің күші жүріп тұрғанда экономиканы дамытуға, оның бәсекелестігінің артуына бағытталған.

Бизнес пен мемлекеттің қызметтерін сараптағанда, бизнес пен мемлекет арасында серіктестік пен өзара тәуелділік болмаса, істеген шаралар нәтиже бермейтіні анық. Сонымен қатар, мемлекет пен бизнес өз қызметтерін бірлесіп жүзеге асырса, әлеуметтік серіктестік қалыптасып, нәтижесінде ел экономикасы дамып, әлеуметтік көкейтесті мәселелер өз шешімін табады.

Мемлекет және мемлекеттік емес ұйымдар

Қазақстандағы мемлекеттік емес сектор өткен ғасырдың 80 жылдардың соңында пайда болып, билік тарапынан түсініспеушілікке, елеуге тап болып, бірден түсінісе кетпеді. Мемлекет пен «үшінші сектор» арасындағы серіктестік үлгісінің негізі 2003 жылдың күзінде, алғашқы Азаматтық Форум ұйымдастырылғанда қаланған. Сол жылы үкіметтік емес ұйымдарға 2003–2005 жж. қолдау көрсету туралы Бағдарлама қабылданды. Бағдарлама Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың құру мен дамуына, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге, мемлекет тарапынан қолдауға негізделіп бағытталған. 2003 жылы Грузиядағы «түрлі-түсті төңкеріс», Украинада 2004 жылдың қыс маусымындағы төңкеріс, Қырғыз еліндегі 2005 жылғы төңкерістер салдарынан билік үкіметтік емес ұйымдардың қоғамды тепе-теңдігінен айыруы мүмкін деген күдік туырды. Сол себептен «үшінші сектор» билік тарапынан мұқият бақылауға алынды. 2005 жылдың сәуірінде «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс» туралы Қазақстан Республикасының заңы қабылданды. Сонда билік пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара қатынастар жүйесі нақты белгіленген. 2006 жылы 2006–2011 жж. бағытталған Қазақстан Республикасының Азаматтық қоғам дамуының концепциясы қабылданды. Оның басты міндеті – мемлекеттік ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара қатынас жүйесін жақсарту, құқықтық базаны, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүйесін қалыптастыру белгіленген. 2003–2009 жж. өткен төрт Азаматтық форум әлеуметтік серіктестік мәселесін ұлттық және аумақтық деңгейде қарастырып, оның механизмі мен даму жолдары сұхбаттың негізі болды. Соңғы мәліметтер бойынша, Қазақстанда 13 мың үкіметтік емес ұйымдар тіркелген. Мемлекет тарапынан «үшінші секторды» қаржыландыру көлемі де анағұрлым көбейді. 2009 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша 1,2 млрд. теңге бөлінді, бұл 2008 жылға қарағанда 45% көп. 2009 жылы Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша 206 үкіметтік емес ұйымдар 226 әлеуметтік маңызы бар жобаларды жан-жақты бағытта жүзеге асырды [5].

Бұрынғы Кеңес мемлекеттеріндегідей, Қазақстандағы «үшінші сектор» азаматтық қоғамның басты сегменті болып табылады. Үкіметтік емес ұйымдар заң жобаларын қабылдауға қатысып, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырады, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге зор ықпалмен атсалыса бастағаны кенінен жүріп жатыр. Барлық деңгейде кеңес беру орталықтары жұмыс істеп жатыр. Үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс істеу жөніндегі Үйлестіруші кеңес Үкімет аясында қызметін атқарып жатыр. Парламент Мәжіліс тұсында Қоғамдық Палата бар. Оның құрамына қоғамдық ұйымдардың көшбасшылары кіреді, солардың қатысуымен заңшығарушы деңгейде қоғамдық сараптама жұмыстары өткізіледі.

Осылайша, 2003 жылдан бастап, мемлекеттің үкіметтік емес ұйымдармен өзара қатынасының механизмі мен жүйелі тәсілдерінің қалыптасуының жаңа сапалы кезеңі туралы айтуға болады. Қазіргі таңда мемлекет пен үкіметтік емес сектор арасындағы серіктестік үлгіде дамып, ортақ құқылық және тәуелсіз қоғамдық

ұйымдарды мойындау, олардың билік шешімдеріне араласып, жүзеге асыру үлгісінде қалыптасып жатыр.

Бизнес және мемлекеттік емес ұйымдар

Бизнес пен мемлекеттік емес ұйымдар арасындағы серіктестік қарым-қатынасты қалыптастыруда бірсыпыра қиындық тудыратын тұстар бар. Әлеуметтік серіктестік әлі де даму сатысында және көптеген әлеуметтік мәселе тек қаржы тапшылығынан емес, әлеуметтік құрылымдар, билік пен бизнес тарапынан ықпалас пен үйлестірушіліктің жоқтығынан шешімін таба алмай жатыр. Мемлекеттік емес ұйымдармен серіктестік арқылы бизнес өзінің әлеуметтік жауапкершілік мәселесі ауқымын кеңейте алады. Оның үстіне, әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін компанияларға тәжірибелі көмек көрсетіледі. Екі сектор бір-бірін инновациялық технологиялармен және алға қойған мақсаттарға жету жолдарымен толықтырады.

Бизнес пен мемлекеттік емес ұйымдар арасындағы қарым-қатынасты әзірге серіктестік деуге болмайды. Д. Сатпаевтың пайымынша, «Қазақстанда бизнес пен қоғам арасындағы қарым-қатынас деңгейі әлеуметтік серіктестікке жете қоймаған» [6]. Негізінде олар мемлекет арасындағы қарым-қатынасқа ден қояды. Әлі күнге дейін қоғамдық ұйымдар мен бизнес үшін олардың әлеуметтік жобалардың басты кепілі ретінде мемлекет болып тұр.

Бизнестің аумақтық және жергілікті билікпен ортақ әлеуметтік бағдарламалардан бас тартпайтыны анық және бас тартпауы да керек. Алайда сонымен шектеліп қалмауы керек, керісінше, серіктестікке «үшінші сектор» – мемлекеттік емес ұйымдарды тартуы қажет. Бірақ бұл үдеріс тым ұзақ, әлеуметтік сұхбаттың жеке мүшелерінің көзқарастарының өзгеруін ғана емес, қоғамның, экономиканың белгілі деңгейде дамуын, олардың әлеуметтік серіктестікті қажет етуін, дайындығын талап етеді.

Дегенмен, осы өзгерістер мен карама-қайшылықтарға карамастан, серіктестік аса қажет. Өйткені мемлекет те, бизнес те, мемлекеттік емес ұйымдар да өз бетінше нағыз демократиялық қоғам құра алмайды, даулар мен әлеуметтік әділетсіздікті шеше алмайды, халықты лайықты өмірмен қамтамасыз ете алмайды. Билікке, бизнеске және азаматтық қоғамға ортақ міндет – әлеуметтік мемлекет құру, елдің экономикасын дамыту үшін нәтижелі әлеуметтік саясатты орнату және халықтың әл-ауқатын көтеру болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Россия: Новый этап неолиберальных реформ. Отв. ред. Осипов. Г.В., М.: Республика, 1997. – 368 с.
2. Бунич А. Российское правительство должен повернуться к российской экономике // Сайт политических комментариев. // www.roitsom.ru
3. Управление развитием отношений бизнеса, общества и государства в современной экономической системе: автореферат диссертаций ... Доктора экономических наук. – М., 2007. – 47 с.
4. Закон Республики Казахстан от 17 июля 2009 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам частного предпринимательства»
5. Мемлекеттік хатшы – Сыртқы Істер Министрі К.Б. Саудабаевтың 2009 жылы, 24 қарашада Қазақстанда, Астана қаласында өткен IV Азаматтық Форумдағы баяндамасы. // www.mfa.kz
6. Д. Сатпаев. Бизнес, власть и общество: конфронтация или партнерство? // www.Risk.kz

Түркітілдес мемлекеттердің латын графикасына көшудегі саяси-лингвистикалық ұстанымдары

Айдос САДУАҚАСОВ,

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының аспиранты

Ж

Жазу-сызу мәдениеті өркениеттіліктің негізгі өлшемі десек, бүгінгі күнге дейін адамзат баласы түрлі әліпби реформаларын бастан кешті. Өйткені, әр халықтың өзінің ұлттық тілі болуы керектігі сияқты, төл әліпби де болуы маңызды. Соған сәйкес әр халық төл әліпби арқылы өз мәдениетін өзгелерден ерекшелей алады. Әлем халықтарының тарихына үңілер болсақ, әліпби, жазу-сызу мәдениетін қалыптастырудың белгілі-бір мемлекеттер үшін ғасырлар бойы қиындық тудырғанын байқаймыз. Себебі, жазу-сызу – ол, біріншіден, әр ұлттың білім-ғылым деңгейін көрсететін және ғылыми құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа қалдырудың басты жолы болса, екіншіден, әліпби арқылы белгілі бір ұлт немесе ұлыс тілінің лексикалық, фонологиялық, жалпы грамматикалық ерекшелігін байқауға болады. Үшіншіден, әліпби арқылы ұлттың жан дүниесін, өткен тарихы мен тілін, мәдениеті мен әдебиетінің кешегісі мен бүгінгісін, тіпті болашағын да болжауға болады. Төртіншіден, әліпбидің болуы – мемлекет тарихының көрсеткіші, соған қарап, ел мен елді өркениеттілік деңгейі тұрғысынан салыстыруға болады. Бесіншіден, ұлттық әліпби – әлемдік ақпарат кеңістігіндегі белгілі-бір ұлттың символикалық бейнесін көрсетеді, ұлттық идеологиясының әлеуетін аңғартып қана қоймай, саяси-экономикалық деңгейін де анықтауға мүмкіндік береді.

Тарихи деректерге қарасақ, ғалымдар жазу-сызуды ғылыми тұрғыдан зерттеуді XIX ғасырдан бастап қызу қолға ала бастаған. Лингвистер мен жазба тарихын зерттеуші мамандар жазба деген ұғымға мынадай анықтама берді: «Жазба – мәліметтерді жазудың графикалық жүйесі, бөрінен бұрын – адами тілдің өмір сүру формаларының бірі». Міне, осы анықтамадан-ақ жазудың адамзат баласы үшін қаншалықты маңызды екендігін білуге болады. Бүгінгі күнге дейін ғалымдар жазбаны бірнеше типке бөліп келеді. Оларға: идеографиялық, фоноидеографиялық, логографиялық, морфемалық, фонетикалық, буындық, консонанттық, консонантты-вокаликалық түрлері жатады. Ал ғалымдар әліпби деп – жазудың фонетикалық түрін атайды.

Әлемдік жазба генеологиясына қарап, тілдердің туысқан, өзара ұқсас немесе тіптен табиғаты бөлек болып бөлінетінін байқауға болады. Түркі тілдері ежелгітүрік, бұғар, қарлұқ, қыпшақ, оғыз, хакас-алтай, саян, якут топтарына бөлінсе, қазақ тілі қыпшақ тілдер тобына жатады. Осы топтағы тілдердің іші-

нен грамматикалық табиғаты жағынан қазақ тіліне ең туыс тілдерге қырғыз, қарақалпақ, татар тілдері жағалай.

XX ғасырдың жиырмасыншы және отызыншы жылдары Кеңес Одағы көлемінде латындандыру науқаны саяси тұрғыдан қызу қолға алынды. Латын графикасына көшу процесі, ең алдымен, жазбасы араб әліпбиінің негізінде қалыптасқан түркітілдес мемлекеттерде 1930 жылдары қарқынды түрде жүрді. Дегенмен, бұл идеяның бастау алған тұсы 1920 жылдар болатын. 1920 жылы түрік халықтарының жазбасын реформалау жөніндегі бастаманы Әзірбайжан ғалымдары көтерді. Дәл осы мақсатпен 1922 жылы Әзірбайжанда жаңа әліпбиге дайындық жөніндегі арнайы комитет құрылды. Халықтың өз жазбаларын орыс графикасына көшіруге деген айқын қарсылығын ескерген аталмыш комитет төрағасы, Кеңестер Одағының белгілі қайраткері Н. Нариманов (С. Агамалы-оғлы) сол кезде араб жазбасын латыншаға ауыстыру жөніндегі идеяны ұсынды. Түркітілдес халықтардың латын графикасына көшу тарихын зерделеп жүрген тарихшы ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты Данагүл Махат «Қазақ ұлт зиялыларының ана тілі мүддесіне қызметі» атты мақаласында: «1910–1913 жылдары түркі тілдес баспасөз беттерінде латын әліпбиін алу мәселесі қызу талқыға түсті. Қазақстандағы «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті бетінде де осы мәселе төңірегінде пікір айтқандар болды.

Латын әліпбиін қабылдау мәселесінің тарихына үнілер болсақ: XIX ғасырдың 60–70 жылдарында Әзірбайжан ғалымы, драматург Ахундов-Мырза Фатали латын әліпбиін қолдану туралы идеясын ұсынады. Алайда, оның бұл ұсынысы өз елінде қолдау таппай, ол өз жобасын Түркия мен Персияға алып барады. Мұсылман діні кең тараған бұл елдерде қасиетті құран ерпінен бас тарту күнә болып саналып, бұл елдердің басшылары тарапынан бұл идеяға қатаң тыйым салынды. Бұл мәселе 1905 жылғы революциядан кейін Әзірбайжан мен Татарстанда қайта жаңғырды. Түркі тілдес халықтар арасында латын ерпін алу жөнінде баспасөз бетінде зиялы қауымның әр түрлі пікірін туғызды, оның соңы айтысқа ұласты. Тек 1914–1918 жылдардағы империалистік соғыс пен революциялық қозғалыс бұл идеяның құлаш жаюына кедергі болды. Бұл идея содан 1922 жылға дейін қайта көтерілмеді.

Ал, Қазақстан жағдайында 1921–1922 жж. аштық салдарынан орын алған халықтың ауыр жағдайының мәдени шараларға елеулі түрде әсер етуінен бұл мәселе көтерілмей тоқтап қалды» – деген деректер келтіреді [1, 71]. Міне, дәл осы жылдардан бастап қазақ баспасөз беттерінде латын графикасына көшу тақырыбына арналған полемикалық айтысқа толы мақалалар жиі берілді. Сол уақыттары латын графикасына көшу мәселесі, негізінен, «Еңбекші қазақ» және «Ақ жол» газеттерінің бетінде көрініс тапты. Осы басылымдарға жасалған са- раптама айтыс-тартыстың негізінен Ахмет Байтұрсынов пен Нәзір Төреқұловтың арасында өрбігендігін көрсетеді. Сол кездің өзінде түркітілдес халықтарға жақсы таныс, қоғамда өздерінің салмақты орны бар осы екі ғалымның жанына да бір-шама адамдар топтасты. А. Байтұрсынов жанына топтасқандар латын графикасына көшудің тиімсіздігін дәлелдеп бақса, Н. Төреқұловты жақтаушылар латын графикасына көшудің маңыздылығын негіздеуден жалықпады.

«Еңбекші қазақ» газетінің 1924 жылдың 13 маусымдағы санында жарық көрген «Біздің жобамыз» атты мақаласында қоғам қайраткері, журналист Әбдірахман Байділдаұлы мынадай ой айтады: «Елді сауаттандыру керек. Бұл игі істі тезде-

туте араб әрпі жарамсыз, тез хат танытып, тез жаздыруға қолайсыз. Оның баспа ісіне де кедергілері көп. Саны 24–28, ал басуға, жазуға келгенде 100-ден асады. Шым-шытырық нүктелер көп, жазу оннан солға қарай, ал цифрлар солдан оңға қарай оқылады, пән белгілеріне жарарлық танбалар жоқ» [2]. Ал Әзірбайжанның латынға көшу жобасын алудың қауіп-қатерін сөз еткен А. Байтұрсыновты аталған басылымда жарияланған «Баспа қаріптерін түзету мәселесі» атты мақаласында: «Әзірбайжан жобасы латын қарпін алу болса, ол тіпті алынбайтын жоба ғой. Халыққа хат таныта алмай жүргенде, хат білгендерімізден айырылып қалуымыз мүмкін» деген пікірін білдіреді [3].

Латын графикасына көшуді жақтаушылар мен оған қарсы шығушы адамдардың мақалалары бірінен кейін бірі шығып жатқан тұста қоғамда бұл мәселенің бір нүктесін қою қажет болды. Осы мақсатта 1924 жылы Орынборда Қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезі өтті. Оған қазақтың көптеген зиялы қауым өкілдерімен қоса, Кеңес Одағына белгілі ғалымдар, түркітілдес елдердің делегаттары да қатысып, негізінен, латын графикасына көшудің сан қилы мәселелерін ортаға салды. Бұл турасында «Еңбекші қазақ» газетінің 1924 жылғы мамырдың 23-індегі санында мынадай комментарий берілген: «Бұл жиылыс еріккеннің ермегі емес, тоналаң уақытындағы той емес, мектептерде оқу ана тілінде жүргізіліп, кітаптар жанданып, жазу машинасы шығып, мекемелерде іс қазақ тілінде жатқан дәуірде үлкен сапырылыс болып, пікір, өрнек, жазу-сызу, программалар, жобалар майданы ашылған дәуірде өмір тілегімен болып жатқан жиылыс. Бұл жиылыс – ой, сөз жиылысы».

Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеп жүрген ізденуші Мәрия Майлықұтова осы съездің күн тәртібінде 5 мәселе қойылғандығын айта келе, оларды былайша тізеді: «1. Жазу ережелері (яғни орфография мәселелері); 2. Әліпби (яғни алфавит мәселесі); 3. Қазақша пән сөздері (терминология); 4. Ауыз әдебиетін жию шаралары; 5. Бастауыш мектептердің бағдарламалары» [4, 25]. Съезде латын графикасына көшудің қажеттілі жөніндегі негізгі баяндаманы қоғам қайраткері Нәзір Төреқұлов жасаса, ал оған қарсы ұстанымдағы баяндаманы қазақ тіл білімі теориясының негізін қалаушы ғалым Ахмет Байтұрсынов оқыды.

Филология ғылымдарының докторы, белгілі ғалым Серікқали Байменше сол кездегі жағдайға байланысты пікірін былайша жеткізеді: «1912 жылы ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов 24 әріптен тұратын жаңа әліпби жасап, мұны «қазақ жазуы» деп атады. Бірақ ол халық үшін «Байтұрсыновтың әліпбиі», «төте жазу» болып қалды. XX ғасырдың 20-жылдарының бас кезінде осы әліпби реформаланып, жетілдірілді. Сол кезде «Біздің заманымыз жазу заманы, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық тұрған заман» деп А. Байтұрсынов көрегендікпен айта білді.

Араб әріптеріне негізделіп жасалған және заман талабын ескере отырып жетілдірілген қазақ жазуы Қазақстан өміріндегі ірі мәдени құбылыс болғанына қарамастан, 20-жылдардың соңына таман қазақ әліпбиі латыншаға көшіріле басталды. Ахмет Байтұрсыновтың атақты «Араб әліпбиесін жақтаған баяндамасы», міне, осы кезеңге арналып еді» [5].

А. Байтұрсыновты осы съезде латын ерпін алудың мұқтаждық туғызып отырмағандығын алға тарта келе: «Біріншіден, түрік жұртының 90 пайызы баяғыдан бері араб ерпін пайдаланып келеді. Өрқайсысының хат мәдениеті бар. Бір әріпті тастап, екінші әріпті ала қою оңай жұмыс емес. Үлкен қаржы,

адамдардың күші, ісі керек. Мұндай екі шығын, екі жұмысты көтергендей қаржы мен қайрат қазақ түгіл, түріктің қай жұртында да болса жоқ» дей келе, латын әрпінің дыбыстық, әріптік, оқылу, жазылу, жазу машинасы теру, таңбалық қиындықтарына жеке-жеке тоқталады да, сөз соңында: «Орыстар аяқ баспай отырғанда бізге не жорық, алу қиын болғандықтан алмай отыр. Аз күшімізді керексіз іске салғанша, басқадан кейін тұрған жағымызға жұмсауымыз жөн емес пе деймін» деп қорытындылайды [6, 410].

Ал осы съезде жасаған баяндамасында Нәзір Төрехұлов: «Біз латын әрпін қазаққа күшпен алдырғалы отырғанымыз жоқ. Әріптің сыртқы пішініне, ажарына қызығып, сән үшін алғалы отырғанымыз жоқ. Латын әрпі үйрену, жазуға тым пайдалы, жеңіл. Мысалы, газетке 15 пұт араб әрпі керек, латын әрпімен 2/2 пұт керек. Түрік әрпі үшін 174 ұя керек, латынға 24–25 қана ұя керек. Жазу жеңілдігін алғанда да осылай қолайлы. Түрік әрпінің біреуі 4 түрлі, латындікі бір ғана түрлі» – деген деректер мен дәйектер келтіреді [7].

Съезд жұмысы туралы жазған «Өліппе түзеу тақырыпты білімпаздар тобының қаулысы» деген мақаласында публицист-жазушы Ерғали Алдоңаров латыншылдардың да, арабшылдардың да уәждері мен дәлелдерінің әлде де пісіп-жетілмегендігін, сол себепті де съезге қатысушылар Қарақалпақ және Астрахань казактарының басын қосып, толық съезд шақыруға келіскендіктері жайында айтылған. Осы мақала жайындағы деректі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің оқытушысы Мәрия Майлықұтованың «Ғасыр басындағы «арабшылдар» мен «латыншылдар» пікірталасы» тақырыбындағы мақаласынан оқуға болады. Онда автор Ерғали Алдоңаровтың мақаласына тоқтала келе, съезде қаралған мәселенің барысын қадағалау Қазақстан Халық ағарту комиссариатына тапсырылғандығын, мақалада негізгі баяндамашылардың жобалары дауысқа түскенде, Нәзір Төрехұловқа – 9 дауыс, Ахмет Байтұрсынұлына – 8 дауыс берілгендігі айтылғандығын тілге тиек етеді.

Қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезі өткеннен кейін араға 2 жыл салып, 1926 жылдың наурыз-ақпан айларында Баку қаласында Түрік білімпаздарының съезі өтеді. Бұл съезге Қазақстан тарапынан белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, қазақтың жетекші ғалымдары қатысады. Осы оқиға жайында ізденуші М. Майлықұтова былай деп жазалы: «1926 жылы ақпанның 26-сында бастылып, наурыздың 6-на дейін өткен Түрікшілдердің құрылтайында түрік нәсілді ұлттардың көбінің өкілдері болды. Түрік оқымыстылары Көперлі-Зада мен Құсайын-Зада, неміс профессоры Менсель, Бартольд, Олденбург, Крымский т.б. ғалымдар қатысты.

Қазақ зиялыларының арасындағы пікірталас ұзаққа созылды. Олардың көпшілігі латын таңбаларын енгізуге қарсы болды. 1927 жылы Қызылордада өткен айтыста арабшыл Ілияс Ахметұлы латын әрпін алу мәселесі Қазан төңкерісінен кейін туып отырған жоқ, патша отаршылдық саясатты күшейткен заманда туындады. Орыс патшасы татарды жеңіп, Азияны өзіне қаратып, латын әрпінің бір тарауына орыс әрпін алдыруға лайықтап дербес әріп шығарды. Латын әрпі түсін бояп келген орыс әрпінің дәл өзі деген пікірін ашық айтты. Ал, Смағұл Сәдуақасұлы «латын әрпін алудың саяси қорқынышы бар. Молдалар қарсы болады. Араб таңбалары ислам дінінің таянышы, әріптен қол үзсек, діннен де қол үземіз» деген көзқарасын латыншыл Н. Төрехұловты мен Ө. Байділдаұлы өткір сынады. Оларды «ескішілдер», «діншілдер» деп кінәлайды» [8, 134].

Қалай дегенмен де «арабшылдар» мен «латыншылдар» арасындағы айтыс-тартыс «латыншылардың» жеңісімен аяқталды. 1929 жылдың 24 қаңтарында Қазақстан Орталық комитетінің IV-сессиясының қорытындысы бойынша «Латын әрпі негізінде құрылған жаңа қазақ әліпбиі Қазақстанда мемлекет әліпбиі деп саналсын» деген қаулы қабылданды. Бұл бағыттағы жұмыстарға тарихи тұрғыдан талдау жасай келе, түркітілдес халықтардың, оның ішінде Қазақстанның латын қарпіне көшуіне ресми Мәскеудің зор ықпалы болғанын аңғару қиын емес. Түркітілдес халықтарды латыншаға, одан соң кирилл әліпбиіне қайта көшірту арқылы Ресей туысқан халықтардың ортақ жазу мәдениетін үлкен өзгеріске ұшыратып қана қоймай, зиялы аға буын қалдырған әдеби және ғылыми мұраның кейінгі ұрпақ тұрғысынан уақытылы игерілмеуіне, осылайша, тарихи актандақтардың қалыптасуына ұйытқы болды.

Бір сөзбен айтқанда, түркітілдес мемлекеттерде кеңестік саяси элита тарапынан кең көлемде жүргізілген латындандыру реформасы өз жемісін берді. Мәселен, 1923 және 1939 жылдар аралығында Кеңестер Одағы құрамындағы төл жазбасы бар 72 тілдің 50-і латын қарпіне көшті. Православ миссионерлері әзірлеген кирилл негізіндегі әліпбиге ие якут және коми тілдері де латындық сипатта қайта өзгеріске ұшырады. Орталық жүргізген саясаттың нағыз нәтижесі 1940 жылдарға таман көрініс берді. Мәскеу арқылы жүргізілген жұмыстар негізінде 1936 жылдан бастап 1940 жылға дейін КСРО-дағы халықтардың барлық тілдерін кирилл әліпбиі негізінде қайта жасақтау реформасы жүргізілді. Сол кезде КСРО шеңберінде қолданыста болған грузин, армян, неміс және идиш тілдері ғана кирилл әліпбиінің ықпалында болған жоқ.

1940 жылдың аяғында елімізде «Латындандырылған қазақ жазбасын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» Заң қабылданды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1940 жылғы 10 қарашасында өткен V сессиясының шешімімен қазақ әліпбиін кирилл негізінде қайта түзеу жұмыстары қолға алынды. Осылайша тарихта қазақ халқы өз әліпбиін 2 рет ауыстырды.

Қазақ тілінің мәселелерін зерттеп жүрген ғалым Б.Ж. Исхан өзінің «Тілдің табиғи даму заңдылықтары – сөздік құрам баюының кең өрісі» атты мақаласында: «Қазір біз кез келген түркі халықтарының өкілімен ауызша сөйлессек, бір-бірімізбен оңай түсінісіп, пікірлесе аламыз. Ал жазуымыздың әрқилылығына байланысты бүкіл жазба дүниелерімізді орысшаға аудармай оқи алмаймыз. Бұл – түркі тілді халықтар өзара жазба әдебиеттерін оқи алмасын, әрқайсысы өзіңше бөлек дамысын, бірінен-бірі туыстық, рухани байланыстан алшақтай түссін деген саясаттан туындаған еді. Сондықтан Кеңес Одағының құрамында болып, барлығы бірдей орыс жазуын ұстанған түрік тектес халықтар бір-бірілерін жазған дүниелерін аудармасыз оқи алмай келді. Мысалы, үлкен жазба дүниелерді айтпағанның өзінде дыбысталуы дәл біздегідей бола тұрып, ұлы Абайдың есімін өзбектер «Обай» деп жазды, қырғыздар «қазак» деген сөзді «казак» деп жазып, бірақ бізше дыбыстап оқыды. Бұл секілді мысалдарды сан мыңдап келтіруге болады. Біз тек бір-екі сөзбен зымиян саясаттың әрқайсысымызға әр түрлі әліпби түзіп беріп, құдайдың ашық күнінде қалай-қалай адастырғанын айтуды мақсат етіп отырмыз. Міне, осы бір кінәратты мәселені көздеп, бөрімізге ортақ жазуды қалыптастыруды ойласақ, латынға көшуді әбден қолдауға болады. Бірақ қазірдің өзінде бұл іс біз ойлағандай болып жатқан жоқ. Түріктер XX ғасыр басында жасап алған өз латыншасында қалды, өзбектер латыншаны өздеріне лайықтап жасап

алды, қырғыздар мен татарлар да солай епекші. Басқалар не істеп, не қойып жатқанын бір құдай білсін. Сөйтіп, бүкіл түркі жұртына ортақ дыбыстар әр түркі тектес ұлттарда мөлшері әр түрлі латын әріпмен таңбаланып жатқан сияқты. Бәріміз бір мәмілеге келіп, ортақ шешім қабылдап жатпаған соң, солай болады да!» – деп түркітілдес мемлекеттердегі латын графикасына көшу мәселесінің саяси-лингвистикалық тұрғыдан түрліше бағытта жүріп жатқандығына қынжылыс білдіреді [9, 74-75].

Араға 70 жылдан астам уақыт салып, түркітілдес елдер алдында латын графикасына қайта оралу мәселесі күн тәртібіне шықты. Нәтижесінде, тәуелсіздік алған кейбір түркітілдес елдер өздерінің мемлекеттік идеологиясы негізінде латын графикасына көшті. 1991 жылдан бастап күні бүгінге дейін Әзербайжан, Өзбекстан, Түркіменстан латын графикасын көшіп болды. Қырғызстан мен Татарстан дайындық үстінде болса, Қазақстанда да бұл мәселе мемлекеттік деңгейде қолға алынуда.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Махат Д. «Қазақ ұлт зиялыларының ана тілі мүддесіне қызметі» // «Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мәселелері» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. Жинақ. Көкшетау, «Көкше-Полиграфия» баспасы. 2001 жыл. 71-бет.
2. Байділдаұлы Ә. «Біздің жобамыз» // «Еңбекші қазақ» газеті. – 1924 жылдың 13 маусымы.
3. Байтұрсынұлы А. «Баспа қаріптерін түзету мәселесі» // «Ақ жол» газеті. – 1924 жылдың 26 тамызы.
4. Майлықұтова М. «Ғасыр басындағы «арабшылдар» мен «латыншылар» пікірталасы» // «Ақиқат» журналы. 2006 жылғы №2 саны, «Жедел басып шығару ЖШС» баспаханасы, 25 бет.
5. Байменше С. «Салақ қарауға болмайтын салмақты іс» // «Егемен Қазақстан» газеті, 2006 жылдың 12 маусымы.
6. Байтұрсынұлы А. «Тіл тағылымы». Алматы: «Ана тілі» баспасы, – 1992 жыл. 410 бет.
7. Алдоңғарұлы Е. «Әліппе түзету тақырыпты білімпаздар тобының қортындысы» // «Еңбекші қазақ» газеті. – 1924 жылдың 27 шілдесі.
8. Майлықұтова М. «Латын графикасына көшуге байланысты XX-ғасыр басындағы қазақ зиялыларының пікірталасы» // «Әлемдік мәдениет және білім кеңістігіндегі тілдер». Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы, «Қазақ университеті» баспасы, 2004 жыл. 134 бет.
9. Исхан Б.Ж. «Тілдің табиғи даму заңдылықтары – сөздік құрам баюының кең өрісі» // «Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру – әрбір азаматтың парызы». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Орал, 2005 жыл. 74-75 беттер.

Бүгінгі ақпараттық қатерлер

Нұрмұхамед БАЙҒАРАЕВ,

өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың саясаттану кафедрасының 2-курс магистранты

Қазіргі жаһандану кезеңінде мемлекеттік шекаралардың орнын ақпараттық ықпал шекараларының басқаны жасырын емес. Бұл тұжырымды, әсіресе, қарулы қажығыс кезеңінде ерекше байқауға болады. Соңғы Ауғанстан, Ирак, Ресей мен Грузия, Тибет, Шыңжаң автономиясындағы оқиғаларда ақпараттық күрестің белсенді жүргізілгенін атап өту қажет.

Ресейдің ақпараттық ықпалындағы Қазақстан үшін ақпараттық қауіпсіздік мәселесі ерекше маңызды. Қазіргі интеграциялық процесті жүргізіп отырған қос тараптың ақпараттық кеңістігінде өзара қайшылық орын алмай отыр. Ал егер Астана тарапынан ұлттық мүддені қорғау мақсатында антиресейлік саясат жүргізіле қалған жағдайда, Мәскеуден елімізге қарсы ақпараттық қысымның қай дәрежеде болатынын болжап айтудың өзі қиын.

Бүгінде батыс ғалымдары өз еңбектерінде ақпараттық қауіпсіздік тақырыбына ерекше назар аударып отыр. Себебі ХХІ ғасырдағы бәсекелестік тек өндірістік, техникалық, әскери салада ғана емес, сондай-ақ ақпараттық кеңістікте де қатар жүруде. «Ақпарат кімнің қолында болса, билік соның қолында», «Ең қымбат тауар – ақпарат», «Үшінші әлемдік соғыс – ақпараттық соғыс болмақ» деген түрлі пікірлер жоғарыдағы ұғымның дәлелі ретінде айтылса керек.

Қазіргі таңда ақпарат ықпалының күші соншалық, ол Батыс елдерінде үкімет құрамының ауысуына, әскери қажығыстың алдында міндетті түрде ақпараттық қысымның жүруіне, референдумдардың нәтижесінің өзгеруіне түрткі болуда. Оған соңғы кездегі Ұлыбританияда орын алған оқиғаларды мысал ретінде айта кеткен жөн. Оған қоса, Интернет желісі мен технологиясы дамыған сайын интернеттегі ақпараттық қауіпсіздік аса маңызды болып барады. Мәселен, Мәскеуде күніне 3,5 млн. электронды пошталар мен банк есеп-шоттарының кілт сөзі мен кодын ұрлайтын «Pinch» атты вирусты жасаушылар тобы ұсталды. Оған қоса, бүгінде интернетте террористік ақпаратты таратушы, жасаушы 4000 жуық сайттар тіркелген.

Ақпараттық соғыстар тек бүгін емес, сонау 1940 жж. басталғаны мәлім. 1956 жылы Тель-Авивте АҚШ елшілігінде Израиль барлау қызметінің тыңдаушы апараттары анықталды. Атақты «Уотергейт» ісі де осы саланың фактісі. Соңғы кезде ақпараттық соғыстардың саяси сипат алып бара жатқаны жасырын емес. Мәселен, Израиль барлау қызметкерлері «Хизбаллах» террорлық ұйымының ағылшын тіліндегі сайтың өшіріп тастады. Ал Молдова Үкіметінің ақпараттық жүйесіне преднестровелік компьютерлік қарақшылар шабуылдар жасалғаны мәлім болды.

Бүгінде кибертеррористтердің негізгі нысанасы ЖЭС, ГЭС, АЭС болып табылады. Алайда нақты компьютерлік шабуылдардан оның істен шыққан

фактілері қазірше Қазақстанда орын алған жоқ. Алайда ұялы телефон арқылы қарақшылық жасау, банктегі есеп шоттардың кілтін табу секілді қылмыстар жетерлік.

Соңғы кезде азаматтардың, әсіресе, құзырлы органдардағы қызметкерлер, шенеуніктер, мемлекет басшыларының ұялы телефондарын тындау, дауысын жазып алу секілді қылмыстардың қарасы көбейді. Мәселен, Греция, Италия, Украинаның президенттері мен премьер-министрлерінің телефондары тыңдалған. Бұл соңынан аталған елдерде саяси мәселелердің ушығуына әкелген. Ал Филиппин президенті Глория Арройоның дауысын қылмыскерлер ұялы телефоннан жазып алып, модификациялап, яғни өзгертіп ел ішінде таратқан жағдай кейіннен саяси дауға айналды. Жыл сайын Ұлыбритания банкітері осындай шабуылдардан 100 млн. фунт стерлингке дейін шығын көреді. Бұл кибертеррористердің мүмкіндігі қатардағы азаматтық дәрежеден жоғары және бұл ағымның шынында қауіпті екенін дәлелдесе керек.

Бүгінде ақпараттық технологиялар «әл-Каида» секілді террорлық ұйымдардың құралдарының біріне айналған. Алайда мемлекеттік ақпараттық жүйеге зардап шеккізетін дәрежеде нақты заманауи құралдарға ие емес. Бар болғаны Интернет арқылы өзара мәлімет алмасу, өз идеяларын әлемге тарату секілді шаралармен шектеледі. Алайда жалған құжат жасау, сепаратист туралы ақпарды өзгерту, діттеген затқа тапсырыс беру секілді әрекеттерде аталған технологияны қолданатыны сөзсіз. Мұны АҚШ-тың «2008–2013 жж. арналған ұлттық қауіпсіздік туралы» құжаты дәлелдей түспек. Бұдан бөлек, қазіргі таңда әскери операцияларға қатысты қоғам көзқарасын өзгерту үшін ақпараттық операциялар да қатар жүруде. Мәселен, 2006 ж. бері Израильдің барлық мемлекеттік органдары аталған жоспарды іске асыруға көмектесуде. Олардың негізгі мақсаты – халықтың интернеттегі ең көп қолданатын сайттары, яғни әлеуметтік желілердегі топпен жұмыс істеу. Осы мақсатта ресейлік атақты Livejournal.com сайтында «gaza2009» атты қауымдастық құрды. Оның негізін қалаушылар 1999–2006 жж. аралығында Израиль қорғаныс министрінің кеңесшісі болған Марк Бибичков пен «Кадима» саяси қозғалысының баспасөз хатшысы Давид Эйдельман. Олардың мақсаты орыс тілді блоггерлер мен интернет пайдаланушылар арасында Израильдің әскери операцияларына қолдау табу. Бар болғаны бірнеше күнде «gaza2009» қауымдастығына бірнеше мың адам мүше атанды. Кейіннен аталған қауымдастық «Facebook», «Kontaktr.ru», «Одноклассники.ru» атты әлеуметтік желілерде пайда болып, онда өз қолдаушыларын тапты. Аталған қауымдастықтың белсенділері сол кездегі Израильдің қорғаныс министрі Шауль Мофазбен кездесіп те үлгерді. Олар алдағы уақытта бірлесіп бірнеше жұмысты атқару жөнінде уағдаласты. Бұл шаралардың қазіргі мақсаты посткеңестік мемлекеттер арасында Израильді қолдаушылар санын арттыру, сол арқылы белгілі дәрежеде сол елдердегі билікке лобби жасау болып отыр. Қазірше, аталған сайттардың пайдаланушылары ресейліктер, алайда Қазақстан азаматтарының да басым көпшілігі орыс тілді екенін ұмытпаған жөн.

Соңғы жылдары кибертерроризмнен зардап шеккен мемлекеттер мен ірі бизнес құрылымдардың саны өсіп келеді. Мәселен, 2006 жылы жалпы әлемдік зардаптың құны 75 миллиард АҚШ долларын құрады. Ақпараттық қауіпсіздіктен айналысатын Sumantes Corp компаниясының мәліметінше бұл қаржы жыл өткен сайын өсе түспек.

АҚШ Конгресінің қаржылық-бақылау басқармасының мәліметінше, бүгінде әлемде 120 мемлекет өздерінің мүмкін болар қарсылас елдеріне қарсы ақпараттық шабуыл жасау стратегиясын жасап шыққан.

2009 жылдың 6 мамырында АҚШ-ның Ұлттық қауіпсіздік агенттігінің (NSA) генералы Кит Александер елдің киберәскер құруына мұқтаж екенін хабарлады. Ал аталған әскердің штабы Мэриленд штатында орналаспақ. Бұл әскердің негізгі міндеті ақпараттық кеңістікті кибершабуылдардан қорғау және қарсыластың ақпараттық жүйесіне шабуыл жасау болып табылды.

Осыған орай, АҚШ-та қарсыластың ақпараттық жүйесін өзгертетін, ұрлайтын, жоятын, телекоммуникациялық желі мен компьютерлік жүйені істен шығаратын, оған ену мүмкіншілігін шектейтін кешенді әдістерден тұратын ақпараттық қаруды заңды түрде жасап жатыр. АҚШ-тың ХХІ ғасырдағы әскери доктринасында ақпараттық қару – негізгі элемент ретінде қарастырылған және ақпараттық соғыстың стратегиясы анықталған. Себебі ақпараттық соғыс қарсыласқа оқ атпай жеңу тактикасы ретінде анықталып отыр. Сонымен қатар, бұл әдіс геосаяси үстемдіктің кепілі сипатында қарастырылады.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, ақпараттық шабуылдарды жүргізу мақсатында АҚШ-та бірнеше органның құрылғаны мәлім. Олар мыналар:

- Ақпараттық жүйелер басқармасы (DISA);
- ВВС-дің ақпараттық соғыс жүргізу орталығы (AF IVC);
- Ақпараттық қару бойынша ВМС қызметі (NIVA).

Бұл мәліметтер бүгінде ақпараттық кеңістіктің маңыздылығының деңгейін көрсетсе керек.

Ақпараттық қауіпсіздік саласының белгілі маманы М. Либикидің пікірінше ақпараттық қарсыластықтың негізгі жеті бағытын бөліп көрсетуге болады:

- басқару жүйелерімен күрес;
- ақпараттық-барлау операциялары;
- электронды күрес;
- «хакерлік» күрес (ақпараттық қылмыс);
- экономикалық ақпараттық күрес.

2009 жылдың наурыз айында АҚШ-тың ұлттық барлау қызметі аталған мемлекетке кибер шабуылдармен айналысатын елдердің ішінде Қытай мен Ресейдің алда келе жатқанын хабарлады. Бұл шабуылдар жеке хакерлерден бе, әлде арнаулы қызмет органдары тарабынан жасалынып жатыр ма деген сұрақ көптің көкейінде қалды? Әлемдік компьютерлік қарақшылықтың 34% үлесі АҚШ-қа тиесілі екен. Көбіне оны өз немесе шет елдің азаматтары, яғни жеке хакерлер жасайды. Мәселен, АҚШ-тың Оңтүстік-батысындағы ірі су қоймасының басқару жүйесіне хакерлік шабуыл жасалынды. Барлау қызметкерлері қылмыскерді шет елден іздеп жүргенде, кейіннен оның Калифорниядағы жас баланың жасағаны мәлім болды. Бұл жекелеген фактілер ғана. Ал мемлекеттік органдар мен ірі банк, компаниялардың сайттары мен ішкі желілеріне жасалатын шабуылдар саны толастамай отыр. Сондай шабуылдар нарығы дамыған мемлекеттің бірі – Қытай. Бүгінгі тағдарыс кезінде жұмыссыз қалған қызметкерлер аз емес. Солардың бірі – ақпараттық технологиялармен айналысатын жұмысшылар. Мәселен, аталған «күн асты» елінде кешегі сапалы қызметкер бүгінде қауіпті кибер қарақшыға айналған жайттар аз емес. Knowsec компаниясы бір күннің ішінде 4 млн. зақымданған компьютерді тіркеді. Алайда қытайлық сарапшылардың 47% елдің ақпараттық

қауіпсіздігіне негізгі қатер төндіріп отырған АҚШ екендігіне күмәнданбайды. Бұл жерде проблеманың тек ақпараттық дәрежеде ғана емес, сонымен қатар, геосаяси деңгейде екендігіне мән беру қажет. Бұл АҚШ, Ресей, Қытай арасында жүргізіліп отырған ақпараттық соғыс екендігі хақ. Ақпараттық соғыс тек технологиялық, сандық жүйеде ғана емес, сондай-ақ идеологиялық тұрғыда жүргізілетіні мәлім. Оның нақ көрінісін 1990 жж. алғашқы кезеңінде көруге болады. Осы уақытта батыс елдерінің посткеңестік мемлекеттерге демократиялық жүйе мен принциптерді насихаттап, ақпараттық және саяси қысым жасағаны мәлім.

Бүгінде ақпараттық қысымның маңыздылығы арта түсіп жатыр. Мәселен, бүгінде ядролық қаруды жасауды әлемнің 20 елі қолға алса, ақпараттық қару жасауға 120 ел кіріскен. Оның себебі де бірнеше: алдымен оның арзандылығы, оның нәтижесінің жоғарылығы. Оған қоса, ақпараттық қару идеологиялық қысым ретінде де қолданылатыны хақ. Оны соңғы Ресей мен Грузия, АҚШ пен Ирак арасындағы қарулы қақтығыстан, Иранның ядролық мәселесінде көруге болады. Бұл соғыс барысында, соғыстан кейінде ұзақ мерзімді ақпараттық күрестің жүргізілгені мәлім. Осы мақсат үшін Ресейде «Russia today» ақпараттық агенттігін құрса, АҚШ әлемдік қауымдастыққа өзінің әскери операциясын ақтап алу үшін BBC, Reuters, CNN секілді ірі ақпарат агенттіктерін кеңінен қолданды.

Батыс Еуропа елдерінде ақпараттық қауіпсіздік мәселесі тек БАҚ, интернет саласында ғана емес, сондай-ақ өндірісте де маңызды. Атап айтсақ, өндірісте, жаңа технологияда, ғылымда, әскери өндірісте пайда болған жаңалықтар жайлы мәліметтерді қорғау. Себебі осы елдер тарихында бәсекелес компаниялар арасында құнды мәліметтер үшін ақпарат ұрлау фактілері бірнеше рет орын алған. Ал 80 жж. КГБ агенттерінің АҚШ-тың әскери өндірісіндегі ғылыми жаңалықтарын ұрлаған тыңшылық әрекеттерінен 20 млрд. доллар шығын көрген. Бұл әрекеттер бүгінде жалғасуда. Батыстық БАҚ 90 жж. ортасында ФСБ агенттерінің ұлттық мүдде үшін ресейлік компанияларға бәсекелес корпорациялардан коммерциялық мәліметтерді ұрлаған фактілер жайлы жазды. Яғни, өндірістегі ақпарат қауіпсіздігі де мемлекеттік деңгейдегі маңызды факторға айналып отыр.

Аталған жағдайларды ескере отырып, кез-келген мемлекетке бүгінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші құқықтық құжаттардың қажет екені анық. Мәселен, АҚШ-та осы салада 500 жуық құжат қабылданса, Ресейде 50-дей түрлі деңгейдегі құжаттар құқықтық салаға енгізілген. Ал 1999 жылы тіпті «Ақпараттық қауіпсіздік доктринасын» да қабылдады. Қазақстанда бүгінде «ҚР ақпараттық қауіпсіздік концепциясы» «ҚР Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы», «Терроризммен күрес туралы», «Ақпараттандыру туралы» заңдар мен 2006–2009жж. арналған ҚР ақпараттық кеңістігін бәсекеге қабілеттілігін арттыру концепциясы секілді құжаттар қолданыста. Аталған құжаттарды сараптай келе, ақпараттық қатерді негізінен ішкі және сыртқы деп бөлуге болады. Ішкі қауіптерге:

- Ақпараттық қолдану, тарату барысындағы саяси, экономикалық құрылымдардың заңсыз әрекеті;
- Ақпараттық саладағы жекелеген мемлекеттік органдардың үкіметтің, жеке азаматтар мен заңды тұлғалардың мүддесіне қарсы келетін заңға қарсы әрекетті;
- ақпаратты қолдану, тарату, өңдеу, сақтаудағы кез-келген заңсыздықтар;

- ақпараттық жүйедегі қызметкерлердің әдейі заңсыз және аяқ асты қателіктері;

- ақпараттық және телекоммуникациялық жүйедегі бағдарламалардың істен шығуы.

Ал сыртқы қауіп-қатер ретінде мемлекеттік құжаттарда мынадай факторлар атап өтілген:

- Шет елдің ақпаратты, ақпараттық технологияларды тарату, мониторинг жүргізудегі жүйесіз саясаты;

- Шет елдік барлау және арнайы қызметтің әрекеттері;

- Халықаралық топтардың заңсыз жұмыстары, өндірістік, қаржылық тыңшылығы;

- Табиғи апаттар;

- Халықаралық террорлық және экстремисттік топтардың қызметі

Алайда бұдан бөлек, бүгінгі таңда Қазақстан қоғамындағы мынадай ішкі қауіптерді де ескере кеткен жөн:

- сыртқы мемлекеттердің Қазақстан Республикасына қарсы ақпараттық экспансиясы;

- жекелеген топтардың отандық БАҚ өз мүддесіне пайдалану мақсатында монополизациялауы;

- түрлі діни ағымдардың, ұлттық диаспоралардың интернет желісіндегі өзара ақпараттық күресі;

- Қазақстан азаматтарының шет елдік ақпарат көздеріне тәуелділігі;

- отандық ақпараттық ресурстардың заман талабына сай болмауы, бәсекеге қабілетсіздігі.

Жоғарыда аталған халықаралық саясат пен Қазақстанның ішкі кеңістігінде қалыптасқан жағдайларды ескере отырып, келтірілген фактілер мен дәлелдерді басшылыққа алып, біз Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді одан әрі жетілдіру керек екендігіне көзіміз жетеді.

Микроқаржыландыру нарығындағы сұраныс пен ұсынысты бағалау моделі

Нұржан ӘЛЖАНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті, физика-математи-
ка ғылымдарының кандидаты

Қазақстанда микроқаржыландырудың дамуын және нақты заңнамалық негіздердің белгіленуін суреттеуден кейін, осы бөлімде Қазақстандағы микро қаржылық қызметтерге сұраныс пен микро қаржылық қызметтердің нарығында орын алған ұсынысты бағалау моделі беріледі. Сұранысты бағалау үшін, төмендегі екі бөлек тәсілдеме пайдаланылды:

1. Өмір сүру деңгейіне негізделген тәсілдеме;
2. Жекеше сектор тәсілдемесі.

Микроқаржылық қызметтер нарығындағы ұсыныс бұрыннан бар микроқаржылық ұйымдардың құқықтық нысандарының: коммерциялық банктің, банк болып табылмайтын қаржылық ұйымдардың, несиелік серіктестіктер мен микронесиелік ұйымдардың негізінде зерделенді.

Микроқаржылық қызметтерге сұранысты бағалау.

Микроқаржыландыру дәстүрлі түрде табысы төмен тұрғындарға қолдау көрсетуге және кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталған. Қазақстанда нарықтық экономикаға көшу еңбек нарығындағы айтарлықтай өзгерістерді туғызды және әлеуметтік кепілдіктер жүйесінің күйреуіне ықпалдасты. Бұл процесс тұрғындардың айтарлықтай бөлігінің анағұрлым осалдығына әкеліп соқты. Өтпелі кезең басталғаннан соң көптеген кәсіпорындардың жабылуының, мәжбүрлік демалыстардың, жұмыссыздықтың және инфляцияның жоғары деңгейінің салдарынан кедейшілік жаппай құбылысқа айналды. 1998 жылы тұрғындардың 40% дерлігі (шамамен 5923 мың адам) күн көріс минимумынан (яғни, адамның тіршілігін сақтау үшін қажетті тауарлар мен қызметтердің нарықтық бағалар бойынша құндық бағасынан) төмен табысқа ие болды [1].

Соңғы жылдарда беталыс өзгерді: 1999 жылдан 2002 жылға дейінгі аралықта ЖІӨ жиынтық өсімі 40%-дан асты. 2003 және 2004 жылдарда экономика жылдам қарқынмен дамуын жалғастырды да, нақты ЖІӨ өсімі тиісінше 9,5% және 9,2% құрады. Әлемдік қаржылық дағдарыс кезінде, 2008–2009 жылдары Қазақстанда нақты ЖІӨ өсімі тиісінше 3,2% және 0,1–1% құрады. Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) бағалауы бойынша, 2010 жылы Қазақстанда нақты ЖІӨ 2%-ға өседі деп болжануда [2].

2004 жылы тұрғындардың 16,1% 1998 жылғы 39%-бен салыстырғанда, 5 427 теңгені құраған күн көріс минимумының шегінен төмен өмір сүрді. Қазақстанда 2010 жылдың мамыр айында күн көріс минимумының шамасы 13 073 теңгені

құрады. Күн көріс минимумының шамасынан төмен табыстарға ие республика тұрғындарының үлесі 2009 жылдың қорытындылары бойынша 11,8% құрады. Кедей тұрғындардың табыстарының жеткіліксіздігін және теңсіздік дәрежесін сипаттайтын кедейшіліктің тереңдігі және ауырлығы секілді басқа индикаторлар сондай-ақ соңғы жылдарда жағдаяттың жақсарғанын куәландырады.

1-кесте. Қазақстандағы кедейшілік [1]

	Табыстары мыналардан төмен тұрғындардың үлесі	
	күн көріс минимумының шамасынан төмен	азық-түлік себетінің құнынан төмен
1998	39,0 %	16,2 %
2004	16,1 %	4,3 %
2007	12,7%	1,4%
2008	12,1%	1,2%
2009	11,8%	1,1%

Айтарлық жақсарғанына қарамастан, Қазақстан тұрғындарының айтарлықтай бөлігі бұрынғысынша күн көріс минимумынан төмен табысқа ие. Қазақстанда 58%-ға жуық кедейлер – олар еңбекке жарамды жастағы, жұмыссыздар немесе оларға өзін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін төмен еңбекақы алатын адамдар. Күн көріс минимумын есептеп шығару әдістемесін өзгерту кедей немесе сол санатқа жакын деп саналатын тұрғындардың үлесінің мәнін өзгерте алады. Басқа да көптеген елдердегі секілді, Қазақстанда кедейшілік қала тұрғындарының арасындағыға қарағанда, ауыл тұрғындарының арасында кеңірек таралған. 2009 жылы ауылды жерлердегі кедейшілік деңгейі қалалық жерлердегіге қарағанда үш есеге дерлік жоғары болды. Қала тұрғындарының анағұрлым жоғары табыстар және білім деңгейі сондай алшақтықтардың негізгі себептері болып табылады. Сондай-ақ Қазақстанның аймақтары бойынша кедейшілік деңгейіндегі айтарлықтай айырмашылықтар байқалады: 2009 жылы Қазақстанның неғұрлым кедей және кедейшілік ең төмен облыстарының арасындағы айырмашылық 26,5% құрады. Қостанай, Атырау, Маңғыстау, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары елдегі неғұрлым кедей аймақтар болып табылады, онда күн көріс минимумынан төмен өмір сүретін тұрғындардың үлесі 18%-дан асады.(Қосымша Ә, Б).

Сонымен қатар, Қазақстан шағын қалалардың дағдарысы деп аталатын құбылыс байқалады. Шағын қалалар деп халқының саны 50 мың адамға дейінгі қалалар саналады. Ондай қалалардың экономикасы және әлеуметтік инфрақұрылымы бір қала түзейтін өнеркәсіптік кәсіпорынға түгелдей тәуелді. Алайда, ондай кәсіпорындардың көпшілігі нарықтық экономикаға көшу процесінің уақытында жабылып, тұрғындардың басым бөлігін жұмыссыз қалдырды. Статистика жөніндегі агенттіктің деректері бойынша (2009 жыл), шағын күйзелістік қалалардағы жұмыссыздық деңгейі 47%-ға жеткен. Ондай қалалардың көпшілігінде жұмыссыздық тұрақты болып табылады. Жұмыссыздардың шамасы мен 87% 12 айдан астам жұмыссыз жүреді. Тіпті білікті жұмыскерлер де жұмысқа

орналасу проблемасына тап болуда. Елдегі кедейшілікпен орын алып отырған жоғарыда суреттелген жағдаятты ескере отырып, көптеген адамдар өздері тап болған экономикалық проблемаларды шешу тәсілі ретінде микронесиелер алуға жүгінген. Статистика жөніндегі агенттіктің деректері бойынша, 2008 жылда шамамен 147 000 қарызгер жалпы сомасы 32,4 миллиард теңгеге микронесиелер алған, ал 2009 жылдағы деректер бойынша, 190 000 қарызгер жалпы сомасы 40 миллиард теңгеге микронесиелер алған.

Ресми және бейресми сектордың кәсіпорындары (қалалық, сондай-ақ ауылдық жерлерде), жұмыссыз және кедей үй шаруашылықтары микроқаржылық қызметтердің әлуауегі клиенттері болып табылады. Микроқаржылық қызметтерге сұранысты кеңею үшін қаржылық ресурстарға мұқтаж шағын кәсіпорындардың перспективаларын талдау, сондай-ақ әртүрлі мақсаттарға шағын несиелер алуға талпынатын кедей үй шаруашылықтарының мұқтаждықтарын түсіну арқылы зерделеуге болады. Осы пайымдамаларға сүйене отырып, микроқаржылық қызметтерге сұранысты бағалауға арналған екі модельді тұжырымдауға болады:

1. Өмір сүру деңгейіне негізделген тәсілдеме;
2. Жекеше сектор тәсілдемесі.

Бұл тәсілдемелердің нақты сандарды беруге арналмағанына қарамастан, екі модель де микроқаржылық қызметтерге потенциалды сұранысты бағалауды көздейді. Потенциалды сұраныс нарықты дамыту мүмкіндігі туралы пайымдауға мүмкіндік береді.

Өмір сүру деңгейіне негізделген тәсілдеме.

2-кесте. Микронесиелендіруге сұранысты өмір сүру деңгейіне негізделген тәсілдемеге орай бағалау

Тұрғын дар (барлығы)	Табыстары күш көріс минимумының шамасынан төмен тұрғындардың үлесі	Осал тұрғын дар	Үй шаруашы лықтарының орташа мөлшері	Осал үй шаруашы лықтары	Шағын қаржылан- дыруға сұраныс
A	B	C	F	G	D
16 197 000	11,8%	1 911 246	3,5	546 070	109 214

Ескерту – кесте автормен келесі әдебиет бойынша құрастырылған.

Өмір сүру деңгейіне негізделген тәсілдемені пайдаланған кезде, сұраныс микроқаржылық қызметтерді пайдалануды қалауы неғұрлым ықтимал осал үй шаруашылықтарының 20%-ын айқындау арқылы бағаланады.

Үй шаруашылықтарын талдау бірлігі ретінде пайдалану практикасы кеңінен таралған, өйткені үй шаруашылықтарының жиынтық табысы төлемге жарамдылықты бағалау үшін жиі пайдаланылады.

ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша, 2010 жылдың I қаңтарына ел тұрғындарының саны 16 197 000 адамды құрайды (А). Бізден елдің осал тұрғындарын табу талап етіледі, ол үшін табыстары күн көріс минимумының шамасынан төмен тұрғындардың үлесін айқындау қажет, бұл елдің жалпы халық санынан 11,8% құрайды (В). Сонда, осал тұрғындар (С) төмендегі формула бойынша айқындалады:

$$C = \frac{A * B}{100\%} = \frac{16197000 * 11,8\%}{100\%} = 1911246 \quad (1)$$

Яғни, осал тұрғындар (С), айлық табысты күн көріс минимумының шамасынан (айына 13 073 теңге) төмен халықтың бір бөлігі, 1 911 246 адамды құрайды.

Елдегі үй шаруашылықтарының орташа мөлшері (F) 3,5 құрайттынын ескере отырып, біз осал үй шаруашылықтарын төмендегі формула бойынша табамыз:

$$G = \frac{C}{F} = \frac{1911246}{3,5} = 546070 \quad (2)$$

Сонымен, біз осал үй шаруашылықтарының саны 546 070 құрайттынын есептеп шығардық. Енді осал үй шаруашылықтарының санынан біз олардың қаншасын микроқаржылық қызметтерді пайдалануды қалауы неғұрлым ықтимал екенін табамыз, яғни, осал үй шаруашылықтарының 20%-ын айқындау арқылы микроқаржылық қызметтерге сұранысты айқындаймыз.

$$D = \frac{G * 20\%}{100\%} = \frac{546070 * 20\%}{100\%} = 109214 \quad (3)$$

Яғни, өмір сүру деңгейіне негізделген тәсілдеме бойынша есептеп шығарылған микроқаржылық қызметтерге сұраныс шамамен 110 000 үй шаруашылықтарын құрайды.

Бірақ, МҚҰ тек табыс деңгейі күн көріс деңгейінен төмен үй шаруашылықтарын ғана, сонымен қатар ЕДБ көрсететін дәстүрлі қаржылық қызметтерге қол жеткізу мүмкіндігі шектеулі үй шаруашылықтарының басқа да санаттарын несиелендірумен шұғылданатынын айта кету керек.

Бұл тәсілдемелердің екеуі де нақты сандарды беруге арналмаған, екі модель де микроқаржылық қызметтерге потенциалды сұранысты бағалауды көздейді.

Жақсы, сонымен, күн көріс минимумынан төмен өмір сүру деңгейіне негізделген тәсілдеме бойынша есептеп шығарылған шағын қаржылық қызметтерге сұраныс кем дегенде 109 214 үй шаруашылығын құрайды.

Жекеше сектор тәсілдемесі.

Одан көрі нақты көріністі жеке сектор мен жұмыссыз тұрғындарды қарастыру арқылы алуға болады. Алайда, бұл тәсілдемелердің тек шамалас бағалар алу үшін пайдаланылатынын айта кету керек. Осы тәсілдемеге сәйкес, микроқаржылық қызметтерге потенциалды сұраныс алдымен елдегі жұмыссыз тұрғындардың сипаттамаларын, ал содан кейін шағын және орта бизнес кәсіпорындарының санын қарастыру арқылы бағаланады. Бұдан әрідегі бағалар ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің 2009 жыл бойынша деректеріне негізделген. Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі 6,5%-ды құрады, абсолюттік түрде бұл 552 700 адамды құрайды, оның ішінде 42,7% ер адамдар және 57,3% әйелдер.

Жұмыссыздардың жас шамасына қарай бөлінуі жұмыссыздардың жартысы дерлік кәсіпкерлік қызмет үшін қолайлы жаста екенін көрсетеді. Жоғарғы білімі, аяқталмаған жоғарғы және кәсіптік-техникалық білімі бар адамдар жұмыссыз еркектердің 18%-ын және жұмыссыз әйелдердің 29%-ын құрайды.

Азиялық дамыту банкі жүргізген зерттеу Қазақстанда жұмыссыздардың жеке-ше үй жанында телімдегі жұмыс және шағын сауда кәсібі секілді әртүрлі бейресми қызмет түрлерінде қамтылғанын көрсетті. Жұмыссыздардың еңбекақылары үй

жанындағы телімдерден (26%), ұсақ саудадан (24%), уақытша жұмыстан (22%), туған-туыстардың сыйлықтарынан (16%), жеке мүлкін сатудан (6%), жалгерліктен (3%), сондай-ақ қайыршылықтан және заңсыз қызметтен (2%) түскен табыстардан құралады [6].

Шағын және орташа кәсіпорындардың басқарушыларының жетекшілерінің әлеуметтік сипаттамасы жұмыссыздардың шағын кәсіпкерлер ретіндегі әлеуеттілігін айқындауға көмектесе алады. 41-50 жастағы еркектер мен әйелдер шағын және орташа кәсіпорындардың басшыларының 30-40%-ын құрайды, олардан кейін 31-40 жастағы адамдар келеді. Шағын және орташа кәсіпорындардың басшыларының 65%-ының жоғарғы білімі, 25%-ының аяқталмаған жоғарғы не-месе орта білімі бар. Шағын және орташа кәсіпорындардың басшылары ретінде еркектер мен әйелдердің арасындағы білім деңгейіндегі айырмашылықтар елеусіз болған. Кәсіпкерлер нарыққа шықпастан бұрын, олардың кәсіби мәртебесі едәуір жоғары болған. Олардың жартысына жуығы, 45,5% - бұрын басшы лауазымдарда жұмыс істеген, 22,5% бұрын мамандар болған. Басқаша айтқанда, кәсіпкерлер негізінен барлық деңгейлердегі басшылар мен көшбасылардан шығады. Бұл деректер сондай-ақ кәсіпкерлердің басым бөлігі жоғары білімі бар адамдар болып табылатынын көрсетеді.

Бағаларға сәйкес, жұмыссыздардың шамамен 20%-ы кәсіпкерлік қызметті табысты бастау үшін объективті алғышарттарға (жас шамасы, білімі, жұмыс тәжірибесі) бар. Олар өздерінің кәсібін қаржылық ресурстардың жеткіліксіздігі немесе жоқшылығы жағдайларында бастауға мәжбүр болғандықтан, оларға микроқаржылық ұйымдардың тарапынан көмек қажет болуы әбден ықтимал. Кәсіпкерлік машыктар мен білімдердің (менеджмент, маркетинг, жоспарлау және т.б.) жоқтығы секілді факторлар микроқаржылық қызметтердің потенциалды клиенттерінің санын азайтуы мүмкін. Аталған факторлардың теріс ықпалын кәсіпкерлер үшін білім беру, акпараттық және кеңесшілік қызметтер құру арқылы, сондай-ақ жаңа кәсіпорындардың ашылуына ықпалдасатын қаржылық ұйымдар құру арқылы қайтаруға болады.

Сөйтіп, жұмыссыздардың санынан 20%-ды айқындап, біз микронесиелендіру қызметтеріне потенциалды клиенттерді табамыз.

$$D_u = \frac{U_n * 20\%}{100\%} \quad (4)$$

D_u - жұмыссыз тұрғындар бойынша сұраныс;

U_n - жұмыссыздар саны.

Сонымен, жұмыссыздардың саны 552 700 адамды құрайтынын білеміз, ал ол санның 20%-ы - 110 540 адам.

$$D_u = \frac{552700 * 20\%}{100\%} = 110540 \quad (5)$$

D_u - жұмыссыз тұрғындар бойынша сұраныс.

Жеке кәсіпкерлер шағын несиелендірудің нысаналы клиенттерінің басқа бір санаты болып табылады. 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, Қазақстанда 601 057 жеке кәсіпкерлер (ЖК) тіркелген. Соның ішінде жұмыс істейтіндері 454 959. Барлық жеке кәсіпкерлердің 40%-ға жуығы (240 423 адам) саудамен, басқалары ауыл шаруашылығымен (238 938) және басқа қызметтермен (121 696

адам) айналысады. Аймақтық перспективада Оңтүстік Қазақстан облысында 126 222 ЖК (21%), 84 148 мың адам Алматы облысында (14%) және 66 116 адам мен 42 074 мың адам (немесе 11% және 7%) тиісінше Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында тіркелген. Орташа бағаларға сүйенгенде, микроқаржылық қызметтерге потенциалды сұраныс жұмыс істейтін ЖК үшін 20 пайыздық шектік мәнді пайдалану арқылы есептеп шығарылады.

$$D_{жк} = \frac{E * 20\%}{100\%} \quad (6)$$

$D_{жк}$ - ЖК бойынша сұраныс;

E - белсенді ЖК саны.

Осы есепке сәйкес, 90 992 ЖК шағын қаржыландырудың потенциалды клиенттері болып табылады.

$$D_{жк} = \frac{454959 * 20\%}{100\%} = 90992 \quad (7)$$

$D_{жк}$ - ЖК бойынша сұраныс.

«Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» Заңға сәйкес, шағын кәсіпкерлік субъектілері жеке кәсіпкерлер мен 10 адамнан аспайтын жұмыскерлері бар заңды тұлғалар болып табылады. 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, жұмыскерлерінің саны кем дегенде 10 адам кәсіпорындардың жалпы саны 827 816, немесе жұмыс істейтін 985 496 шағын және орташа кәсіпорындардың жалпы санынан 84%-ды құрайды. Саудамен және құрылыспен айналысатын шағын кәсіпорындар жалпы шағын кәсіпорындардың санынан 61%-ға жуығын құрайды. Шағын кәсіпорындар шектеулі бастапқы капиталға ие және олардың жағдайында қарыз қаражаттарымен жұмыс істеу артық болатын жоғары инфляция деңгейі секілді нарықтық проблемаларға тап болады.

Бұл пайымдама кәсіпорындардың жоғары капитал айналымы және айналымдық капиталының жоғары үлесі бар сауда және құрылыс секторы үшін әсіресе дұрыс келеді. Сонымен, кәсіпорының көлеміне, белгілі бір секторға тиесілігіне және сырттан қаржыландыруға қажеттілігіне орай, шағын кәсіпорындардың тарапынан сұраныс тиісінше болмақ.

$$D_{шк} = \frac{Z * 20\%}{100\%} \quad (8)$$

$D_{шк}$ - Шағын кәсіпорындар бойынша сұраныс;

Z - Жұмыс істейтін шағын кәсіпорындардың саны.

20% мөлшерінде орташа бағаларды қолданғанда, шағын қаржыландырудың әлуаттегі клиенттері кем дегенде 165 563 құрайды.

$$D_{шк} = \frac{985496 * 20\%}{100\%} = 165563 \quad (9)$$

$D_{шк}$ - Шағын кәсіпорындар бойынша сұраныс.

Ақыр соңында, шағын және орташа кәсіпорындардың бухгалтерлік есепте-мелерін бағалаудың негізінде кәсіпорындардың несиелерге, соның ішінде қысқа мерзімді несиелерге сұранысын бағалауға болады. Бұл деректердің шағын және орташа кәсіпорындардың барлығына қолданылатынына қарамастан, талдаудың

нәтижелері шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін де жарайды. Айналымдық капиталды сырттан қаржыландыруға қажеттілік шағын кәсіпорындарда тіпті жоғары, және оларда қаржылық қызметтерге қатынау мүмкіндігі аз.

Жалпы алғанда, шағын және орташа кәсіпорындардың бухгалтерлік есептеріне сәйкес, айналымдық капиталдың 18%-ы әлеуметтік капиталдан және 72%-ы несиелік қаражаттардың есебінен келіп түседі. Шағын және орташа кәсіпорындардың айналымдық капиталы негізінен ресми қаржы нарығында бар несиелік құралдардың (яғни, банктердің, несиелік серіктестіктер мен кооперативтердің) есебінен, сондай-ақ өсімқорлардың қаражаттарының есебінен қаржыландырылады. Соңғылары ресми есеп-қисаптан көрініс таппайды.

3-кесте. Микронесиелендіруге сұраныс – жеке сектордың тәсілдемесі [1,5]

Шағын қаржыландырудың клиенттері	Шағын несиелендіру қызметтеріне сұраныс (әлеуметтік клиенттер)	Несиелердің орташа мөлшері (тенге)	Шағын қаржыландыру қызметтеріне сұраныс (тенге)
Жұмыссыздар	110 540	150 000	16 581 000 000
Жеке кәсіпкерлер	90 992	600 000	54 592 200 000
Шағын кәсіпорындар	165 563	800 000	132 450 400 000
Барлығы:	367 095		203 623 600 000

Нарық шағын және орташа кәсіпорындардың сырттан қаржыландыруға қажеттіліктерін қанағаттандырмайды. Шағын және орташа кәсіпорындардың 40%-ға жуығы айналымдық капиталдың жетіспеушілігін өз қызметінің негізгі проблемасы деп санайды. Бұл проблеманың масштабы уақыт өте келе қысқарған жоқ. Бұл проблеманы ресми шешу және кәсіпкерлерді бейресми нарықтың қызметтеріне жүгінуге мәжбүрлеу үшін, айналымдық капиталды қаржыландыру үшін шағын және қысқа мерзімді несиелер беретін қаржылық мекемелердің желісін, немесе, басқаша айтқанда, шағын қаржылық ұйымдардың желісін құру қажет.

Ресми статистиканың және «Бейресми» есеп-қисаптың негізінде шағын және орташа кәсіпорындардың тек 30-35%-ы несиелер алмай жұмыс істейді деген тұжырым жасауға болады. Басқа кәсіпкерлер үшін басым бағыт сырттан қаржыландыруды тартудан тұрады. Бұл мәселе ірі кәсіпорындармен салыстырғанда, шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін одан сайын өрісіп тұр.

Микронесиелендіру саласындағы ұсынысты бағалау күрделі міндет болып табылады. Елде саны 1919-дан артық микроқаржылық ұйымдардың бар екені туралы ресми деректер ұсыныстың нақты деңгейі туралы тек жалпы ұғым береді. Тіркелген микроқаржылық ұйымдардың барлығы бірдей қазір жұмыс істеп жатқан жоқ, олардың көпшілігі клиенттерінің саны шамалы шағын отбасылық кәсіпорындар болып табылады. Одан әріде есептемеде микроқаржылық ұйымдарды іріктемелік тексеру деректеріне негізделген Қазақстандағы микроқаржылық ұйымдарға қысқаша шолу жасалады.

Үш деңгейлі несиелендіру моделіне сәйкес, Қазақстанда мекемелердің төрт түріне микроқаржылық қызметтер көрсетуге рұқсат етіледі, олар:

1. Екінші деңгейдің банктері;
2. Банк болып табылмайтын қаржылық ұйымдар;
3. Несиелік серіктестіктер;
4. Микронесиелік ұйымдар (МНҰ).

Екінші деңгейдің банктері.

2005 жылғы 31 қаңтардағы жағдай бойынша, екінші деңгейдің банктерінде үлкен сомаға – 52,4 миллион АҚШ долларына шамамен 28 450 белсенді шағын несиелік шоттар тіркелген. Несиелердің орташа мөлшері 1650 АҚШ долларынан 2400 АҚШ долларына дейін құбылады, бұл орайда оның жағдайында несиелердің орташа мөлшері тиісінше жан басына ЖІӨ көлемінен 61% - 88% құрайтын жақсы қамтылу тереңдігіне қол жеткен. Екінші деңгейдің 7 банкі (тізімі төмендегі кестеде берілген) ЕҚДБ несиелік желілерін пайдаланады. Сонымен қатар, Қазкоммерцбанк және Қазақстанның Халық банкі шағын және орташа кәсіпорындарға қолдау көрсету үшін, Kreditanstalt für Wiederaufbau (Германия) несиелік желісін пайдаланады.

Кейбір ҰЕҰ – МҚҰ банкке айналудың артықшылықтарының экономикалық негізділігіне талдау жүргізді. Алайда, жарғылық капиталға өте қатал талаптар тіпті неғұрлым табысты шағын қаржылық ұйымдар үшін осы мүмкіншілікті шектеді.

4-кесте. Коммерциялық банктердің шағын несиелік қоржыны [7]

	Белсенді несиелік шоттар	Несиелердің сомалары (АҚШ доллары)	Несиелің орташа мөлшері (АҚШ доллары)
АТФ БАНК	3 126	6 433 245	2 058
Центркредит банк	3 408	5 639 366	1 655
Қазкоммерцбанк	5 448	10 102 944	1 854
Халық банкі	7 226	13 709 060	1 896
Темірбанк	1 809	3 486 194	1 927
ТуранӘлем банк	7 188	12 465 034	1 734
Цеснабанк	237	567 804	2 396
Барлығы:	28 442	52 397 647	1 842

Жеті коммерциялық банк ЕҚДБ тарапынан несиелік желілерді шағын қаржылық несиелендіру үшін пайдаланды. Қазкоммерцбанк немістің KfW дамыту банкінен ШОБ несиелендіру үшін несиелік желі алды. Ол несиелерлермен қатар, Каспий банк және АТФ Банк те сондай-ақ ЕҚДБ тарапынан қолдауға ие болды.

Осы есептеме үшін 2008 жылдың сәуір айында алты коммерциялық банк-ке жүргізілген шолу шағын несиелердің коммерциялық банктердің несиелік портфельдерінің орта есеппен 0.2%-ын құрайтынын анықтады. Сөйтсе, коммерциялық банктерге шағын кәсіпорындар мен олардың несиелерінің мәртебесін қадағалау қиынға соғатын көрінеді және олардың микронесиелен-

діруге мүдделілігі барған сайын төмендеуде. Ол банктердің шағын несиелік бағдарламаларының шарттары төмендегідей:

- номиналды пайыздық мөлшерлемелер 25%-дан 30%-ға дейін;
- комиссия несие сомасының 2%-ынан 5%-ына дейін;
- сұратылатын кепілзат көлік құралдары, айналымдағы тауарлар, жеке меншік, сатып алынатын тауарлар немесе жылжымайтын мүлік нысанында. Кепілзатсыз несиелер үшінші тараптың кепілдігімен қамтамасыз етілген болуға тиіс.

2008 жылғы ақпан айындағы соңғы деректер бойынша, екінші деңгейдің банктіндегі шағын несиелік қарызгерлердің саны \$120 миллион жалпы алыс-беріс сомасына шамамен 18 500 құраған.

Банк болып табылмайтын қаржылық мекемелер.


Банк болып табылмайтын қаржылық мекемелер – ҚР Ұлттық банкінен несиелік операциялар жүргізуге лицензия алған заңды тұлғалар. 2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша, Қазақстанда 48 банк болып табылмайтын қаржылық мекемелер бар. Азиялық несие қоры (АНҚ) секілді ең ірі МҚҰ несиелер беруге лицензия алған. Алайда, банк болып табылмайтын қаржылық мекемелерге айналудың артықшылықтары бұрынғысынан бұлыңғыр, бұл шағын қаржылық ұйымға нақты стратегиялар әзірлеуге мүмкіндік бермейді.

Несиелік серіктестіктер.

Бүкіл әлемде несиелік одақтар ретінде танылған несиелік серіктестіктер (НС) жеке және заңды тұлғалар серіктестіктің мүшелеріне несиелер мен басқа да қаржылық қызметтер беру үшін құратын заңды тұлғалар болып табылады. 2009 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша, Қазақстанда 89 банк несиелік серіктестік тіркелген.

Микронесиелік ұйымдар.

Микронесиелік ұйымдар 8 мың АЕК жоғары емес сомаға шағын несиелер беретін заңды тұлғалар болып табылады. МНҰ коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар болуы мүмкін.




1-сурет. Қазақстанда микронесиелік ұйымдардың даму динамикасы

Қолданыстағы реттеушілік стандарттарға сәйкес, МНҰ орталық банктен реттелмейді, қайта Статистика жөніндегі мемлекеттік агенттікпен реттеледі.

5-кесте. Қазақстандағы МНҰ саны [1]

	2005	2006	2007	2008	2009	2010
Тіркелген МНҰ саны, бірлік	177	356	745	1 086	1 317	1 712
соның ішінде жұмыс істейтін МНҰ, бірлік	159	354	697	948	1 088	1 375

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, Қазақстанда 1 712 МНҰ тіркелген, оның ішінде жұмыс істейтіндері 1 375 (80%). Жұмыс істейтін МНҰ арасында тек 15–20 ұйымның 10 адамнан асатын жұмыскерлері бар, ал қалғандары болса, кем дегенде 5 жұмыскерден ұстайды. Тіркелген МНҰ санының жаңа заң күшіне кіргеннен кейін өсу қарқыны айтарлықтай.




2-сурет. Берілген микронесиелер саны

Елде микронесиелендіру нарығы құрылған уақыттан бері өздерін таныта білген МНҰ жұмысын жалғастыруда. Сонымен қатар, Статистика жөніндегі агенттіктің деректері бойынша, осы жылдың 1 қаңтарындағы жағдайы бойынша, өткен жылмен салыстырғанда жаңа МНҰ саны өткен - 1712 бірлік (өсім - 20 бірлік). Ал бұрыннан жұмыс істеп келе жатқандарының саны керісінше, 22 бірлікке қысқарып, 1375 бірлікті құрады. Мұның тек банктердің ғана емес, сонымен қатар МНҰ позицияларын шайқалтқан дағдарыстың нәтижесі болғанын түсіну қиын емес. (5-кесте)

Оның үстіне заң бойынша жаңа МНҰ құру онша қиын емес екенін ескеру керек. Құрылатын микронесиелік ұйымның жарғылық капиталының және барлық қатысушыларының салымдарының минималды мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржылық жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің мың еселік мөлшерінен кем болмауға тиіс. 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 1 АЕК 1413 теңгеге тең.

Статистика агенттігінің деректерімен таныстыруда жалғастыра отырып, несиелік ұйымдардың саны бойынша бірінші орын ОҚО тиесілі (299) екенін айта кетейік, оған кейін Алматы (261) және СҚО (254) тұр. (Қосымша Ә)



3-сурет. Берілген микронесиелер көлемі (млрд. тенге)

Бірақ бір қызығы, аймақтар бойынша берілген несиелердің саны аймақтардағы МНҰ санынан біршама өзгешеленеді. Мәселен, ОҚО 2008-2009 жылдарда аталған көрсеткіш бойынша көшбасылардан көш артта тұрды. Оның есесіне ШҚО 2008 жылы 2-ші жолақта тұрды (бірақ, МНҰ саны бойынша «ондықтың» құйрығында болды) және 2009 жылы году переместилась берілген 39,2 мың несиелемен бір жолаққа төменге ауысты. Соңғы екі жылда бірінші орынды Алматы алып отыр – 2008 жылғы 57 мың және 2009 жылғы 54 мың.

Жалпы Қазақстан бойынша, егер 2007 жылғы 336 мың несиеле берілген болса, онда 2008 жылғы көлемі 171 мыңға дейін күрт қысқарды, 2009 жылғы шағын өсу байқалады - 190 мың несиеле. (Сурет. Берілген несиелердің көлемі 2007

Және де ақыр соңында, Қазақстан бойынша берілген несиелердің көлемі 2007 жылғы 56,1 миллиард теңгені, 2008 жылғы - 32,4 миллиард теңгегі, 2009 жылғы - 37,6 миллиард теңгені құрады.


ҚШНҰҚ 2008 жылдың қаңтарындағы жағдай бойынша деректері ҚШНҰҚ мүшелерінің 126,5 миллион АҚШ доллары сомасына белсенді несиелік портфельге ие бола отырып, 41 653 клиентке қызмет көрсететін куәландырады. ҚШНҰҚ мүшелерінің Қазақстанда микроқаржылық қызметтер көрсететін ұйымдардың толық тізімі болып табылатынына қарамастан, олардың қызметінің талдамасы Қазақстандағы бүкіл микроқаржылық сектор үшін үлгілі болып табылады [4].

6-кесте. 2007 жылдың соңындағы шағын несиелендіруге шолу [8]

Шағын несиелендіру көзі	Белсенді несиелер (теңге)	Қарызгерлердің саны	Несиедің орташа мөлшері
ЕДБ	18 000 000 000	18 500	972 973
ҚШНҰҚ алдында есеп бермейтін ШҚҰ	18 975 000 000	41 700	455 036
ҚШНҰҚ алдында есеп беретін ШҚҰ	6 675 000 000	33 000	202 273
Шағын несиелендірумен айналысатындар барлығы	43 650 000 000	93 200	468 348

Сұраныс пен ұсыныстың сәйкестіктері.

Микроқаржылық нарықтағы сұраныс пен ұсынысқа жасалған талдауды ескере отырып, Қазақстанда микроқаржыландыру қызметтеріне сұраныстың ұсыныстан айтарлықтай асып түсетіні айқын көрінеді. Микроқаржылық қызметтерге сұраныс 367 095 клиенттің шектерінде бағаланады, ал микроқаржылық нарықтың жалпы көлемі 203 623 600 000 теңгеден асып түсуі мүмкін. Алайда, тұрғындарды микроқаржылық қызметтермен қамту деңгейі бұл цифрлардан оп-онай асып түсе алады, өйткені халықтың екі миллионнан астам осал топтары Қазақстанда микроқаржылық қызметтерге қол жеткізу мүмкіндігінің болуынан пайда ала алады.



4-сурет. Сұраныс пен ұсыныстың сәйкестігі

Бүгінгі күнге дейін орын алған ұсыныс несиелерге сұранысты толық қанағаттандырмай келді. ҚШНҰҚ мүшелері 2008 жылдың қаңтарындағы деректер бойынша өздерінің 6 675 000 000 теңге сомаға шамамен 33 000 клиентке қызмет көрсететіндері жайында мәлімдейді. Коммерциялық банктер 18 000 000 000 теңге сомаға шамамен 18 500 клиентке қызмет көрсетеді. Банк болып табылмайтын қаржылық мекемелер мен несиелік серіктестіктер бойынша егжей-тегжейлі деректердің жоқтығына қарамастан, ҚШНҰҚ 2008 жылдың қаңтарындағы деректері бойынша, МҚҰ бойынша ҚШНҰҚ алдында есеп бермейтін қарызгерлердің саны 18 975 000 000 теңге сомаға 41 700 құрады. Қорытындысында Қазақстан Республикасында шағын несиелендіру қызметтеріне ұсыныс 43 650 000 000 теңге сомаға 93 200 клиентті құрайды.

Яғни, 7-ші суреттен шағын несиелендіруге мұқтаж адамдардың саны шамамен 367 100, ал шағын несиеле алатындар шамамен 93 200 екенін көреміз. Яғни, микронесиелеге мұқтаж, бірақ оны ала алмайтын адамдардың саны 273 800 адам. Сондай-ақ сұраныс ұсыныстан 4 есе дерлік асып түседі деуге болады.

Көріп отырғанымыздай, микронесиелендіру қызметтеріне сұраныс теңдеде 203,6 миллиард теңгеге жуықты, ал ұсыныс 43,6 миллиард теңгеге жуықты құрайды. Яғни, тағы да сұраныс ұсыныстан жоғары. Сұранысты қанағаттандыру

үшін жетіспейтін сома шамамен 160 миллиард теңге. Сұраныс ұсыныстан 4,7 есе дерлік асады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі Агенттігінің ресми сайты: www.stat.kz
2. Азия елдерінің даму перспективалары. Азиялық дамыту Банкі 2004 жыл.
3. Пиарс Дуг. Устойчивость, потенциал и охват населения в микрофинансировании: связи между банками и МФО. Подготовлен для конференции «Расширение доступа к микрофинансированию в Центральной Азии». – Алматы, апрель 2003 г.
4. Анализ деятельности микрокредитных организаций и развитие концепции расширения доступа микрофинансовых организаций к финансовым ресурсам. Анализ и разработка показателей мониторинга микрокредитования в Казахстане. Промежуточный отчет, подготовлен компанией ТЕНИР, 2003.
5. Microfinance Information Exchange. Орталық Азиядағы үздік көрсеткіштер туралы есеп. MIX, Вашингтон, 2006 және 2010 жылдар. Шағын қалалар. Азиялық дамыту Банкінің зерттеуі. – 2008 жыл.
6. UNDP, «Қазақстандағы шағын қаржыландыру». – 2005 жыл.
7. Казахстан: Микрофинансирование и финансовый сектор. Диагностическое исследование. – Апрель 2008 г.
8. ПРООН в Казахстане. Бедность в Казахстане: причины и пути её преодоления. – Алматы, 2004.
9. Стратегия развития деятельности АО «Фонд развития предпринимательства «Даму»» на 2009-2013 годы. – Алматы, 2009. С. 103.
10. Послание Президента РК Н.А. Назарбаева «Рост благосостояния граждан Казахстана – главная цель государственной политики». – Астана, февраль 2008 г. // www.akorda.kz

Электрондық бизнесті мемлекеттік реттеу

Қарлығаш БАЙШОЛАНОВА,

Т. Рысқұлов атындағы ҚазҰУ-дың доценті, экономика ғылымдарының кандидаты

Электрондық бизнесті мемлекеттік реттеуде, яғни ақпараттық технологияларды қолдауға байланысты қоғамдық және экономикалық қатынастарды реттеп және ынталандырып отыруда нормативті база мен құқықтылықты қолдану, оны дамытудың ең маңызды факторларының біріне жатады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы революциялық өзгерістер тек аздаған елдердің өнеркәсіп және қызмет көрсету секторларына ғана емес, ол бүкіл әлем елдеріне де үлкен өзгерістер алып келді. Оған тауарлар және қызмет көрсетулер құнының төмендеуі, өндірушілер мен түпкі тұтынушылар арасындағы географиялық қашықтықтың қысқаруы, тұтынушылардың сұранысына тауарды жеткізіп берушілердің аса жоғары ынталары дәлел болып отыр. Мемлекеттің қоғамдық өмірінің жан-жақты барлық салаларына еніп келе жатқан ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, орталық немесе жергілікті үкіметтің және мемлекеттік биліктің басқа да салаларының қызметтерін ұйымдастыруда айтарлықтай әсерін тигізді. Бұл бағыттағы жұмыстар дамушы елдерде қабылданған ұлттық жобалардан бастап, «Үлкен сегіздік» елдеріндегі ғаламдық ақпараттық қоғамды тұрғызу бағдарламасына дейін, әлемнің барлық елдерінде әр түрлі деңгейде жүргізілуде.

Мысалы, АҚШ мен Ұлыбританияда электрондық мемлекеттік қызмет туралы жұмыстар, мемлекеттің өз азаматтары алдында есеп берулерін қарастыратындай етіп жүргізіледі. Есеп берулер нақты мемлекеттік ұйымдардың атқарып жатқан жұмыстарының кешендік көрсеткіштерін ашық түрде бейнеленіп, ел тұрғындары осы көрсеткіштер мониторингінен хабардар бола алады. Сөйтіп, шынайы тұрғыда, осындай жүйені тұрғызу мемлекеттік ұйымдардың атқарып жатқан жұмыстарын азаматтардың өз бетінше бағалауына мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологиялардың жетістіктері және оларды экономикалық өмірдің барлық салаларында қолдану, мемлекеттік реттеудің жаңа құралдарының пайда болуына алып келді. Қазіргі сәтте, әлемдік практикада ақпараттық технологиялардың дамуы арқылы азаматтардың, бизнеспен айналысушы компаниялардың және мемлекеттің құқықтарын қорғаудың кепілдіктерін қалыптастыру мәселелерінде мемлекеттік реттеу шаралары баяу болса да, табысты түрде жүзеге асырылуда. Осыған байланысты, мемлекеттегі азаматтардың ақпараттық теңсіздігін жоюға бағытталған негізгі күштер, қазіргі кезде бар виртуалдық сферада атқарылуы тиіс.

Бұл құбылыс әсіресе бизнес институттарына қатысты, яғни көпшілік тұрғындар арасында Интернетке қосылған желілердің кең ауқымда таратылып, жаңалықтар мен әр түрлі деректерден хабардар болып отыруларына септігін тигізеді [1].

Шындығында да, электрондық бизнес ақпараттық теңсіздікті жоюдағы негізгі субъектіге жағады. Дегенмен, ол мемлекеттің саясатына бағынышты ұлттық жағдайлардан да тәуелді. Бүкіл әлем бойынша соңғы онжылдықтарда, нарықтық қатынастары дамыған мемлекеттердің саясаты ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдауға және оны дамытуға бағытталды. Ол үшін ақпараттық технологияларды мемлекеттік, кәсіпкерлік және азаматтардың жеке өмірлерінде қолдауға байланысты заңдар мен әртүрлі нормативтік актілер қабылданды.

Ақпарат көздерін жинақтауда, алмастыруда және оны пайдалануда дамыған байланыс инфрақұрылымдарын тұрғызудың артықшылықтарының айқайығы сонда, мемлекеттің ақпараттық желілерді белсенді түрде қолдануға арналған арнайы шараларды қабылдауларына алып келді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасында:

- 2004 жылдың 10 карашасындағы №1471 «Қазақстан Республикасында 2005–2007 жылдардағы «электрондық үкіметті» қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы [2];

- Қазақстан Республикасының Конституциясы және 1998 жылдың 26 маусымындағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі», 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электрондық құжат және электрондық сандық қол таңба туралы», 2003 жылдың 8 мамырындағы «Ақпараттандыру туралы» заңдары мен 2006 жылдың 18 тамызындағы №163 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мақұлданған 2006–2009 жылдардағы Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігін дамыту Концепциясы негіздерінде өңделген 2006 жылдың 10 қазанындағы №199 «Қазақстан Республикасындағы ақпараттық қауіпсіздіктің концепциясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы;

- Қазақстандағы тұрғындардың компьютерлік сауатсыздықтары мен Интернет желісін қолдану деңгейлерін 20 пайызға төмендету мақсатын көздеген 2006 жылдың 13 қазанындағы № 995 «2007–2009 жылдардағы Қазақстан Республикасының ақпараттық теңсіздікті төмендету бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекетінің қарары;

- 2007 жылдың 10 қыркүйегінен күшіне енген № 786 Қазақстан Республикасындағы электрондық сауданы жүргізу Ережесі [3];

- мақсаты Казнет біртұтас ақпараттық кеңістігін дамыту болып табылатын 2008 жылдың 17 сәуіріндегі № 358 «2008–2012 жылдардағы Интернет желісінің қазақстандық сегментіндегі біртұтас ақпараттық кеңістігін (Казнет) қалыптастыру және дамыту Концепциясы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарары жарық көрді.

Қазақстан Республикасында электрондық сауда жүргізу Ережесі бойынша Қазақстан Республикасының 20 заңнамаларына сәйкес, мемлекеттік сатып алулар мен сондай-ақ, тек «Құнды қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 20 заңнамаларымен реттелінетін сауданы ұйымдастырушы жақтың алаңында жасалатын мәмілелерге (қор биржасы, биржадан тыс құнды қағаздар нарығында баға белгілеуді ұйымдастыру) қатысы жоқ, электрондық сауданы жүргізудің тәртіптері анықталды [3].

Ережелердің басты талаптарының бірі – электрондық сауданың ұлттық жүйесінің құқықтық базасын қалыптастырып және оны жүзеге асырудың реттерін анықтау болды.

Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендету бағдарламасы бойынша, ақпараттық немесе сандық теңсіздіктің маңызды құрамасына Республика азаматтарының виртуальді кеңістіктегі өмірге дайындықтары жатса, «ақпараттық дайын болып үлгермегендер» өздері Интернет желісі арқалы қажетті білім негіздерін үйреніп, дағыланулары тиіс болды.

Қазақстан Республикасының ақпараттандыру және байланыс Агенттігінің Төрағасының 2009 жылдың 8 сәуіріндегі № 166 бұйрығы бойынша «электрондық үкімет» сәулеті бойынша Сараптамалық кеңес туралы Ережесі бекітілді. Бұл сараптама кеңесі «электрондық үкімет» сәулетін дамыту бойынша функцияларды орындаудағы кеңес беру-кеңесу жұмыстарын жүргізетін ұйымға айналды.

Электрондық қоғамның қызмет ету сферасында Қазақстан Республикасының алдыңғы позицияда болуының басты себебі, мемлекеттің ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қоғам өмірі мен ел экономикасын дамытудағы басымдылықтарын және халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін мойындағандығында болып отыр.

Республика көлемінде электрондық мемлекеттік қызметті қалыптастыру нәтижесі экономикалық субъектілер арасындағы өзара электрондық қатынастарды реттеу функцияларын орындауларына мүмкіндік берді.

Осыған байланысты, қазіргі уақытта Республикада:

- мемлекеттік мұқтаждықтарды өтеуге арналған тауарлар және қызмет көрсету түрлерін жеткізудегі электрондық сауда бәйгелеріне, электрондық саудаға;

- тұрғындардың үкіметтік және әкімшілік ақпараттан хабардар болып отыруларына;

- электрондық төлем жүйелерін қолдануға;

- тұрғындарға республика көлеміндегі статистикалық ақпаратты ұсынуға;

- үкіметтік веб-сайттар арқылы ресми құжаттарды алуға;

- білім беру үрдісінде желілік технологияларды қолдануға аса назар аударылып, олар өз шешімдерін табуда.

Электрондық үкіметті қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану арқылы азаматтарды жылдам және сапалы мемлекеттік қызмет көрсетулермен қамтамасыз етіп, әрі мемлекеттік ұйымдардың тиімді қызмет атқаруын мақсат етіп отыр.

Қазақстанда электрондық үкіметті ендіру Стратегиясы келесі 4 кезеңнен:

- ақпараттық;

- интерактивтік;

- транзакциялық;

- ақпараттық қоғамды аяқтаушы кезеңдерден құралды [4].

Электрондық үкіметтің қызмет етуі, мемлекеттік басқаруды барынша онтайландыруды, әрі ішкі және сыртқы коммуникациялық байланыстарды дамытуды мақсат ете отырып, мемлекеттік институттардың ел азаматтарымен және өзара интерактивті тәртіпте байланысып отыруларына мүмкіндік берді.

Мемлекеттік ақпарат жүйесінің қызмет етуі республика азаматтарына компьютер маңынан алысқа ұзамай-ақ, төлем және басқа да интерактивті амалдар жасауды қарастырады. Сөйтіп, мемлекеттік басқарудың тиімділігі артып, ондағы атқарылып жатқан жан-жақты іс-шаралардың да тазалығы көрініп отырады. Тұрғындар болса, билік ұйымдарына виртуальді түрде ене алады.

Соңғы уақыттарда Интернет желісі арқылы мемлекеттің барлық өкілдіктері Интернет желісі арқылы халыққа электрондық қызмет түрлерін көрсетуде. Сол үшін олардың Республиканың қоғамдық орындарында орналасқан жарты мыңға жуық терминалдары орнатылып, үкіметтік ұйым қызметкерлерімен, ешкімнің қатынасуынсыз, тікелей жеке байланыстар орната алады.

Дегенмен, Қазақстанда іс жүзінде қазір электрондық бизнеске қатынасушылардың Интернет желісіндегі өзара қатынастарының нормаларын тағайындайтын толыққанды заң түрі жоқ десе де болады. Яғни, Интернетті мемлекеттік тұрғыда толықтай реттеу мүмкіндігі болмай отыр. Осынан орай, ғаламдандудың қазіргі жағдайларында электрондық бизнесті реттеудегі мемлекеттің атқаратын қызметінің маңыздылығы мен өзектілігіне:

- жеке және мемлекеттік кәсіпкерлікке қатынасулар арқылы электрондық нарықтың дамуын кеңейтуді;
- электрондық төлем жабдықтарын ұйымдастырып және олардың айналымдарын бақылауды;
- электрондық бизнестегі тауарларға қатысты салықтар мен кедендік баж салығын телеудегі мәселелерді шешуді;
- электрондық бизнес субъектілері арасындағы электрондық арақатынастарды Интернет және электрондық пошта байланыстары арқылы дамытуды;
- электрондық бизнесте зияткерлік меншік құқығын қорғауды;
- электрондық бизнесті дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларды өңдеп, оларды жүзеге асыруды атап айтуға болады.

Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта электрондық бизнесті мемлекеттік тұрғыда реттеу шараларының, заңнамаларының болмауы бизнестің инновациялық бағыттағы осы түрінің республика шеңберінде дамына тосқауыл болып отырған басты кедергілердің бірі.

Сонымен қатар, бизнестің осы жаңа түрі қарқындап жүзеге асырыла бастаса, электрондық бизнесті ендіру технологиясы республика компанияларының көлікке, тауар жеткізуге және тағы да басқаларға кететін шығындарын қысқартып, әрі болашақтағы жаңа қаржы көздерін көбейтіп, едәуір салық түсімдерін алып келетіні мәлім. Сондықтан, мемлекеттік және заңнамалық билік өкілдері соңғы кездерде электрондық бизнесті реттеу мәселелерін шешуді алға қоюда. Ал эзірше, Республика аймағындағы электрондық мәмілелер Қазақстан Республикасының электрондық сауда Ережесіне сәйкес жүргізілуде.

Электрондық бизнес секторының дамуын мемлекеттік қолдау - электрондық сауданы дамытып, экономикалық субъектілердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды күнделікті қолдануларына мүмкіндіктер жасауы болып отыр.

Электрондық бизнес пен электрондық сауданың дамуын ынталандыру саясатының негізгі талаптарына:

- нормативтік-құқықтық базаларды жетілдіру;
- ақпараттық қауіпсіздікті қорғауды күшейту;
- инвестициялар көзін тарту;
- ұлттық экономикалық агенттердің шетелдік серіктестермен ынтымақтастықтарын күшейту;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялары қолдану арқылы отандық тауарларды өткізуі және қызмет көрсету түрлерін көтермелеу есебінен шағын және орта кәсіпорындардың экспорттық потенциалын дамыту;

- виртуальді компаниялардың пайда болуын және қызмет етулерін ынталандыру;

- электрондық бизнестегі тұтынушылар ретінде тұрғындарды ақпараттық технологияларды қолдана білуге жан-жақты дайындау қарастырылады.

Осы аталған талаптардың ішінде электрондық бизнестегі ақпараттық қауіпсіздікті зерттеу маңызды орын алады. Ақпараттық қатер күнделікті өмірде вирустық түрдегі шабуыл немесе ақпараттық жүйеге сырттан ену, мәліметтердің біртұтас бүтінділігін бұзу, коммерциялық ақпаратты ұрлау, қаржылық алаяқтық және тағы басқа да виртуалдық бұзақылықтар түрінде кездесіп жатады. Бұл әрекеттердің барлығы электрондық сауда, бизнес жүйесіне де қатысты.

Электрондық бизнесті мемлекеттік реттеудегі тағы бір маңызды сұрақ, ол салық салу мәселесі. Бұл жерде салық салу шараларын дәстүрлі жолдармен жүргізуге болар еді, бірақ, дегенмен оны да электрондық ортаға сәйкестендірген дұрыс.

Электрондық бизнесте қарастырылатын салықтар екі топқа бөлінеді:

1) тікелей (мекемеге түскен пайдаға салынатын, сондай-ақ, жеке тұлғалардың табысына салынатын) салық;

2) жанама (сатуға байланысты) салық.

Электрондық бизнестің B2B үлгісінде, қарастырылып отырған тауарлар және қызмет көрсетулер желі арқылы немесе басқа да жолдармен жеткізілетіндігіне байланысты, олар үшін салық салу ережелері бірдей болып табылады.

Іс жүзінде, Интернет желісі арқалы жүргізілген бизнесте, ол материалдық тауарларға немесе сандық, яғни материалдық емес тауарларға қатысты болса да, оларға салық немесе кедендік баж салығы салынып отырады. Бұл жерде электрондық саудаға салық салу, екі реттік салық салудан немесе ұлттық салық салу ережесіне сәйкес келмей қалумен аулақ болу үшін, жалпы қабылданған халықаралық стандарттардың талаптарына сай болуы тиіс.

Сонымен, мемлекеттік саясат шағын және орта мекемелердің даму барысын ақпараттандыруға, зияткерлік білім мен жоғары технологияларға бағдар ала отырып, коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалануға бағытталуы тиіс. Бұл компанияларға желі деңгейінде әлі де жетіліп үлгермеген немесе жаңа нарық сегменттерін қамтуға және барынша жоғары өнімділікке, экономикалық тиімділік пен әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуге мүмкіндіктер берер еді.

Мемлекеттік стратегия ішкі және сыртқы әлемдік нарықтардағы сындарлы өзгерістер тұсындағы электрондық бизнестің тұрақты дамуы үшін саяси, қоғамдық және жеке мекемелердің басқару ұйымдарының өзара байланыстарын төмендегідей шараларды жүзеге асыру негізінде қамтамасыз етуді көздеуі тиіс, яғни:

- сыртқы органның өзгерістеріне жедел жауап беріп, тұтынушыларға барынша толық қызмет түрлерін көрсетуге қабілетті шағын және орта кәсіпорындарды қолдаудың ұлттық инфрақұрылымын жетілдіру;
- жоғары деңгейдегі зияткерлік сала қызметін басымдылықпен дамыту;
- ақпараттық өнімдерді және қызмет көрсетулерді шағын және орта мекемелердің пайдалануларына ыңғайлар жасау;
- кәсіпкерлер мен жергілікті басқару ұйымдарының, серіктес ұйымдардың және басқа да қызығушылық білдірген жақтардың араларындағы қатынастық байланысты бекіте түсу;

- қаржылық қорларға ену мүмкіндігін кеңейтіп, оларды тиімді қолдана білу мақсатында қаржы нарығының қызметі туралы білімді кеңейту;
- мамандарды басқару жүйесін жақсартып, шағын және орта мекемелердегі қызметкерлердің соңғы ақпараттық технологияларға негізделген желілік ортада еркін жұмыс жасай білулері үшін біліктіліктерін арттырып отыру.

Қазақстан территориясындағы трансұлттық компаниялардың атқарып жатқан қызметтері де электрондық бизнестің өркендеуін ынталандырады, себебі, олар мемлекет аралық экономикалық байланыстарда міндетті түрде ақпараттық-коммуникациялық желі қызметін пайдаланады. Ондағы тағы бір артықшылық, өндіріс ауқымында аутсорсинг арқылы үнемдеу шаралары қарастырылады. Электрондық бизнесті дамытудағы маңызды мәселелердің бірі – ол бизнес, білім беру және мемлекеттік істер мүддесі үшін ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалана білетін мамандарды дайындау жүйесінің қажеттілігі. Бұл жерде әлемдік деңгейдегі технологияларды өңдеп қана қоймай, оларды үйлесімді пайдалану арқылы, түсетін түсімділікті де арттыра білу мүмкіндіктері қарастырылуы тиіс. Ол үшін барлық деңгейлердегі оқытушылар біліктіліктерін маңызды түрдегі көтермелеу жүйесі тұрғызылуы тиіс.

Сонымен, электрондық бизнесті мемлекеттік реттеу саласында жүргізілген зерттеулер нәтижесі келесі қортындыларды ұсынуға мүмкіндік береді:

1. Электрондық бизнестің әлемдік практикасы мен қазақстандық практикасы ұлттық ақпараттық қауіпсіздік, салық жинау және салықтық заңнамалар, электрондық транзакциялар мониторингі, мамандар дайындау мәселелерін шешуді туғызып отыр.
2. Электрондық қатынастарды дамыту, бағалау, құқықтық қорғау және зияткерлік меншікке салық төлемдері туралы зерттеулерді тереңірек жүргізу керек.
3. Мемлекет ғылыми-техникалық прогресс қозғалысының ізімен дамып келе жатқан және бөрінен бұрын бизнестің трансұлттық сипат алуына себепші болып, тиімділік деңгейін көтеруге бағытталған электрондық бизнестің дамуын қолдап отыр. Дегенмен, республикадағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жағдайы, яғни желіге ену жылдамдығы, дәлеме-дәлдігі, көлемділігі және ақпараттық тану мүмкіндіктері секілді тұрғыларда жақсарту түсуді қажет етеді, сонымен қатар, мемлекет телекоммуникациялық монополия тарапынан болатын барлық қайшылықтарды да реттеп отыруы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Knowledge Societies: Information Technology for Sustainable Development – Oxford University Press, 1998. – P. 120–149.
2. О Государственной программе формирования «электронного правительства» в Республике Казахстан на 2005-2007 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 10 ноября 2004 года №1471 // «Казахстанская правда» от 16 ноября 2004 года №261–262.
3. Об утверждении Правил осуществления электронной торговли в Республике Казахстан. Постановление Правительства РК от 10 сентября 2007 года №786.
4. www.profit.kz

Металлургиялық кәсіпорын қызметтерінің бір бөлігін аутсорсинг негізінде сыртқа сеніп тапсыруға қажетті маркетингтік зерттеулерді пайдаланудың әдіснамасы

Талғат ДЕМЕСІНОВ,

С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың қаржы және есеп кафедрасының доценті, экономика ғылымдарының кандидаты

Маркетингтік ақпараттарды жинау мен өңдеу процесін ұйымдастыру үшін зерттеу инфрақұрылымы қажет, оларға: тәжірибесі бар мамандар, ақпараттық ағымдарды құру мен қайта үлестіру процестерін қамтамасыз ететін техникалық персонал, сұхбат алушылар және олардың жұмысын бақылайтын басқару жүйесі, ақпараттарды жинау мен өңдеу тәртібін реттейтін әдістемелік құралдар, оларды жүзеге асыруға қажетті материалдық база керек. Сонымен қатар мәліметтерді енгізу, өңдеу және шығаруды қамтамасыз ететін арнаулы бағдарламалар қажет.

Түсті металлдар өнімі нарығын зерттеудің әдістемелік тәсілдерінің үш түрін қолдануға болады: 1) жалпы ғылыми әдістер, олардың ішінде жүйелі талдау, бағдарламалық-мақсаттық жоспарлау, кешенді тәсіл; 2) болжау әдістері, олардың ішінде іскерлік ойындар, экономикалық-математикалық модельдеу, ықтималдықтар теориясы; 3) психология, экология, эстетика, әлеуметтану және басқа білім салаларынан алынған әдістемелік тәсілдер.

Түсті металлургия саласындағы өнімнің сапасын арттыру мен жиынтық шығындарды азайтуға бағытталған материалдық, ақпараттық және ақша қаражаттарының ағымдарын үйлестіретін логистикалық жүйенің маңызын бөліп көрсете отырып, аутсорсингтің коммерциялық жүйесін басқарудың ұйымдық механизмін ұсынуға болады.


Түсті металлургия саласында жұмыс атқаратын компанияның логистика жүйесіндегі ұйымдық механизмі өнімнің жоғарғы сапасын, экономикалық тиімділігін, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған жұмыстар мен қызметтерді тиімді атқару мақсатында материалдық, ақпараттық және ақша қаражаттары ағымдарын біріктіретін біртұтас жүйесі түрінде қызмет жасайды. Аутсорсингтің коммерциялық жүйесін басқарудың ұйымдық механизмінің сызбасы 1-суретте көрсетілген.

Аутсорсингтің коммерциялық жүйесі тапсырыс берушінің, қызмет көрсетушілердің бөліктерін және маркетинг пен логистиканың дербес жүйелерін біріктіреді.

Логистикалық жүйелерді жобалау бизнес – процестерді жақсарту жөніндегі шараларды жасауды қажет ететін, күрделі және еңбек сыйымдылығы жоғары процесс.

Мұндай шараларды жүзеге асыру бизнес белсенділігінің тиімділігін жоғарылату үшін қажет.

Аутсорсингтің логистикалық бизнес – процестері – уақыт пен кеністік факторларын ескере отырып, аутсорсингтің коммерциялық жүйесі қызметін үйлестірудің кешенді жүйесі болып табылады.




1-сурет. Аутсорсингтің коммерциялық жүйесін басқарудың ұйымдық механизмі.

Ескертпе: Суретті автор дайындаған.

Аутсорсингтің логистикасы түсті металлургия өндірісі мен өнімдерін өткізу арасындағы қатынастарды оңтайландыруға мүмкіндік береді. Яғни, өндіріске кіру ағымдары мен өндірістен шығу ағымдарында пайда болатын жиынтық шығындарды оңтайландыруға жол ашылады.

Аутсорсингтің көпқырлы логистикалық процесіне түсті металлургия саласында шикізаттармен, материалдармен қамтамасыз ету, көлікпен тасымалдау, қоймада сақтау, өнімдер мен материалдарды үлестіру, тапсырыстарды басқару бөліктері кіреді. Аутсорсингтің коммерциялық жүйесіндегі логистика сызбасы келесі 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Аутсорсингтің коммерциялық жүйесінің логистикасы.

Ескертпе: Суретті автор дайындаған.


Металлургиялық кәсіпорындар логистикалық қызметтер аутсорсингін келесі мақсаттарда қолданады: негізгі қызметке күш салу арқылы уақыт үнемдеу; сыртқы операторлар тарапынан орындалатын тасымалдау – қоймада сақтау операцияларының сапасын арттыру жөніндегі басқару жауапкершілігін бөлісу және өндірістің шығындар деңгейін оңтайландыру; нарықтағы өзгерістер мен тұтынушылардың сұранысына жедел қалыптасу негізінде дистрибуцияның тиімді арналарын құру; логистикалық делдалдардың тәжірибесі мен кәсіби шеберлігін пайдалану.

Логистикалық аутсорсингті пайдалануға байланысты тапсырыстар портфелін (коржынын) қалыптастыру процесі басқарудың әртүрлі деңгейлерінде компания менеджменті тарапынан жүзеге асырылады. Аутсорсинг тапсырыстарын басқару деңгейлері стратегиялық, тактикалық және операциялық (күнделікті) сатылардан тұрады. Олар 3-суретте көрсетілген.

Аутсорсингтің коммерциялық жүйесіндегі логистиканың негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

- түсті металлургия кәсіпорындарын материалдық – техникалық қамтамасыз етудің ағымдық процестеріне толық бақылау жасау;
- материалдық, ақпараттық және қаржылық ағымдарды өзара үйлестіру мақсатында басқару әдістерін жасау және оларды жетілдіру;
- тәуекелдердің алдын – алу мүмкіндіктерін ескере отырып, құбылыстардың дамуына көпнұсқалы болжам жасау;

- материалдық және бейматериалдық ресурстарды жоғалту себептерін анықтау.



3-сурет. Аутсорсинг жүйесіндегі логистикалық тапсырыстарды басқару деңгейлері.

Ескертпе: Суретті автор дайындаған.

Желілік интегратор ретінде металлургиялық кәсіпорын құрамындағы немесе сырттан дербес қызмет атқаратын логистикалық орталықтар жұмыс істеуіне болады.

Желілік интегратор компанияларында орталықтар (желілік интеграторлар) құрылады. Олардың негізгі қызметтеріне: желілік құрылымды жоспарлау, бизнес – процестерді басқару жүйесі мен біртұтас ақпараттық технологияларды жасау, жеткізіп беру тараптарын оңтайландыру және контроллинг, өндіріс барысындағы материалдық және ақпараттық ағымдарды өзара үйлестіру, аутсорсерлерді іздестіру және таңдау, сервистік жүйе құру және т.б. қызметтер кіруі мүмкін.

Өндірістегі материалдық ағымдар белгілі бір тапсырыс бойынша кеңістік пен уақыт көлемінде жұмыстарды аяқтаудың жоспарланған мерзімдеріне тікелей тәуелді екені анық. Сондықтан жекелеген өкілеттіліктерді орындау үшін логистикалық операторларға сеніп тапсыру мақсатында аутсорсинг жүйесін қолданудың мақсаттылығын негіздеудің маңызы зор.

Барлық экономика салаларында сыртқы ұйымдар тарапынан орындалған логистикалық тапсырыстардың үлесі жыл сайын жуық мөлшермен 30% құрайды. Көбінде логистикалық делдал тапсырыстарды басқарудың біртұтас жүйесіне кіреді. Бұл жүйенің тапсырыс беруші мен клиентке дейінгі торабында әрқашанда әлжуаз құрамдас бөліктері болатыны белгілі. Осы әлжуаз құрамдас бөліктердің қызметін логистикалық делдалдарға сеніп тапсырған дұрыс. Бұл өте тиімді, себебі логистикалық аутсорсингтің мәні – кәсіпорын логистикалық операцияларды жүзеге асыру үшін өзінің меншікті қаражаттарын жұмсамай, оны сыртқы серіктес кәсіпорынға орындау үшін сеніп тапсыра алады.

Сонымен, аутсорсингтің ұйымдық механизмі белгілі бір жұмыс түрлерін, қызметтерді жоғарғы сапалы, стратегиялық негізде және клиенттердің сұраныстарын толық қанағаттандыруға бағытталған ресурстарды, құқықтарды және өкілеттіліктерді біріктіретін динамикалық кешен болып табылады.

Металлургиялық компания менеджменті аутсорсингтің ұйымдық механизмін қалыптастыру барысында өнімді немесе қызмет түрін позициаландыруға (орнын табуға) бағытталған. Біздің пікірімізше, аутсорсинг қызметін позициаландыру аутсорсинг қызметінің баға, сапа және орындалу мерзімін ескере отырып, басқа дәл осындай қызметтермен салыстырғандағы нарықтағы позициясын (орнын) анықтаудың күрделі процесі болып табылады.

Аутсорсинг қызметін позициаландыру технологиясы 4-суретте көрнекі түрде көрсетілген. Ірі және орта бизнес өкілдері тәжірибе жүзінде позициаландырудың барлық құрамдас бөліктерін үзіліссіз жүзеге асыра алады, соның нәтижесінде ұзақ мерзім бойы өзінің көшбасшылық жағдайы мен корпоративтік ықпалын сақтай алады.

Аутсорсинг қызметін позициаландыру тұжырымдамасы – нарықтағы пәрменді жағдайға қол жеткізу мен өнімді өткізудің мақсатты сегментіндегі корпоративтік ықпалын күшейту мақсатында аутсорсинг қызметтерінің кешенін ұйымдастыру және маркетингтік коммуникациялардың белсенділігін арттыруға бағытталған, басқарушылық шешімдерді біріктіретін жүйесі құжат. Аутсорсинг қызметін позициаландыруды бағалаудың критерийлеріне мыналар кіреді:


- тұтынушылардың дербес сұраныстары мен әлеуметтік топтарының қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік беретін қызметтің әлеуметтік бағыттылығы;
- аутсорсинг қызметінің ақпараттылығы аутсорсер компанияның тапсырыстарды қабылдау процесінде шешуші роль атқарады. Аутсорсинг туралы шынайы ақпарат тапсырыс берушілермен арадағы ұйымдық проблемаларды дер кезінде шешуге мүмкіндік береді;

- тұтынушылық құндылығы мен жаңашылдығы өнімді нарыққа шығару барысында қызметтің инновациялық сипатының нәтижесінде аутсорсингті жемісті позициаландыруға мүмкіндік береді;

- аутсорсинг қызметінің бағасына тапсырысты орындау мерзімін, өнімді өткізу шарттарын, орналасқан жерін, техникалық сипаттамасын, инфляция деңгейін және т.б. ескере отырып, бір мезеттік және ағымдағы шығандар кіреді;

- аутсорсинг қызметін орындаудың уақыт көлеміндегі сипатының критерийі аутсорсингті жемісті позицияландырудың негізгі шарты болып табылады.

Тәжірибе жүзінде аутсорсинг қызметін позицияландыру шарасы көпсатылы және күрделі процесс болып табылады, оның құрамына мыналар кіреді: нарық ортасын, оның конъюнктурасын, бәсекелестік деңгейін, аутсорсинг қызметтері нарығының дамуын ұйымдастыратын және реттейтін нормативтік актілер. Нарықтық мәліметтердің шынайы банкін қолдана отырып, жүзеге асырылатын маркетингтік зерттеулер негізінде позицияландыру тұжырымдамасын жасау сатысы да аса маңызды саты болып табылады. Бұл сатыда бәсекелестерді, меншікті ресурстық әлеуетін сегментін аналитикалық тұрғыдан бағалау, аутсорсинг қызметін ұсынудың мақсатты сегментін таңдау жүзеге асырылады. Тәжірибе жүзінде бенчмаркингтің аналитикалық құралы кеңінен қолданылады. Бенчмаркинг негізінде аутсорсинг қызметін атқарудың озық формалары мен әдістері ғана емес, негізгі бәсекелестіктердің нарықтық тұрақтылығын да бағалауға болады. Жемісті позицияландырудың құралы ретінде көпбасшы компанияның жұмыстарын ұйымдастыруды салыстырмалы түрде талдау әдістерін немесе бенчмаркинг әдістерін қолдана отырып, жасалған тұтынушылар тарапынан өнімді қабылдау бағдарламасын ұсынуға болады.



4-сурет. Аутсорсинг қызметін позицияландыру технологиясы.

Дағдарыс жағдайында кәсіпорынның төлем қабілеттілігін анықтаудың әдістемелік негіздері

Мұрат АМАНЖОЛ,

А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ізденушісі

Дағдарыстың алдын алу немесе одан тез арада шығу кәсіпорынның төлем қабілеттілігі деңгейін анықтау кешенді талдаудың соңғы кезеңі болып есептеледі. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін анықтаудың тәжірибеде негізгі үш сатысын атап айтуға болады: 1) жасырын төлемдік қабілетсіздік; 2) қаржылық тұрақсыздық; 3) анық банкроттық.

Жасырын төлемдік қабілетсіздік – кәсіпорынның ішкі және сыртқы жағдайы жағымсыздығының салдарынан оның бағасының құлдырауы болып табылады. Жасырын төлем қабілетсіздігі айналым қаржының өз капиталының айналым коэффициентінің тиімділік көрсеткішінің құлдырауы сияқты белсенділігінің құлдырауымен айқындалады. Бұл көрсеткіштер кәсіпорынның өтімділігі мен қаржылық беріктігіне әсер ете алмайды. Дегенмен, іскерлік белсенділігінің көрсеткіштері төлем қабілеттілігіне әсер етпей қоя алмайды. Іскерлік белсенділігінің «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз» деген деңгейге жакындауы кәсіпорынның тиімділігінің әлсіреуіне әкеп соғады. Бұл өз кезегінде бағаны қайта қарауға, немесе шығынға қойылатын талапты күшейтуге әкеп соғады. Кәсіпорын жасырын төлем қабілетсіздігін өзі жоя алады.

Қаржылық тұрақсыздық кәсіпорын өз күшімен төлемсіздік қабілетінен құтылуға мүмкіндік жоқ екендігін көрсетеді. Бұл сатыда кәсіпорын сырттан қосымша капитал алу немесе өз мүлкінің бір бөлігін сатуға мәжбүр болады. Төлем қабілетсіздігінің көрсеткіштері баланс құрылымының табыс пен шығынның кенет өзгеруін көрсетеді:

- мекеменің шотындағы қаржы кенет азая түседі;
- мекеменің қарызы көбейеді;
- өзінің айналым қаржысы азаяды.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері кенет құлдырайды, олар «қанағаттанарлықсыз» деңгейге жакындай түседі, іскерлік белсенділік көрсеткіштері, кәсіпорынның тиімділігі құлдырай береді. Бұл жағдайда қаржыны пайдалану деңгейін шартты түрде қысқа уақытқа, уақытша, ұзақ уақытқа деп бөлуге тура келеді.

Қысқа уақытқа созылатын төлемсіздік қабілеті – бұл кәсіпорынның белгіленген уақытта мерзімі өтіп кеткен қарызды төлей алмайтындай, бірақ қажетті табыс дер кезінде түсіп тұратын, сөйтіп қарызды уақытында төлей алатын жағдайды айтады.

Уақытша төлемсіздік қабілеті дегеніміз кәсіпорында сыртқы қарызды уақытында төлейтін қаржы жоқ, бірақ айналымды қаржының бір бөлігін жұмылдыру, қарыз алу арқылы барлық сыртқы қарызды өтей алатын жағдайды айтады.

Ұзақ уақытқа созылған төлемсіздік қабілеті дегеніміз кәсіпорынның айналымды, айналымды емес активтерді жұмылдыру арқылы қарызын төлей алмайтын жағдайды айтады.

Мекеменің нақты банкроттығы – кәсіпорын қарызын уақытында өтей алмайтын жағдайды айтады. Банкроттық акша айналымы өзара үйлеспеген, қаржылық тұрақтылық, тиімділік, іскерлік белсенділік әлсіреген, сондай-ақ мекеменің өтем қабілеті төмендеген жағдайды айтады. Сөйтіп мекеме банкротқа ұшырайды.

Дебиторлық кредит – сатып алушылар дайын өнімді арттырған уақыттан бастап банкідегі шотқа оның бағасын төлегенге дейінгі қарыз. Дебиторлық қарызды талдау оның заңдылығын, пайда болған уақытын анықтауды қамтиды.

Мұндай жағдайда қалыпты және қалыпсыз қарыз пайда болады. Өтейтін уақыты бола қоймаған қарыз қалыпты деп есептеледі. Төлем құжаты бойынша уақытында төленбеген қарыз қалыпсыз деп есептеледі.

Дамыған елдерде дебиторлық қарыз кредиторлық қарыздан асып тұрса айналымның өскендігін дәлелдейді, қауіпті деп саналмайды. Кейбір елдерде бұл жағдай кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын әлсірететіндіктен қауіпті деп есептеледі.

Дағдарыс жағдайында кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсарту үшін дебиторлық, кредиторлық қарыздың ара қатынасын бақылап отыру қажет. Дебиторлық қарыздың біршама өсуі кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына қауіп төндіреді, қаржыландырудың қосымша көздерін жұмылдыруды талап етеді:

- уақыты өтіп кеткен қарыздың жағдайын бақылап отыру керек;
- тапсырыс берушілердің қарызды өтемеу қаупін азайту үшін тапсырыс берушілердің санын мүмкіндігінше көбейтіп отыру қажет;
- кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына дебиторлық қарыз өз бетінше әсер етпейді, оның көлемі, қозғалысы, формасы әсер етеді.

Дебиторлық қарызды талдау кәсіпорынның балансының мәліметіне сай оның бір жылдың ішіндегі көлемін анықтаудан басталады. Қарызды өтеу мерізімі бойынша дебиторлық қарыз ұзақ уақыттық (өтейтін уақыты 12 айдан көп), қысқа уақыттық (12 айға дейін) деп екіге бөлінеді.

Бұл екі бөліктің әрқайсысында төлейтін уақыты өткен қарыздың мөлшері белгіленеді.

Уақыты өткен қарызды талдай отырып, оның қайсысының сенімсіз қарызға жататынын анықтап, алдағы уақытта талдаудан шығарып тастау қажет.

Уақыты өтпеген, бірақ өтелмеген дебиторлық қарыз өтейтін уақыты өтіп кеткен, қарыз төлейтін мекеме жойылғандықтан сенімсіз қарыз деп бөлінеді.

Дебиторлық қарыздың айналымы төмендегі көрсеткіштердің көмегімен талданады:

- ағымдағы активтің жалпы көлеміндегі дебиторлық қарыздың үлесі;
- сенімсіз (үш айдан көп уақыт өтелмеген) қарыздың үлесі;
- қарастырылып отырған мерізімде дебиторлық қарыздың орташа айналым мөлшері.

Кредиторлық қарыз дегеніміз – акша төлеу, қызмет көрсету туралы міндеттеме.

Кредиторлық қарызды да қалыпты және қалыпсыз деп бөлуге болады. Төлейтін уақыты болмаған кредиторлық қарыз қалыпты деп есептеледі. Өтем құжаттары бойынша уақытында төленбеген қарыз қалыпсыз болып саналады.

Ұзақ уақытқа берілген кредиторлық қарызға банкінің қарызы, сондай-ақ өтейтін уақыты бір жылдан асып кеткен міндеттеме жатады.

Қысқа уақытқа берілген кредиторлық қарызға сатып алынған, бірақ төленбеген, орындалмаған товар және қызмет көрсетуге байланысты қарыздар, алдын ала төлеген қарыз, вексельдер, банкінің қысқа мерізімді қарыздары және т.б. жатады.

Кредиторлық қарызды талдау үшін төмендегідей көрсеткіштер пайдаланылады:

- кредиторлық қарыздың айналымдық коэффициенті сатылған көлемінің өзгеру құны мен есептік уақыттағы товар, материалдық қорлардың көлемінің өзгеру мөлшерінің арасындағы айырмашылықпен өлшенеді;
- кредиторлық қарызды өтеу уақыты кәсіпорынның кредиторлық қарызды өтеу мерізімінің жылдамдығымен өлшенеді;
- несиені өтеу коэффициенті кәсіпорынның пайдасы мен қарызды өтеудің арақатынасымен анықталады.

Қарыз оның жеделдігімен, өтеу амалымен анықталады. Кәсіпорын банкрот болған жағдайда қарызды өтеу мерізімінің кезегін сот анықтайды.

Қалыпсыз кредиторлық қарыздың барысын талдау төлем қабілетінсіз мекемеге банкрот ретінде қарап талап қоюдың заңдылығын дәлелдейді.

Мұндай жағдайда қарыз мекеменің мүлкінің бар-жоғын сот арқылы анықтайды.

Халықаралық тәжірибеде банкроттықтың мүмкіндік коэффициенті пайдаланылады. Банкроттықты талдау көрсеткіштерінің санын зерттеушілер түрліше қолданады. Солардың ішінен ең маңыздылары төмендегідей:

- аз уақыттық өтімділікті бағалау;
- ағымдағы қызметті бағалау;
- тәуекелділікті бағалау;
- баланстық есеп бойынша капиталдың құрылымын бағалау;
- пайда туралы есепке сай қарызды өтеу коэффициентін есептеу;
- инвестицияның пайдаланылуын бағалау;
- активтерді пайдалануды бағалау.

Дамыған елдерде 100 кәсіпорынның 95-і ішкі себептерден банкротқа ұшырап жатады. Мұндай ішкі себептерге басшылықтың қателігі немесе кей жағдайда басшылықтың әдейі қолданатын әрекеттері жатады.

Сонымен кәсіпорынның төлемдік қабілеттілігі оның міндеттемесі мөлшеріне тікелей байланысты. Белгілі бір мерізімде кәсіпорын міндеттіліктің өсу қарқыны жоғары болса, ондай кәсіпорынның төлем қабілеттілігінің төмендей бастағанын білдіреді. Мұндай жағдайда кәсіпорынның басқару жүйесі тез арада дағдарысқа қарсы жұмыс істеу менеджменті негізінде қалыптасу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Додобаев Ю.Т., Касенов К.Р., Баймуханов Т.С. и др. Антикризисное управление. Учебное пособие. – Алматы, «Экономика», 2008. – 398 с.
2. Антикризисное управление. Учеб. пособие. - 2-е изд. – М.: ИНФРА-М, 2008. – 1152 с.
3. Юн Г.Б. Методология антикризисного управления. Учеб.-практич. пособие. – М.: Дело, 2004. – 432 с.

Ұлы отан соғысы кезеңінде Қазақстанға күштеп көшірілген ұлттар тағдыры (1941–1945 жж.)

Қанат ЕҢСЕНОВ,

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының аға ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты

Ұлы Отан соғысы кезіндегі мобилизация мен демобилизация, өнеркәсіп орындарымен бірге халықтың эвакуациясы, резвакуациясы, депортация, екпінді құрылыстарға негізделген көші-қон, еңбек армиясының келуі тағы басқа көші-қон толқындары жүрді.

1941 жылдың тамыз айынан бастап Еділ бойы немістерін Сібірге, Орта Азия мен Қазақстанға қуғындау басталды. 1939 жылы санақ мәліметтерінде Кеңес Одағында 1427222 неміс болса, РКФСР-да 700231 адам, Украинада – 392458, Беларусьяда – 8448, Әзірбайжанда – 23113, Қырғызстанда – 8426, Грузияда – 20527, Арменияда – 433, Қазақстанда – 92 мың адам болды [1].

Немістерді көшіру өкімет жоспары бойынша 4000 мың адам деп жарияланған. Кеңестік немістерді орналастыру негізінен 12 облыс бойынша жүргізілуі тиіс болды: Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облыстарының жерлері көзделді. Сөйтіп, 1941 жылдың соңына қарай Қазақстанда немістер 200 мың адамды құраған [2]. Осылайша тағдыр тәлкегімен немістер де Қазақстан жеріне қоныс аударылып келді.

1941 жылы эвакуацияланғандардың көші-қон қозғалысы Қазақстанда жалғаса түсті. Мәселен, Алматы облысына – 47823, Ақтөбе – 14088, Ақмола – 10827, Шығыс Қазақстан – 11121, Атырау – 7619, Жамбыл – 30481, Батыс Қазақстан – 29315, Қарағанды – 20769, Қызылордаға – 30194, Қостанайға – 10825, Павлодарға – 9407, Солтүстік Қазақстан – 14191, Семей – 19283, Оңтүстік Қазақстан – 32004, Алматы – 849, Қазақстанға барлығы – 288796 адам келді [3].

Тарихтың қаралы оқиғалары ретінде сталиндік жазалау мұнан кейін де жалғаса берді. Бұл тоталитарлық жүйе жағдайындағы ұлт саясатының ешқандай заңдылықты сақтамауының айқын көрінісі болатын. Осындай саясат нәтижесінде 30 жылдардағы халқы сиреп қалған Қазақстан сияқты жерлерге өнеркәсіп құрылысын өркендету, оның табиғи байлықтарын игеру мақсатымен адам күшін шоғырландырып, еңбек ресурстарын көбейтуге тырысты. 1941 жылы Кеңес-Герман соғысы кезінде халықтарды жер аударған Кеңес өкіметі, тоталитарлық жүйе ерекше «тәжірибе» жинақтады. Мәселен, 1941 жылы 28 тамызда Кеңес Одағы Жоғары Кеңесі Төралқасының қаулысы бойынша Еділ бойындағы тұратын немістердің Автономиялық республикасы таратылып, ондағы немістерді жер аудару ісі жүзеге асырылды [4].

1942 жылы Қазақстанға эвакуацияланғандардың толқыны келді. Мәселен, Алматы облысына – 64797, Ақмола облысына – 18940, Ақтөбе – 25749, Шығыс Қазақстан – 21776, Атырау – 8477, Жамбыл – 46333, Батыс Қазақстан – 39549, Қарағанды – 26116, Қостанай – 31140, Қызылорда – 43891, Павлодар – 1809, Солтүстік Қазақстан – 31358, Семей – 28267, Оңтүстік Қазақстан – 48446, Алматы қаласы – 26304, барлығы – 479242 адам келді [5]. Демек, көші-қон процестерінің қарқынды жүруі 1940 жылдары соғыс жағдайымен байланысты болды. Қазақстанның өзі одақтас республика ретінде майдан арсеналына айналды. Соғысқа аттанғандар өз алдына, тыл жұмысында да көптеген адамдар жұмыс істеді.

Осындай эвакуацияланғандардың көші-қондық толқыны 1942 жылы да жалғасын тапты. Осы жылы Алматы облысына – 12759, Ақтөбе облысына – 5539, Ақмола – 4313, Шығыс Қазақстан – 8587, Атырау – 40, Жамбыл – 14342, Батыс Қазақстан – 10648, Қарағанды – 2829, Қызылорда – 4869, Қостанай – 4697, Павлодар – 5049, Солтүстік Қазақстан – 7274, Семей – 11344, Алматы – 12264, барлығы – 104574 адам көшіріліп орналастырылды.

1943 жылы эвакуацияланғандар Алматы облысында – 64897, Ақтөбе – 21537, Ақмола – 25864, Шығыс Қазақстан – 40487, Қарағанды – 26288, Қызылорда – 31200, Қостанай – 44594, Павлодар – 18147, Солтүстік Қазақстан – 32144, Семей – 28974, Оңтүстік Қазақстан – 47038, Алматы – 26304, барлығы – 484149 адам болды [6]. Эвакуацияланғандардың 1943 жылы қандай жерлерден келгендігі де мұрағат деректерінде көрсетілген.

Қазақстанға эвакуацияланғандар негізінен Кеңес Одағы кеңістігінен болды. Мәселен, Беларусьиядан – 24687, Украина – 155206, Молдавия – 10431, Литва – 1729, Латвия – 1984, Эстония – 707, Карел-фин жерінен – 2711, Ленинград қаласы – 16632, Ленинград облысы – 11651, Мурманск облысы – 2880, Калинин облысы – 3451, Смоленск облысы – 5228, Мәскеу қаласы – 32628, Мәскеу облысы – 14302, Тула облысы – 7498, Орлов облысы – 5161, Курск облысы – 9050, Воронеж облысы – 9898, Ростов облысы – 9089, Қырым – 9477, басқа облыстар – 149739, барлығы – 484149 адам келді [7].

Эвакуацияланғандардың бір тобы Ақтөбе облысының мынандай 10 ауданына орналастырылды: Мартөк ауданына – 3780 адам, Қобда ауданы – 905, Ключевой – 2483, Джурнаком – 993, Темір ауданы – 928, Новороссийскі – 713, Степной – 1056, Роднинскі – 200, Шалкар – 982, Ақтөбенің қалалық аудандарына – 4871 адам қоныстанды [8]. Демек, көші-қондық қозғалыс республикааралық ауқымда жүргендігі байқалады.

1943 жылдары Солтүстік Кавказдан «арнайы қоныс аударылғандар» Ақмола облысында Ақмола-Есіл жолын жөндеуге ұйымдастырылды. Сондай-ақ, арнайы қоныс аударушыларды Сталинск – Магнитогорск темір жол желісін жөндеуде де пайдаланған. Олардың жалпы саны – 1081 адам деп, көрсетілген [9]. Сонымен қатар, көшіп келгендердің кері қайтқандары да жылда байқалып отырды.

Кеңес Одағы Жоғары Кеңесінің 1943 жылы 12 қазандағы «Қарашай автономиялық облысын жою және оның территориялық әкімшілігінің құрылымы туралы» қаулысымен қарашай халқы туған атамекендерінен қуылды. 1943 жылдың 27 желтоқсанындағы «Қалмақ автономиясын жою және Ресей құрамында Астрахань облысын құру туралы» деген қаулы негізінде қалмақтар жан-жаққа көшірілді.

1943 жылы Талдықорған облысына «арнайы қоныс аударылғандар» туралы 24 сәуірде берілген мәлімет бар. Онда облыс территориясына көші-қон процесінде эвакуацияланғандардың 6212 отбасы (23853 адамы) келгені және олардың 3577 отбасында 8210 еңбекке жарамды адамдары колхоздарға шашыратылып орналастырылған [10]. Сөйтіп, олар қызу еңбекке араласып кеткендігі жайында дерек кездеседі.

1943 жылдың қазан айында қуғындаудың келесі бір кезеңі басталды. Енді немістердің уақытша қол астында болған Солтүстік Кавказ, Қырым аймағындағы және т.б. орыс емес аз ұлттарды жаппай жазалау басталды.

1943 жылы 12 қазанда Кеңес Одағының Жоғары Төралқасы шешімімен Қарашай Автономиялық облысы таратылып, 14 қазанда Саяси бюросының жасырын шешімімен қарашайларды көшіру керектігі атап өтілді. Автономиялы облыстан 14774 отбасы (69267 адам) қуғындалып, олардан Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына 11711 отбасы (45529 адам) қоныстанса, Қырғызстан – 5790 отбасы (23300 адам), Өзбекстан – 95 отбасы (353 адам) қоныс тепті [11].

1943 жылы Кеңес Одағы Орталық комитетінің шешімімен Солтүстік Кавказ, Қалмақ АССР және Грузия АССР-нің территорияларынан Қазақстанға тұрақты тұруға халықтар арнайы қоныс аударылды. 1943 жылы күзде қарашайлардың 11711 отбасы (45529 адам), 1944 жылы көктемде шешен-ингуштар 89501 отбасы (406375 адам) балқарлар – 4660 отбасы (21150 адам), қалмақтар – 648 отбасы (2268 адам), Қырымнан – 1268 отбасы (27657 адам), барлығы – 6296 отбасы (507480 адам) келген. Бұлар республика бойынша 151 ауданға және 16 қалаға орналасты [12].

1943 жылдың 28 қазанында қалмақтар елдің шығыс, солтүстік аудандарына және Оралға жер аударылды. Қысқа мерзім ішінде 99252 адам көшіріліп, оның 2268-і Қызылорда облысына қоныстандырылды [13].

1944 жылы 7 наурыздағы «Шешен-ингуш автономиялық республикасын жою және оның территориясының әкімшілік құрылымы туралы» қаулысымен шешен және ингуш халқы өз жерінен қуылды. Мұнан соң, балқар халқы да көшіріліп, туған жерінен айырылды. Оған Кеңес Одағы Жоғары Кеңесінің 1944 жылғы 8 сәуірдегі «Кабардин-Балқар республикасында тұратын балқарларды көшірту, Кабардин-Балқар Республикасын Кабардин автономиялық республикасы деп қайта өзгерту туралы» қаулысы негіз болды.

Арнайы қоныс аударылғандарды орналастыруда және шаруашылықтарын реттеуде қиындықтар болды. Мәселен, бос жерлердің болмауы, материалдық ресурстардың жетімсіздігі, оларға дұрыс қарым-қатынас жасамауы партия басшылары тарапынан болды. Сондай-ақ, жергілікті халықта оларға дұрыс қатынас жасай қоймады. Олардың арасында тиф ауруы таралды. Бұл қиындықтар олардың орналасуына кедергі жасады. Осы аталған кемшіліктерді жою мақсатында Қазақстан Орталық Комитеті 1944 жылдың 17 сәуірінде арнайы қаулы қабылдады. Нәтижесінде қоныс аударылып келгендер еңбекке тартылып, шаруашылықтары мен тұрғын үйлері реттеле бастады [14].

1944 жылдың 17 қарашасында Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақстан Орталық Комитетінің № 640 – 126с және 1945 жылы 26 сәуірдегі № 276 – 52с «Солтүстік Кавказдан қоныс аударылғандарды шаруашылыққа орналастыру» туралы қаулысы шықты. Соған сәйкес Талдықорған облысындағы арнайы қоныстанушылардың жағдайы туралы мәлімдеме жасаған өкімет адамдарының

баяндамалары мұрағат қорларында сақталған. Ондағы деректе 1944-1945 жылдары облысқа көшіріліп келген шешен-ингуш және балқарлардан 6031 отбасы (22598 адам) келген. Олар 10 ауданға шашыратылып орналастырылды. 1944 жылдың наурызында келгеннен бастап арнайы қоныстанушылар 1946 жылдың шілдесіне дейінгі аралықта ажырап қалған отбасыларын және өлім-жітімнен отбасылары 5839-ға, адамдары – 20787-ге қысқарған. Бұлардың 3202 отбасы колхозға, 376 отбасы совхоздарға орналастырырылып, 231 жеткіншек және 208 карт адамдар еңбекке қатысты. Аталған арнайы қоныстанушылардың ішінде жоғары және орта білімді 118 адам болған. Ал, мамандық бойынша 71 адам жұмыс істесе, қалғандары мамандық бойынша емес басқа салада қызмет атқарған. Осы арнайы қоныс аударылғандар арасында әлеуметтік шешілмеген мәселелер де болды. Мәселен, Қаратал, Алакөл, Ақсу және Текелі аудандарында тұратындардың үй-жайлары жоқ немесе санитарлық талаптарға сай болмағандықтан тиф ауырулары шыққан. Тіпті, оларға баруға дәрігерлер бастартқан. Олардың балалары киім-кешектерінің жетіспеуіне байланысты оқуға бара алмай қалған кездері де кездескен [15].

Қазақстан Орталық Комитетінің хатшысы Ж. Шаяхметовтің атына жолданған мәліметте 1944–1945 жылдары көшіріліп келгендерді республикаға орналастыру және шаруашылықтарын реттеуге байланысты жұмыстар атқарыла бастаған. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысына 2262 шаруашылық, Талдықорған – 500, Жамбыл – 970, Шығыс Қазақстан – 350, Алматы облысына – 800 шаруашылық отбасы қоныстандырылды. Бірақ, осы аталған арнайы қоныс қоныс аударылғандардың 8500 отбасына тиесілі жерлер берілмей қалған. Яғни, өкімет адамдары оларды қамтамасыз етуде барлығын қамтй алмады. Соған қарамастан көршілес республикалардан халықтар көшіріле берді [16].

1944 жылы Қазақстан территориясында арнайы қоныс аударушы 12342 отбасы (45500 адам) қарашайлар орналасты. Олардан Оңтүстік Қазақстан облысында 6643 отбасы (25216 адам), Жамбыл облысында 5699 отбасы (20285 адам) тұрақтады. Арнайы қоныс аударушыларды қамтамасыз ету үшін 24 комендатура тағайындалып, оның 13 комендатурасы Оңтүстік Қазақстанда және 11 Жамбыл облысында болды. Қоныс аударылып келген қарашайлар колхоздардан жұмыстарға орналастырылып, олар негізінен ауыл шаруашылығын дамытуда жұмыс істеді [17].

Бұл шешімдер ешқандай заңдылыққа жатпайтын еді. Кеңес Одағының 1936 жылғы Конституциясының 14 тармағының «Е» бабында ең жоғарғы органдардың күшімен Одақтас республикалар құрамында автономиялық республикалар құрылатыны жайлы айтылған. Ал, 1937 жылғы Ресей Федерациясы Конституциясының 19 тармағы «В» бабы бойынша автономиялық республикалар мен облыстар құрылатыны, бұл шешімі Кеңес Одағы Жоғары Кеңесінің бекітетіні көрсетілген. Осы негізгі заң ережелерінде Кеңес Одағы мен Ресей Федерациясы құрамындағы автономиялық республикалар мен облыстардың жойылуы туралы ештеңе айтылмаған. Тек, Кеңес Одағы Жоғары Кеңесінің Төралқасы 1943 жылғы 12 қазандағы жарлығымен бұл мәселелерді Кеңес Одағының Конституциясына кіргізген [18]. Сондықтан, ұлттық-экономикалық құрылымдарды біржақты жою мүлдем заңсыз еді. Бірақ, соған қарамастан жеке ұлттарды қуғындау саясаты жалғаса берді. 1944 жылы осындай заңсыз шешімдердің негізінде түріктер, Қырым татарлары және басқа да этникалық топтардың өкілдері қуылған.

Қуғынға ұшыраған халықтардың жалпы саны мынаған жетті: немістер

– 44826 адам, поляктар – 35960, Солтүстік Кавказдан: шешендер – 244674, ингуштар – 80844, қарашайлар – 35735, балкарлар – 16819, баскалары – 1032, Кара теңіз жағалауларынан: гректер – 37619, түріктер – 18, армян дашнактары – 17, баскалары – 69, Грузиядан «оуновшылдар» – 8011, баскалары – 3574, Қырымнан: татарлар – 2511, кабардалықтар – 1717, гректер – 1240, ирандықтар – 4707, армяндар – 575, баскалары – 366 адам. Краснодар өлкесі мен Ростов облысынан – 6057 адам. Молдавиядан: молдавандар – 3681, Волгоград маңайынан: калмактар – 2472, Орта Азия республикасынан – 2744 адам келді. Сондай-ақ, Балтық жағалауы республикаларынан – 9, оның ішінде 4 литвалық, 4 латыш, 4 эстондық арнайы қоныс аударылды [19]. Бұл қаулылардың күшімен іске асырылған шаралардың бәрі Кеңес Одағы Конституциясының талаптарымен қағидаларына сәйкес келмейтін. Өйткені, Кеңес Одағы республикалары, ұлттық облыстар мен аудандарға қысқартуға немесе таратуға, халқын көшіріп жіберуге құқы жоқ болатын. Бірақ, жоғарыда көрсетілген актілерді қылмысты шешімдермен қабылдады, оларды жүзеге асырды. Бұл тек тоталитарлық жүйеге тән құбылыс еді. Бұған дәлел халықты өз жерінен күштеп көшіру актілері соғысқа дейін де кеңінен жүргізілді. Халықтарды осылай жаппай көшіру тәжірибесі соғыстан кейін де жалғасты. Оған Батыс Украина территориясынан ұлт-азаттық қозғалысына қатынасқан мыңдаған халықты көшіруі дәлел.

Осы мезгілде Солтүстік Кавказдағы шешен және ингуш халықтарын көшіру ісі де ойластырылып жатты. Бұл туралы 1944 жылдың 31 қаңтарында шешім шығарылып, ол өте құпия сақталды. Оларды қазақ және қырғыз жерлеріне көшіру 1944 жылдың 21 ақпанында басталды. Көшіру ісі аяқталуға бір күн қалғанда, 7 наурыз 1944 жылы Шешен-Ингуш АССР-ін жою туралы Кеңес Одағы Жоғары Төралқасының жарлығы шығады. Мұрағат құжаттарына қарағанда, 1945 жылдың қазан айына дейін республикаға 406375 шешен және ингуш халықтарының өкілдері көшіріліп келген.

1944 жылы наурыз айының ортасында эшелондарға тиелген шешендер мен ингуштардың 344589 адамы жөнелтіліп, Жамбыл облысына 16565, Алматы облысына – 29089, Шығыс Қазақстан облысы – 34167, Оңтүстік Қазақстан облысы – 20808, Солтүстік Қазақстан – 39542, Ақтөбе – 20309, Семей – 31236, Павлодар – 41230, Қарағанды – 37938 адам көшіріліп келді [20]. Міне, осындай қуғындаудың нәтижесінде көшіріліп келген шешен-ингуштардың Көкшетау жеріндегі 33000 адамынан 600 адамы қырылған. Сондай-ақ, 1945 жылы Орталық Комитет жиналысында эвакуациялық және қоныс аудару мекемесінің басшыларының сөйлеген сөзінде Ақтөбе облысында да 27000 адамнан 9000 адам қырылған [17, 228]. Себебі, күштеп көшірілгендер суықта, аштықта, аурудың салдарынан өлгендігі айтылады.

1944 жылы балқарларды көшіру туралы жарлық шығып, Қазақстанға 4660 отбасы (25 мың адам) қудаланып келді [21]. Балқарларды Қазақстанға қоныс аудару 1944 жылы 17 наурызда басталып, оларды 14 эшелонға отырғызып, 37713 адамды Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстан жеріне жөнелткен. Оның ішінде Семейге – 2614, Ақмолаға – 5219, Алматы облысына – 5541, Оңтүстік Қазақстанға – 5278, Омскіге – 5521, Павлодарға – 2614 адам көшіріліп келді [21, 249]. Демек, ұлттық құрамда өзгерістердің болуы осындай қарқынды жүрген көші-қон процесінің салдарынан қалыптасқандығы байқалады.

1944 жылы 17 қарашада Грузиядан күрд, түрік, химшендердің 81324 адамы Қазақстанға қоныс аударылған. Осы жылдары Кеңес империясының ұлттық

саясатында шовинистік пиғылдар да айқын байқалды. Сталин және оның айналасындағылар мемлекет қауіпсіздігін желеу етіп Солтүстік Кавказ бен Грузияның шұрайлы аудандарын өртүрлі ұлт өкілдерінен тазалап алуды көздейді. Мәселен, тарихи отанынан Қырым татарларын қуу кезінде қарапайым, грек, балқар және басқа да аз ұлттардың өкілдерін көшіріп, Қырымға ұлттық сипат берді. Осындай саясат Месхетияның табиғаты тамаша аудандарын түріктерден «тазалау» кезінде де жүзеге асырылды.

Қырым татарларына басқыншыларға жәрдемдесті деген кінә тағылған еді. Бұл жазықсыз қаралау Кеңес Одағы тарағанға дейін күшін жоймады. 1944 жылы осы айыптаулар негізінде Қырым татарлары Орта Азия мен Қазақстанға қуғындалды. Ол, Л. Берияның 1944 жылғы 13 сәуірдегі «Қырым АКСР-і аумағын антисоветтік элементтерден тазалау шаралары туралы» бұйрығы негізінде жүзеге асады. Көшіру бар жоғы екі тәулікке созылды. Барлығы 191044 татар көшіріліп, оның 147170-і Өзбекстанға, 45001-і Қазақстанға орналастырылды. Олармен бірге қазақ жеріне 7 мың балқар және грек әкелінді.

Соғыс жылдары Грузия аумағын, гитлершілдер оккупацияламағаны белгілі. Сондықтан, месхеттік түріктерді фашистерге жақтасты деп, - кінәлауға негіз жоқ еді. Ендеше, Сталин мен Берия өздерінің құпия ойларын жүзеге асыруда қалыптасқан әдіспен әрекет етеді. Оған түріктер мен күрдтерді көшіру жөніндегі қаулының өбден ісі біткен соң, 1944 жылы 14 қарашада шығарылғаны анық. Грузияның Ахалцик, Адиген, Аспиндз, Ахалакак, Богданов аудандарында тұратын 115,5 мың адам көшірілді. Оның 27883-і Қазақстанға, 53127-і Өзбекстанға орналастырылды [22]. Ол кезде арнайы қоныс аударылғандар ғана емес, республиканың барлық тұрғындары ішіп-жемге зәру еді. Осынау күштеу әрекеттері мен сансыз көп адамды бір мезгілде орналастыру міндеті соғыс салдарынан онсыз да титықтаған республиканы орасан зор шығынға ұшыратты. Түштеп келгенде күштеп көшірудің халықтарды бір-біріне айдап салу, сол арқылы билеп төстеу, яғни басқыншылық мақсатынан туындаған.

1944 жылы 2 маусымда Қазақстан мен Орта Азияға Қырымнан 15040 грек, 12422 балқар, 9621 армян, 1119 неміс, славяндық және румындық, 105 түрік, 16 ирандық, барлығы 41854 адам келді. 1945 жылы арнайы қоныс аударушылардың саны ХКП қызметкерлерінің есебі бойынша 967085 отбасы (2342506 адам) болды [17, 220].

Қазақстанның көпұлтты құрамының қалыптасуына ГУЛАГ жүйесінің әсері де зор болды. 1945 жылы «аса құпия» деген мәлімет бойынша Степлагтағы ұлттардың ұлттық құрамы мен саны есепке алынған. Мәселен, осы жылы 9596 украиндық, 2690 литвалық, 2600 орыс, 1074 латыш, 290 қазақ, 55 қытай, 30 жапон, неміс, француз, румын, венгр, испан, сондай-ақ, әлемнің басқа халықтары да болды [17, 222].

1945 жылы Қазақстанға Солтүстік Кавказдан 112102 отбасы (470 мың адам) келді. Олардың ішінде 21 мың балқарлар болды. Арнайы қоныс аударушылар 14 облыс, 145 ауданда былайша орналастырылды: колхоздарда – 70296 отбасы; совхоздарда – 148771 отбасы; өнеркәсіп салаларында 1945 жылы Украинаның Львовский, Ровенский, Тарноград аудандарынан 90 мың молдавандар және кулактар қудаланып келген – 26935 отбасы орналастырылды [17, 156]. Олармен бірге, 1945 жылы Украинаның Львовский, Ровенский, Тарноград аудандарынан 90 мың молдавандар және кулактар қудаланып келген.

1945 жылы 1 қаңтарда келгендер саны – 112311 отбасы (462120 адам) болды да, олар халық шаруашылығы бар колхоздар мен кәсіпорындарға бөлінді. Облыстар бойынша көші-қон қозғалысында былайша орналастырылды: Алматы облысына – 6122 отбасы (24467 адам), Ақтөбе – 3698 (14689 адам), Ақмола – 10501 (47230 адам), Шығыс Қазақстан – 6303 (24817 адам), Жамбыл – 11286 (44997 адам), Қарағанды – 8244 (33316 адам), Қызылорда – 6908 (26818 адам), Көкшетау – 6313 (27820 адам), Қостанай – 9706 (41223 адам), Павлодар – 8098 (35768 адам), Талдықорған – 6163 (24788 адам), – 4792 (20796 адам), Семей – 6772 (26609 адам), Атырау – 1505 (5341 адам), Алматы – 1571 Оңтүстік Қазақстан – 14379 (59145 адам), Атырау – 1505 (5341 адам), Алматы – 1571 (4296 адам), барлығы – 11231 отбасында (462120 адам) келді [23].

1945 жылдың ортасында 6125 отбасы (25304 адам) келсе, 75233 отбасы (75233 адам) кері көшіп кеткен және 13218 адам өлген. Ал, 1946 жылы 1 қаңтарда республикада 107272 отбасы (412191 адам) қоныс аударып келсе, соның ішінде Солтүстік Қазақстан 10089 отбасы (384289 адам) және Грузиядан 6422 отбасы (27902 адам) облыстар бойынша мынандай сандық көрсеткіште орналастырылды: Алматы облысына – 6496 отбасы (25022 адам) қоныстанса, Ақтөбе – 3025 отбасы (10809 адам), Ақмола 10106 отбасы (42035 адам), Шығыс Қазақстан – 6180 отбасы (24026 адам), Жамбыл – 10796 отбасы (40267 адам), Қарағанды – 7619 (30584), Қызылорда – 6075 (21448), Көкшетау – 6173 (27620), Қостанай – 9572 (36097), Павлодар – 7870 (31592), Солтүстік Қазақстан – 4866 (20290), Семей – 5859 (22371), Талдықорған – 6157 (22436), Оңтүстік Қазақстан – 13431 (48782), Атырау – 1366 (4105), Алматы қаласы – 1381 (4707 адам) қоныстанса, барлығы – 107272 отбасы (412191 адам) болды [24].

Қазақстан ХКК мен ОК-нің мәліметтеріне қарағанда 1944 жылы 17 қыркүйектен 1945 жылы 26 сәуірге дейінгі уақытта Солтүстік Қазақстан көшірілген халықтар Семей облысының Ново-Покровка ауданына орналастырылғандығы жайында мәлімет келтірілген. Ауданда 865 отбасы (3210 адам) қоныстанса, оның 795 отбасы (2982 адамы) колхоздарға шашыратылып, қалған мекемелерде – 70 отбасы (228 адам) орналасты [25].

Ұлы Отан соғысына дейін және соғыс кезінде жүргізілген депортациялық саясат 1945–1949 жылдардың аралығында да жүргізілді. Осы жылдар аралығында Қазақстанға – 38911 латыш, 80189 литвалық, 19237 эстондық, Грузиядан 981 отбасы (4671 адам) курд және месхетліктер қуғындалып келді [17, 291]. Демек, соғыс жағдайындағы көші-қонның өзіндік ерекшелігі бар екендігі байқалады. Өйткені, Ұлы Отан соғысы кезеңінде түрлі ұлттың өкілдері туған атамекендерінен тұтастай көшірілді. Соғыс жағдайында бұл ұлттардың арасында «жаумен одақтасуға байланыс жасады», – деген желеумен отандастарын қоса күштеп көшірді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Алдажұманов К.С. Депортация немецкого населения / Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: Арыс-Қазақстан, 1998. – С. 193.
2. Хасанаев М. Для расселения выделить районы Казахстана ... (Архивные документы о депортации народов в Казахстан) / Депортация народов и проблема прав человека. Материалы семинара. – Алматы, 12 июня 1997 года. Алматы: Фонд «XXI век», 1998. – С. 30.

3. ҚРОММ. 1987-қ., 1-т., 17-іс, 4-п.
4. Қожаханова Қ. Депортация: жер аударылған халықтардың құқықтық жағдайы / Вопросы Отечественной истории. Сб.ст.молодых ученых и аспирантов. – Алматы, 2000. – 14-б.
5. ҚРОММ. 1987-қ., 1-т., 17-іс, 3-п.
6. ҚРОММ. 1987-қ., 1-т., 17-іс, 5-п.
7. ҚРОММ. 1987-қ., 1-т., 17-іс, 11-п.
8. ҚРОММ. 1987-қ., 1-т., 16-іс, 40-п.
9. ҚР ПМ. 708-қ., 9-т., 16-іс, 40-п.
10. ҚРОММ. 1987-қ., 1-т., 20-іс, 1-п.
11. ҚРОММ. 1987-қ., 1-т., 16-іс, 6-п.
12. ҚР ПМ. 708-қ., 10-т., 1855а-іс, 28-п.
13. ҚРОММ. 1987-қ., 1-т., 33-іс, 16-п.
14. ҚР ПМ. 708-қ., 10-т., 1855а-іс, 30-п.
15. ҚР ПМ. 708-қ., 10-т., 1855а-іс, 10-11, 13-п.
16. ҚРОММ. 1987-қ., 1-т. 20-іс, 9-п.
17. Кульбаев Т., Хегай А. Депортация. – Алматы: Данекер, 2000. – С. 128.
18. Сборник законодательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессии. – Москва: Республика, 1993. – С. 132.
19. Алексеев А.Н. Население Казахстана 1920-1990. – Алматы, 1991. – С. 18.
20. Бугай Н.Ф. Правда о депортации чеченского и ингушского народов // Вопросы истории, 1990. – №7. – С. 4.
21. Алдажұманов К.С., Алдажұманов Е.К. Балкарцы: без вины виноваты / Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: Арыс-Қазақстан, 1998. – С. 241.
22. Алдажұманов Қ.С. Күштеп көшіру: жымсысқы саясат, басқыншылық әрекет // Қазақ тарихы, 1999. – №1. – 36-б.
23. ҚР ПМ. 708-қ., 9-т., 316-іс, 3-п.
24. ҚР ПМ. 708-қ., 9-т., 316-іс, 4-п.
25. ҚР ПМ. 708-қ., 9-т., 1027-іс, 22-п.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Түркістан өлкесіндегі қазақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы

Дана МҰҚАТОВА,

А. Байтұрсынов атындағы Алаш зиялыларының ғылыми-педагогикалық мұрасын зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты



Өндірістік қатынастар жүйесінің дамуы нәтижесінде еңбектің қоғамдық бөлінуі жүйесінің маңызды жағын көрсететін қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымы қалыптасады. Тарихнамада бар көзқарастарға талдау жасайтын болсақ, зерттеушілердің Қазақстандағы зерттеліп отырған кезеңдегі таптардың құрылу деңгейін әр түрлі бағалағанын байқауға болады. Мысалы, ғалым Г.Е.Марковтың пікірінше көшпенділерде таптық құрылымның дамымаған түрде болған [1, с.30]. Ол былай деп жазды: «Өндіріс құралдары таптың немесе сословиенің монополиясы болмады... Көшпенділер қоғамында тікелей өндірушілерді өндіріс құралдарынан айыру түрінде көрінген тапқа бөліну қарқынды жүре бастаса болды, ол шаруашылықтың дербес түре ретінде жойылып кететін». А.М.Хазановко да осындай пікірде болды [2, с.19]. Бұған керісінше, зерттеушілердің бірқатары көшпенді қоғамдағы қауымның малға жеке меншік немесе жерге жеке меншік негізінде қалыптасқандығын көрсетеді. Бұл туралы С.Е.Толыбеков: «Өндіріс құралдарына жеке меншік болған жерде, міндетті түрде қоғамның тапқа бөлуі жүреді» – деп жазды [3, с.29]. Осылайша, мүлтік теңсіздік және әлеуметтік-экономикалық көпшілендіру процестері таптың қалыптасуының заңды дамуының алғы шарты болды деген қорытынды жасауға болады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ ауылдарында негізінен екі тап болды: халықтың аз бөлігін құраған бай мал иеленішілер класы және барлық халықтың басым бөлігін құраған тікелей өндірушілер класы. Бірақ зерттеушілер арасында «байдың» әлеуметтік шығу тегі мен бай шаруашылықтардың ерекшеліктері жөнінде қалыптасқан ұғым жоқ. С.Е.Толыбековтың пікірінше, байлар тауарлық капиталистік қатынастармен байланысты жаңа әлеуметтік санат емес, ол әлеуметтік топ ретінде моңғол шапқыншылығына дейін де өмір сүрген [3, с.31]. Оның айтуынша қазақтар барлық бай феодалдарды байлар деп атаған. С.З.Зиманов көқарасы осы тектес. Ол: «бай» сөзінің екі мағынасын ажыратып алу керек. Бір жағдайда ол жалпы бай адамдарды анықтау үшін қолданылады... Екінші жағдайда «бай» сөзі феодалдар класының мұрасы мен ешқандай атақ-дәрежесі жоқ әлеуметтік тобын анықтауға пайдаланылған» – деп жазды [4, с.213-218].

М.П.Вяткин қазақтардың арасында байлар XIX ғасырдың орта тұсында сауда мен тауар-ақша қатынастарының негізінде пайда болған жаңа әлеуметтік топ деп есептейді. Ол былай деп көрсетті: «Жаңалық мынада, XIX ғасырдың ортасында байлық адамдарды Қазақстанға енген тауар-ақша қатынастарының негізінде ерекше қоғамдық топқа бөлді... Егер байларды өздерінің өндірістік жағдайы ақша қатынастарына байланысты болған топ ретінде қарастыратын болсақ, онда бұл топ тек XIX ғасырдың ортасынан бастап ғана маңызды және ықпалды бола бастаған» [5, с.298].

Бай мал иелерінің шаруашылықтарында малдың басым бөлігі жинақталды. Мысалы, 25-тен астам жылқысы бар шаруашылықтар барлық шаруашылықтардың Жаркентте – 8,5, Қапалда – 4,3, Верныйда – 5,5, Лепсіде – 2,9 пайызды құраған [6, 121 п]. Осындай шаруашылықтардың үлес салмағының аз болғанына қарамастан олардың қоғамдық өмірдегі ролі зор болды.

Мал және егін шаруашылығы өнімдерінің көлеміне, өндіріс құралдарымен қамтамасыз етілуіне байланысты байлардың шаруашылықтары ұсақ, орташа және ірі болып бөлінді. Сондай-ақ оларды шартты түрде мал және егін шаруашылығымен айналысатындар деп бөлуге болады. С.Е.Толыбековтың көрсетуі бойынша, Қазалы және Перовск уездерінің көшпелі ауылдарында 200 бас ұсақ, 50 бас ірі қара малы бар шаруашылықтар ұсақ байларға жатқызылды. Олар негізінен мал шаруашылығымен айналысты және жалдамалы жұмыс күші де аз болды. Мұндай байлар негізінен өздеріне тәуелді ауылдастарының еңбегін пайдаланды. Бұл шаруашылықтардың нарықпен байланысы әлсіз болды. Орташа байларға 500-ге жуық ұсақ және 100-дей ірі қара малы барлар жатқызылды. Ал 2000 бас ұсақ, 400 бас ірі қара малы бар шаруашылықтар ірі байларға айналды [3, с.131].

П.П.Румянцев, мал және егін шаруашылығымен айналысатын аймақтарда 10-басқа дейін жылқысы барларды – кедейлер, 11–25 ке дейін жылқылыларды – орташалар, ал 100-ге жылқысы барларды ортадан жоғарылар, 100 және одан да көп жылқысы барларды – бай шаруашылықтар деп есептеді [7, с.113].

Осылайша, П.П.Румянцевтің пікірінше, 100-басқа дейін жылқысы бар шаруашылықтарды бюджеттік мәліметтерді есере отырып ірі байлардың қатарына жатқызуға болмайды, олар тек ортадан жоғары шаруашылыққа жатқызылуы мүмкін. Бірақ С.Е.Толыбеков мұндай шаруашылықтарды ұсақ байлар қатарына енгізген. Осыдан авторлардың көзқарастары өзгереді. Сондықтан да мал және егін шаруашылығымен қатар айналысатын шаруашылықтарды 100–200 бас жылқысы барлар ірі байлар болып есептелген деп айтуға болады.

Түркістан өлкесінде бір уездің өзінде де көшпенді, жартылай көшпенді және отырықшы бай шаруашылықтарды кездестіруге болады. Сондықтан да тауар-ақша қатынастары әр ауданға әртүрлі дәрежеде енгізілді. Мал және егін шаруашылығымен қатар айналысатын аймақтарда олар ескі қатынастарды тез жойып, байлардың шаруашылықтың жаңа нысандарына көшуіне ықпал жасады.

Көшпенді аудандардың байлары негізінен жартылай феодалдар болып қала берді және жұмыс күшін пайдалану да бұл жерде жартылай феодалдық сипатта болды. Мал және егін шаруашылығымен қатар айналысатын байлар аздап «буржуазиялана бастады», бірақ олардың шаруашылықтарында жұмыс күшін пайдаланудың патриархалды-феодалдық тәсілдері қолданылуы жалғаса берді. Сондықтан шаруашылықтың әр түрлілігіне байланысты байлардың әлеуметтік шығу тегі де әр түрлі болды.

Ірі, орташа және ұсақ байлардың бір-біріне қатынасын айқындау өте қиын, өйткені бір уездің аумағында көшпелілер де, жартылай көшпенділер де, отырықшылар да өмір сүрді.

Осылайша қазақ буржуазиясы екі көзден қалыптасты:

1) феодалдық-рулық атақтылардың бір бөлігі (сұлтандар, билер) жаңа экономикалық талаптарға байланысты өздерінің шаруашылықтарының түрін өзгертіп, оларды нарық талаптарына жақындатты. Олар нарықпен байланысты мал өндірушілеріне айналды. Бірақ бұлардың қатары өте аз болды.

2) ірі мал өндірушілеріне айналған бай-мал иеленушілер, сондай-ақ саудагерлер, алыпсатарлар қатарынан шыққан байлар.

Пайда бола бастаған сауда буржуазиясының үлкен тобын малды және мал өнімдерін көтере сатып алушы-алыпсатарлар құрады. XIX ғасырдың соңында саудамен айналысатын қазақтардың негізгі бөлігін «саудагерлер» қалады. Саудагерлер де алыпсатарлар сияқты ұлттық сауда буржуазиясының төменгі сатысына жатқызылды.

«Қырғыз жер пайдалануы туралы материалдарда» саудамен айналысатындардың бұл санатына мынадай сипаттама берілген: «Саудагерлер – саудамен айналасады. ... қаладан тауарды сатап немесе несиеге алады, оны ауылдарға апарып, ақшаға сатады, шикізатқа ауыстырады, немесе ауылдардан шикізатты ақшаға сатып алып жинайды» [8, с.268].

XIX ғасырдың соңында Қазақстанда 40 мыңға жуық саудамен айналысатындар болды және олардың саны жыл сайын өсе берді. 1890-1900 жылдары Сырдария облысының Әулиеата уезінде патент бойынша 257 көпес болса, оның 171-қазақ болды. 1905 жылы көпестердің саны екі есеге жуық көбейді. Давкалар мен сатып алу пункттерінің саны да екі есеге жуық өсті, олардың барлық саны – 2156, оның ішінде ауылдарда – 1009, ал Әулиеата қаласында 1147 орналасты [9, 1-51 pp].

Көпестер айналым саны бойынша төрт разрядқа бөлінді: 1-ші разряд – айналымы 500 мың рубльден аскандарға берілді, 2-ші разряд – айналымы 200 мың рубльге дейінгілерге, 3-ші разряд 50 мың рубль, 4-ші разряд 50 мың рубльден төмен айналымы барларға берілді [10, с. 78].

Инспекторлар берген патент бойынша мысалы, 1909 жылға қарай Лепсі уезі бойынша мал және ал өнімдерін көтере сатып алушылар 99 адам, оның ішінде 40 қазақ, Қапалда 90 адам, оның 15 қазақ болды [3, с.215].

Осылайша, ұлттық сауда буржуазиясының қалыптасу процесін зерттей келе, бұл процестің Қазақстан аумағында өте баяу жүргізілгенін және осының салдарынан саудагер қазақтардың үлес салмағының көп болмағанын байқаймыз. Бұл XIX ғасырға және XX ғасырдың басына тән қасиет болды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында егін және мал шаруашылығымен айналысатын аймақтардағы қазақ ауылдарында кулактар пайда бола бастады, олар өздерінің шаруашылықтарын өздерінің еңбегін сату арқылы күн көретін батрақтарды пайдалану есебінен нарық қажеттіліктеріне қарай ықпалдады. Көптеген бай-кулактар тауралық егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын саудамен қатар жүргізді.

Қазақ ауылдарындағы таптық теңсіздіктердің күшеюі нәтижесінде алыпсатар-саудагерлер, приказчиктер, кулактардың арасынан жергілікті ұлттық буржуазия қалыптаса бастады.

Н.Масанов қазақ шаруасын малмен, егіс көлемімен және құрал-жабдықпен қамтамасыз етілуіне байланысты бірнеше әлеуметтік топқа жіктейді [11, с.206-209]:

1) 150 басқа жуық қойы және 25 бас ірі қарасы бар шаруашылықтар тобы, олар салыстырмалы түрде аз ғана қосымша жұмыстарды пайдалана алды. Бұл қосымша жұмыстар маусымдық сипатта болды;

2) 100 басқа жуық қойы мен 16-17 бас ірі қарасы бар шаруашылықтар, олар жыл бойығы пайда табу жұмыстарымен айналысуға мәжбүр болды. Бұл топ мал шаруашылығымен байланысты емес жұмыстарды жиі істеді;

3) 50 бастан төмен қойы және 8-9 бас ірі қарасы бар шаруашылықтар тобы өздерін қажетті азық-түлікпен қамтамасыз ете алмағандықтан үнемі қосымша өмір сүру көзін іздеуге мәжбүр болды. Осы топ отырықшы халықтың қатарын толықтырды.

Г.Ф.Дахшлейгердің топтастыруы бойынша кедейлер (кедей-жарлылар) мен батрақтар (малай-жалшылар) тобына ешқандай малы мен құралы жоқ шаруашылықтар жатқызылды [12, с. 17]. Көшпенді кедей шаруашылығының 5 басқа дейін ірі қарасы болды, жартылай көшпенді шаруашылықтың 1-3 бас малы мен 0,3-0,5 десятина егіндік жері, егіншілікпен айналысатын шаруашылықтың – 0,5-1 десятина егіні мен қарапайым құралы болды. Мұндай шаруашылықтар дербестікке ие болмады және жылдық және маусымдық жұмысшылар бөліп отырды.

Аталған шаруашылықтар байлар мен феодалдарға тәуелді болды. Революцияға дейінгі зерттеулерде кедейлерді «байғұстар», ештеңесіз қалған шаруаларды қоңсы, жарлы, қараша деп атады.

Өнеркәсіп пен темір және су жолдары құрылысының дамуы Қазақстандағы жұмысшы табының ұлттық кадрларының қалыптасу негізі болып табылды. Өлкеде олар негізінен қазақ шаруаларының кедейленген бөлігінің есебінен құралды.

П.Г.Галузо мұрағат материалдары мен басқа да көздерді зерттеу негізінде, зерттелген қазақ шаруашылықтарының 43 пайызы ауылда өмір сүруінің ешқандай көзі жоқ, сол себепті тыс жерлерден өмір сүру үшін табыс көзін іздеуге мәжбүр болған кедейлер болған деген қорытынды жасайды. Орташа шаруашылықтардың да (3-8 бас малы бар) басым бөлігі де қосымша табыс көзіне мұқтаж болды [13, с. 155]. Е.Бекмаханов мал басы мен егіс көлеміне байланысты қазақ шаруашылықтарының экономикалық теңсіздігін анықтай келе, «әрбір уездің 60 пайызға жуық халқының 1 жылқысы болды немесе ешқандай малы болмады» [14, с. 180].

Өздерінің капиталдарын тау-зауыт өндірісіне салу мүмкіндігі болмаған қазақ байлары көптеген бос жұмыс күшін пайдалана алмады, ал зауыт-фабрика кәсіпорындары ұсақ болды. Сондықтан қазақтардың кедейленген бөлігі өздеріне ауылдардан жұмыс таппаған соң, басқа жерлерге кәсіп іздеп кетіп жатты.

Кәсіптер жұмыс қолына сұранысы бар темір және су жолдарына, өндіріс орындарына жақын орналасқан уездерде жақсы дамыды. Бұл уездерде кәсіппен шұғылданатындар барлық шаруашылықтың жартысына жуығын құрады. Перовскіде – 45 пайыз, Қазалыда – 42,7 пайыз. Темір жолдан алыс орналасқан уездерде кәсіппен айналысатын шаруашылықтар барлық шаруашылықтардың 1/10 бөлігін құрады [7, с.195].

Қазақстанның кейбір облыстарына ондаған мың кедей шаруалар жұмыс іздеп кетіп жатты. 1880-1900 жылдар аралығында Сырдария облысында 1910 жылы – 39 мың, 1911 жылы – 41653 адамға жеткен [15, с. 122].

Жері мен малы жоқ шаруа-жатақтары ауылшаруашылығы жұмысшыларының қатарын толықтырды. Жұмыс түріне байланысты олар бірқатар санаттарға жіктел-

ді: «... Көшпенділер арасынан жағатар, яғни, қажетті малынан айрылған қазақтар бөліне бастады. Олардың бір бөлігі қалалар мен ауылдарға егін шаруашылығымен айналысуға, сондай-ақ әр түрлі өндіріс, сауда орындарына жұмысшы ретінде жалданды, ал бір бөлігі өз жерлерінде аз ғана көлемде егін егумен айналысты» [14, с. 188].

Қазақ ауылдарының кәсіп іздеушілері тек өз уездері мен облыстарының аумағында ғана жалданып жұмыс істеп қана қойған жоқ, олар жұмыс іздеп туған өлкелерінен тыс жерлерге де кетті. 1913 жылы Перовск уезінде 3030 қазақ кара жұмысшылары болды, «олардың көпшілігі темір жолда жылдың кез-келген уақытында болатын және ұзақ мерзімге созылатын жол жөндеу және вагон түсіру жұмыстарымен айналысты» [16, с. 96]. Орынбор-Ташкент темір жолының құрылысына 1901 жылы жаз бен күзде 4 мыңнан аса жұмысшы тартылса, 1903 жылы мамырда олардың саны 30 мыңға жетті. Олардың басым бөлігін жергілікті қазақтар құрады [17, с. 178].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Марков Г.Е. Кочевники Азии. Хозяйственная и общественная структура скотоводческих народов Азии в эпоху возникновения, расцвета и заката кочевничества. Автореф. дисс. докт. ист. наук. – Москва, 1976. – 48 с.
2. Хазанов А.М. Характерные черты кочевых обществ Евразийских степей. – Москва: Наука, 1973. – 260 с.
3. Толыбеков С.Е. Общественно-экономический строй казахов в XVII–XIX веках. – Алматы: Наука, 1959. – 498 с.
4. Зиманов С.З. Политический строй Казахстана в конце XVIII и I половине XIX веков. – Алматы: изд. АН КазССР, 1960. – 296 с.
5. Вяткин М.П. Очерки по истории КазССР. – Москва, 1941. – 340 с.
6. ҚРОММ. 44-қ., 1-т., 1253-іс.
7. Румянцев П.П. Социальное строение киргизского народа в прошлом и настоящем // Вопросы колонизации, 1909. Т.5. С. 187–199.
8. Румянцев П.П. Материалы по обследованию туземного и русского старо-жильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Т.4. Верненский уезд. СПб., 1911. – 633 с.
9. ҚРОММ. 6-қ., 1-т., 1-іс.
10. Сулейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX – нач. XX вв. – Алматы: Наука, 1968. – 248 с.
11. Масанов Н.Е. Кочевая цивилизация казахов. Алматы–Москва, 1995. – 310 с.
12. Дахшлейгер Г. Ф. О характере социально-экономических преобразований в казахском ауле в 1921–1928 гг. // История СССР, 1961. Т.6. С. 3–24.
13. Галузо П.Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867–1914 гг. – Алматы: Наука, 1965. – 320 с.
14. Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. Москва: АН СССР, 1957. – 342 с.
15. Обзор Сырдарьинской области за 1910 год. – Ташкент. 1911.
16. Материалы по киргизскому землепользованию. Сырдарьинская область Перовский уезд. – Ташкент, 1912.
17. Хворостанский П. Эволюция киргизского хозяйства в Туркестанской области. Вопросы колонизации. СПб., 1915. №18.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы ресей консерваторларында орын алған ескі мен жаңаның арақатынасы мен өзара байланысының мәселесі

Балташ ҚАРИПОВ,

М. Ломоносов атындағы ММУ-нің әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдары оқытушыларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының докторанты

Ресей консерватизмі қалыптасқан тәртіпті сақтау үшін пайда болған қозғалыс, дегенмен де ол оңтайлы қайта құрулардың саясатын жүзеге асыру үшін қажетті әлеуетке ие болды. Ресей тарихында орын алған реформалаулар мен реформаларға қарсы алмасулар, сонымен қатар қарастырылатын кезең отандық консерваторларды өзінің мүмкін болатын өзгерістер мен ауытқуларға қатынасын анықтауға мәжбүрледі. Бұл өз кезегінде ғасырлардың тоғысында, А.С. Карцов атап өткендей, «көреген консерваторлардың бірінші кезектегі міндеті болған» самодержавиялық биліктің елдегі динамикалық өзгерістерге сұранымының жолдарын іздестіруіне әкелді [1].

Осыған байланысты мынадай сұрақ туындады: реформалық саясат консервативтік дүниетаным көзқарасымен қаншалықты байланыста болады?

Нақтылы-тарихи шындыққа тірек арту осындай негіздердің бірі болады. Осы қағиданы ұстана отырып, ресейлік консерватизм қоғамдық саяси өмірдің өзгермелі болатындығын мойындамауға шарасы болмады. Консерваторлар ең алғашқылардың бірі болып, ескі мен жаңаның арасында орын алатын арақатынас пен өзара байланыстың проблемасын көтерді. Ресейлік консерваторлар самодержавиялық монархияның қуаттылығын қысқарту мұқтаждықтарымен туындаған қайта құрулардан толығымен бас тарта алмады, себебі самодержавияға негізделген мемлекеттік идея Ресейдегі консервативтік дүниетанымдылық көзқарасының негізгі кезеңі болды. Сондықтан, ресей консерваторлары өзгерістерді сөзсіз қауіп түрінде қабылдап, өзгерістер Ресейдің тарихи дамуының сабақтастығын, және ең алдымен самодержавиялық билік шыңының еш шүбәсіз бұзылмауын талап етті. Олар билікті заң шығарушылыққа, атқарушылыққа және сот билігіне бөлуге бағытталған барлық үндеулерді бірыңғай патша билігінің қызметтерді жеке-дара орындау түрінде түсіндірді. М.О. Меншиков осы жағдай бойынша былай деп жазған: «... Жоғарғы Билік республикалық үштіктің үшіншісі болып танылмай, негізгі бірлігі болуы керек және одан төмен қарай үздіксіз билік баспалдақтары кетуі керек» [2]. Биліктің

жоғарғы ұстаушысы міндетті түрде патша болады және консерваторлар ұсынған жобалардың арасындағы айырмашылық халықтық өкілеттілік пен бюрократизмге сыни көзқарасты түрліше түсіндірумен көрсетілді.

Соңғы жағдайда, Л.А.Тихомировтың бюрократияны сынауы симптомикалық болды. Оның пікірі бойынша, ол кінәлі және самодержавецті «қайта құрылымдауға» жауапты деп көрсетті. Сонымен қатар, ол монархтың мүддесін бұрмалауға септігін тигізді. Ұстаушы фактор болған рухани және діни идеалдардың құлдырауы Ресей өмірінде бюрократтық қабаттың үстемдік етуіне әкелді. Ол өзінің мүддесі үшін өзгертілген билік пен мекемелердің үстемдігіне арқа сүйеген абсолютизм жеңілісінің бірі еді. Тихомиров жұмысының парақтары шенеуніктерге қарсы бағытталған пікірлермен толы болды. «Үкімет соншалықты қатты, бұдан асқан жамандық болмас сірә»; «шіркеу таратылуда»; бюрократия «патшаны жұтты» және т.б. Тихомиров: «Басқарудағы жайылып келе жатқан өскелең бюрократизациялау билік монополиясының жүйесіне негізделеді, ол жағдайда белгілі бір орынды басып алған монополист мүмкін болатын бәсекелестер ретінде басқа адамдардың әрекеттеріне тосқауыл қояды. Бюрократия қабілеттіліктері бар адамдардың жылжуына, яғни жоғарлауына кедергі келтіреді, өзінің астына монархтың билігін алады және белгілі бір мәнде биліктің соқралды ореолын бұзады, барлық пайдалы бастамаларды бүркемелейді. Бюрократия тек қана қоғамдық мекемелер күрделі тапсырмалы органдарсыз әрекет ете алмайтын орындарда ғана қажет» – деп атап көрсетті. Сондай-ақ, Тихомиров бюрократиялық аппараттың шектеуі ретінде «ұлттық бақылауды» ұсынады, яғни халық өкілдерінің самодержавиялық билік алдында құқығы мен міндеттемелерді еркін айта алатын түрінде көтерілді. Бұл жерде А.С.Карцовтың ұстанымымен келісуге және монархиялық өкілеттіліктің бюрократиялық қанауға тосқауыл қоюға болады [1].

Бюрократиялық өктемдіктің жаңа сыни қырлары К.Н.Пасхаловта да бар. Ол «тұлғалар» мен ресей қайғысының орталықтарын нақтылай түседі. Оның пікірі бойынша: «қатенің үстіне қате жамайтын, мемлекеттік басқару жүйесінің жаңа негіздемелерінің жалғандығын мойындамайтын, Витте графымен қиялданған петербургтік бюрократия» кінәлі [3]. Сыни көзқарас империяның астанасына да жетті: «Петербург осыншама рухани кірге батты және Содоммен бәсекелестілікке түсуге боларлық Отанға қарсы мұндай маскаралы қылмыстармен тұншықты. Алайда, екіншіше орай оның тағдырына ортақтаса алмады, ал бұл орыс халқы үшін құтылудың жалғыз ғана әдісі» [4]. Олқылықтарды жою жөніндегі жоспарды Пасхалов «Мемлекеттік құрылымның 1905 жылғы 17 қазаннан бастап жаңарудағы олқылықтарды және оларды жоюға деген талпыныстарды» бағдарламалық жазбасында ұсынған болатын. Орын алған жағдайдан шығудың бастамасы мына сөздермен басталады: «Тек сөзбен ғана емес, сонымен қатар әрекет ету арқылы тарихи Самодержавияның шешуші заңды сөзін қалпына келтіру қажет; өзіне ұқсас қалғанның барлығы – Мемлекеттік дума және Кеңес тек қана кеңесуші мағынасында болуы керек, сонымен қатар Жоғарғы Билік өз құқықтарын қалпына келтіруі тиіс. Барлық пікірлерді білуі қажет және солардың ішінен өзінің ар-намысы бойынша халық пен мемлекетке барынша пайда әкелетіндерді таңдайды» [5].

Орыс консерваторы «Мемлекеттік мекеме» деген заңжариялаушы органның болуынан бас тартпайтындығын атап өткен жөн. Оның құрамына «орыс қоғамдық зияткерлік және рухани мекемелердің» халық қалаулылары кіруі тиіс болды. Мұндай органның құрамына енген депутаттар уездік жиналыс санынан тікелей сайлау арқылы сайланды. Сайлаудан «шет елдіктер» тыс қалдырылды. Сайланушылар

«қазынадан қандай да бір ақшалай, немесе басқа да түрде заттай немесе жеңілдік алуларына» жол берілмеді және олар өздерін сайлаған қоғамдық топтардан жалақы алатын [5]. Заңжариялаушы органда фракциялар жойылды, төраға сайланбады, ол самодержавецпен тағайындалды. Төрағаға арналған тапсырманы Сенат құрастырды. Халық қалаулылары «занды сақтау шеңберінде өздерінің пікірлерін айтуға, тәртіп пен салтанатты ант қабылдауға» еркіндікке ие болды және сонымен қатар қандай да бір ерекше қол сұқпаушылық (депутаттық) сияқты мәртебеге ие бола алмады [5]. Халық қалаулыларының барлық пікірлері Мемлекеттік Кеңестің қорытындылауына келіп түсетін және одан кейін Мемлекеттік Кеңестің пікірімен қоса патшаның қарауына жолданып. Самодержавецке заң жобасын талқылау барысында айтылған көпшілік пікірмен қатар, азшылық пікірлер де қоса берілетін. Алайда, белгілі бір мәселе бойынша барлық ақпаратты толық алғанына қарамастан, самодержавец өзінің еркін пікірін сақтап қалатын.

Сонымен, Пасхалов халықты заңшығарушылыққа тарту бюрократияны қадағалап отыруға мүмкіндік береді деген қорытындыға келді. Сондықтан, самодержавецтің дербес билігін бекіте отырып, бір де бір заң жобасының заңқолдасу мекемесінен тыс, тікелей патшаға баруы мүмкін емес қағидасын белгілеу керек еді.

Бюрократиялық өзіндік еркіндіктің қайнар көздері Петр уақытымен байланыстырылады. Д.А.Хомяков бастапқыда халық билікті монархқа берді және патша патшалық ету жүгін өзіне алды деп есептеп келді. Билік тірі мемлекеттің органикалық қалыптасқан «тірі денесін» бағыттап отырғанда, ол ұлттық рухтың көрінісі болды; алайда, І Петрдің реформасынан бастап «ортақұрылым» айырмашылығы пайда болды, яғни монархтың көз алдында тұтастай халықты «алмастыратын» белгілі бір тап мен сословие қалыптасты. Оның пікірі бойынша бұл «ортақұрылымдар»: бастапқыда дворян, одан кейін бюрократ болды және оған «дворяндықты бұрынғы саяси ролінен айыру» қажет болды, одан кейін интеллигенцияны. Петрлық қайта құрудың «тарихи зомбылығы» туралы Шарапов та жазған болатын, оның пікірі бойынша Петр реформасының дәуіріндегі «Батыспен жарықтандырылған» ұлттық ойдың жандануды славянофильдер бастады [6].

Өзінің ұсыныстары мен көзқарастарын белгілі консервативтік публицист В.А.Грингмут те жария етті. Ол «патшаны халықтан айыратын бюрократиялық ортақұрылымына қарсы Петербург бюрократизмінен халықтың патшаға барар жолындағы кедергіні, патша идеалдарының халық алдында бұрмалануын көре білген ресейлік консерваторлар күресті. Бюрократиялық билік әрқашанда өзін патшамен және өзінің әрекеттерін патшаның еркімен теңдестіруге тырысады» [7]. Мұндай көзқарасты Меньшиков та ұстанды. Ол «билік жүргізетін класс өзінің халықпен туыстығын жоғалтты және жат элементтермен толып кетті» деген пиғылдағы қауіпін көрді [8].

Бюрократияның үстінен жүргізілетін бақылаудың тиімділігі жоғарыдан ғана ұтымды болады. Бюрократиялық машина республиканы да, монархияны да жоя алатын еді, алайда монархқа оған қарсы тұруға мүмкіншіліктері мол болды. «... Ол өз қаламының бір сызуымен ғана қолайсыз шенеунікті қуып шыға алатын және сотты барлық қатандығымен және қазына байлығын тонауды тоқтатуға бағытталған заң қабылдауға мәжбүрлеуге күші жетті. Ал оны қандай да болмасын елдің, яғни республиканың президенті істей алмайды. Ол үш, төрт жылға сайланады және ешқандай билікке қолы жетпейді, ол тек қана алдына әкелген дайын қағазға қол қоюмен шектеледі» [7].

Біз жоғарыда көрсеткендей Ресейдегі саяси өзгерістер туралы консервативтік көзқарастың екінші қырын құрастыратын халықтық өкілдікке қатысты Грингмут оның барынша ашық қарсыласы болды. Тихомировтың пікіріне сәйкес ол П.А. Столыпинге «кешірімсіз күнә тақты, ол 3 маусымда Думаны толық қысқарту туралы мәселені қоймай, тек қана таңдамалы заңның жеңіл өзгерісімен шектелді» [9]. Консервативтік идеолог халықтың еркін білдірудегі сыни қатынасқа, елдегі саяси өзгерістер атмосферасына монархиялық биліктің ролі туралы өзінің түсінігін қойды.

Биліктің монархиялық нысаны биліктің барынша тиімді нысаны болып табылады; монарх табиғи тұрғыда өз елінің болашағына күйзеледі (оның отбасымен тұтастай байланыста болатын); басқарудағы сабақтастық әрдайым сақталады, ол партияға тәуелді болмайды, дәйексіз, ал халықтың билікке деген құрметі шексіз, ол авантюристердің қолына түспейді [9]. Грингмут бір-бірінен өмір сүре алмайтын жоғарғы билік пен халық әрбір мемлекеттің қажетті элементі болып табылатындығы жөніндегі көзқарастан шықты [10].

Елдегі жоғарғы билікті самодержавец жүргізеді. «Патшадан жоғары және патшамен қатар ешқандай тұлға және ешқандай мекеме тұра алмайды. Барлық Жоғарғы Билік соның қолында шоғырланған. Ол – Жоғарғы Билік жүргізуші, Ол – Жоғарғы Заң шығарушы, Ол – Жоғарғы сот» [10]. Сонымен қатар, ол халықтың жалғыз өкілі: «Ресейде Император Патшадан басқа халықтың «өкілі» жоқ, себебі одан басқа Ресей халқының Ресейдің осы кездегі, өткені мен болашағы сабақтасып байланысқан таптық, сословиялық, мемлекеттік мүдделерінің жиынтығын өз бойына жинақтаған» [10].

Грингмут, өкілдік басқарудағы либералдық қағидадан бас тарта отырып, көптеген мысалдарды келтіру арқылы халықтың басым көпшілігінің мемлекеттік істерді жүзеге асыруға қатысуына дайын еместігін растайды [10]. Сонымен қатар, ол халық өкілдерін сайлау саяси дағдарысты ушықтыруы және мемлекетке зор шығын келтіруі мүмкін деп есептеді. «Саяси сайлау орын алған жерде қажеттілігіне қарай саяси партиялар пайда болады; партия бар жерде билік үшін партиялық күрес болады; ал бұл күрес орын алған орында мемлекеттің мүдделері партиялардың құрбаны болады» [10].

Социал-демократ, кадет пен казаншылардың арасындағы айырмашылықты көргісі келмеген Грингмут патшадан билікті тартып алғысы келген саясаткершілерден билікті қорғап қалу керек деп есептеді. «... Біздің барлық Алексинскихтерден, Гучковтардан, Кизеветтеровтардан және Абрамсоновтардан айырмашылығымыз, олар тартып алған Билікті Патшаға қайтып беруді көздейміз немесе нақтырақ айтқанда Патшадан тартып алғысы келген Билікті сақтап қалғымыз келеді» [7].

Мемлекеттік қызметке немесе заң жобаларын әзірлеуге қабілетті тұлғалар көп емес, сондықтан: «Зандарды өңдеумен және талқылаумен тек қана мемлекеттің ең таңдаулы адамдары шұғылдандулары керек: 1) үкіметтің ең таңдаулы тәжірибелі шендері; 2) қоғамдық таптың ең үздік мамандары (ғалымдары мен практиктері) және 3) министрліктерде үкіметтікпен және жеке мамандармен, яғни ең үздік мемлекет адамдарымен өңделген заң жобалары патша тексерісінен өтеді ...». Консервативтік ойшыл басқарудағы объект пен субъект арасындағы кері байланыстың қажеттілігін мойындады. Алайда, ол өкілетті мекемелерді мұндай байланыстың негізгі құралы деп танымады. Грингмуттың ой бойынша: «шенеуніктердің баяндамалары, монархтың халықпен жанасуы және басылым – барынша пайдалы» [10].

Жалпы теориялық пайымдаудан басқа Грингмут монархиялық биліктің жаңа өзгерістерге бейімделуі туралы нақтылы шараларды ұсынды. Монархтың билігін нығайту осы шаралардың негізі болды. Оны жеңіл, локальды мәселелерден арылту және оны жоғарыдан сайланатын аумақтың өкілдеріне тапсыру қажет. Елдің барлық тұрғындары кез келген шенеунікке шағымдануына құқығы болды. Арыздарды талқылаудың нәтижелері: немесе лауазымды тұлғаны, немесе ұятсыз арызданушыны қатаң жазалау шарасына әкеледі. Грингмут монархиялық құрылыстың сызбасын жақсарту үмітін кеңестік пікір мен ұйымға жүктеді. Патшаның заң шығару қызметіне көмегін Заңкеңесушілік Мемлекеттік Кеңес мүшелері көрсетеді. Министрлерге өздерінің ведомстволарында заң жобаларын өңдеу жөніндегі ведомстволық комитеттерді, ал өкілшілік аумақтарда – беделді азаматтардан тұратын арнайы кеңестерді құру міндеті қойылды [10].

Сонымен, Грингмут ішкі басшылық қызметтерді қайта тарату жолы арқылы самодержавияны нығайтуға және бюрократиялық әрекетке қатаң бақылауды күшейтуге тырысты. Бұл Ресейдегі әлеуметтік-саяси жағдайдың ушыққан уақында монархизмді реформалауға қарағанда, бейімделу қағидасына жақын болды.

Консервативтік-күзету және реформаторлардың арасында аралық ұстанымды В.П. Мецкерский де ұстанды. Ресейлік жоғарғы бюрократизмнің моральдық оқшаулауға сілтеме жасай отырып, Ресей батыс елдерге тән саяси институттарды құруға ұмтылуы қажет деген либералдық тезистерден бас тартады. «Еуропадағы Ресей жалғыз өзі даму мен болашаққа бағытталған өзіндік жолын таңдайды және бұл жол еуропалық жолға қарама-қарсы: ол өкілдік пен үкіметтің қатаң шектеуін талап етеді. Тек қана Жоғарғы билік қана таза және ыдырау уымен уланбаған және тек қана ол өз халқының таза адамдарына арқа сүйейді, әрбір орыстың қорғаушысы және тірегі болады...» [11].

Саяси элитаның ымыраға талпынуы Мецкерскийге «моралдық аздырту», ал саяси жайбарақаттық моральдық азғындықтай көрінді. «... Жайбарақат оңшылдардың оңшыл саяси партияның намысы мен рухына қатынасы жайбарақат шыншыл адамдардың жалпы шыншылдыққа қатынасындай» [12]. Мецкерскийдің ымырасыз көзқарасы парламенттің маңызды қайырымдылары «Гражданиннің» редакторы қаламының сілтеуімен ауыр рухани дертке шалдықты.

Консервативтік идеолог бірнеше рет Ресей ешқандай партияны қажет етпейді деп мәлімдеді: олар тек халықты биліктен алшақтаға түседі деді [13]. Дауға машықтанған редактордың мұндай сөздерін оның бұқаралық саясатқа жеккөрініспен қарайтындығымен түсіндіруге болады. Ол саясат тыныш кабинеттерде жасалып, былайғы жұртқа қабылданған шешіммен артынан қинала отырып келісу ғана қалатын реформаға дейінгі жүйенің жақтаушысы болып қала берді. Мецкерский қоғамдық еркіндіктің қайсысын болмасын, тіпті жергілікті деңгейдегісін де ұнатпады. Ол жойқын проблемаларды сәтті шешу үшін өкілшілік бастаманы күшейту қажет деп санады. Жергілікті жерде басқарудың ұтымды құралы ретінде баяғыдан бері қатал сынға леккен жерді басқарушылар институтын жақтады [14].

Монархизм іргетасының қағидаларын бірдей ұстануына қарамастан, Мецкерский мен Грингмуттың айырмашылықтары болды. Оның сындарына қарамастан «Гражданин» редакторы Ресейде уәкілеттік институттары болуы мүмкіндігімен келісті және оның таратылуына қарсы да болды [15]. Оның ойы былай еді: Думаны таратуға бата алмай отырса, оны реформалау керек Мецкерскийдің нақты ұсыныстарының бірі – Дума заң жобаларына қатысты өз пікірін білдіріп, ми-

нистрлерге сұрау салу құқығы болуы керек, ал Мемлекеттік Кеңес реформаға дейінгі жағдайына қайтарылуы керек. Заңнама мәселелерін қарастыруда Кеңес Думаның пікірімен ешқалайда санаспауы керек. Дума мен Кеңестің арасында немесе сонғысының ішінде келіспеушілік болса, императорға Думаның, сонымен қатар Кеңес көпшілігінің және аз жағының пікірі ұсынылады [16]. «...Ресейдегі қауіпсіздік пен тәртіп халық үшін қажет деп тапқан жайдайда патша азшылық жағының пікірін дұрыс деп қабылдау мүмкіндігі болуы керек» [17].

Сөйтіп Грингмуттың ешқандай да өкілетті институттар болмағаны дұрыс болар еді деген пікірін қостай отырып, Мещерский ең болмағанда заңдық кеңес өкілеттілігі болуы мүмкіндігімен келісті.

Саяси ахуал оны заң шығарушы кеңес өкілеттілігінің қажеттігін, «өкілеттілік», «өкілеттік» деген терминдерден қашкалақтағанымен, осы органды тануды мәжбүр етті. Осындай жағдайда Мещерский, Грингмут пен Пасхалов сияқты, мұндай ұйымдардың қызметінің жағымсыз жақтарына баса назар аударды, және өзінің сарамандық кеңестерін келтірілетін зиянды қайтсе азайтудың тиімді әдістерін іздестірумен шектеді.

Заң шығарушы институттың монарх пен халық арасындағы арағайындық маңызын аша отырып консерватор славянофилдер бұл тақырыпқа жақсы қарады. Мұндай мекеменің үлгісі ретінде олар Земский Соборды атады. «Патша мен халықтың толық бірігуі Земский Собор тарихи мекемесінде жүзеге асуы қажет», деп санады А.Г.Щербатов [18].

А.А. Киреев Грингмут пен оның жақтастарының пікірін сынады: «Енді Думасыз басқаруға болмайды. Бұл Дума болмаса, 4, 5, 6-шысы болады», Киреевтің ойынша Дума заң шығарушы емес, заңдық кеңестің органы болуы қажет еді. Оның ойынша осындай тәртіп қана орыстың тарихи дәстүріне «көне самодержавиелік кеңестік құрылысқа» сай келетін. «Көне орыс бастамасымен құрылған, өкімшіліктің қызметін еркін және жариялы түрде бақылаушы нағыз Думаны орыс халқы Самодержавиені толықтыру үшін қажет деп таниды.», деп жазды Киреев императорға II Дума таратылған күні [19]. Осы жағдайда ғана патша билігі мен оның халықпен байланысын қамтамасыз етуге болатын.

Мұндай қарым-қатынасты қалай және қандай жолмен орнатуға болатынын Киреев білмеді. Бірақ ол «жанарған құрылысты» жоққа шығармады және консерваторларды шарасыздықтан көнуге шақырды. Сонымен қатар ол ымырашылықты қабылдай білді және мақсатқа қол жеткізу үшін оның тарихи қажеттігін ашық айтты.

С.Ф. Шараповтың жобасы ерекше көрінді. Оның құрылымының бастамасы монарх билігінің басымдылығы болды. Жаңа тарихи жағдайда бұл басымдылықтың мызғымастығы мемлекет басшысын жергілікті жерде де шешілуі мүмкін аса маңызды емес мәселелерді шешуден босата алуға байланысты болмақ. Олай болмаса, оның күші мен назары шашыраңқы болып, патша ойы басты мемлекеттік істерден ауытқып, олар еріксіз жоғары бюрократияның қолына тиеді. Шараповтың ойы бойынша сонғысы басқару нәтижесін төмендетеді, билік пен халықтың бірлесіп әрекет етуіне кедергі келтіреді. «Патша самодержавиесі барлығының көзінше министрдің самодержавиесіне ауысады, сонғысы директордың самодержавиесіне, ол өз кезегінде бөлімше бастығына, стол басшысына ауысады» [20].

Бюрократиялық «самодержавиеге» қарсы Шарапов «мемлекет ісін» жергілікті істен» бөліп қарауға мүмкіндік беретін нақты жоба ұсынады. Соған сәйкес патша жанынан монарх белгілеген заң аясында өзін-өзі басқаратын бірнеше ірі аумақтық жергілікті бірліктер құру қажет. Олардың әр қайсысында билік монархтың өкілі

мен осы заңның аясында облыстың барлық істерін өз еркімен жүргізетін өзін-өзі басқару өкілі арасында бөлінеді». Соның салдарынан «бірнеше қоғамдық өзі-өзі басқаратын жергілікті ұйымдар пайда болады» [20]. Патша – Мемлекет, ал жергілікті жерде – өзін-өзі басқаратын ірі облыстар. Қолданыстағы жергілікті жүйе таратылуы қажет, өйткені жергілікті губерниялардың саны өте көп және олар Ресейдің барлық аумағында енгізілмеген. Географиялық, өкімшілік және этникалық бөлініске негізделген 18 облыс құру қажет. Бұл жоба «өзінің негізінде федеративтік болғанымен, ұлттық емес, тек аумақтық федерацияны көздегендігін» айта кеткен маңызды».

Ұсынған жобасында Шарапов облыстық самодержавиенің үш сатысын ұсынады: дума, уезд, приход. Ең төменгі өкімшілік-жергілікті бірлік қоғамның шіркеулік және азаматтық ұйымдарын біріктірген барлық сословиелерге арналған приход бірлігі. Оның қарамағына барлық мәселелер енгізілді, соның ішінде білім, сауда, полиция, жергілікті өзін-өзі басқару т.б. Осы фрагмент бойынша онымен Тихомиров келіспеді, ол «шіркеу приходынан бастапқы әлеуметтік саяси ұйым бірлігін құру» ұмтылысы приходты шіркеу бірлігі ретінде азғындырады, өйткені «приход өкімшілік немесе экономикалық өмірдің емес, ұжымды діни өмірдің бастамасы» [21].

Приходтан кейін уезд, одан соң облыс. Губерниялық бөлініс сөйтіп таратылады. Жалпы империялық заңнама аясында белгіленген өзінің заңнамалық, қаржылық және экономикалық еркіндігі бар облыстық өзін-өзі басқару жүйесі құрылды.

Облыс басшысы генерал-губернатор болды, оны монарх тағайындады. Өкімшілік басқару облыстық думаның көмегімен жүргізілді. Облыстық думаның мүшелерін генерал-губернатор тағайындады және олармен басқару салаларын бөлісті, олар генерал-губернатор мен жергілікті маслихат алдында жауапты болды. Қалалық басқару да облыстық думаға бағынды. Облыстық думада төрағалық ету облыс дворяндарының басшысына жүктелді, оны патша тағайындады, және ол генерал-губернатормен бірдей және оның қатысуымен патшаға өзі баяндау құқығына ие болды. Облыстық думадағы орынның жартысын дворяндар иеленді. Дворяндықтың маңызы облыстық деңгейде аяқталды – «облыстық бөліністе – дворяндықтың орталық мемлекеттік ролі аяқталады. Мемлекеттік механизмге патшаның жеке таңдауы бойынша адамдар шақырылады, бұл жерде тегіне қарамайды, талабы мен мүмкіндігіне қарайды. Патша жергілікті жерден өз дарынымен суырылып шыққан адамды ғана министр немесе Мемлекеттік, Халық шаруашылық кеңесінің немесе Сенаттың мүшесі етіп тағайындайды, оны сайлау мен тағайындау фактісінің өзі оған басқа да шендер мен лауазымдардан өзге текті дворян құқығын беруі қажет, егер ондай ағак бұрын онда болмаса, Осындай жолмен бұрын мұндай элементтері болмаған жерлерде де саны жағынан басым және ең жақсы қоғамдық тап құруға болады» [20].

Жоба бойынша орталық органдардың құрылымы мынадай болуға тиіс еді: патша тағайындайтын және белгілі бір қызметтік бағам бойынша (бір «өзге халық» өкілі және екі орыс халқы облысының өкілі, мәскеу мен нижегород және орта кара теңіз облыстарынан екі-екіден) сайланғандармен толықтырылатын заңдық кеңестік (заңнама бойынша) Мемлекеттік кеңес; Үкімет басқарушы Сенат – патша тағайындайтын және облыстардар сайланатын жоғары өкімшілік мекеме; Бақылау сенаты – қаржылық-экономикалық саясатты бақылаушы және басқарушы жоғарғы орган; орталық ведомстволардың жанындағы сайланған өкілдерден құралған техникалық функциялармен ғана айналысатын арнайы кеңестер. Жергілікті – өкілдер Мемлекеттік және Халық шаруашылығы кеңестерінің құрамына

енгізілді, сонымен қатар басқарудың жеке салалары бойынша арнайы кеңестерге қатысты: қаржылық, банктік, темір жол, жер, ғылыми-дебиеттік.

Облыстық өзін-өзі басқару жүйесінің тиімді қызмет етуі үшін жеке сайлау өткізу, заңа алдында жауапкершілік болуы, биліктің барлық деңгейінде, тіпті Сенатқа дейін заңдылықты қорғау үшін кең еркіндік және қатаң қаржылық бақылауды сақтау қажет болды. «Баспасөздегі рухани және көркемдікті» қорғау үшін цензура мен мемлекеттік және облыстық «прокуратура» сақталғанымен, ой, сөз және баспасөз бостандығы да қарастырылды. Барлық жүйенің басында халықаралық, әскери, шіркеулік, заңнамалық және соттық, халық шаруашылығы істерін, сонымен қатар әдебиетке, өнер мен ағартушылыққа байланысты мәселелерді жеке басқара алатын самодержец тұрды [20].

Елдің саяси институттарын консерваторлық жаңартудың реформаторлық рухы Тихомиров пен Казанскийдің ұсыныстарына тән. Өкілетті органдар құрудың негізгі ойын қолдады. Олар император толыққанды билікке ие болуға тиіс, соның ішінде заңшығарушылыққа да деді [22], [23]. Өкілетті органдар император билігінің жанындағы халықтың «қатысуын» қамтамасыз етуші өкілетті институттар ролін атқаруы қажет [24].

Консервативтік идеологтардың бұл ұсынысы 1906 жылғы Негізгі Заңдарға негізделген еді. Өйткені бірнеше бабтар билік механизмдерін ұйымдастырудың қағидаларын әртүрлі қарастыруға мүмкіндік беретін. Тихомиров пен Казанский билік туралы заңнамаға қажетті өзгерістер енгізуді ұсынды. Казанскийдің ойынша 87-баб бойынша шектелген императордың заңнамалық сипаттағы шешімдер қабылдау құқығын кеңейтсе жеткілікті болар еді [23].

Тихомиров негізгі заңды түбегейлі қайта қарауға шақырды. Басында ол Заңнамалық кеңес деп атауы өзгертілген Мемлекеттік кеңеске заң шығару қызметінде басымдылық беруді ұсынды. Заң жобалары Кеңесте қаралғаннан кейін императорға тапсырылады [24]. Осындай жағдайда Халықтық думаға өзгертілген Мемлекеттік дума монарх пен халық арасындағы байланыс құралына айналар еді. Ол заң шығару бастамасы мен әкімшілікке сұрау салу құқығын сақтап қалар еді, бірақ оның құрылуы мен жұмыс тәртібін түбегейлі өзгерту қажет болды. Депутаттар халықтың жеке топтарынан сайлануы қажет болды, ал ұзаққа созылатын жыл сайынғы сессиялардың орнына біреуін – үш жылда бір рет өткізу қажет. Төтенше жағдайларда жергілікті жиналыс шақырылады, оның құрамына Заңнамалық Кеңес, Халықтық Дума, министрлер, жоғары шіркеулік билік иегерлері, таптар мен ерекше еңбегі сіңген жеке тұлғалардың өкілдері енеді [24].

Кейін жайбасарлыққа үміт артып, Тихомиров өз ұсыныстарында өкілеттілік жүйесін қайта құруға емес, жоғарғы биліктің құзыретін анықтауға баса назар аударды. Заңнамаға заң шығару билігі екі түрлі: жай және төтенше жолмен жүзеге асырылуы мүмкін деген ереже енгізуді ұсынды. Біріншісі, заңнамаға Мемлекеттік Дума мен Мемлекеттік Кеңес қатысуын көздеді, екіншісі – заңдарды жоғарғы бұйрықтармен қабылдау. Осылайша Тихомиров 87-баппен қарастырылған шектеулерді алып тастап, императорға кез келген заңнамалық жобаны қабылдау құқығын беруді ұсынды [22].

Осылайша, сараптама көптеген консерваторлық жобалар мен ұсыныстар өзгермелі әлеуметтік-тарихи жағдайда бейбіт, эволюциялық, күш көрсетусіз жолды, ал қажет болған жағдайда, басқарудың монархиялық түрін тактикалық реформалауды ұсынғанын көрсетіп отыр. Сонымен қатар, бір императив – самодержавиелік биліктің үстемдігі сақталып отырған. Жағдайдың өзгеруі монархпен

халық арасындағы қарым-қатынастың өзгеруі қажеттігін көрсетті. Ол үшін бұл механизмді бюрократиялық ұстанымдардан тазарту қажет болды. Ең бастысы, консерваторлар самодержавиені жоғары биліктің ең жақсы түрі деп бағалай отырып, жана жағдайда жалғыз басқару түріне халықтың түсінігі мен қолдауы қажет деп есептеді. Олар патшаны барлық ұлттың өкілі және оның «идеалының» басты қорғаушысы деп қарастырды. Олардың түсінігінде халықтың өкілдігі мемлекетті әртүрлі таптармен байланыстыратын механизм функциясын атқарды. Бұл ұлт пен жоғары билікті жақындастыруға және патша мен халықты бюрократияның қанауына, сайлаулы өкілдердің билікте толық үстемдік етуіне жол бермейді. Нәтижесінде, Ресей консерваторлары, либералдары сияқты, мемлекеттік билік ресурсының әлеуетін қолдануды мақсат етті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Карцов А.С. Русский консерватизм: модель непарламентского представительства. // Полис. 2006. №4.
2. Государственный скандал // Письма к ближним. 1909. №3.
3. Пасхалов К.Н. Сборник статей, воззваний, записок, речей и проч. М., март 1905 – август 1906 г., Т.1.
4. Лукьянов М.Н. Российский консерватизм и реформа. 1907–1914. Пермь. – 2001.
5. Пасхалов К.Н. Погрешности обновленного 17 октября 1905 года Государственного строя и попытка их устранения. М., 1910.
6. Шарапов С.Ф. Русские исторические начала и их современное положение, М., 1908.
7. Грингмут В.А. Собрание статей. Вып. IV. М., 1910.
8. Меньшиков М.О. Третья культура // Нация и империя русской мысли начала XX века. М., 2004.
9. Московские ведомости. 1912. 28 сент.
10. Грингмут В.А. История народовластия. М., 1908.
11. Дневники // Гражданин. 1911. №15.
12. Дневники // Гражданин. 1910. №6.
13. Дневники // Гражданин. 1913. №46.
14. Дневники // Гражданин. 1910. №7.
15. Дневники // Гражданин. 1913. №39.
16. Дневники // Гражданин. 1909. №2.
17. Дневники // Гражданин. 1911. №30.
18. Щербатов А.Г. Обновленная Россия. М., 1908.
19. Репников А.В. Консервативные представления о переустройстве России (конец XIX – начало XX веков). М., 2006.
20. Шарапов С.Ф. Россия будущего (третье издание «Опыта Русской политической программы»). М., 1905.
21. Тихомиров Л.А. Монархическая государственность. СПб., 1992.
22. Тихомиров Л.А. К реформе обновленной России (статьи 909, 1910, 1911 гг.). М., 1912.
23. Казанский В.П. Власть Всероссийского Императора. Очерки действующего русского права. Одесса. – 1913.
24. Тихомиров Л.А. Самодержавие и народное представительство. М., 1907.

Оңай Шонаевтың ерлігі

Қылышбай СҮНДЕТҰЛЫ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік
университетінің аға оқытушысы, тарих ғылымдарының
кандидаты

Бүгінде еліміздің өзге тұстарындағы секілді Атырау облысы, Ма-
хамбет ауданының дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырған аяулы
азаматтардың ардақталып жатқаны көңіл қуантады. Солардың
қатарында ауданның саяси-әлеуметтік және мәдени өрлеуіне зор
үлес қосқан, Ұлы Отан соғысында ерікпен қаза тапқан Оңай Шонаевтің есімі
ерекше.

Оңай Нұрымбайұлы Шонаев 1912 жылы 15 наурыз күні Бақсай ауданы, Со-
рочинко селосында дүниеге келген. Ата-анасы Қазан төңкерісіне дейін Карпов,
кейін Жымпиты ауданындағы Лұқпан атты ірі байдың малын бағып күнкөріс
еткен. 1922 жылы олар қайтадан Сорочинко селосына қайтып келіп, мемлекет-
тік балық кәсіпшілігінде балық аулаушы ретінде 1933 жылға дейін еңбек етеді.
Өмірдің тауқыметі Оңай ағамыздың қабырғасын қатайтып, буынның ерте бекітті.
Бүгінгідей балалық шақтың қызықты күндерін басынан кеше алмады. Мұрағат
деректерінде көрсетілгендей, О. Шонаев 1926–1927 жылдары жұмысшы қасында
үйренуші, 1928–1929 жылдары Сорочинко балық қабылдау пунктінде жұмысшы
болған. Ол кезде бастауыш сыныпта оқитын. Мектепті бітіргеннен соң 1929–1932 жылдары
қарын талдыра еңбекке араласты. Мектепті бітіргеннен соң 1929–1932 жылдары
Гурьев қаласындағы педагогикалық техникумға түсіп, білімге деген құштарлығын
ұштай түсті. Оқуды аяқтағаннан кейін Гурьев аудандық оқу бөліміне (1928 жылғы
территориялық-әкімшілік өзгеріске сәйкес ол кезде Гурьев аудан орталығы бола-
тын, қазіргі Махамбет ауданы соның құрамына кірді – Қ.С.) нұсқаушы, 1933–1934
жылы Гурьев аудандық оқу бөлімінің менгерушісі болып қызметін жалғастырады.
Жастық жалыны еңбекте лаулаған жас жігіт барлық күш-жігерін халқының
болашағына арнады. Әрбір тапсырылған жұмысқа жоғары жауапкершілікпен
қарай отырып, ерекше ынты-жігермен кірісті. Сол кездегі халық арасындағы
сауатсыздықты жою, бастауыш білім беру бағдарламаларының жүзеге асуына,
қызыл отау жұмысына басшылық жасады. Гурьев округінің құрылуымен 1934
жылдың наурызы мен тамызы аралығында округкомның оқу секторының және
окрлитонның менгерушісі, сол жылдың тамызы мен қыркүйегі арасында Жылқосы
аудандық оқу бөлімінің менгерушілігіне тағайындалады. 1934 жылдың қыркүйек
айының ішінде Кеңестік Армия қатарына шақырылып, Түркмен КСР-нің Чор-
джау қаласында әскери борышын абыроймен өтеп, елге оралады. Одан келген
соң 1936 жылдың қараша айынан 1939 жылдың мамыр айына дейін қайтадан
Бақсай (бұрынғы Гурьев) аудандық халық ағарту бөлімінің менгерушісі болып,
сүйікті ісін жемісті атқара білді. Бұл шешімді кейін ВКП(б) Гурьев округтік
комитетінің 1938 жыл 23 қазаны күнгі бюро мәжілісінде бекіткен. 1939 жылдың

Қылышбай

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№4(28) 2010

3 мамырынан бастап Бақсай аудандық партия комитетінің насихат және үгіт
бөлімінің менгерушілігіне тағайындалады. ВЛКСМ қатарында 1930 жылдан мүше,
1938 жылы 28 қаңтарында партия мүшелігіне кандидат, 1939 жылы мүшелікке
қабылданады [1].

Осылайша, өмір мектебінде шыңдала түскен жас жігіт Махамбеттің ауыл-
дарында халықтың білімге деген сүйіспеншілік сезімін арттыруға бойындағы
күш-қайратын аямады. Өзінің терең білімділігімен, жоғары ұйымдастыру ше-
берлігімен, қарапайым еңбекқорлығымен ерекше құрметке бөленді. Тағы да сол
мұрағат қорындағы деректерге көз жіберсек:

«МІНЕЗДЕМЕ

КП(б)К мүшесі О.Шонаевқа

Жол. Шонаев Оңай 1912 жылы Гурьев облысы, Сарайшық поселкесінде ке-
дей-шаруа отбасында дүниеге келген, білім орта, партия мүшелігіне 1939 жылы
қабылданды, 1930 жылдан ВЛКСМ мүшесі. Партиялық жаза алмаған, ешқандай
анипартиялық топтың құрамында болмаған, сотқа тартылмаған. 1932 жылдан
халық ағарту жүйесінде еңбек етеді, бойында жігері мол жас, тапсырылған
жұмысты абыроймен атқарады, тәртіпті, саяси сауатты және салмақты.

КП(б)К Бақсай аудандық комитеті – насихат және үгіт бөлімі менгерушілігіне
ұсынған. КП(б)К облыстық комитетінің 1939 жыл 7/V бюро шешімімен осы
қызметке тағайындалды.

КП(б) обком хатшысы: (Ишанова) [1,12 п.].

1938–1941 жылдар аралығында О.Шонаевтың жаңа қырлары ашыла түсті.
Алдымен оның баспасөзге, яғни газет ісіне деген сүйіспеншілік ынтыасы артты.
Жоғарғы билік өкілдерінің тапсырмасына сәйкес ауданның саяси-әлеуметтік да-
муына бел шеше кіріскен білімді жігіттің уақытпен санаспай осы салаға да уақыт
тауып басшылық жасайды. Облыстық партия комитеті 1938 жылы 1 ақпанда
облыстағы қазақ тіліндегі газеттер үшін баспасөздегі құпияны сақтау бөлімі
цензор жұмыс орнын ашады, бірақ аудандық газеттер үшін қосымша атқаратын
қызмет болып табылды. Осыған байланысты көзі ашық, білімді О.Шонаевты
Бақсай ауданында шығатын «Социалистік қой шаруашылығы» көптіражды
газетіне осы қызметті қосымша атқаруды міндеттейді [2]. Кейін ҚК(б)П Гурьев
облыстық комитетінің 1940 жыл 19 мамыр күнгі №10 бюро мәжілісінің § 35
бабымен О.Шонаев Бақсай аудандық ЛИТа өкілі болып тағайындалады. Оңай
ағамыз күн сайын оқырман қолына тиетін газетті оқырманнан бұрын қолына
алып, түн ауа әр бетті мұқият тексеруге міндетті болды. Сөйтіп, газеттің бетінде
жарияланған материалдардың идеясы жоғары, емле жағынан өте сауатты, сыртқы-
ішкі көркемділігі көз тартарлықтай әдемі басылып шығуын қамтамасыз етті. Жур-
налистика тәртібі бойынша, әрқашан мерзімді басылымдар ешбір қатесіз жарық
көруге тиіс. Кейде байқаусызда кеткен әріп қатесі, тыныс белгісі, полиграфиялық
бір ауытқудың өзі газеттің мазмұны мен көркемдігіне қатты нұқсан келтіретін.
Бұл үшін кейін жоғарғы партия органдары газеттің редакторымен бірге, аудандық
цензордың да «сыбағасын» қатты беретін. ҚК(б)П Бақсай аудандық комитетінің
үгіт және насихат бөлімінің менгерушісі қызметінде жүріп, О.Шонаевтың қазіргі
Махамбет аудандық «Жайық шұғыласы» газетінің ірге тасын қалаушы, яғни
осы газетті алғаш ұйымдастырушы екендігін бөле айтқым келеді. Әсіресе, жаңа
құрылған Бақсай ауданында газет ашу мәселесін жоғарғы партия органдарына

Қылышбай

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№4(28) 2010

бірнеше мәрте қоя білді. Тіпті олардың тарапынан ешқандай қолдау болмаған соң ақыры Мәскеуге ВКП(б) Орталық Комитетіне арнайы хат жолдайды. Мен оның түп нұсқасын Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатынан кездестіріп, әдемі көк сиямен өрнектеліп жазылған О.Шонаевтың қолы көзіме оттай басылғанын жасырғым келмейді. Міне, сол хат:

«В отдел пропаганды и агитации ЦК ВКП(б).
Баксайский район Гурьевской области КазССР организован в январе месяца 1938 года. Район является крупным экономическим смещенно-развитым хозяйством, где имеем: 28 сельских Советов, 36 колхозов, из которых 19 колхозов являются рыболовецкими, имеем в районе два каракулеводческие совхозы со 100000 голов овец и один овощной совхоз. Население района более 40000 чел. Партийная организация составляет 1300 чел. - комсомольцев. Отсюда становиться ясно, что парторганизация района должна по боевому руководить хозяйственной деятельностью района и коренным образом улучшить постановку партийно-политическую работу на селе систематический улучшая партийную пропаганду. Безусловно, что и проведение этой важнейшей работы районная газета явилась бы таким необходимым оружием нашей партийной организации.

К сожалению этого органа печати (районной печати) райком КП(б)К уже два года не имеет. Наша неоднократные настояния об организации районной газеты перед Гурьевским обкомом КП(б)К и даже перед ЦК КП(б)К остаются безрезультатными, несмотря на то, что обком КП(б)К дан указания подобрать редактора, которого мы подобрали, утвердили на бюро и его же утвердил обком, но этому подбору прошел несколько месяцев времени, а все же газета неорганизованы и эта работы сейчас позабыта. Поэтому считая необходимое организацию районной газеты, просим отдел пропаганды и агитации ЦК ВКП(б) вмешаться в это дело и помочь нам в организации районной газеты, ибо назрел момент организации ее. Одновременно ставим Вас в известность, что Гурьевском каракулеводческом совхозе имеется политотдельская многотиражка (1-километрах от райцентра), которую считаем при организации районной газеты реорганизовать и на базе этой многотиражки создать районную газету, которая может обслужить район и все остальные совхозы. И этом вопрос нами перед обком КП(б)К и перед ЦК(б)К ставился неоднократно, но они упорно отжались.

Просим о результатах сообщить.

Секретарь Баксайского РК Харченко.

Зав.АПО РК Шунаев.

8/III-39 г. №401.

Пос. Яманка. Баксайского р-н. Гурьевской обл. КазССР».

Бұл хатта көрсетіліп отырған Тандай селосында жарық көрген көптіражды «Социалистік қой шаруашылығы» газетімен оған редакторлық жасаған М.Жалмұқатовтың кандидатурасын аудандық газет редакторлығына ұсынылғандығы.

Осы хатты алысымен ВКП(б) Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі Қазақстанның жоғарғы партия органдарына төмендегідей мазмұнда қатынас хат жолдайды:

«ВКП(б) Управление пропаганды и агитации от 11 сентября 1939 г.

Секретарю ЦК КП(б)К тов.Кулизову Д.Г.

Направляем Вам письмо секретаря Баксайского РК КП(б)К тов.Харченко, в котором ОК просит разрешить издание районной газеты.

Озанокомтесь – есть ли в Баксайском районе условия для издания газеты – кадры, а также полиграфическая база. Выясните, чем району могут помочь в этом отношений область и республика.

Если ЦК КП(б)К найдет возможным удовлетворить просьбу Баксайского райкома об издании газеты, то высылаете в ЦК ВКП(б) решение ЦК(б)К по этому вопросу и докладную записку об обеспеченности издания кадрами, полиграфической базой, помещением и бумагой.

Зам.нач.Управления ПиА ЦК ВКП(б): Т.Антропов».

Қазақстан Компартиясы (большевиктер) Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі Гурьевтегі партия ұйымымен байланыс жасап, Баксай ауданында газет ашудың барлық мүмкіндігін жасап жатқандығын ескертіп төмендегіше жедел хат жолдайды:

«Телеграмма № 3/96027/IX – 39 г.

Зам.нач.управления пропаганды и агитации ЦК ВКП(б) тов.Антропову.

ЦК КП(б)К на Ваш запрос от 11.IX – 39 г. за №826-А о возможности издания Баксайской райгазеты Гурьевской области сообщает:

Дано указание Гурьевскому обкому КП(б)К выяснить все возможности в районе и области для издания газеты в Баксайском районе. В данное время нами запланирована организация Баксайской райгазеты на 1940 год.

Решение ЦК КП(б)К и докладную записку по этому вопросу вышлем дополнительно.

Зам.зав.отдела пропаганды и агитации ЦК КП(б)К: Платонов» [3].

Міне, осындай хаттардың нәтижесінде 1941 жылы 19 наурыз күні Баксай аудандық «Ленин жолы» газетінің тұңғыш саны жарық көреді.

Баршаға мәлім, ол кезде халықаралық жағдай қатты ушығып тұрды. КСРО үкіметі фашистік Германия, Италия, Финляндия, Жапония және Қытайдағы қуыршақ өкіметпен арадағы саяси байланысы өте төмен болды. Еліміз соғыс жағдайында өмір сүрді, сондықтан бұқара арасындағы саяси-үгітке қатты мән берілді. О.Шонаев газетпен бірге бұқара арасында саяси үгітті жан-жақты жүргізуде жергілікті радиохабарларын ұйымдастыруға да көп көңіл бөлді. Радио байланыс құралы ғана болып қойған жоқ, сонымен қатар ол саяси хабардың, бұқараны тәрбиелеудің де құралы болды. О.Шонаев басқарған үгіт-насихат бөлімі 1940 жылдың 9 сәуірі күнгі өткен аудандық партия комитетінің бюро мәжілісіне осы мәселені күн тәртібіне енгізіп, бұл бағыттағы жұмыстардың жоспарлары мен жауапты жолдастарды бекіттірді [4].

Ұлы Отан соғысы басталысымен Баксай ауданы еңбекшілері барлық күшті жауды жеңуге бағыттады. Бүкіл халық ел қорғау жұмысына жұмыла кірісті, тылда да үлкен майдан жүріп жатты. Колхозшылар қолындағы бар асыл заттарын ғана беріп қана қоймай, жылы киімдер, ауыл шаруашылығы өнімдерін мольнан өндіруге бел шешті. Уақытпен санаспай ер адамдар орнын басқан әйелдер, буыны қатпаған балалар егін, мал шаруашылығына араласты. Міне, осы тұста бұқара арасындағы саяси үгіттің күшін арттыруға арналған ҚК(б) Баксай аудандық комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі О.Шонаевтың Гурьев облыстық «Прикаспийская коммуна» және «Социалистік құрылыс»

газеттерінде бірнеше мақаласы жарияланды. Аталмыш мақалалармен таныса отырып, Онай ағаның қаламы екі тілде де озық жазылатынын анық байқалады. «Прикаспийская коммуна» газетінің 1941 жыл 12 ақпан №35 санында «Партийная пропаганда и агитация в Бакайском районе» атты мақаласы басылыпты. Оқып көрсек: «Перестройка партийной пропаганды дала нам ошутительные результаты. Сейчас в районе самостоятельно изучают историю ВКП(б) 530 человек, в том числе 197 коммунистов и 177 комсомольцев; в кружках истории ВКП(б) изучают 32 человека. 42 человека закончили изучение «Краткого курса истории ВКП(б)».

В помощь изучающим историю ВКП(б) 1940 году в нашем районе было прочитано 20 лекций с охватом 978 человек, проведено 114 индивидуальных консультаций и 80 групповых. В нашем районе есть такие коммунисты. Которые, под предлогом самостоятельного изучения истории ВКП(б), самоустраивались от политического самообразования. Такими, например, являются нарсулъя тов. Сагынбаев, старший инспектор нархозучета тов. Шулабаев и секретарь парторганизации колхоза «Первое мая» тов. Кенжахметов.

Те же товарищи, которые неустанно повышают свой идейно-политический уровень, с успехом овладевают большевизмом и хорошо справляются с порученным делом. К таким, например, можно отнести заместителя председателя исполкома райсовета депутатов трудящихся, секретаря первичной парторганизации исполкома райсовета тов. Каймашикова и секретаря по кадрам райкома ВКП(б) тов. Аманиязова. Газета «Прикаспийская коммуна» уже отмечала, что антирелигиозная пропаганда в нашем районе поставлено слабо. Райком ВКП(б) сейчас принимает меры к налаживанию антирелигиозной пропаганды, в районе организовано оргбюро СВБ.

Сейчас принимаем меры к тому, чтобы усилить также политическую агитацию, особенно в связи с подготовкой к весенней посевной кампании» [5].

Көп ұзамай облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1941 жылы 10 сәуір №84 (2286) санында «Бақсай ауданындағы саяси үгіт» атты көлемді мақаласы жарық көрді. Ауданда өткен жылдары бұл бағыттағы қол жеткен табыстарға былайша тоқталады: «...Біздің ауданымызда өткен жылдардың, әсіресе 1940 жылдың тәжірибелері партиялық-саяси жұмыстардың жақсы қойылған және саяси-үгіттің жоғарғы дәрежеде болған жерінде шаруашылық міндеттердің де ойдағыдай орындалғанын айқын көрсетеді. 11 үгітшісі бар «Авангард» колхозы жанындағы партия ұйымы өткен жылғы егіс даласындағы жұмыс кезінде саяси үгіт жұмысын жақсы ұйымдастыра білді. Бұл колхоздағы үгіт коллективі (бастығы Нам Константинов) үгіт жұмысын партия ұйымының беркіткен жоспары бойынша жүргізіп отырды.

Үгітшілер үнемі бригадаларда болып, үгіт-көпшілік жұмысын үздіксіз жүргізді. Осының нәтижесінде «Авангард» колхозы 1940 жылы егістен жоғары өнім алды, ауыл шаруашылық өнімдерін тапсырудың мемлекеттік жоспарын, пішен шабу жоспарын мерзіменен бұрын артығымен орындады. Колхозшылар займ жарнасының 10 мың соммен қолма-қол уақытынан бұрын төледі. Бұл колхоздың колхозшылары бір еңбек күнге 7 килоға жақын өнім, оның ішінен 4 кило күріш алды. Колхоздағы ең жақсы тәжірибелі үгітшілер ҚК(б)П мүшесі Цой Данил, Тен-Сан-нен болды.

«Путь социализм» колхозы жанындағы партия ұйымының үгіт коллективінде 18 үгітші бар, үгіт коллективін партия ұйымының секретары Құлмағамбетов жолдастың өзі басқарады. Өткен жылы бұл колхозда да үгіт-көпшілік жұмысы жақсы жолға ұйымдастырылып, ол өндіріс міндеттерімен тығыз байланыста жүргізілді. Саяси-үгіт жақсы жолға қойылғанның арқасында колхоз дәнді егістің гектарынан 17 центнерден өнім алды, қоғамдық мал шаруашылығын өсірудің мемлекеттік жоспарын тауарлы қой фермасы бойынша 420 бас болып артығымен орындалды. Үгіттің нәтижесінде өткен жылы колхоз жанынан 59 тауығы бар бір құс фермасы ұйымдастырылды.

...Үгіт-көпшілік жұмысының алуан-алуан жұмыстарын біздің ауданның партия ұйымдары өткен Бақсай каналын салу біз үшін үлкен саяси мектеп болып табылды. Канал құрылысынан жүздеген колхозшылар стахановшы, екпінді болып қайтты. Мысалы, «Вперед» колхозының мүшесі Бисенғали Тайжарықов бұрын колхозда жұмысты нашар істеп келген колхозшылардың бірінен саналатын, ал Бақсай құрылысына келгеннен кейін жұмыс нормасын 180 проценттен орындайтын болды. Сол сияқты осы колхоздағы Клавдия Заршикова, Майтан Сұлтанова сияқты жұмысты нашар істеген колхозшылар құрылыста тандауыл стахановшылардың бірі болды.

Қазірде ауданда 400-ге жуық үгітшілер армиясы істейді...» [6].

Ұлы Отан соғысы жүріп жатқанда халықтың сол кездегі адамзаттың қас жауы атанған сұм фашистерге деген өшпенділігі артта түсті. Еліміздің аспанындағы бейбіт аспанды тас-талқан етіп, жерімізді қанға бояған жауға деген олардың ыза-кегін қайнатты. Міне, осы тұста қалың бұқара арасындағы саяси-көпшілік үгітті күшейте түсуді уақыттың өзі талап етті. Күллі үгіттің бәрі бірдей тылды нығайту ісіне, жауды талқандауға қалың бұқараны жұмылдыру ісіне бағытталды. Үгітшілер Ұлы Отан соғысы, информбюроның хабары, жауынгерлік эпизодтар, фашист баскесерлерінің жан түршігерлік аюандықтары туралы материалдарды көбінен пайдаланды. О.Шонаевтың 1941 жылдың 19 қыркүйек №222(2424) санында «Саяси үгіттің күші» атты мақаласында осы мәселе төмендегіше сөз болады:

«...Тек екі айдың ішінде аудан бойынша отан соғысы туралы ҚК(б)П облыстық комитетінің лекторлары арқылы 16 лекциялар, ҚК(б)П аудандық комитетінің баяндамашылары арқылы 36 баяндама оқылып, оған 6000 адам ақатынасты. Осы мезгіл ішінде үгітшілер өткізген әңгімелерге 25 мың адам қатынасты. Ал осы жылдың соғыстан бұрынғы бес айының ішінде 7 лекция, 30-дан астам баяндамалар оқылған еді.

«Бірлік тан» колхозының колхозшылары Төлеген Аймұратов, Жалмұқан Абуов екеуі бірігіп шөп шабатын машина мен 8 гектардың орнына 14-15 гектар жердің шөбін шабатын болды. Осы колхоздың 65 жастағы колхозшысы Тажен Толыбаев пішен шабуға күндік нормасын үнемі 200 проценттен орындайды. ... Бұнымен қатар соңғы уақытта ауданның партия ұйымдары және үгітшілер армиясы халықтық отан қорғау жасақтауда үлкен жұмыс жүргізуде. Тек Шерби-на, Садтаров, Ажмұхамбетова, Ақунашев, Тұяқов сияқты үгітшілердің өздері, бұл халық қозғалыстың маңызын жұртшылыққа түсіндіре отырып, отан қорғау қорына 267 сом ақшалай, 28065 сомның облигациясын, 58 әр түрлі күміс, үш алтын сақина жинады. Үш баласы армияға кеткен патриотка Мұхамбетжанова

отан қорына екі алтын сакина, армиядағы Қалиевтың шешесі 500 сом заем облигациясын, 20 сом ақшалай және алтын сақиналарын, үй шаруасындағы әйел Аманиязова 1150 сомдық облигациясын берді. Отан қорғаудың сарқылмас қорын жасақтауға колхозшылар да үлкен патриоттық өрлеумен қатынасауда. «Путь Ильича» колхозының колхозшылары отан қорғау қорына 3 центнер астық, «Павловск» колхозы 10 центнер күріш, «авангард» колхозы 5 центнер күріш, «Жаңа шаруа» колхозы 15 қой берді. Сөйтіп аудан еңбекшілері аз уақыттың ішінде отан қорғау қорына 20 мың сом ақшалай, 75 мың сомның облигациясын және көптеген бағалы заттарын тапсырды.

Ұлы Отан соғысы басталғалы жүргізілген саяси-үгіттің нәтижелері дәл осындай...» [7].

Сұрапыл соғыс кезінде майданға мотормен жүретін техникалар үшін мұнайды көптеп өндіру міндеті тұрды. Сол кездегі мұнайлы аймақ Кавказ соғыстың зардабынан өнім бере алмай қалды. Сөйтіп, Қазақстан мұнай мен оқ жасаудың берік тылына айналды. Міне, осы міндет биігінен жоғары сенім көрсетіліп, жоғарғы партия ұйымдары О.Шонаевтың қызметін облыстың мұнайлы аймағына ауыстырады. Гурьев облыстық партия комитетінің 1941 жылғы 11 қыркүйектегі №121 § 3 бюро мәжілісінің шешімімен О.Шонаев ҚК(б)П Мақат аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалады [8]. Баксай ауданының бұл қызметіне Елмұрза Ерекенов кіріседі.

Мақат ауданында да О.Шонаев бар күш-қуш жігерін қалың бұқара арасындағы саяси жұмысқа арнайды. Майданға қажетті мұнайды көптеп өндіру үшін мұнайшыларды қанатты сөздермен жігерлендірді. Сол кездегі Аскар ағамыздың «Мұнайшылар. Мұнай бер! Соны сізден сұрайды ел!» өлеңі барлық жерге ұран болып ілінді. Күн сайын жаңа мұнай алаңдары ашылып, жаңа кәсіпшіліктер іске қосылды, мұнай судай тасыды. Гурьев обкомының хатшысы ж.Волков пен кадр секторының меңгерушісі И.Аубекировтар қол қойған мына мінездеме сол кезде жазылыпты:

«ХАРАКТЕРИСТИКА

На члена КП(б)К т.Шунаева У.

Шунаев Унай 1912 года, образование среднее – окончил педагогический техникум, член КП(б)К с 1939 года партбилет №1600857.

С 1926 по 1932 год работал на низовых работах в хозяйственных организациях рабочим. С 1932 по 1939 год работал на руководящей работе в органах народного образования – зав.райОНО Баксайского района, с 1939 года работает на руководящих партийных работах – зав.отделом пропаганды и агитации Баксайского райкома КП(б)К, с работой справляется.

В практической работе энергичный растущий товарищ, дисциплинирован, политически выдержан. Партийно-политический не имеет, под судом и следствием не был. Тов.Шунаев имеет достаточный опыт в пропагандистской и агитационной работе. Теоретическая подготовка и кругозор вполне обеспечивают требования инженерно-технических работников нефтепромыслов.

Отдел кадров обкома КП(б)К считает, что т.Шонаев с работой зав.отделом пропаганды и агитации Мақатского райкома КП(б)К справляется» [1, 13 п.].

Отан алдындағы батысқан өтеу үшін О.Шонаев өз еркімен майданға сұранып, бірнеше рет жоғарғы партия органдарға арыз түсіреді. Кейін арызды

қанағаттандырып, облыстық партия комитеті 1941 жыл 5 желтоқсан күні РККА қатарына шақырылған О.Шонаевқа жолсапары мен отбасы үшін 500 сом мөлшерінде сыйақы береді. Сөйтіп, ол алдымен Ақтөбе қаласында құрылған ұлттық дивизияның І-ші батальонының комиссары болып тағайындалып, майданға жүріп кетеді.

...1944 жылы әскери академияны бітіріп Балтық жағалауында от пен оққа оранған соғысқа енеді. Ол 76 дивизияның штаб бастығы болып жүріп, Тарту қаласы үшін болған ұрыста бірнеше рет жауынгерлерді шабуылға бастап шыққан. Осы ұрыстардың бірінде О.Шонаев ерлікпен қаза табады. Тарту қаласы үшін Ұлы Отан соғысы орденінің І-ші дәрежелі және Қызыл жұлдыз орденімен марапатталады.

Соғыстан кейін көп жыл өткен соң Эстониядағы Тарту қаласының №13 мектебі «Қызыл ізшілерінің» көмегімен оның бейіті табылады. Сол мектептің оқушылары өз пионер дружинасына оның атына береді. Тарту қаласының пионерлерінің бас-тамасымен металллом жинақталып, О.Шонаевтың есімі жазылған экскваторда шығарады.

...1982 жыл 23 наурыз. Махамбет селосындағы Оңай Шонаев атындағы орта мектепте ерекше оқиға аталып өтті. Ол – аулымыздың аяулы ұлы халқымыздың жарқын сәулетті өмірі үшін өз жанын пиде еткен Оңай Шонаевтың туғанына 70 жыл толуына арналған болатын.

Тұс ауған шақ. Мектеп алдындағы микрофоннан Отан, партия, туған жер туралы әндер әуелей өрлеп, көкке самғайды. Еңбек, соғыс, партия, комсомол ардагерлері, жүзінде қуаныш нұры ойнаған бүлдіршіндер мен жасөспірімдер мектепке бағыт алуда.

Мектеп жанында орнатылған О.Шонаевтың бюстісі алдына келгендер қаһарманды үнсіз тұрып еске түсірді. Ескерткішке село мектептерінің өкілдері, мектеп оқушылары, еңбек және соғыс ардагерлері, жауынгердің туған-туыскандары гүл шоқтарын қойды.

Мектептің мәжіліс залында салтанат басталды. Нақ төрде жауынгердің бейнесі, онан сәл төмен «Оңай Шонаев – 70 жаста» деген жазу орналастырылған. Залға кіре берісте жұрт назары бір сәт музей бөлмесіне аулды. Ондағы экспонаттар фотосуреттер, деректі документтер, жеке іс-қағазда әр түрлі сыр шертеді...

Мектеп залында өткен мәжілісті Махамбет селолық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы Қабижан Салықов кіріспе сөз сөйлеп ашты. Осы мектептің мұғалімі С.Қуанышева О.Шонаевтың өмірі мен Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлігін баяндап берді. Мәжілісте азамат ағаның бала кездегі достары Тасмағамбет Алаптанов, Ағибаш Бисалиева, Түсіпқали Мұқамбетов қызықты естеліктер айтты. Х сынып оқушысы М.Дүкіланова абзал ағаның атындағы мектеп оқушылары атынан жоғары атаққа дақ салмай, оның өмірін үлгі етіп, оқуда да, еңбекте де алдыңғы қатарда болатындарына сендірді. Мектептің бастауыш комсомол ұйымының хатшысы Райса Жұбанова «Оңай аға» атты өлеңін оқыды.

Мінбеге асыл азаматтың зайыбы Хадиса апай көтерілді:

– Құрметті достар! Сүйікті балаларым!

Мен әр кезде де сіздердің орталарыңы жеткенше асығамын. Себебі мен үшін Оңай ағаларың сендердің қастарыңда жүрген сияқты болады да тұрады. Соғыс менің жүрегіме де жазылмайтын жара салды. Ал, бүгін ағаларың үшін мынадай

құрмет көрсеткендеріне шексіз ризамын. Отан үшін, бостандық үшін жанын пидеткен ер азаматтардың есімін ардақтап, еске түсірген халқыма, Кеңес үкіметіне, жергілікті басшыларға шексіз алғысымды білдіремін! Енді соғыс болмасын. Дүниеден оның атын өшірелік!» – деп сөзін аяқтады [9].

Міне, содан бері қанша жыл өтті. Батыр атағын иеленген Махамбет селосы орталығындағы орта мектептің (директоры Р.К. Наубекова) ұжымы әр қашанда табыс биігінен көрініп, оның атына ешқандай дақ салмай алда келеді. Жыл сайын батырдың туған күні аталып, кез келген тәрбиелік шаралар О.Шонаевтың есімімен басталады.

Шонаевтың ерлігі осылайша есімізде мәңгі сақталмақ. «Ер есімі – ел есінде» деген осы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты (АОММ) 1-қ., 2-п - т., 4598- іс, 3, 22 - п.п.
2. АОММ 2- қ., 1- т., 210- іс, 267- п.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты 708- қ., 3/1-т., 836-іс, 57, 58, 59-п.п.
4. АОММ 16-қ., 1-т., 32- іс, 30-п.
5. Шунаев У. Партийная пропаганда и агитация в Баксайском районе // Приказ-пийская коммуна. – 1941. – 12 февраль.
6. Шонаев О. Бақсай ауданындағы саяси үгіт // Социалистік құрылыс. – 1941. – 19 – 10 сәуір.
7. Шонаев О. Саяси үгіттің күші // Социалистік құрылыс. – 1941. – 23 наурыз.
8. АОММ 1- қ., 1- т., 488- іс, 21- п.
9. Сундетов Қ. Ер есімі – ел есінде // Жайық шұғыласы. – 1982. – 23 наурыз.

Рухани мәдениеттің дамуы (Ислам және жаңа заманғы мәдениет, Орталық Азиядағы өнер)

Әміреқұл ӘБУОВ,

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың спорт және туризм факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты

Исламнан бұрын араб жазирасы, төрткүл дүниенің әр тарапы озық мәдениеттен, өркениеттен мақұрым қалып, оқу-жазу білетіндер, өнер түрлері жоқ дерлік дәрежеде өте аз еді. Адам құқықтарына құрмет көрсетілу болмайтын. Күштілер әлсіздерді езіп жаншитын, оларды күшпен басқаратын қағидаға сүйенетін заман дәуірлеп тұрды.

Арабстанда Аллаға деген сенім ұмытылып, адамдар өз қолдарынан жасап алған пұттарға табынатын. Хазіреті Ибраһим (ғ.с.) мен ұлы Хазіреті Ысмайыл (ғ.с.) тарапынан Аллаға ғибадат ету үшін салынған бір ғана Қағбаның ішінде 360-тан астам пұт бар еді. Ішімдік, құмар ойын және әр түрлі адамгершілікке жат қылықтар блен алып, ар-ұят сезімдері мүлдем ұмыт болды.

Қараңғылықтың бұғауында қалған бұл жангүшігерлік жағдайдан құтқаратын, адамдарға бұл дүниеде және ахыретте бақытты болудың жолдарын көрсететін, жер бетіндегі бүкіл адамзат баласын надандықтан жоғары мәдениет пен озық өркениетке жетелейтін Алланың жер бетіндегі елшісі – пайғамбардың, яғни адасушыларды тура жолға жетелейтін жетекшінің, бұзық қауымды тәртіпке шақырып, жақсылыққа үндейтін тәрбиешінің келуі сол уақыттарда өте қажет, әрі зәру еді.

Алланың ең сүйікті құлы, соңғы әрі ең ұлы Пайғамбар – Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) «Бақыт күні» сияқты болып дүниеге осылай келді. Сулары тартылып қалған топырақ сумен қалай жанданса, ұлы Алла Пайғамбарымыз (с.а.у.) арқылы дүниеге солай жаңа өмір сыйлады.

Сонымен қатар, ол әлемдегі барлық жандар мен адамдарға жіберілген Алланың елшісі еді. Қасиетті Құран Кәрімнің «Ағраф» сүресі, 158-ші аятында Алла Тағала айтты: «(Мұхаммед): «Әй, адам баласы! Мен барлығыңа Алланың елшімін!» де».

Ол негізін қалап, жүректерге орын тепкізген иман (сенім) сәулесінің арқасында қате, жалған сенімдер жойылды. Надандықтың орнын ілім, зұлымдықтың орнын адамға деген сүйіспеншілік, қараңғылықтың орнын жарық нұр, жабайылықтың, көргенсіздіктің орнын жаңа мәдениет басты. Әйел заты отбасында да, қоғамда да лайықты дәрежеде таныла бастады.

Сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.у.) адамзатқа екі дүниеде бақытты болудың жолдарын көрсетіп, үйреткен адамгершілік принциптерін ең әуелі өзі орындап, өзгелерге айрықша үлгі-өнеге бола білді.

Негізінен, Ислам діні – бүкіл адамзат баласына жіберілген шынайы, әрі таза қалыптағы толық дін. Қасиетті Құран Кәрімнің «Мәида» сүресі, 3-ші аятында: «... Бүгін діндеріңді толықтастырдым және нығметімді тамамдадым. Сондай-ақ

сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым...» — деп айтылса, «Әлі Иман» сүресі, 19-шы аятында: «Алла қасында шынайы дін — Ислам» — делінген.

Демек, Ислам — бүкіл адамзат баласына Алла тарапынан қосталып, толықтастырылған хак дін.

Адамдардың таңдаулысы — сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.у.) арқалаған аманатын толық орындап, адамзатқа тура жолды, хак дінді жеткізумен тарылған төрткүл дүние тынысын аша біліп, қоғамның рухани дамуына, мәдениет пен өркениеттің дамуына ықпал жасады.

Әуелі өз Отаны — араб жазирасын керемет нұрға бөлеген Пайғамбарымыз (с.а.у.) оның сәулесін шартарапқа да жеткізе білді.

Сол замандағы әр елдің белгілі патшалары мен тайпа басшыларына, көршілес мемлекеттерге ашық хаттар жіберу арқылы хак дін — Исламға шақырды, оларды қараңғылық тұңғығынан жарық нұрға жетелей білді, сонымен қатар, өзара бітім-гершілікке, бауырмашылдыққа, саяси әрі мәдени қарым-қатынасқа үндей отырып халықтың рухани дамуына, жаңа мәдениетке қалыптасып, озық өркениетте өмір сүруін көрсете білді.

Әлихан «Көшпелі һәм отырықшы норма» деген мақаласында империялық Ресей үкіметінің қазақ даласындағы «артық жерлерді» алып, орыс губернияларынан көшіп келген келімсектерді орналастырудағы басты мақсаты не болғанын ашып көрсетеді. Ондай пікірді айтып отырған да патша шенеуніктері, нақтылап айтсақ переселен управлениасының бастығы Глинканың 1913 жылғы 11 маусымда депутаттар алдында Думада сөйлеген сөзі екендігін мысал ретінде келтіреді. Глинка ашықтан ашық ешқандай қымсынбай былай дейді: «Қазаққа істеп отырған жолсыздық емес ебіміз, әдісіміз бар: қазақ тиісті жер беріп орналастыру турасында думаға закон жобасын кіргізбей отырмыз. Кіргізбей отырғанымыздың мәнісі мынау: көшпелі қалпында жер беріп орналастырсақ қазаққа көп жер тиеді; артылатын жер аз болмақшы. Оны дума арқылы законмен бекітіп қазаққа берген соң ала алмаймыз. Қазақ жері қазақтан көп артылып қалу үшін, яғни переселендерге қазақтан жерді көбірек алу үшін біз әдіс істеп отырмыз. Әдіс қылу жолсыздық емес, ептілік. Біз министр советінен ептілік етуге рұқсат алып, қазақты ебімізге түсіруге қайырмалап едік, топ тобымен топырлап түсіп жатыр. Ол істеген ебіміз мынау еді. Қазаққа отырықшы болып жер алуға ырза болсаңдар, сендерге де мұжықпен қатар 15 десятинадан еркек басына жер береміз деді. Айтуымыз-ақ мұң екен қазақтар отырықшы нормамен жер бер деп жабыла сұрап жатыр. Өткен жылда отырықшы нормамен қазақтарға 700 мың десятина жер бердік...» [4].

Міне, Әлихан қоныстандыру басқармасы бастығының құпия хаты не досына жасырын айтқан сөзін емес, мемлекеттік думада бүкіл депутаттардың алдында ашық айтқан сөзін тайға таңба басқандай етіп көрсеткен, «Қазақ» газеті арқылы оқырмандарға жеткізуге тырысқан, түсінсе деген мақсат ұстанған. Мақаласының соңында «Қазақтан отырықшы нормамен жер алушы неғұрлым көбірек болса, соғұрлым жер көбірек артылмақшы һәм переселендерге көбірек артылмақшы. Отырықшы норманы қазаққа не үшін шығарғандығын, отырықшы нормамен қазақтар жер алғанын переселен чиновниктері не үшін қуаттайтындығын, қазақтарға түсіну енді қиын болмас шығар. «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас» деген. Тісі шыққан адамдарға айтылып отырған сөз ғой», – деп жазыпты [4]. Сөйтіп Әлихан қазаққа патша үкіметінің экономикада жүргізген ұлттық саясатының мән-мағынасын ашып, яғни жергілікті тұрғындардың мүддесін аяққа таптаушылық, құнарлы жерлерін ептілікпен алудың қандай айла-тәсілдерін қолданып отырғанын түсіндіріп берген.

Ресей жағрафиялық қоғамның қызметіне араласу барысында Әлихан өзінің керемет зерттеушілік қабілеттерімен көзге түсті. Ол патша үкіметінің аграрлық саладағы және қоныстандыруға байланысты жүргізген саясатын жіті қадағалап, оның жағдайын және нәтижелерін бақылап отырды. Мәселен, 1907 жылдың жазында ол өз еркімен 1897–1900 жылдарда Тобыл губерниясы Тара үйезіндегі қоныстанушылар орналасқан 27 поселкаларды аралап, статистикалық зерттеулер жүргізді. Осы жерде қоныстанған тұрғындардың құрылымы, материалдық жағдайы және шаруашылық құрылысына толықтай сипаттама беріп, ондағы келеңсіздік, шешілмеген мәселелерді де қамтып арнайы мақала жазды [5].

Қоныстандыру саясатының қазақ халқының болашақ тағдырына, саяси және экономикалық тәуелсіздігіне қандай қауіп төндіргенін Әлихан жақсы түсінді. Оған қарсы тұрудың бір жолы ретінде қолға қалам алып, патша үкіметінің саясатын барынша жіліктеп, барша халыққа жеткізу екенін Әлекең уақытында сезіне білді. Осы мақсатты өзінің кредосына айналдырған ол қоныстандырудың қазақ

Ұлттық мүдде қалыптасуындағы ұлттық бірегейленудің алатын орны

Айсұлу ХАЙРУЛДАЕВА,

С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың философия, саясаттану және әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы

А халқына қандай қиыншылық әкелетінін оның қалай жүріп жатқанын айтып, баспасөз арқылы жазған мақалаларымен жеткізуден жалықпады. Бұл мәселе оның қайраткерлік, шығармашылық жолындағы өзекті тақырыпқа айналды. Бұл жолда Әлихан ешнәрседен тайынбады, қорықпады. Оған дәлел оның орыс газеттерінде жарияланған мақалалары. 1908–1910 жылдар аралығында Ә. Бөкейханов Санкт-Петербургтан шығатын «Сибирские вопросы» журналында төмендегідей мақалалар жариялады: «Киргизы на совещании Степного генерал-губернатора», «Переселенческие наделы в Акмолинской области», «Бюрократическая утопия», «Киргиз канцелярского переселения», «Русские поселения в глубине Степного края», «Ничьи деньги», «Долой с дороги: идет овцевод!», «Переселенцы в Тарских урманах», «Ненужное генерал-губернаторство».

Жоғарыдағы мақалаларында Ә. Бөкейханов сол кезеңдегі қоғамда қалыптасқан күрделі әлеуметтік мәселелерді қарапайым әрі түсінікті және әрбір адамның жүрегіне жол тартатындай әсерлі сөзбен айта білген. Ол оқырманның назарына өз халқының әлеуметтік мәселелерінің шиеленісіп, қазақтардың қалыптасқан өмір сүру дағдысының негізі шайқала бастағанын сөз етеді. Онысы орыс билігіне жету үшін, Ресейлік саяси және әлеуметтік-экономикалық ортада пікір қалыптасу үшін мақалаларды әдейі орыс тілінде жазады. Ондағы тағы бір мақсаты өз пікірін түсіндіріп қолдаушылар көбейсе деген ниет болған деп жорамалдаймыз.

Ә. Бөкейханов сол кездегі шешілмеген көптеген мәселелердің түйіні жер иелену және жерге орналастыруға келіп тірелетінін айтып, соны дұрыс шешудің жауабын іздейді. Осы мәселеге байланысты көптеген қосымша статистикалық материалдарды, мысалдармен келтіре отырып Әлихан губернатор Надаров және оның қарамағындағы істейтін шенеуніктердің осы келеңсіздіктерді әділ және тең шешуге дайынбыз деген пиғылдарынан нәтиже шығарына сенбейді. Ол нақтылы мысалдармен қазыналық жер өлшеушілердің ойына келгенін істеп, мал шаруашылығына қолайлы қысқы жайылымдар, шабындықтар, егістіктер мен жаксы су көздерін жаңа қоныстанушыларға кесіп беріп, қазақтарды тастақ, құм, сортаң, батпақ, сусыз шөл далаға шеттетіп тастағанын жазады. Әлихан қазақтардан, әсіресе, су көздерін алып қояудың көптеген мысалдарының астарында олардан кіріс түсіреміз деген ниет жатқанына сенімді екенін білдіреді. Сөйтіп, қоныстандыруды ұйымдастыру түрінің өзі жергілікті халықтың онсыз да шектеулі қорларын шамадан тыс қанауға бағытталған деген қорытындыға келеді.

ӘДБИЕТТЕР:

1. А. Айталы. Ұлт саясаты: басымдықтар мен мақсаттар. Ұлт саясатының мәні. – Егемен Қазақстан, №3, 2008, 4 б.
2. «Дала уалаятының газеті». – Алматы: Ғылым, 1992, 89–94 б.
3. Отчеты о деятельности Западно-Сибирского отдела РГО за 1903 г. Омск, 1905, с. 12–13.
4. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998, 44–45 б.
5. А. Букейханов. Переселенцы в Тарских урманах / Из записной книжки статистика / Сибирские вопросы. №11, 1908, 23 марта, с. 1–9; № 12, 1908, 31 марта, с. 7–12.

А мерикандық ғалым Л. Фоллерстің ойынша, ұлттар мен ұлттық мемлекеттер үшін ең елеулі проблемалар көп жағдайда экономика, саясат, қорғаныспен емес, материалдықтан тыс символдармен байланысты. Барлық алдыңғы қатарлы ұлттарға олардың өз азаматтары үшін «ақиқат өлшемдері» болып табылатын басты символикалық элементтерінің жиынтығы тән. Бұл символдар сабырлылыққа қолдау көрсетіп, өзіндік баға мен құрметтеу сезімдерін нақтылап, ұлттық қорғаныс, саясатқа қатысу мен әлеуметтік, экономикалық институттардың қызмет атқаруына этикалық негіз қалыптастырады. Кез келген ұлт немесе, ұлттық мемлекет қандай да бір символдар көмегімен өзі туралы көріністі жекелеген немесе ұжымдық деңгейде анықтап алуы керек. Басқаша сөзбен айтсақ, ұлт пен мемлекет өзі үшін «Біз кіміз?» және «Осы «біздің» астарында не жатыр» деген сұраққа жауап беруі, яғни ұлттық бірегейлігін анықтауы керек.

Ұлттық бірегейлену үрдісінде «ұлттық «Мен» және «Біздің» қалыптасуындағы маңызды құрамдас бөліктердің бірі ұлттық мүдде. Ұлттық мүдде де ұлтқа, ұлттық бірегейленуге қатысты барлық ұғымдар сияқты теориялық категория және айқын анықтамасы мен өлшемі жоқ. Қазіргі көзқарастар мен ой-пікірлердің плюрализмі жағдайында оған анықтама беру немесе өлшеу айрықша қиын. Дегенмен де, дамыған, дамушы кез-келген мемлекеттің өзінің ұлттық мүддесі бар.

«Ұлттық мемлекеттік мүдде мемлекеттің өмір сүруінің негізі заны, фундаментальді принципі, ол мемлекеттің қуаты мен ұлттың денсаулығын сақтау мақсатына қызмет етеді [1,60]. Ұлттық мүдденің әр мемлекетке тән болуын төмендегіше түсіндіруге болады, тарихи жағынан адамзат қоғамы айқындалған территориялық, тіркелген социомәдени қауымдастықтарға бөлінді. Оларды мемлекеттер, ұлттар, елдер деп қалай атасақ та, олардың ерекшеліктері, айрықшылықтары, өз автономдығы бар және басқалардың ерекшеліктеріне сай келмейді. Өйткені «Әлем жекелеген бірліктердің жиынтығы, нақтырақ айтсақ жүйесі, олар өз кезегінде әлемдік қауымдастықтың атомдары деуге болады». Олардың әрқайсысы өздерінің тарихи инерциясымен бөлінген, тарихтың ерекшеліктерімен, дағдыларымен, салт-дәстүрлерімен, адамгершілік және рухани құндылықтарымен, геосаяси жағдайымен құрылған. Осы инерция және сол арқылы анықталатын өмірлік дәстүрлер мен құндылықтардың әсерінен ол өзін-өзі сақтауға және қызмет етудің оптимальді режимін құруға ұмтылады.

Социомәдениеттік қауымдастықтардың әрқайсысы экономикалық дамуының белгілі бір деңгейімен, өз мәдениетімен, әлеуметтік, саяси, рухани қатынастардың ерекшеліктерімен сипатталады. Олардың әр бірі адамзат

қоғамында толығымен айқындалған орынға ие және олардың әрі қарай даму жағдайы көрініс алады. Олардың барлығының жиынтығы аталмыш қауымдастық мүшелеріне ортақ мүддені қауымдастырушы импульстің негізі болып саналады. Аталмыш қауымдастықтардың әрқайсысы да өзінің әр тектілігі мен қарама-қайшылықтығына қарамай ішкі қатынастардың реттілігімен, басқа елдердің қайшылықтығына қарамай ішкі қатынастардың белгілі біртұтастылық көрініс қарым-қатынастарының дамуымен қолданатын белгілі біртұтастылық болмады. Бұл қызметтер негізінен мемлекет тарапынан атқарылады. Сондықтан ұлттық мүддені мемлекет қызметінен бөліп, жеке қарауға болмайды және ол ұлттық қана емес мемлекеттік сипатқа ие.

Ұлттық мүдде туралы көзқарастар ескірген болуы және жаһанданушы әлем туралы тенденциядан ауытқуы мүмкін. Шыдығында, қазіргі шынайлық социомәдени қауымдастықтардың салыстырмалы автономдығы бар. Одан арылу үшін (кез-келген жағдайда ол мүмкін болса) көптеген жүзжылдықтар қажет. Мұнымен санаспауға болмайды. Сондықтан да «ұлттық мүдде» категориясының болуы толығымен рас және де тек таза инструменталистік сипатқа ғана ие деуге болмайды. Нақтырақ айтсақ, ол саяси құрал ретінде жұмыс атқарады.

Ұлттық мүдде тақырыбына арналған санаулы саликалы кітаптардың бірінде былай делінген: «...ұлттық мүдде абстракция да, мистика да емес. Онда ұлт сияқты әлеуметтік қауымдастықтың өмір сүру, өзін-өзі сақтау, қауіпсіздік сияқты маңызды өмірлік қажеттіліктері көрініс алады. Сондықтан да ол тірі нақтылық; ол жылдам, өзгермелі ішкі және сыртқы жағдайларға оңай қолданыла отырып, мемлекет, ұлт болуы өзінің терең фундаменталистік мәнін жоғалтпайды» [2,6].

«Ұлттық мүдде» ұғымы бұрынғы қолданыста басқа сөз бен аталуы да мүмкін, мысалы «ортақ игілік» сөзі. Бірақ, мәселе терминологияда емес, аталмыш ұғымның мәнінде, сөз жоғалғанмен де проблема қала береді. Мысалы, Қазақстанның «жалпыға ортақ игілігі» Ресейлік немесе Қытайлықтан өзгешеленуі мүмкін. Сондықтан америка әлеуметтанушысы Т.Нардиннің қазіргі әлемдік қауымдастық «...әрқайсысы өзінің жеке мақсаттары мен игілік туралы өзіндік пікірлері бар, тәуелсіз және түрлі саяси қауымдастықтар ассоциациясы» [3,5] деген пікірмен келіспеуге болмайды.

Себеппер бұл жерде субъективті негізге шоғырланбайды. Олар ұлттар, мемлекеттер деп аталатын социомәдениеттік қауымдастықтардың тарихи болмысының ерекшелігімен тамыр алады. Осындай тұрғыда жетілген мүдде адамдардың санына қалыптасады. Мүдделер субъективті емес сипатқа ие болу мүмкін және саяси құрылымдары бар қоғамдық топтар, партиялар идеологтарды көрсетеді. Бірақ, мүдде жоғарыда отырған субъект еркімен анықталады деуге бола ма? Ұлттық мүдде субъективті сипатқа ие, дегенмен де оның субъектісі – ұлт, мемлекет.

Қоғамда үстемдік жағдайға ие саяси күштер өз ұмтылыстарының призмасы арқылы қарастыруы түсінікті. Олар өз түсініктерін қоғамдық санаға, қоғамдық саяси практикаға ендіруде амал құралдар мен мүмкіндіктерді пайдаланады. Бірақ ұлттық мүдденің осы субъективті интерпретациясы бұл жерде тек олардың еркімен ғана қалыптаспайды, себебі үстемдікке ие саяси күш белгілі бір мөлшерде өзі атынан шығатын социомәдени қауымдастықтың дамуының объективті қажеттіліктерінің ықпалына ұшырайды, бұл ықпал қалай болған да, шектеулі және бір жақты болса да олардың ұлттық мүддені түсінуінде жинақталады.

Егер ұлттық мүдде объективті шынайылықтан мүдде бөлек, таза субъективті түрде анықталса аталмыш категория барлық байланыстырушы негіздерінен айырылып,

ұлттық мүдде туралы таусылмайтын көзқарастар мен пікірлерге ыдырап кетер еді. Өйткені, ұлттық мүдденің объективті сипаты ғана барлық плюрализм, субъективизм жағдайында аталмыш дискурс үшін жалпыға ортақ негіз қалыптастырады. Социомәдени және геосаяси болмыстың ұлт, халық, мемлекет сияқты автономды қауымдастықтарға қатысты объективті негізінде ғана ұлттық мүдде қалыптасады. Себебі, «Ұлттық – мемлекеттік мүдде мемлекет күшімен ұлт саулығын сақтау мақсатына қызмет етуші, мемлекет өмірін басты заңы, іргелі принципі» [1,60]. Осы сияқты пікірлерден түйетіміз, ұлттық мүдде мемлекетке, азаматтық қоғамда қалыптасады. Қазіргі таңда этникалық жағынан бір текті мемлекеттер жоқ, этникалық плюрализм кең түрде дамыған. Дамыған елдер үшін бұл проблема мәнінен айырылған, оларда этникалық негізі әр текті болса да ұлт-мемлекеттер қалыптасқан. Ұлттық сөзінің «ағылшын» тіліндегі мағынасы жағынан мемлекетке жақын. «Ұлт-мемлекеттер біртұтас этникалық индифференті (біртекті) организм ретінде қалыптаспаған елдерде жағдай күрделірек. Мысалы, посткеңестік кеңістікте ұлттық-этникалық фактор өз мәнін күшейте түсті, бұл жағдайда ұлтшылық идеология жандана түседі. Ағылшын саясаттанушысы Дж. Кин пікірінше: «ұлтшылық-ұлттық бірегейленудің патологиялық формасы, ол өз гетерогенділігінен арылып, ұлтты Ұлтқа айналдыруға бағытталған» [4,35]. Үлкен әріппен жазылған Ұлт ұлтшылық курсың жақтаушылар үшін ұлттық мүдденің негізі детерминанттары.

Ұлттық мүдденің қалыптасу механизміне тоқталсақ: кез-келген қоғам түрлі деңгейдегі мүдделер иерархиясы. Сондықтан, берілген тарихи қауымдастықтың ұлттық мүддесінің қалыптасуы оның дамуының объективті қажеттіліктерінен шыққан күрделі үрдіс, себебі түрлі қоғамдық топтардың жеке ерекше мүдделері өзара қиысады, өзара байланысады және қайшылықтарға да толы.

Ұлттық мүдде мемлекеттілікпен өте жиі теңестіріледі. «Ұлттық мүдде – бұл негізінен мемлекеттік мүдде» [2,41]. Дегенмен, ұлттық мүддені тек ұлтпен байланыстыру дұрыс емес, өйткені әрбір мемлекет қалыптасқаннан бастап оның ұлттық мүддесі өрістейді.

Тіпті, ұлт мемлекеттер қалыптасқанға дейін, батысеуропалық елдердің деспоттық абсолюттік режимдері ұлттық мүддені анықтауда қоғамдық пікірмен санасып отырған. Тіпті XVIII ғасырда XIV Людовик «Мемлекет деген – Мен» деп айтса да, француз қоғамының түрлі топтарының жекелеген мүдделері мемлекеттік саясатқа белгілі дәрежеде қысым көрсетіп отырған. Сол заманның либерал-демократиялық ойлары мұндай ықпалды азаматтардың табиғи құқығымен байланыстырды. Билік ұлттық мүддені монархия мен аристократиялық азшылықтың мүддесінен қарағанда кең мағынасында қорғауға міндетті еді. Бұл принцип бұзылған жағдайда халық революцияға, билікті ауыстыруға деген өз құқықтарын пайдалана алатын еді.

Ұлттық мүдде қазір де XVIII, XIX ғасырлардағыдай маңызға ие. Ұлт – мемлекеттерге (nation-states) келсек, жеке мүдделердің шоғырлану және институционалуының аймақтары мемлекет пен азаматтық қоғам құрылымдарының тығыз өзара байланысы негізінде ұлттық мүддені қалыптастыру мен түзеудің әсерлі механизмдері пайда болады. Осы механизм арқылы түрлі қоғамдық топтардың мүдделерінің ортақ ұлттық-мемлекеттік мүддеге интеграциялануының синтезі жүзеге асырылды.

Осындай интеракциялық синтез жайлы Гегельдің «Тарих философиясында» айтылады: «Мемлекет – азаматтардың жеке мүдделері, оның ортақ мақсатымен үндесіп жатса, егер бірі өзінің қанағаттануы мен жүзеге асуын екіншісінен тапса, игілікті және күшті болады. Бірақ, мемлекетке көптеген ұйымдар, өнертабыстар, сонымен бірге ол қашан біртұтастықты танымайынша, біртұтас мекемелер мен

идеялық күрес, сондай-ақ жеке мүдделермен күрес және жоғарыда аталған бірлікке қол жеткізгенше қатаң және ұзақ уақытқа созылған тәртіп керек. Осындай бірлікке, біртұтастыққа қол жеткізгенде мемлекеттің гүлдену, даңққа бөлену, оның күшею және бақытқа жету кезеңі туалы. Бірақ, әлемдік тарих адамдардың жекелеген топтарында болатын қандай да бір саналы мақсаттан басталмайды. Олардың бірлескен өмірге қарапайым ұмтылуындағы саналы мақсат – олардың өмірі мен меншігінің қауіпсіздігі» [5,24]. Гегельдің айтуынша, ұлттық мүдде мағынасын құрайтын компоненттердің бірі қауіпсіздік десе, қазіргі ойшылдар пікірінше: «ұлттық мүдденің» өзгермес мазмұны кез-келген ірі елдердің тұрақты дамуының әмбебап, ұзақ мерзімді параметрлері болып табылады. Оларға ең аз дегенде үш параметр жатады: әскери қауіпсіздік, саяси егеменділік, гүлденген экономика [6]. Бұл қорытындыдан түйетініміз, «ұлттық мүддені» осындай түсінудегі шынайы саясаттық қалыптасуы мен жүзеге асуы адамдардың іс жүзіндегі мінез-қылығының қалыптасуына әсер етеді. Өйткені, ұлттық мүдде – әрбір ұлттың, ұлттық топтардың немесе мемлекеттің өзін-өзі сақтау және өз тілі, мәдениеті, өмір сүру дағдылары, дәстүрі, халық саны мен игілігін нығайту мен дамытудағы саналы түрдегі қажеттіліктер. Ұлттық бірегейлену мен ұлттық мүдденің арақатынасына келсек, ұлттық бірегейлену қалыптасуында нақты айқындалған ұлттық мүдде ескерілуі тиіс және ұлттық мүдде мен ұлттық бірегейлену бірін-бірі толықтырып отыратын ұғымдар. Себебі, ұлттық мүдде-белгілі социомәдени қауымдастық мүшелерінің мүдделерінің бәріне ортақ жиынтығы, бұл аталмыш қауымдастықтың тарихтың субъектісі ретіндегі өмір сүруі мен бірегейленуіне қажетті жағдай болып табылатын қажеттілік, қанағаттану және қорғану. Ұлттық мүддеде ұлттық қауымдастықтың әлемдік қауымдастықта алуға тиіс орнының қажеттілігі көрініс табады. Ұлттық мүддені генетикалық жағынан этноспен байланысты десек те, ұлттық туа біткен этникалық қасиеттермен емес, ұлттың тарихи жолының ерекшеліктерімен, оның әлеуметтік-этникалық даму деңгейімен, ұлттық мәдениетімен анықталады. Әрбір ұлттың өзіндік «мені» ұлттық мүддені жария ету арқылы білінеді.

Ұлттық мүдде ұлттық бірегейленуден келіп шығады. Өйткені кім екенімізді танымай тұрып, өз мүдделер аумағын табу мүмкін емес. Ұлттық бірегейленудің қалыптасуында тек бір ғана факторды атау, оған ерекше мән беру мүмкін емес, өйткені ол қайталанбас сипаты мен даму логикасы бар айрықша феномен. Ол қоғамдағы тұтастыққа шақырып, олардың бөлуіне мүмкіндік бермейді, қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға бағытталады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Поздняков Э.А. Философия политики. Т.2 М. – 1994.
2. «Национальные интересы: теория и практика». АН СССР, Институт мировой экономики и международных отношений, – М. – 1991. – 6–7 с.
3. Красин Ю. Национальные интересы: миф или реальность? // Свободная мысль. №3, 1996. – 5 с.
4. Кин Дж. Нации, национализм и гражданство в Европе // Международный журнал социальных наук. №4. 1994. – 35 с.
5. Гегель Ф. Сочинения. Т.8. Философия истории. М.–Л., – 1935. – 24 с.
6. Кортунов С. Национальная сверхзадача. Опыт российской идеологии. // Независимая газета, 7 октября 1995 г.

Бөкей ордасы старшындарының халық азаттық қозғалысқа тартылуы (1836–1838 жж.)

Дәуітхан РАХЫМҚҰЛОВ,

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ізденушісі

Бөкей ордасындағы билік жүйесі XIX ғасырдың 20-шы жылдарының басында айтарлықтай өзгереді. Хан тағына Бөкейдің баласы Жәңгір келеді. Ол орданың басшылығына келісімен жаңа қайта құрулар жүргізеді. Алдымен әкімшілік саласында, сосын жер қатынастарын және салық жүйесін қайта құрады. Жәңгір хан төңірегіне өзінің саясатын қолдайтын сенімді адамдарды топтастыра бастайды. Жыл өткен сайын хан шенеуніктерінің саны өсе береді. Олардың әрқайсысы ханға өздерінің сенімділіктерін пайдаланып қарапайым халықты тонаумен айналысты. Мұндай жағдайға хан көз жұмып қарады. Жергілікті халықтың осындай мағынадағы шағымдарын қабылдамады. Халықтың тұрмысына аса көңіл бөлінбеді. Ханның сенімді жақтастарына ешқандай заң жүргізілмеді. Хан қызметкерлерінің саны көбейген сайын жергілікті халықтың оларды барлық жағынан қамтамасыз етулері қиындай берді. Сонымен қатар хан Жәңгірдің қауымдық жерлерді өзіне жақын қызметкерлері – сұлтандар, тархандар және старшындарға таратып беруі және басқада бай ордалықтарға сату, сондай-ақ салықтың ауыртпалығы қарапайым көшпелілерге қиындық туғызды. Осындай жағдайлардың әсерінен халық арасында жыл өткен сайын наразылықтар күшейе берді. Хан шенеуніктерінің қысымшылықтарынан халықтың қарсылығы көтерілді әрі күшіне ене бастады. Олардың қарсылығы күннен-күнге күш ала бастайды.

Бұл халықтық қозғалыстың көшбасшылары – ру старшындары болды. Тарихшы В.Шахматовтың айтуынша: «Будучи не в силах терпеть более грабеж, Восстание возглавляли представители зажиточных слоев крестьянского населения – старшина Исагай Тайманов и Махамбет Утеминов. Руководящую роль в восстании играли также и другие старшины так например, Тенали Тайсойганов, Батыр Калдыбай и другие» [1, 37]. Олар жергілікті халыққа өте жақын тұрғандықтан көтеріліске басшылық жасады. Өйткені көтерілісшілердің басын біріктіріп, ұйымдасқан түрде қимылдау үшін осындай тәжірибелі көшбасшылар қажет болды. Сондай талантты көшбасшылардың бірі және бірегейі Исагай Тайманов және оның жақын серігі Махамбет Өтемісов болды. Олардың екеуі де Ішкі орданың танымал старшындары болатын.

Исагай Тайманов старшын қызметіне Ішкі орданың алғашқы ханы Бөкейдің

тұсында бекітілді. Мысалы 1836 жылғы желтоқсан айында шекаралық комиссияға берген бір мәліметінде: 1812 жылы Бөкей хан Исатайды Берш руының Жайық бөліміне старшын қызметіне тағайындады. Кейіннен бұл тағайындау Орынбор шекара комиссиясымен бекітілді. Сөйтіп 1814 жылы 25 қарашада Исатайға старшын атағына «атаулы жарлық» және «мер» берілген еді [2, 342]. Старшын Исатай ордадағы алғашқылардың бірі болып осы қызмет орнына тағайындалған болатын. Оның беделі Бөкей ханның алдында және көшпелі қоғам арасында мықты болды. Хан Бөкей оның ордадағы қызметін жоғары бағалаған.

Сонымен қатар старшын Исатайдың жақын серігі көтерілістің басы-қасында болған Махамбет Өтемісовте Берш руының Жайық бөлімінен шыққан болатын. Жәңгір ханның қағазы бойынша бұл да старшын деп есептелінген. 1836 жылы 8 қарашада орыс тергеушісіне берген түсінігінде Махамбет Жәңгір хан мені старшын етіп тағайындады, оны растайтын 1834 жылы 9 маусым айында берген ханның №572 санды ашық жарлығы бар. Бірақ шекара комиссиясы кандай себеппен болса да мені бұл атаққа бекітпейтін деп жазған [3, 81]. Мүмкін мұны ханның өзі қаламаған шығар. Әйтпесе старшындарды қызметке бекітуді және оларға шекаралық комиссиядан жарлық алып беру ханның қолында тұрды емес пе. Бірақ старшын Махамбет Өтемісұлы патшадан жарлық қағазын алмасада, патша үкіметінің ресми құжаттарында старшын деп жазылады.

Жәңгір ханның билігі тұсында старшындардың арасында бекітілген яғни патшадан жарлық қағазын алған және мұндай қағазды алмаған старшындарда осы кезеңде кездесетін. Мысалы Махамбет Өтемісовтың жоғарыда көрсеткен мәліметінен оның жарлық старшыны болмағанын дәлелдейтін еді. Дегенмен мұндай старшындарды жергілікті халықтың өздері мойындайтын болған. Бұл ең басты болды. Жәңгір ханның тұсында ғана старшындарды мемлекеттендіру шаралары жүргізіле басталған болатын. Хан өзінің көңілінен шықпаған старшындарға жарлық алып бермейтін. Мұндай старшындар ұзақ уақыт қызмет орындай алмады. Кез-келген кезде оларды қызмет орнынан алып тастайтын болған. Сондықтан жарлық старшыны болу Жәңгірдің сеніміне кіру болатын. Ол үшін олар ордада ханның ұстанған саясатын жүргізуі керек еді. Міне осындай бағытты таңдағысы келмеген старшындар халықтық көтеріліске қатысты. Осылардың есебімен көтерілісшілердің саны өсті.

Жәңгір хан өзінің билігінің алғашқы 10-жылында старшын Исатай Таймановпен жақсы қарым-қатынаста болды десек қате айтпаған болар едік. Жәңгір хан старшын Исатайды өзінің сенімді қызметкері санағандықтан Каспий теңізіне жақын маңдағы жерлерді ерекше жарлығы бойынша берген болатын. Мұрағат құжаттарына жүгінсек ол жерлердің жоспары көрсетілген. Сол жоспардың ортасында Мақтұба тауы көрсетілген. Оның жан-жағында мына жерлер көрсетілді: Бұрлүй, Қарақұйлы, Өтепберген, Байбата-Шағлы, Құдық-Шағлы, Қазын-Тұңғарған, Ашы-Құйлы, Түбер-қүй, Құбаған-Шағанаш, Құрыған-Шаған, Құнтұғай-Ака Бабыр, Жұлқұм. Бұл жобада Жәңгір ханның мынандай тұрғыдағы жазуы бар: «...осы жобаны бекіте отырып старшын Исатай Таймановқа ынталы қызметі үшін және оның барлық жақын туыстарымен жобада сызылып көрсетілген жерлерде қыстауға және оны пайдалануға рұқсат беремін-деп жазылды. Бұл құжатта Жәңгір ханның мөрі басылып зандастырылған болатын [2, 313]. Сонымен қатар старшын Исатай Жәңгір ханның ұсынысымен Петербор қаласына бағытталған Хиуа елшісін және Орынбор шекаралық комиссия төрағасы Генсті Ішкі ордаға сапары кезінде жанында

жүрді. Дәл осы кезеңге қатысты мұрағат құжаттарында Исатай Тайманов құрметті старшын деп көрсетілген. Егер хан орда старшындарына нұсқау беріп жатса, онда оны старшын Исатай арқылы хабарлайтын болған. Осы келтірілген тарихи фактілердің барлығы старшын Исатайдың Жәңгір ханмен өте жақсы қатынаста болғандығын куәлендіреді. Осы кезден бастап старшын Исатайдың ордадағы ең ықпалды және беделді старшындардың біріне айнала бастауы байқалады. Зерттеуші А.Ф. Рязановтың айтуынша: «Өзінің жастығына қарамастан Исатай старшын ретінде өзінің руластарының арасында үлен құрметке ие болды және ордада айтарлықтай ықпалы болды» [4, 15] – деп жазады. Автордың старшын Исатайға беріп отырған мінездемесі өте орынды. Оның бойында басқарушылық қасиеттердің барлығы қалыптасқан еді.

Жәңгір хан мен старшын Исатай Таймановтың арасындағы тығыз байланыстың мүлдем бұзылуына ханның қайын атасы Қарауылқожа Бабажановтың әрекеті әсер еткен еді. Старшын Қарауылқожа ордадағы болған көтерілістің негізгі себепкері де болды. Дәл осы басшының әрекеті Ішкі ордада ең ірі көтерілістің шығуына түрткі жасады. Дегенмен көтерілістің тұтануына старшын Қарауылқожа Бабажановтан басқа оның қолдаушысы орданың ханы Жәңгір және хан жағындағы старшындар мен сұлтандардың ордада жүргізген қысымшылдықтары әсер етті. В.Шахматовтың сөзімен айтсақ: «Эти выступления были, по существу направленные не против отдельных старшин, а против определенной старшинско-байской группы, отколовшейся от общин. Это была борьба против старшин нового типа-ханских и царских чиновников, тесно сомкнувшихся с феодально-чиновной аристократией орд» [5, 169].

XIX ғасырдың 30-шы жылдардың ортасында Бөкей хандығында басталған көтерілісті старшындар тобы басқарды деп жоғарыда айтып өттік. Бірақ бұл жерде мынаны айтып өткен жөн. Ішкі ордадағы көтеріліске қатысқан старшындардың арасында екіге бөлініс пайда болды. Олардың бір бөлігі, яғни көтерілісті басқарушылар ханға және оның жақын қызметкерлеріне сонымен қатар патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы шыққандар тобы. Ал екінші топқа хан старшындары жатты. Олар ханның және патшаның нағыз қолшоқпарлары болды. Бұл старшындар тобы жергілікті жерде ханның бұйрықтары мен нұсқауларын екі етпей орындайтын сенімді қызметкерлері болатын. Бұл көрсетілген старшындардың екі тобыда көтеріліске белсене қатысты. Бірінші топтағы старшындар көтеріліске басшылық жасап өздерінің талаптарын орындауға бар күш жігерлерін жұмса, ал екінші топтағы старшындар көтерілісті басып-жаншуға ат салысты. Осыдан шығатын қорытынды старшындардың екі тобының осы көтеріліс кезінде ұстанған позициялары өзінше бөлек түрде болғанын байқауға болады. Олардың біріншілері қалыптасқан жағдайды өзгертуге талпынса, ал екіншілері қалыптасқан тәртіптің сол күйінде қалғанын қалады. Міне осы бөлініс көтерілістің мазмұнын ашып беретін еді.

Ал енді көтеріліс кезінде екіге бөлінген старшындардың тізімін бөліп көрсетейік. Бірінші топқа жататын старшындар: Берш руының старшындары Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, Бекмұхамед Өтемісов – бұл старшын көтеріліске аса белсенді қатыспады, Ұса Төлгенов, Тінәлі Тайсойғанов, Құмлық Жайтұменов, Надыр Қашқынов, Байбақты руынан – Құсан, Өтеміс, Қарағай Айдакенов, Қызылқұрт руынан – Қонғыз Елемесов, Шұшақ Көктұғанов, Жемелей Ғұмалов Алаш руынан – Қалмақ, Жаппас руынан Баласарт Жамантаев, Батыр

Сарт Еділов Ысық руынан Қабыланбай және Имамбай Қалдыбаевтар сияқты старшындар болды [6, 220]. Бұл көтеріліске қатысқан старшындардың барлық тізімі емес. Олардың ішінде басқада белгілі старшындар болды. Оларды көтеріліс барысын қарастыру кезінде айтылады. Бұл көтерілісте орданың барлық руынан шыққан ханға және оның жақтастарына наразы старшындар тобы кездесті. 1837 жылы 24 қазанда В.А. Перовскийдің кеңсесінде құрастырылған тізімде Исатайды қоршаған 16 адамның 12-і старшын деп көрсетілген [6, 131]. Міне осы мәліметтің өзі Жәңгір ханға және оның жақтастарына қарсы күресті старшындардың көтерілісін басқарғанын көрсетеді. Жоғарыда есімдері аталған старшындар көтерілістің басталуынан оның аяғына дейін жүрді. Олардың барлығы дерлік старшын Исатай Тайманұлының төңірегіне топтасты. Көтеріліс кезінде старшын Исатайдың қасында оның жақын серігі Махамбет жүрді.

Екінші топтағы старшындарға Балқы Құдайбергенов, Қарауыл Бабажанов, Алтай Досмұхамбетов, Шомбал Ниязов, Төленгіт руының старшыны Макен Палуанқұлов, Айгана Жантұқов, Бейсенбай Алтыбаев, Татан Сенкебаев, Төлеген Тынышлықов, Бос Боздақов, Бармақ Мұратов, Жүніс Жангелін, Жұмалы Жүсіпов, Саламат Исекенов, Ақболат Санғырыков, Али Мырзы Дүйсенов, Айтуған Айбашев, Боздақ Асмамбетов, Жалтыр Барақов, Жаны Ноғай Түркмамбаев [7, 28-29] және тағы басқа хан старшындары болды. Бұл аталған старшындар тобы орда жерінде көтеріліс аяқталғанша ханның жанында жүріп көтерілісті басып жаншуға ерекше үлес қосты. Оларды халықтың мұң-мұқтажы мазаламады, қайта керісінше олар өздерінің мансаптарын және мәртебелерін өсіруге ұмтылды. Мысалы С. Асфендияровтың сөзімен айтсақ: «А феодально-родовая верхушка более крупных родов получала свою долю и поэтому участвовала в подавлении движения народных масс. Так поступали например сподвижники Жангир хана — Чумбал би, Караул-Кожа и ряд других [8, 164].

Жәңгір хан жоғарыда есімдері аталған старшындар арқылы орда жерінде болып жатқан оқиғалардан жақсы хабардар болып отырды. Жәңгір хан мұндай тыңдағыш старшындарына мықты қолдау көрсетті. Осыны пайдаланған хан старшындары өздеріне қарасты және басқа старшындардың жеріндегі халыққа әртүрлі деңгейде қысымдарын жасады. Олар өздерін бұл жерде еркін ұстады. Осындай старшындар мен билердің қыспағына ұшыраған қарапайым көшпелілер ашық қарсылықтарын көрсете бастады. 1836 жылы Ішкі орда жерінде басталған көтеріліс хандықтың Каспий жақ бөлігінде тұтанды. Оның тұтануына Жәңгір ханның 1833 жылы қайын атасы Қарауылқожа Бабажановты Каспий теңізінің жағалауында қоныс тепкен руларға рублиеушісі етіп тағайындауы себеп болды. Қарауыл Бабажанов жергілікті халықты қатігездік пен қанаушы ретінде және күш қолданып басқаруды жақтаушы ретінде белгілі болды. Ішкі орданың Каспий жақ бөлігін басқаруда Қарауылқожа біріншіден өзінің жеке пайдасын ойлады. Оны қазақтардың жағдайы қызықтырмады. Қарауылдың басқарушылық тәжірибесінде болған емес. Себебі ол жергілікті халықтың қажеттілігіне мән бермеді. Ол осы уақытқа дейін бірде бір рет лауазымды қызмет атқармаған еді. Қарауылқожа Ішкі орданың Каспий жақ бөлігінде өзінің дегенін жүргізді. Қоластындағы халықты қыспақта ұстады. Көшпелердің еркін көшіп жүруіне кедергілер жасап отырды. Әсіресе ру бөлімдері мен бөлімшелерінің басшылығында тұрған старшындарға әртүрлі деңгейде қысымшылықтар мен қиынатшылықтарын көрсетті. Мысалы 1836 жылы желтоқсан айында Қарауылқожа Берш руының старшыны Дәуіт

Ермековты ешбір себепсіз үш күн қамауда ұстап, сосын қамшымен 25 дүре соққан болатын [2, 60-61]. Қоластындағы старшындарға жасаған қысымын қарапайым көшпелілерге де жасады. Мысалы 1834 жылы Қарауылқожа княз Юсуф Шүлешовтың жерінде көшіп жүрген қазақтардан 200 қойды жинап алған. Осындай әрекетімен княз Безбородканың жерінде көшіп жүрген қазақтардан 2000 қой жинап алған болатын. Ал 1836 жылы Қарауылқожа княз Юсуповтың жерінде жүрген қазақтардан 500 қой жинап алған еді [3, 134-135].

Осындай жағдайдың барлығы жергілікті старшындардың және қарапайым халықтың наразылығын туғызды. Қарауылдың қоластындағы халыққа көрсеткен қысымы күн өткен сайын өрістей берді. Жәңгір хан қайын атасының жүргізіп отырған билігіне араласпады. Қайта оған барлық жағынан қолдау көрсетіп отырды. Жәңгір ханның сеніміне әбден кіріп алған Қарауылқожа Бабажанов орданың осы өңірінде әділетсіз билік жүргізді. Қарауылқожаның бастылығы, Жәңгір ханның және оны қоршаған сенімді қызметкерлерінің халық мүддесімен санаспауы, әлеуметтік тартысты жылдан-жылға шиеленістірді. Старшын Қарауыл Бабажановтың Ішкі ордада істеп жатқан қызметі старшын Исатайдың көз алдында жүріп жатты. Старшын қызметін атқарып жатқан Исатай сол кездің өзінде ханға Қарауылдың Каспий жақ бөлігіндегі рулардың басшысы болуға құқы жоқтығын ескерткен болатын. Бірақ Жәңгір хан Исатайдың бұл сөзін құлаққа алмаған еді. Қарауылқожаның рубасшылық қызметке тағайындалуы көптеген старшындардың наразылығына кезікті. Жергілікті старшындардың және халықтың наразылығына қарамастан Жәңгір хан қожаны Каспий теңізінің бойында көшіп жүрген руларды басқару үшін рубасшылық қызметке тағайындаған болатын. Қызметке тағайындалған күннен бастап Қарауыл халыққа жаман ниетімен көрінді. Оның халыққа көрсеткен қысымшылығы барған сайын көбейе берді.

Қарауылқожаның әділетсіздігін тоқтату үшін старшын Исатай Тайманов Жәңгір ханға шағымдануды жөн көреді. Бірақ осы кезде Исатай Тайманов Каспий теңізінің маңынан Жәңгір ханның ұлы сұлтан Зұлхарнайынды кезіктіреді. Осы кезде старшын Исатай сұлтан Зұлхарнайыннан Қарауыл Бабажановты қызметтен алуы туралы сұраған еді. Оны біз 1835 жылы 26 шілде айында старшын Исатайдың жас сұлтанға жазған хатынан көреміз: «Өткен жылы сізбен ордада жүрген кезде сіз Берш руының асақалдарын және құрметті ордалықтарды жинап, сосын оларға Қарауылқожа Бабажанов қызметтен босатылады және бізді енді басқармайды деп айтуға уәде берген едіңіз. Сіз өзіңіз айтқан едіңіз, егер сол адамды жау деп санап оған басқаруды берген болсан және соның кесірінен тәртіпсіздік орын алатынын айтқансыз» [3, 57] — деп жазады. Бірақ хан баласы Зұлхарнайын бұл уәдені орындай алмайтынын келесі бір жауап хатында старшын Исатайға айтып өтеді. Зұлхарнайын сұлтан әкесіне қарсы келе алмады. Сондықтанда Исатайға берген уәдесін орындай алмаған еді.

Осылайша, старшын Исатайдың Қарауылқожаны қызметтен босату туралы жасаған алғашқы әрекеті сәтсіз аяқталады. Сонда Исатай бұл ойынан қайтпайды. Енді ол Ішкі орданың депутаты сұлтан Медетғалий Шөкин арқылы Жәңгір ханға Қарауылқожа Бабажановты қызметтен босату туралы шағымданады. 1836 жылы 7 қарашада ханның атына жазылған шағымда: «...просим хана Жангера Бөкейханова о перемене есаулыла Қарауыл Бабажанова и какой султан будет сделан над нами начальником, то мы будем довольными а только бы не был Қарауылқожа» [3, 80] — делінген. Бұл шағымды ханға жазу кезінде старшын Иса-

тай тағы да басқа старшындарды тартады. Олардың қатарында Исатаймен бірге старшындар: Махамбет Өтемісов, Тінәлі Тайсойғанов, Дәуіт Ермеков болатын. Бұл Қарауылқожа мен қызметіне наразы старшындардың бірлесіп жазған алғашқы шағымы болатын. Енді Ішкі орданың Каспий жак бөлігіндегі старшындардың ашық қарсылықтарын бастады. Қарауылқожаның үстінен түскен старшындардың шағымдарын Жәңгір хан мән бермей жауып тастап отырды.

1836 жылы Каспий теңізінің бойында көшіп жүрген Берш руының әртүрлі бөлімдерінің старшындары мен құрметті ордалықтары Жәңгір ханға қайта шағым жазды. Ол шағымда: «...сіздің бұйрығыңызбен басшылық қызметке есауыл Қарауылқожа Бабажановты анықтағаныздан біз оның әділеттілігін көрмедік. Егер біз сізге оның басшылығындағы желіккелігін және тонаушылығын түсіндірсек онда сіз мұны түсінер едіңіз: Біріншіден, Қарауылқожа Каспий теңізінің жағалауындағы князь Юсуповтың меншігіне кіретін Ватагқа жақын жерлерде көшіп жүрген казактарға бес мың буылған қамысты шауып, ал Ватаг жерінен алыс жерлерде тұратын казактарға қамысты шапқаны үшін төлеу есебінде отыз рублден салды. Осы ақшаларды жинап алып, ол өзінің қажеттілігіне ұстап қалып былай деген еді: «...сендерге ақша ерек емес» – деп олардың әрқайсына нанды ұсынды, және әрбір старшына қара ұнның төрттен екі бөлігін берді. Ал старшындардың кейбірі бұл ұнды зорлық жасау арқылы алды. Екіншіден, өзіне қорек үшін әрбір түтіннен қазы және еттен майлы бөлігін алды, ал шайға әрбір старшынан алты тиыннан тартып алды. Үшіншіден, Қарауылқожа старшын Бекбүлотов дегенге мынаны бұйырды. Әрбір старшынан ол бір жылқыдан алуы керек болатын. Төртіншіден, егер біреу басқа бір адаммен ұрысып қалса және оның шағымын ханға шешіп беру туралы сұрауға талпынса, онда ол Қарауылқожадан рұқсат ала алмайтын және сол үшін жазаланатын еді. Бесіншіден, егер солардың біреуі осы мәселені ханға айтуға талаптанса оны ол жібермейтін. Алтыншыдан, сіздің рұқсатыңызсыз көшіп-қону үшін алған жерімізді ол бізден күшпен тартып алып, оны өзінің жақындарына береді. Сізден сұрайтынымыз Қарауылқожа ендігері өзін әмірші ретінде көрсетуді тоқтатын және халыққа ауыр салықтарды салуды тоқтатын [2, 226–228] – дейді.

Бірақ Берш руының старшындары мен қарапайым халықтарының жазған шағымдары да кейінгі жазған шағымдары секілді орындалмайды. Зерттеуші А.Ф. Рязанов Жәңгір ханның Қарауылқожа Бабажановты рубасшылық қызметінен босатпауының басты себебі мынада: «Қожа ықпалды және бай болды, сонымен қатар ол Жәңгір ханның жақын туысы болып келді, онымен күрес айтарлықтай қиын болды» [4, 18] – деп түсіндіреді. Ал тарихшы В.Шахматовтың түсіндіруінше: «Хан оның өтінішін орындай алмады. Өйткені, қожа біріншіден оның қайын ағасы, ал екіншіден казактардың жоғарғы лауазымдарымен байланысы болды. Қожа Ішкі орданың еңбекшілерін қанауда Жәңгірдің және шекаралық басшылардың аса іскер көмекшісі болды. Осындай адамды қызметтен босату, ханға өзінің мүддесімен келіспей, ордадағы билікке қатысты мәселеде старшындарға көнуге барып тұрғанын білдірді» [5, 138–139]. Қарауылдың үстінен қызметтен кетуі туралы қанша шағым жазылса да оның біреуінде қанағат-тандыратындай жауап берілмеді. Әбден зығырданы қайнаған старшындар мен шаруалардың әділетті талаптарын орындатудың бір ғана жолы отаршылдыққа және хан мен оның жақтастарының озбырлығына қарсы қарулы күрес еді. Осы күресті Берш руының беделді старшыны Исатай Тайманов бастайды. Оның жанында

ханға және оның сенімді жақтастарына наразы старшындар мен қарапайым халық қосылады. Тарихшы Т.Шойнбаевтың айтуынша: «Исатай Тайманов Қарауылқожа Бабажановтың озбырлығына қарсы күрес туын көтерген кезде наразы старшындар оның айналасына топтасты. Старшындар тобынан өздерінің талаптарын орындау үшін кез-келген сынаққа дайын топтар бөлініп шықты» [9, 129]. Көтерілістің негізгі қозғаушы күші қазақ шаруалары болатын. Сонымен қатар оған старшын, билердің де бірқатар өкілдері қатысқанын жоғарыда айтып өткенбіз. Старшындардың көтеріліске шығуына мына жағдайлар әсер еткен болатын. Біріншіден, Жәңгір хан өзінің хандық билікке келгенге дейін сайланған старшындардың билігіне шектеу жасауы; екіншіден, оларды старшын қызметінен ешбір себепсіз босатуы; үшіншіден, хан және оның жақтастарының старшындарға және қарапайым адамдарға қысымшылық жасаулары. Міне осы тізіп көрсетілген себептер старшындардың көтеріліске қатысуына және оған басшылық жасауына итермелеген болатын. Сондықтанда Ішкі орданың старшындары – деп жазады В.Шахматов Жәңгір ханға және ханман тағайындалған рубасшыларға қарсы, ескі рулық қалдықтарды сақтау үшін күреске шықты. Міне осымен 1836–1838 жылдардағы қозғалысқа старшындардың басым көпшілігі соның ішінде қозғалыстың басшы-көсемі бола бастаған орданың ірі старшыны Исатай Тайманов неліктен қатысқаны түсіндіріледі» [5, 131].

Старшындар көтерілістің басшыларына айналу кезінде оларды қолдайтын халық болды және алға қойған нақты бағдарламалары болған еді. Бағдарламаларының ең басты мәселесіне жер мәселесі қойылды. Хан сарайының жергілікті халықтан шектен тыс салық жинауы мен тонаушылыққа, өздерінің қинаушыларына қарсы әрекеттер қарастырылды. Міне осы қалыптасқан жағдайды өзгерту үшін старшындар халықты өздерінің басшылары зұлым сұлтандар, старшындар және билермен күресуге шақырды. Бұл күреске ақсүйек өкілдері мүлдем қатыспады. Негізнен бұл көтерілісті ру ақсүйек өкілдерінің бірі старшындар басқарды. Сондықтанда Ішкі орда жерінде болған қозғалыс Қазақстанның басқа аймақтарында болған көтерілістерден құрамы жағымен кәдімгідей ерекшеленген болатын. Оның құрамына старшындар, билер және қарапайым халық кірді.

Ерекше түртіп айтатын жәйт, бұл күреске ақсүйек өкілдерінің бірде-бір өкілі қатыспады. Негізінен бұл ру ақсүйек өкілдерінің ақсүйек өкілдерінің арасындағы алғашқы күрес болатын. Тарихшы В.Ф.Шахматовтың сөзімен айтсақ: «Старшындар мен сұлтандардың арасында билік үшін күрес, рудағы біріншілік үшін, еңбекшілерді монополдық құқық үшін қанаушылық негізіндегі қатығыстар бір рет ғана болмады. Бұл қатығыстар бір класқа жататын екі топтардың арасындағы ішкі топтық күрестің көрінісі болып табылады. Осы күресте старшындар жеке даралық және біріншілік үшін өзінің феодалдық тобында халықтық жасакқа, яғни қаруланған қауым мүшелеріне ал сұлтандар және хандар төленгіттерден құралған өздерінің жасағына сүйенген болатын. Қазақстанда патшаның жаулап алуынан кейін олар енді жасакқа емес өзінің ресми билігінің шамасына ресейлік қарудың күшіне сүйене бастады [5, 130] – деп жазды. Бұл жерде В.Шахматовтың келтірген пікірмен келіспеуге болмайды. 1836 жылы ақпан айының басында жекелеген старшындардың қаруланған топтарының Жәңгір мен оның жақтастарына қарсы етек алған көтерілісі халық-азаттық сипаттағы қозғалысқа айналды. Старшындар Исатай Тайманұлы, Ұса Төлегенұлы, Тінәлі Тайсойғанұлы, Махамбет Өтемісұлы басқада көтерілістің басшылары Жәңгірдің

озбырлықтарына титықтаған ауылдарды аралап, Қарауылқожа Бабажанұлын биліктен тайдыруға, ханның жарлықтарын мойындамауға шақырды [3, 80]. Жәңгір хан өзінің шабармандары арқылы көтерілісшілердің ордадағы осындай әрекеттерінен хабарлар болды. Жәңгір хан 1836 жылы наурыз айының 17-і күні Қарауылқожаға көтеріліс басшыларын тұтқындауды тапсырады [2, 301]. Бұл Жәңгір ханның ордада орнатқан тәкәппарлық саясаты халықты басқаруда ешқандай өзгеріс болмайтындығын айқындап берді. 1836 жылы Жәңгір ханның тапсырмасымен Қарауылқожа Бабажанов зорлықпен старшын Исатайға қарсы күресу үшін 800 қаруланған шаруалардан топ құрып қарулы шабуыл жасаған болатын [10, 5-6]. Бұл кезде Қарауылдың жанында ханға шын берілген Дүйсенбай және Сейітберген деген старшындар болды. Қарауылдың Исатайға жасаған қарулы шабуылы қозғалыстың кең арнаға түсуін тездетті. Жәңгір ханның қарулы топтары старшын Исатайдың туының астына жиналған старшындардың ауылдарын жиі тонады. Мысалы Исатай Таймановтың 1836 жылы 8 қарашада депутат сұлтан Медетғалий Шекинге берілген шағымына қарасақ есауыл Қарауылқожа Бабажанов және оның қоластындағы старшындар: Қаракүбек Өтепов, Жұмағазы Ебаров, Сүйінш Өтепов, Амантай Ағымов, Итемген Шақаманов, Жүсіп Итемген, Алдар Дүйсенов, Манқұс Шақаманов, Әсірбек Сүйіншов, Сексенбай Өтепов, Өсербай Қыдырберген Қаракүбеков, Каспий теңізінің жағалауын аралап жүріп сол жерде Ізбасаров және басқалары Каспий теңізінің жағалауын аралап жүріп сол жерде жүрген Байғара Дінғұзбаевқа, Есенбек Айдаровқа жарақат түсірген. Байназар Аяповтың түйесін ұрлап оны соққыға алған. Старшын Исатайдың үш қойын, старшын Дәуіт Ермековтың қара сиырын, Әлібай Таймановтың бір сиырын, Тұрмамбет Айтиевтің бір бұқасын ұрлап кеткен болатын [2, 224-225].

Бұл жағдай 1836 жылы 14 шілдеде Ішкі Орал линиясының бастығы есауыл Г.Т.Сумкиннің атына старшын Исатай Тайманұлы, Есенғұл бөлімінің старшын Ұса Төлегенұлы, старшын Тінәлі Тайсойғанұлы, Байбақты руының старшын Өтеміш Қошқарұлы, Ысық руының старшын Иманбай Қалдыбайұлы, старшын Махамбет Өтемісұлы, Адай руының старшын Досқан Жәнібекұлы, Есен бөлімінің старшын Ешмұхамет Жантүмин, Жаппас руының старшын Елжан Тұрмамбетұлының мөрлері басылған шағымның түсуіне себепші болды [3, 64-65]. Көтеріліске қатысқан және оны қолдаушы старшындар тарапынан жазылған мұндай арыздарға еті үйреніп алған ханның маңайы оған бұл жолы да пысықырып қарамады. Көтерілісшілердің саны күн санап өсе берді. Мысалы 1836 жылдың қазан айының аяғына таман старшын Исатайдың туы астына қосымша 20 ауыл көшіп келген болатын [2, 266].

Сондай-ақ патша үкіметінің езгісіне шыдамаған қазақ шаруаларын өз ауылдарына қабылдады. Старшын Исатайдың жанына топтаса бастаған көтерілісшілердің қатары өсіп бара жатқаннан үрейленген Жәңгірді қолдаушы старшындар Махамбет жылы 13 желтоқсан айында 80-ге жуық жігіттермен старшындар Махамбет Өтемісұлы мен Тінәлі Тайсойғанұлының ауылдарына шабуыл жасап, малдарын айдап әкетіп, мүліктерін тонап және бірнеше адамды ұрып жаралап кеткен болатын [2, 268]. Бұл қарулы шабуылды старшын Төлеген Тыныштыков бастаған еді. Оны Жәңгір ханның тікелей бұйрығымен орындаған болатын. Жәңгір хан енді осындай әдісті пайдалана отырып көтеріліске қатысушы старшындардың ауылдарын қиратуды және тонауды бастаған еді. Старшын Махамбет Өтемісов Төлеген Тыныштыковтың үстінен орыс тергеушілеріне арыз жазады. Бірақ оларда

